EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY

ABAY UNIVERSITY. Center of Turkology Nemat Kelimbetov

ABAI UNIVERSITY

АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ОҚУЛАРЫ – 2025

КӨРНЕКТІ ТҮРКОЛОГ НЕМАТ КЕЛІМБЕТОВ МҰРАСЫН ЗЕРТТЕУГЕ АРНАЛҒАН «КӨНЕ ТҮРКІ ЖАЗБА МҰРАЛАРЫ ЖӘНЕ ТІЛ ТАРИХЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ» АТТЫ

халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның

МАТЕРИАЛДАРЫ

PROCEEDINGS

of the international scientific and practical conference

"ANCIENT TURKIC WRITTEN HERITAGE AND ISSUES OF LANGUAGE HISTORY" DEDICATED TO THE STUDY OF THE LEGACY OF THE PROMINENT TURKOLOGIST NEMAT KELIMBETOV



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
НЕМАТ КЕЛІМБЕТОВ АТЫНДАҒЫ ТҮРКІТАНУ ОРТАЛЫҒЫ

MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY
ABAI KAZAKH NATIONAL PEDAGOGICAL UNIVERSITY
NEMAT KELIMBETOV CENTER FOR TURKOLOGY

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ОҚУЛАРЫ – 2025

КӨРНЕКТІ ТҮРКОЛОГ НЕМАТ КЕЛІМБЕТОВ МҰРАСЫН ЗЕРТТЕУГЕ АРНАЛҒАН «КӨНЕ ТҮРКІ ЖАЗБА МҰРАЛАРЫ ЖӘНЕ ТІЛ ТАРИХЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ» АТТЫ

халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның

МАТЕРИАЛДАРЫ

PROCEEDINGS

of the international scientific and practical conference

“ANCIENT TURKIC WRITTEN HERITAGE AND ISSUES OF LANGUAGE HISTORY” DEDICATED TO THE STUDY OF THE LEGACY OF THE PROMINENT TURKOLOGIST NEMAT KELIMBETOV

Астана қаласы

ӘОЖ 811
КБЖ 81.2
А 95

Редакция алқасын басқарған: **Е.Б. Сыдықов**
Редакция алқасы: **А. Бейсенбай, Ш. Құрманбайұлы, Б. Әбуәлиұлы** (дәстүрлі «А.Байтұрсынұлы оқуларының» үйлестірушісі), **Қ. Бибеков, Г. Сәрсеке**, **М. Әділов**
Жауапты редактор: **Б.Әбдуәлиұлы**

А 95 А. Байтұрсынұлы оқулары – 2025. Көрнекті түрколог Немат Келімбетов мұрасын зерттеуге арналған «Көне түркі жазба мұралары және тіл тарихы мәселелері» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Астана: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2025. – 320 б.

A 95 Proceedings of the International Scientific and Practical Conference “Ancient Turkic Written Heritage and Issues of Language History”, dedicated to the study of the legacy of the prominent Turkologist Nemat Kelimbetov. – Astana: L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2025. – 320 p.

ISBN 978-601-3 85-180-8

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде жыл сайын өткізілетін дәстүрлі “Ахмет Байтұрсынұлы оқулары” халықаралық ғылыми-теориялық конференциясы 2025 жылы “Тілтанудағы тұлғалар” тақырыбында көрнекті түрколог Немат Келімбетов мұрасын зерттеуге арналды. Жинаққа қазақ және түркі ғалымдарының баяндамалары, сондай-ақ магистранттар мен докоранттардың ғылыми мақалалары енгізілді. Ұсынылған еңбектер түркі руханияты кеңістігіндегі өзекті ғылыми мәселелерді қамтып, қазіргі гуманитарлық ғылымдардың даму бағыттарын айқындауға арналған.

Мақалалардың негізгі тақырыптары тарих, тіл білімі, әдебиеттану, психология және оқыту әдістемесі салаларын қамтиды. Авторлар түркі дүниетанымының тарихи сабақтастығы, ұлттық тілдің даму заңдылықтары, әдеби мұраның көркемдік-танымдық сипаты, тұлға қалыптастырудағы рухани құндылықтардың рөлі мен білім беру үдерісіндегі заманауи әдістемелік ұстанымдар жөнінде ғылыми тұжырымдар ұсынады.

ISBN 978-601-3 85-180-8

ӘОЖ 811
КБЖ 81.2

© Қазақ тіл білімі кафедрасы, 2026

АЛҒЫ СӨЗ

Құрметті әріптестер, қадірлі ғалымдар мен жас зерттеушілер!

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде жыл сайын өтетін «Ахмет Байтұрсынұлы оқулары» конференциясының дәстүрге айналғанына да ширек ғасыр толып отыр екен. Бұл орайда екі мәселеге назар аударғым келеді: Біріншіден, ұлы Ахаңның тұлғалық болмысы үнемі біздің жыдымызда жаңғырып отыру. Екіншіден, А.Байтұрсынұлының өшпес рухы аясында өзге тұлғаларымыздың да құнды мұраларын бағалап, өнегеге айналдырып отыру.

Ұлт руханияты мен тіл білімінің темірқазығы – ұлы ғалым, ағартушы, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлы мұрасы – уақыт өткен сайын жаңғырып, мәні тереңдей түсетін өлшеусіз қазына. Оның тілтанымдық, әдебиеттанымдық, ағартушылық бағыттағы еңбектері қазақ ғылымының негізін қалыптастырып, ұлттық ойлау жүйесінің дамуына зор ықпал етті. Ахмет Байтұрсынұлы оқулары – ғалым мұрасын зерделеу, заманауи ғылыми парадигмалар тұрғысынан қайта пайымдау және оның идеяларын бүгінгі қоғамдық-мәдени үдерістермен сабақтастыру мақсатында ұйымдастырылып отырған маңызды ғылыми алаң. Конференция жұмысы барысында ел тарихы мен руханият мәселелері ұлттық ауқымда ғана емес, түркі әлемі деңгейінде кеңінен талқыланып, өзекті ғылыми тұжырымдар ұсынылады деп сенемін. Ұлт ұстазының «тіл – ұлттың жаны» деген тұжырымдамалық қағидасы бүгінгі жаһандану жағдайында ерекше маңызға ие. Сондықтан оның ғылыми принциптерін басшылыққа ала отырып, түркілік танымға негізделген ғылыми бағыттарын нығайту – баршамызға ортақ міндет.

«Ахмет Байтұрсынұлы оқулары» конференциясының әр жылғы отырыстары қазақтың руханияты мен елдік мүддесіне еңбегі сіңген біртуар перзенттерінің рухын жаңғыртуға арналып келеді. Биылғы жылы жазушы, түркітанушы-ғалым, педагог-ұстаз Немат Мұхамедханұлы Келімбетовті еске алуға арналып отыр. Немат Келімбетов қазақ әдебиеті, түркі халықтарының тарихы мен мәдениеті салалары бойынша көптеген ғылыми-зерттеу еңбектер жазды, оның еңбектері түркі әлемінің мәдени-рухани байланыстарын нығайтуға өзіндік үлес қосты. Бірқатар ғылыми еңбектері жоғары оқу орындарында оқулық ретінде қолданылып келеді.

Немат Келімбетовтің түрклолгиялық ой-пікірлері мен рухани мұрасы Ахмет Байтұрсынұлының рухани әлемімен сабақтас. Ұлы Ахаңның артында қалған мұрасы, идеологиялық ұстанымы түркілердің бірлігі – идеологиялық емес, тарихи-мәдени байланыстардан туындайтын құбылыс екенін ескертеді. Ол түркі халықтарының бірлігі болашақтың кепілі екенін жақсы түсінді. Бүгінгі таңда бұл идея қайта жаңғырып келе жатқанына дәлел боларлық жайттар көп. Түркі әлемі бірлігі идеясы қазіргі кезде зиялы қауым арасында да, мемлекеттік дәрежедегі кездесулерде де сөз болып жүргеніне барлығымыз куәміз. Түркі халықтарының тарихы мен мәдениеті ортақ, ортақ рухани құндылықтары мен этникалық байланыстары көне замандардан бастау алады. Бұл бүгінгі түркі халықтарының бірлігі идясының маңызды тұжырымдамасы бола алады. Түркі бірлігі идеясы өткен ғасырдың басында да өзекті мәселе ретінде түркі зиялыларының тарапынан көтеріліп, көптеген жұмыстар атқарылған болатын. Ол кездегі жағдайлар мен қазіргі заман талаптарының арасында елеулі ерекшеліктер бар. Алайда түркі халықтарының тәуелсіз ел ретінде даму еркіндігі мен жаһанданудың кейбір талаптары «түркі бірлігінің» мүддесіне сәйкес келетінін ескеруіміз және осы мүмкіндікті тиімді пайдалануымыз керек.

Жақында біздің факультетімізде Түркиядағы Еге университетінің профессоры Ибрахим Шахин студенттерімізге, докторанттарымыз бен ұстаздарымызға арнап түркі халықтарына ортақ терминдерді қалыптастыру жолдары туралы дәріс оқыды. Білім алушыларымыз бен ғалымдарымызға бұл дәріс өте ұнады. Сұрақтар қойылып, тақырып жан-жақты талқыланды. Бұл дәрістің мазмұны терминология болғанмен, идеясын «түркі бірлігін» жүзеге асырудың лингвистикалық тетігі ретінде қарастырсақ қателеспейміз деп ойлаймын. «Түркі бірлігі» ұғымы саяси, мәдени және экономикалық бағыттарда да өзінің маңыздылығын арттыра беруі тиіс. Кешегі Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы бастаған Алаш зиялылары армандаған ұлы идея бүгінгі таңда өзінің жалғасын табуда. Түркі бірлігі – мәжбүрлі саяси ұран емес, тарихи табиғи құбылыс. Түркілердің ыдырау үдерісі біздің заманымызда да үздіксіз жалғасып келеді, ол тоқтауы тиіс. Бұл мәселе ең бірінші ғылыми шешімдері табылғанда ғана жүзеге асады.

Түркі бірлігі – «Ахмет Байтұрсынұлы оқулары» конференциясының да алдында тұрған үлкен мақсат пен міндеттердің бірі. Конференция өз жұмысын бастаған алғашқы жылдарда мемлекеттік тілді дамыту мен Алаш идеясын жаңғыртуды басты назарда ұстаған болса, қазіргі кезде сол идеяның аясында «түркі бірлігін» жандандыруды да негізгі міндеттерінің бірі ретінде қарастырады.

Бағдарлама мазмұнынан, бүгінгі конференцияға қатысуға бауырлас түркі халықтарынан көптеген ғалымдар өтініш бергенін көріп отырмыз. Бұл көңіл қуантарлық жайт – ұлттық тұлғаларымыздың ортақ қайраткерлер ретінде танылуына, мәдени құндылықтарымыздың қанат жаюына жол ашатын қадам.

Конференцияның үзіліссіз өткізіліп келе жатқанына міне ширек ғасырға жуық уақыт болып қалған екен. Осы жылдар ішінде жеке жауапкершілігімен ұйымдастырылуына мұрындық болып келе жатқан Қазақ тілі білімі кафедрасының профессоры Бекжан Әбдуәлиұлына алғысымызды білдіреміз. Әрине осы жұмыстың ұйытқы-орталығы – қазақ тілі білімі кафедарсы, оның меңгерушісі Бибеков Қаныш Тілеужанұлы. Биылғы жылы дәстүрлі шараға Абай атындағы ҚазҰПУ мен оның жанындағы Н.Келімбетов атындағы Түркітану орталығы атсалысып отыр. Ұйымдастырудың басы-қасында филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі Шерубай Құрмабайұлы тұр. Бұл азаматтарға зор алғыс білдіремін. Конференция жұмысына сәттілік тілеймін.

Бұл ғылыми жиын тәжірибе алмасуға, жаңа идеялар ұсынуға, жас зерттеушілердің ғылыми ізденістерін қолдауға мүмкіндік беретіні ақиқат. Конференция жұмысына қатысушыларға жемісті пікірталас, мазмұнды баяндамалар және шығармашылық табыс тілейміз!

Сыдықов Ерлан Бәтташұлы
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
Басқарма төрағасы – Ректор

ҚҰТТЫҚТАУЛАР

Құрметті конференция қатысушылары!

Қадірлі әріптестер, ардақты қонақтар!

Сіздерді көрнекті түрколог, ұлт руханиятының ірі тұлғасы Немат Келімбетовті еске алуға арналған «Көне түркі жазба мұралары және тіл тарихы мәселелері» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның ашылуымен шын жүректен құттықтаймын.

Бұл ғылыми басқосу – түркі дүниесі үшін тарихи мәні зор шара. Көне түркі жазба мұралары – біздің рухани тамырымызды айқындайтын, бабалар дүниетанымын, елдік мұратты, тілдік мәдениетті сақтап тұрған асыл қазына. Осы құндылықтарды ғылыми тұрғыда зерттеу, жүйелеу және болашақ ұрпаққа жеткізу – баршамыздың ортақ міндетіміз. Себебі өткеннің өнегесін тану арқылы ғана ұлттық болмысымызды терең түсініп, рухани тұтастығымызды нығайта аламыз. Сондықтан бұл конференция ғылыми пікір алмасуды ғана емес, түркі мұрасының мән-маңызын жаңа деңгейде зерделеуге мүмкіндік беретін маңызды алаңға айналып отыр.

Филология ғылымдарының докторы, профессор Н. Келімбетов көптеген жылдар бойы қазіргі Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің қазақ әдебиеті кафедрасында қызмет атқарып, ұлттық әдебиеттану ғылымының дамуына елеулі үлес қосты. Келімбетов өзінің ғылыми-педагогикалық еңбегі арқылы талай жас ғалымдардың қалыптасуына жол ашып, қазақ әдебиетінің тарихы мен теориясына қатысты құнды зерттеулер жасады.

Немат Келімбетовтің ғылыми мұрасы – көне түркі ескерткіштерін зерделеуде, түркология ғылымын дамытуда айрықша рөл атқарған, ұлттық ғылым қазынасына қосылған құндылық. Келімбетов еңбектері арқылы біз ежелгі түркі өркениетінің көркемдік, тарихи және тілдік болмысын терең түсінеміз.

Конференция ғалымның мұрасына құрмет көрсетіп қана қоймай, оны жаңа зерттеулермен толықтыруға жол ашады.

Бұл конференция Келімбетов көтерген мәселелердің бүгінгі ғылыммен сабақтастығын айқындап, жас зерттеушілерге тың бағыттар ұсынады. Оның тарихи-әдеби талдаулары мен ғылыми тұжырымдары қазіргі түркологиядағы өзекті мәселелерді тереңірек ашуға мүмкіндік береді. Сол арқылы ғалымның рухани мұрасы уақыт өткен сайын жаңа мәнге ие болып, түркі әлемінің ортақ мәдени кеңістігін кеңейте түседі.

Құрметті конференцияға қатысушылар!

Сіздердің баяндамаларыңыз бен ғылыми талқылауларыңыз көне түркі мұраларын жаңаша бағамдауға, оның тіл тарихындағы маңызын терең түсінуге жол ашады деп сенемін. Ғылыми ізденістер нәтижелі болып, бүгінгі конференция өз мақсат-міндетін толық орындайды деген үміттемін. Осы игі шараның ұйымдастырушыларына алғыс білдіре отырып, конференция жұмысына сәттілік, баршаңызға шығармашылық шабыт, зерттеулеріңізге табыс тілеймін.

Тілеп Болат Анапияұлы,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің
Басқарма төрағасы – Ректор

Құрметті әріптестер!

«Көне түркі жазба мұралары және тіл тарихы мәселелері» атты халықаралық конференцияның ұйымдастырушылары және қатысушылар!

Ең алдымен өз атымнан және Түркі Академиясының атынан баршаңызға шын жүректен сәлем жолдаймын! Бүгінгі халықаралық конференция түркі халықтарының ежелгі әдебиетін, шығыстың көне поэзиясын зерттеуге өлшеусіз үлес қосқан көрнекті түрколог, филология ғылымдарының докторы, профессор Немат Келімбетовтің ғылыми мирасын зерделеуге арналуы маңызды оқиға.

Қазақстан мен өзге түркі халықтарының ежелгі әдебиетінің байырғы бастауларын зерттеуді жаңа белеске көтеріп, көне түркі әдебиеті үлгілерін зерттеу, жоғары оқу орындарына оқулықтар жазу, ежелгі мұраларды ғылыми айналымға енуіне жол ашқан ғалым Немат Келімбетовтің қызметі мен шығармашылығы түркі дүниесі үшін аса бағалы.

Ғалымның қаламынан туған «Қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірі» (1986), «Ежелгі дәуір әдебиеті» (1991), «Ежелгі түркі поэзиясы және қазақ әдебиетіндегі дәстүр жалғастығы» (1998), «Қазақ әдебиеті бастаулары» (1998), «Көркемдік дәстүр жалғастығы» (2000), «Ежелгі әдеби жәдігерліктер» (2004) секілді біртуар еңбектері - бүгінгі жас ұрпаққа нәр беретін сарқылмас қайнаркөз.

Түрколог Немат Келімбетовтің, әсіресе, қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірі курсы бойынша жоғары оқу орындары студенттеріне арнап жазған бірқатар оқулықтары мен оқу құралдары әлі де жастардың қолынан түспейтін, рухани сұранысты өтеген құнды туындылар.

Бүгінгі конференция түркі әлемінің ежелгі әдебиеті, тілі, қазіргі руханиятының сабақтастығын зерттеу мен насихаттауға, бауырлас елдеріміздің руханиятының одан әрі жақындасуы мен ынтымақтастығына елеулі үлес қосатынына сенімдімін.

Алқалы жиынды ұйымдастырушы Лев Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті ұжымы мен басшылығына терең ризашылығымды білдіремін. Ғалымдардың ізденіс аймағы кеңейе берсін, бүгінгі халықаралық конференцияның жұмысына толағай табыс тілеймін!

Академик Шаһин Мұстафаев,
Түркі Академиясының Президенті

САРАБДАЛ ТҰЛҒА САБАҚТАРЫ

Қадірлі қауым, құрметті әріптестер!

Биыл танымал түркітанушы, көрнекті ұстаз, филология ғылымдарының докторы, профессор Немат Келімбетовты еске алу туралы ғылыми жиынның Еуразия ұлттық университетінде «Ахмет Байтұрсынұлы оқулары» аясында өтіп жатқаны қисынды деп білеміз. Өйткені ол кісі бізге дәріс берген 1983 жылдан бастап ұлт тарихының түгенделуіне, тұлғаларының ақталуына ықыласты болып, «ақтаңдақтардан» сыр шерткен кезі де есімізде.

«Қазақ тарихы да, әдебиет тарихы да толық зерттелмеген. Еуроцентристік көзқарас, Тұранның арғы бергі мәдени өркениетін үстірт қарау, мұсылмандық шығыс әлеуетін менсінбеу біржақтылыққа ұрындырды» деуші еді. Орталық Азияны зерттеушілер туралы дәріске қосымша пікірін айтқанда, тым алысқа тереңдеп кететін. Мысалы, В.Бартольд жергілікті халықтан мейлінше көп дерек жинау үшін ислам ғұрыптарын сақтағанын да айтатын. Немесе Ташкенттегі қолжазбалар орталығы мұраларын жинап, жүйелеудегі ғалымдар мен қайраткерлер табандылығын ерекше атап өтетін...

Біз профессор қолтаңбасының (почерк) анықтығына, жазу мәнерінің (стиль) нақтылығына қайран қалатынбыз. Ол дәріс оқығанда да сол анықтық пен нақтылықтан айнымайтын. Мына заманда «Бұл қалай қалыптасқан?» деп ойландық. Біздіңше, бұл қасиет – ұстаздарынан және оқыған алғашқы мамандығынан (әу баста Ташкент қаржы-экономика институтын бітірген). Екіншіден, «Социалистік Қазақстан» (қазір «Егемен Қазақстан») газеті мен Министрлер кабинетіндегі қызметі нақпа-нақ жазуға дағдыландырған. Ол кісіде қызыл сөз, бояма сөз, артық эмоция болмайтын.

Нәкеңнің мұрасы мен ұстаздық жолы туралы көп жазылды. Бірақ «оның тұлғалық деңгейіне не әсер етті?» деген сұрақ аз қозғалған секілді. Біз мынандай тоқтамға келдік.

Профессор Н.Келімбетовтің қазақ әдебиеті тарихында кеш зерттелген Шәді төре Жәңгірұлы тақырыбына және ежелгі түркі әдебиеті дәуіріне келуіне үш негіз ықпал етті.

Біріншісі – Ташкент әсері. Бұл – оның туған өңірі әрі оқып-жетілген шаһары. Осында қазақ тарихының бай да терең Түркістан кезеңі тұнып тұрды. Түркістан мұхтарияты, саясаттың қай шебінде жүрсе де Мұстафа мен Мұхамеджан, Тұрар мен Сұлтанбек, Нәзір мен Халел, Міржақып пен Мағжан, Жүсіпбек пен Қошке, Мұхтар мен Абдолла, Хайретдин мен Мырзағазы т.б. тұлғалар еңбегі мен ерлігінің жаңғырығы. Осындағы Алаштың «Талап» ұйымының тарихты танудағы еңбегі, бүгінгі Абай университетінің бастауы – «Киринпроста» А.Байтұрсынұлы 50 жылдығының 1922 жылы атап өтілуі – Ташкенттің жаңашылдыққа ізашар екенін көрсетеді.

Екіншісі – ұстазы Бейсенбай Кенжебайұлының әсері. Бейсекеңнің 1965 жылы «Қазақ әдебиеті» газетіне жазған «Өтелмеген парыз» атты мақаласы бар. Сонда сол шақта ақталған Сәкен, Ілияс, Бейімбетті ауызға ала отырып, ақталмаған талай арыстарды еске алады. Осы аяда Шәдіні Нематтай шәкіртіне кандидаттық тақырып етіп беріп, қорғатуы – айрықша батылдық. Нәкең ұстазының үмітін ақтап шықты.

Үшіншісі – Тәуелсіздік атмосферасын қалыптастыруда кәсібіне адалдығы. Ол кәсіп жазушылық пен ғалымдықтан құралатыны сіздерге белгілі. «Үміт үзгім келмейді» (повесть атауы) тезисін – «тағдырдың тауқыметіне қасқая қарсы тұрып, жарқын күннен үміттену» деп ұқсақ та, бұл ұлт ахуалына сәйкес келмей ме? Профессор Н.Келімбетов «Ежелгі дәуір әдебиеті» оқулығы шықпай тұрып та, шыққанан соң да осы кітабымен Азаттық ғимаратының бекем кірпіштерін шәкірттерінің санасына қалай білді.

Енді бір ой әрі ұсынысым бар. Ол – профессор Немат Келімбетовтің зерттеу нысанасы мен ғылыми мұратын танымалдандыру туралы. Өздеріңізге мәлім, Нәкең қорғаған Шәді Жәңгірұлы еңбектері халыққа бас-аяғы жиналып әлі толық жеткен жоқ. Тәуелсіздіктен кейін ескі қаріпті білетін бірнеше бастамашыл азамат шайыр мұрасын түрлі әлсіздеу баспада аз данамен жарыққа шығарды. Әрине, ол кісілердің ниетіне, еңбегіне ризашылығымыз шексіз. Енді осылардың басын қосып, маңдайына «Немат Келімбетовтің кітапханасы» деген айдар қойып, бірінші томын Нәкеңнің кандидаттық монографиясынан бастап, көптомдық етіп жариялаудың уақыты келді. Әр томды құрастырған ғалымның, зерттеушінің аты-жөні

көрсетіліп, құрастырушылық құқы (мәтін даярлаудың авторы екені) сақталады. Өркениетті елдерде осылай жасалады.

Ғалым ұзақ жылдар жоғары оқу орындарында дәріс оқыды, көптеген шәкірттерді түлетіп ұшырды. Оның дәрістері тек ғылыми дерекке ғана емес, терең философиялық пайымға, ұлттық рухқа негізделген еді. Сондықтан да шәкірттері оны тек ғалым емес, рухани бағыт-бағдар беруші ұстаз ретінде қадірлейді.

Немат Келімбетовтің өмір жолы – күрес пен табандылықтың, ғылым мен шығармашылықтың, қайсарлық пен үміттің жолы. Ол қазақ әдебиеттану ғылымында өшпес із қалдырды және өз шығармалары арқылы оқырман жүрегіне жол тапты. Ұлттық сананы жаңғыртуға қызмет етті, рухтың биіктігін дәлелдеді. Оның еңбектері мен өнегелі өмірі – кейінгі ұрпақ үшін биік тағылым. Жинақтай айтқанда оның өмірі де, өнегесі де, қажырлы қайраты, үздіксіз ізденістері де Алаш болмысымен үндес. Ал Алаш рухы бізді мәңгілікпен жалғастырады.

Міне, осының бәрі – сарабдал тұлға сабақтары.

Дихан Қамзабекұлы,
Ұлттық құрылтай мүшесі,
«Қазақ газеттері» медиахолдингі
бас директоры, ҚР ҰҒА академигі

ПЛЕНАРЛЫҚ МАҚАЛАЛАР



ТҮРКОЛОГ-ҒАЛЫМ НЕМАТ КЕЛІМБЕТОВТІҢ РУХАНИЯТ ӘЛЕМІНДЕГІ ОРНЫ

Әділ Ахмет,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері,
Халықаралық Жоғары мектеп ғылым академиясының
академигі, Филология ғылымдарының докторы, профессор

Құрметті зиялы қауым! Бүгінгі халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның көрнекті тюрколог, қаһарман жазушы әрі кәсіби аудармашы Немат Келімбетовтің рухына бағышталып отырғандығына үлкен ризшылық білдіре отырып, ғалым туралы өз пікірімді ұлы Абайдың «білімдіден шыққан сөз, талаптыға болсын кез» деген өміршең қағидасына негіздей отырып өрбітуді жөн көріп отырмын. Өйткені, Абай меңзеген білімділердің қатарынан өз орнын ойып алған Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Гуманитарлық ғылымдар академиясының академигі, Күлтегін атындағы сыйлықтың лауре¬аты және Еуропаның Франц Кафка қоғамы марапатының иегері Немат Келімбетов сынды ғұламаның тұрғандығы даусыз және бұлай деуге дәлел де, дәйек те жетіп артылады.

Біріншіден, Немат Келімбетов – елімізге аты кеңінен танымал абыз профессор Бейсенбай Кенжебаевтың Мырзатай Жолдасбеков, Мұқтар Мағауин, Рымғали Нұрғали, Алма Қыраубаева, Құлбек Ергөбек сынды ең атақты шәкірттерінің бірі ғана емес, жүзден жүйрік шыққан бірегейі.

Екіншіден, ғалымның көркем туындылары мен аудармалары, сондай-ақ, ғылыми-зерттеу монографиялары мен мақалалары – тек төл мәдениетіміз бен әдебиетімізге қосылған асыл мұра ғана емес, олар сонымен қатар түркология ғылымының тамырына тың жаңалықтарымен қан жүгірткен бірегей құндылықтар.

Үшіншіден, ғалым-жазушының гуманистік шығармаларының оқырмандары мен жанашырлары тек өз елімізде ғана емес, шығыс әлемінде де, батыс әлемінде де, олардың ішінде көшрілес Ресей мен Қытайда да жетіп артылады.

Төртіншіден, ғылымға адал қызмет етуді өзіне парыз санаған ғұлама ғалым тағдырдың жеке басына салған зіл-батпан сынағынан сынып кетпей, адал жары әрі Мұхит пен Қайрат сынды екі ұлының сүйікті анасы Қуаныш Тазабекқызының өлшеусіз қолдауының арқасында батпандап кірген ауруды мысқалдап жеңіп, тек туған халқының ғана емес, күллі адамзат үдесінен шығатын рухы биік әрі еш уақытта мәнін жоғалтпайтын, өрісі мен тынысы кең классикалық шығармаларды жарыққа шығарды. Олардың қатарында: «Үш пайғамбар», «Күншілдік», «Баба рухы», «Қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірі», «Ежелгі дәуір әдебиеті», «Ежелгі түркі поэзиясы және қазақ әдебиетіндегі дәстүр жалғастығы», «Қазақ әдебиетінің бастаулары», «Ежелгі әдеби жәдігерлер», «Түркі халықтарының ежелгі әдеби жәдігерліктері» атты туындыларымен қатар «Ұлыма хат» және әлемнің 19 тілінде жарық көрген «Үміт үзгім келмейді» атты ғажап туындылары тұр.

Бесіншіден, ғалым шығармашылығының басым көпшілігі түркі халықтарының, оның ішінде қазақ халқының тарихы мен мәдениетін және рухани мұраларын насихаттауға арналған. Бұл орайда ғалымның «Түркі халықтарының ежелгі әдеби жәдігерліктері» атты әрі оқулық, әрі ғылыми-зерттеу еңбегін ерекше атаған жөн. Бұл еңбегінде автор Тәңірлік дәуір әдебиетіне жататын сақтардың «Алып Ер Тоңға», «Шу» атты дастандарымен қатар, сақтар мен ғұндардың дәуірінде өмірге келген «Оғыз қаған», «Аттила», «Көк бөрі», «Ергенекон» сынды қаһармандық дастандарынан бастап, қазақ хандығы құрылған кезеңге дейінгі ежелгі түркі әдеби жәдігерліктеріне көркемдік дәстүр жалғастығы тұрғысынан талдау жасайды әрі ол әдеби мұраларды ғылыми тұрғыдан терең жүйелей отырып, қазақ әдебиеті контексінде баяндайды. Бұл еңбегінде автор сонымен қатар Орхон-Енисей жазба ескерткіштеріне (8-ғасыр) жататын Күлтегін, Білге қаған, Тоныкөк құлпытастарының бетіне бәдіздеген мәтіндердің тілі мен

құрылымын және тарихи мәнін ашады, сол сияқты түркі мемлекеттілігінің ерлік идеясы мен тәуелсіздік рухын шегіне жеткізе талдайды. Бұл біріншіден.

Екіншіден, ежелгі түркі поэзиясы мен ауыз әдебиеті дәстүрлерін, оның ішінде, көне жырлар мен мифтерді және эпостық сарындарды; түркілік дүниетанымға жататын Тәңірді, жер-су рухтарын, ата-баба култін тіліне тиек етеді.

Үшіншіден, Қараханид дәуіріне жататын «Құтадғу білік», «Диуани хикмет», «Диуани лұғат ат-түрік» атты шығармаларды жалпытүркілік әдебиет пен ғылымның және тілтанудың түп негіздері ретінде қарастырады.

Төртіншіден, орта ғасырлық түркі ойшылдары Махмуд Қашқари, Жүсіп Баласағұн, Ахмет Йүгінеки, Қожа Ахмет Ясауи сынды ғұламалар туралы тұшымды деректерге де оқырман назарын аударады.

Бесіншіден, ғалымның зерттеу еңбектері ғылыми жаңалығымен де өте құнды. Өйткені, автор сақтар мен ғұндардың дәуірлерінде өмірге келген көне түркі мұраларды қазақ әдебиетінің де бастау көздері ретінде жүйелі баяндайды.

Алтыншыдан, зерделі ғалым ежелгі мәтіндерді тілдік, стильдік және тарихи тұрғыдан кешенді талдай отырып, түркі әдеби мұрасының біртұтас рухани кеңістік екеніне оқырманның көзін де көңілін де нанымды жеткізеді. Ғалымның Үш пайғамбар деп аталатын тарихи-философиялық эссесінің мәні де өте терең. Автордың мұндағы мақсаты түркі өркениетінің даму жолын мифтік-тарихи және философиялық тұрғыдан ашып беру. Бұл шығармасында ол түркі халықтарының бәріне де ортақ үш рухани негізді – Тәңір идеясын, шамандық-тәңірлік дәсүрді және ислам дәстүрін атап көрсетеді. Ғалым бұл аталған үш рухани негіздің түркі мәдениетінде қатар өмір сүріп, бірін-бірі толықтырып отырғанын нақты дәйектермен дәлелдей отырып, түркі мдениетінің рухани сабақтастығын, сол сияқты түркі халықтарының тарихи санасы мен мәдени кодын философиялық тұрғыдан талдайды.

Ғалымның өзге туындылары да адам рухын, ел тарихын, тілі мен ділін, ұлттық санасын және адамгершілік тақырыптарын терең қаузайды. Мысалы, ғалым-жазушының «Үміт үзгім келмейді» атты шығармасы - тек қазақ руханиятында ғана емес, әлем руханиятында да өшпес із қалдырған классикалық туынды. Себебі, өз тағдырының негізінде жазылған бұл ғажап шығармасында автор бел омыртқасына жасалған нейрохирургиялық ауыр операцияның салдарынан қол-аяғы жансызданып, он жыл бойы төсекке байланып қалса да, өмірден үмітін бір сәт те үзбеген қайсар рухты кейіпкері мен оны он жыл бойы аялап күтіп, қатарға қайта қосқан адал жарының сарқылмас қуат-күші мен моральдық және рухани қасиеттерін шегіне жеткізе суреттеп берген. Бұл пікірдің нақты дәлелі ретінде сұңғыла ғалымның аталмыш туындысының әлемнің 20-ға тарта тілдеріне, оның ішінде ағылшын, француз, испан, португал, орыс, украин, қытай, жапон, корей, тай, неміс, араб, түрік, венгр, малай және басқа тілдерде жарық көруін айтсақ та жеткілікті. Сосын, Немат Келімбетов бұл шығармасының өзегіне жалпыадамзаттық әмбебап құндылықтарды шебер өрген. Бұл сипат ғалым-жазушының «Ұлыма хат» атты туындысына да тән.

Ғалымның диалог форматында жазылған және бір ғажап туындысы «Күншлдік» деп аталады. Автор бұл шығармасында күншілдікке ұрынған пенденің қараниет болмысын шегіне жеткізе сипаттайды. Бұл шығармасында автор адамдар арасындағы іштарлық пен күншілдіктің, сол сияқты қызғаныш пен көреалмаушылықтың тек жекелеген адамдардың тағдырын ғана улап қоймай, кейде күллі қоғамның да, ал кейде тіпті, мемлекеттің алға басуына да зардабын тигізетінін терең шынайылықпен суреттейді:

1. Автор күншілдіктің адамның ішкі дүниесін қалай жегідей жейтінін, оны мазасыз күйге түсіріп, айналасындағы адамдарға дұшпандықпен қарауға итермелейтінін көрсетеді.

2. Күншілдік достықты, туыстықты және махаббатты бұзатын қанипезер күш ретінде сипатталады. Шығармадағы оқиғалар күншіл адамның өзгенің бақытына немесе табысына шынайы қуана алмайтындығын, керісінше, оны жоқ етуге тырысатындығын бейнелейді.

3. Моральдық сабақ ретінде автор оқырманға адамгершілік құндылықтарды насихаттап, күншілдік сияқты теріс қасиеттерден аулақ болуға шақырады, адамдарды бір-біріне жанашырлықпен, түсіністікпен қарауға үндейді.

4. Жалпы алғанда, "Күншілдік" – адам бойындағы ішкі қайшылықтарды, психологиялық драманы ашып көрсететін, тәрбиелік мәні зор шығарма.

Құрметті зиялылар, ендігі жерде «білімдіден шыққан сөз талаптыға болсын кез» деген жоғарыдағы Абай тағылымына қайта бір оралып, сөзімді аяқтай келе, Немат Келімбетов сынды білімді ұстаздың арамызда отырған талапты да талантты шәкірттерінің бірі - бүгінде Егемен Қазақстан газетінің Бас директоры, ҚР ҰҒА академигі Дихан Қамзабекұлының ғұлама ұстазы туралы ақпарат құралдарында жарияланған мына бір естелігіне назарларыңызды аударғым келеді: «Немат Келімбетов шәкірттері үшін кім еді? Қайыспас қара нардай әрі адам, әрі тұлға еді. Ол кісінің сабағында шыбынның ызыңы ғана естілетін. Бірінші күннен талапты өте қатаң қоятын. Содан «Қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірі» басталып кететін. Дәрісте Күлтегін күркіреп, Қорқыт күңіреніп, Фараби дүрілдеп, Ясауи толғап, Бабыр сыр шертіп жататын... Ашық, анық, қоңыр, әуезді үні түрік даналарының сөзі мен ойын, даңқы мен дабысын білімге шөлдеген шәкірттердің санасына құя беретін, сіңірте беретін. Содан кейінгі оқу кезеңдерінде «Қазақ хандығы тұсындағы әдебиет» курсы басталатын. Оқытушымыз – тағы да Немат ағай. Түрік тамырының аруақты кезеңінен рух алған студенттердің білік-білімі енді Асан қайғы, Шалкиіз, Доспамбет, Жиембет, Ақтамберді, Үмбетей, Мар-ғасқа, Тәтіқара, Бұқар толғауларымен толығатын. Ұстазымыздың артықша қасиеті – мемлекетшілдіктің ұстыны болған жыраулардың тау тұлғасын көз алдымызға елестете алатын. Содан біздің құйқамыз шымырлайтын, арқамыз қозатын, намысымыз артатын, жігеріміз шыңдалатын. Немат ағайдың әр дәрісі үстінде және сол дәрістен шыққан сайын «Қиыннан айла табатын, Дұшпаннан кекті алатын» нөкер ерткен хандар мен шүлеңгір мырзалардың соңынан еріп, XV-XVII ғасырға еніп кеткіміз келіп тұратын... Немат ағайды әр дәрісіне Қуаныш апаймыз сүйемелдеп әкелетін. Ол кісі сабырлы, мейірімді, сүйкімді көрінетін. Тағдырдың қиын сәттерінде жарына серік, сырлас болған әйелдің жасымаған өр бейнесін біз күнде көретінбіз».

Сөздің соңы: Руханият әлемінің көкжиегін кеңейткен ғалым-жазушы бір жұрналистің «ең мықты шығармаңызды атаңызшы» деген сауалына «Менің ең мықты шығармам - екі ұлым – Мұхит пен Қайрат» деген екен.

Айтса-айтқандай ақ, тектіден текті туады тектілік тұқым қуады демекші, жақсы әкенің өсиетін бұлжытпай орындап, ата-анасының үмітін ақтап, еліміздегі ең іргелі республикалық физмат мектебін бітіреннен кейін Ресей мен Америка Құрама Штаттарының ең әйгілі университеттерінен жоғары білім алып, елге оралып, жемісті қызмет атқарып жүрген ол қайраткер азаматтар туралы әңгіме бөлек.

РУХ ЕРЛІГІ

Сауытбек Абдрахманов,
филология ғылымдарының докторы, профессор,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері

«Отбасынан осындай өнеге алған Сәукеңе өзі өскен «Келес» совхозының «Коммуна» бөлімшесінен шыққан танымал тұлғалар да өзінше ықпал етті. Арқалы ақын Тоқаш Бердияров, зерделі ғалым Немат Келімбетов, білім саласының қайраткері, танымал шығыстанушы Лениншіл Рүстемов осы ауылдан еді. Солардың кітаптарын үзбей оқыды. Аядай ауылдан шығып, әйгілі адам атануға болатынына көзі жеткен секілденді».

Бұл жолдарды Бауыржан Омаровтың «№ 1 ойыншы» атты эссесінен алып отырмын. Дұрыс айтады. Бала күннен сол кісілер біздің ауылдан деп мақтанып, үлгі тұтып өскеніміз рас, өзіміздің сөз өнеріне жастай баулынуымызға да осы ағалардың нақты әсері болғаны анық.

2010 жылы 2 қазан күні, Ыстамбұлда көрнекті қазақ қаламгері, филология ғылымдарының докторы Немат Келімбетовтің «Umit» және «Turk Halkularinin Ortak Edebi Eserleri» кітаптарының тұсаукесері ұйымдастырылғанда, Қазақстаннан арнайы шақырылған қонақ ретінде сөйлеген сөзімізді біз дәл сол жайдан, яғни кітап авторының біздің жерлесіміз,

жерлес болғанда да жай облыстасымыз емес, аудандасымыз емес, совхоздасымыз емес, бөлімшелесіміз, яғни ауылдасымыз екенін айтудан бастаған болатынбыз.

Сол Ыстамбұл сапарында ауылдас ағам үшін бөлекше мерейленгенмін.

Немат Келімбетовтің «Түркі халықтарының ортақ әдеби мұралары» деп аталған кітабының түрік тілінде шығуы Халықаралық Түркі академиясы құрылғалы бері осы бағытта қолға алынған жұмыстың алғашқы нақты нәтижесі еді. Мұның өзі Академияның Қазақстанда орналасуының заңдылығын айғақтайтын айшықты мысал. Мағжанның: «Көп түрік енші алысып тарасқанда, Қазақта қара шаңырақ қалған жоқ па?» деген сөзі бізге көп міндет жүктеп тұр. Бүкіл түркі жұртына ортақ әдеби мұраларды саралаған Н. Келімбетов еңбегінің Ыстамбұлда жарық көруі арқылы біз қазақ әдебиеттануы, қазақ фольклористикасы түркологияда да осы қарашаңырақтық сипатын сақтап отырғанын келісті көрсетіп бердік дей аламыз. Кітап тұсаукесерінде сөйлеушілер – кітап тәржімешісі, белгілі ғалым Әбдіуақап Қара, Қазақстан Республикасының Түркиядағы Төтенше және өкілетті елшісі Бағдат Әміреев, ТҮРКСОЙ-дың бас хатшысы Дүйсен Қасейінов, «Мармара» университетіндегі Түркология институтының директоры Айше Емел Кефели ханым, «Диалог Евразия» платформасының тең төрағасы Харун Тоқақ, Түркияның сол кездегі президенті Абдолла Гүлдің ұстазы – профессор Невзат Ялхынташ, профессор Нұри Юже, профессор Орхан Қауұншы, Анкара университетінің доценті, қазақша-түрікше сөздіктің авторы Кенан Коч, кезінде Түркістандағы қазақ-түрік университетінің вице-президенті қызметін атқарған профессор Гулчин Чандарлыоғлы ханым Немат Келімбетов кітаптарының қадыр-қасиетін әр қырынан айқара ашқан болатын. Ол сапар барысындағы келелі конференция, келісті кездесулер жайында біз кезінде «Егемен Қазақстанда» (2010 жыл, 5 қазан) «Руханият сыры мен рух жыры» деген атпен мақала жазғанбыз.

Тамаша фольклортанушы Шәкір Ыбыраев «Түркілік мұраның түгендеушісі» атты мақаласында былай дейді: «Б.Кенжебаев батылдық танытып, жыраулар мұрасы, ортағасырлық түркі ескерткіштері, ежелгі түркілер заманындағы әдеби жәдігерліктер де қазақ жазба әдебиетінің тарихы болып есептеледі деген концепцияны дәлелдеуге бел байлады. Ақыры заман өзі ақиқатты айқындап, аяулы ғалым Б. Кенжебаевтың ұстанымы дұрыс болғандығын танытты. Н.Келімбетов ұстазы аманат еткен күрделі тақырыпты терең зерттеп, таласы көп қиын сауалдардан қаймықпай, ашылған, дәлелденген рухани мұраларды алға тартып, қазақ әдебиетінің V ғасырдан XV ғасырға дейінгі мың жылдық тарихын оқулыққа енгізіп, сол қымбат кітапты жоғары оқу орындарының студенттеріне ұсынды. 1986 жылы «Қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірі» деген атпен алғаш баспа көрген бұл еңбек 1991 жылдан бастап «Ежелгі дәуір әдебиеті» деген оқулық болып, еліміздің филология мамандықтарында міндетті оқытылатын пәндердің біріне айналды. Осы жердің өзінде символдық мән жатқанын аңғаруға болады. Кітап оқырман қолына тиген 1986 жылы қазақ халқының рухани оянуын әйгілейтін Желтоқсан көтерілісі тарихта орын алса, еліміз 1991 жылы ғасырлар бойы аңсаған тәуелсіздігін жариялады. Н.Келімбетовтің өмірлік мұратын айқындайтын осы монографиясы мен оқулығы қазақ халқын ежелгі түркі бабаларының азат рухымен байланыстырып, одан сүйінші сұрағандай әсер етеді». Дәл айтқан.

«Ежелгі дәуір әдебиеті» кітабы түрік тілінде шыққанда «Түрк халкларынын ортақ едебі есерлері» деп аталуының мәні бар. Мәселе Түркияда ежелгі әдебиет дегенде еске, ең алдымен, Осман патшалығы дәуіріндегі әдебиет оралатынында ғана емес. Мәселе Немат Келімбетов еңбегі арқылы жоғарыда аталған жауһар жырлардың баршамызға ортақ мұра екендігі дәлелденгендігінде.

Келімбетов кітаптары бүгінде бүкіл түркі дүниесінің ортақ игілігіне айналып отыр.

Орда бұзар отызында, ол тұста талайдың тісі бата қоймайтын, батылы жете бермейтін тақырыпта – Абылай хан ұрпағы, кітаби, діни ақын деп әдебиет тарихынан шеттетіліп жүрген Шәді шығармашылығынан кандидаттық диссертация қорғап, ғылымның қия жолына енді-енді өрлей берген шабытты шағында жұлынға жасалған сәтсіз операциядан соң сал болып қалған Н.Келімбетовтің ерлікке толы өмірі, аурумен алыса жүріп тындырған ірі істері жө¬нінде баспасөз бетінде біраз жазылған. Бір көңіл тоғайтарлығы – көрнекті ғалым жылдар бойғы

тартқан бейнетінің зейнетін де көріп кетті дей аламыз. Әсіресе, өмірінің кейінгі алты-жеті жылының мұғдарында «Күлтегін» сыйлығын иеленуі (айтқандай, ол сыйлыққа ғалымды «Егемен Қазақстанның» ұжымы ұсынған), еңбектерінің түрік тілінде төрт том күйінде жарық көруі, Қытайда, Еуропаның бірнеше елдерінде аударылуы, бұған дейін Вацлав Гавел, Стивен Спилберг, Харуки Мураками сияқты әлемге әйгілі суреткерлер марапатталған Франц Кафка алтын медалін алуы азапты көп көрген азаматқа ақыры абырой арқалатты.

Немат Келімбетов өз өмірінде бірнеше адам жабыла жүріп атқарғанда да разылық білдіретіндей еңбек жасады.

Ал, шынтуайтында, біз бұл адамға қандай ісіне болса да разылық білдіретін жөніміз бар.

Немат Келімбетовтің қандай қиын тағдырдың иесі екенін барша жұрт біледі. Шет жағасын жаңа жұқалап жаздық та.

Біз бұл адамға қандай ісіне болса да разылық білдіретін жөніміз бар дегенде нені айтамыз?

Осындай талайлы тағдыр иесі ретінде Немат Келімбетов өз өмірінде ешқандай елеулі еңбек, ерен ерлік жасамай-ақ, тек отбасын асырап, балаларын бағып-қағуға, оқытуға, жақсы тәрбие беруге, елдің елеулі азаматтары етіп шығаруға шамасы келумен тоқтаса да, біз ол кісіге разылық білдіруге тиісті едік.

Немат Келімбетов оны жасады.

Төсекке таңылып, жылдар бойы сал болып жатқан қаламгердің қайсарлығы арқасында, ерекше рух ерлігінің арқасында шаңырақка береке келді, Немат аға мен Қуаныш жеңгенің қос құлыны – Мұхит пен Қайрат сол кез үшін талайдың қолы жетпейтіндей оқу орындарында білім алды, халық алдына шығып, атқа мінген азаматтарға айналды.

Осындай талайлы тағдыр иесі ретінде Немат Келімбетов өз өмірінде әуелде күнкөріс қамымен бастаса да, кейіннен тәжірибелі тәржімеші ретінде ысылып, Саид Ахмадтың, Пірімқұл Қадыровтың, Василь Козаченконың, Леонид Гурунцтың, басқа да авторлардың қалың-қалың романдарын төл тілімізге төгілдіріп түсіріп беру арқылы көркем аударма өнерімізге сыбағалы үлес қосумен тоқтаса да, біз ол кісіге разылық білдіруге тиісті едік.

Немат Келімбетов оны да жасады.

Қуаныш жеңгей ол жұмыстың басталуын былай еске алған: «Ашып қойған бетті оқып болған соң келесі бетті ашуға мені шақырады. Оқумен жылжып үш ай өтіп кетті. Баспа болса романды аударуға бір-ақ жыл мерзім берген.

– Немат, уақытың өтіп бара жатыр ғой, – дедім бір күні шыдамай.

– Білем ғой, – деді ол. – Бұрын-соңды істемеген жұмысым. Жүрегім дауаламай жатыр.

– Қайткенде де бірдеңе істеу керек. Әйтпесе, мына екі баланы қалай бағамыз? – деп, ағаңды біраз қамшыладым. Ойпырмай, оңашада соны ойласам болды, жүрегім қалтырап, төбе шашым тік тұрады. Қорқып кетем! Ышқынам!».

Осындай талайлы тағдыр иесі ретінде Немат Келімбетов өз өміріндегі айрықша айқасты көркем прозамен айшықтап, тіршілік үшін күрестің қиямет-қайым суретін салған «Үміт үзгім келмейді» хикая-монологын жазумен тоқтаса да біз ол кісіге разылық білдіруге тиісті едік.

Немат Келімбетов оны да жасады.

Бұл ара, әрине, повесті талдап тұрып алатын жер емес. Сондықтан, біз аузы дуалы ағамыздың – Әбдіжәміл Нұрпейісовтің кітап туралы пікірін келтірумен ғана шектелейік. Әбең былай дейді:

«Оның «Үміт үзгім келмейді» деген кітабы адамның, нағыз адамның өмірге деген ғашықтығының, өмірге деген шеті-шегі жоқ құштарлығының, қайтпас-қажымас қайсарлығы мен кіршіксіз адамгершілігінің, жан-жары мен бала-шағасына деген өлшеусіз мөлдір махаббатының ең биік үлгісі дер едім. Бұл кітап отыз жылдан астам төсекке таңылып, көз көрінім, қол созым жерге Құдай берген қос аяғың, қос табаныңмен жер басып, қарға адым жерге жүріп жетуге де зар болған, бірақ жүрек деп аталатын жұдырықтай жұмыр ет кеудесінде «Үмітіңді үзбе!», «Үмітіңді үзбе!» деп күндіз-түні алапат бір күшпен соғып жатқан жанның ұрпақтан ұрпаққа жалғаса беретін үлгі-өнегесі дер едім».

Осындай талайлы тағдыр иесі ретінде Немат Келімбетов өмірдің қилы түйіндерін толғайтын «Қариялар», «Күншілдік» атты терең философияға толы эссе кітаптарын жазумен тоқтаса да біз ол кісіге разылық білдіруге тиісті едік.

Немат Келімбетов оны да жасады.

Қаламгер «Жастық шақтың қызықты дәуренін дер кезде абыроймен атқарып, қадірлі қариялықтың ауылына да аз күн өмірде қонақ болып кету арманым еді. Ол арманыма да Құдай қолымды жеткізді. Соған шүкіршілік етем. Қариялық парызымды Алла алдында да, адам алдында да адал атқарып өтуге қолымнан келгенше әрекет етемін» деу арқылы ақсақалдыққа дайындық жастық шақтан басталатынын айшықты айтты.

Әрі таюдың бәрі қартаю емес. Нағыз қартаю – ары таю.

Өткен өміріңнен өнеге қалмаса, одан бала-шағаң, айналаң, ағайын-туғаның үлгі алмаса, жасыңның санын дауға салып, шашыңның ағын саудалап жүрсең, қартаюдың көкесі сол. Автордың «Ақсақал атану – ер азамат бақытының бір көрінісі» дейтіні рас.

Бір ғана тақырыпқа – күншілдік сезімін жан-жақты зерделеуге арналған тұтас кітап жазып шығу Немат Келімбетовті өмірінің соңғы жылдарында шын мәнінде ойшыл қаламгер биігіне көтерді. Көне заман данышпанының «Азап шеккің келмесе, күншіл болма» деген сөзінен арна тартқан кітап бастан-аяқ тағылымды толғаныстарға толы.

Бүкіл өмірі күреспен өткен Немат Келімбетов бар білімін болашақ ұрпаққа арнап, жоғары оқу орындарында дәріс оқумен, бірнеше оқулық жазумен тоқтаса да, біз ол кісіге разылық білдіруге тиісті едік.

Немат Келімбетов оны да жасады.

Оқулық жазу – ғалымның ғалымының ғана қолынан келер іс. Есте жоқ ескі заманның сөзін он сегіз-он тоғызға жаңа толған студент түсінетіндей, сезінетіндей, бойына сіңіретіндей етіп талдай білу, жадында жатталатындай, жүрегінің төрінде жүретіндей етіп, орынсыз оңайлатпай да, қолдан қиындатпай да жаза білу оқулық иесінен әдебиеттанушылық пен ұстаздықтың үздік үйлесімін талап етеді. «Ежелгі дәуір әдебиеті» – сондай оқулық.

Немат Келімбетов бұлармен де тоқтаған жоқ.

Өз өмірінің өзегіне айналған басты жұмысын жеріне жеткізіп кетті.

Ол өзінің ұстазы Бейсенбай Кенжебаевтың «Қай халықтың болсын ерте замандардағы алғашқы әдебиеті, жазба әдебиет нұсқалары сол халықтың бүгінгі тілінде болуы шарт емес. Кейбір халықтардың ондай әдебиетінің басқа тілде, сол халыққа осы күнде түсініксіз тілде болуы, бірақ сол халық жерінде, сол халық өкілдері тарапынан жасалған, сол халықтың бір кездегі өмірін көрсететін әдебиет нұсқалары болуы ықтимал» деген бағдарламалық сөзін ұстана отырып, әдебиет тарихын жазудың тың тұрпатты тұжырымдамасын ұсынды, бұған дейін айтыла беретін «Тілін лингвист мамандар болмаса, былайғы жұрт зорға түсінетін шығармаларды әдебиетімізге иіп әкеліп, тели беру жөнсіз» дегендей пікірлердің быт-шытын шығарды. Шынтуайтында, сол мәтіндерде қазіргі қазақ зорға түсінетін дейтіндей де ештеңе жоқ. «Алып Ер Тоңғаны жоқтаудағы»:

Alp Er Tonga oldi mu

Isiz ajun kaldi mu

Odhlek oshin aldi mu

Emdi yurek yirtilur, – деген жолдардың несі түсініксіз? Шумақтың жолма-жол аудармасы:

Алып Ер Тоңға өлді ме?

Жаман дүние қалды ма?

Заман өшін алды ма?

Енді жүрек жыртылар.

«Odhlek oshin aldi mu» деген жол қандай тамаша. Тіпті, осыны «Өткелек өшін алды ма?» деп сөзбе-сөз сірестірсеңіз де артықтығы жоқтай көрінеді. Ойлап қарасаңыз, заман деген де адамның басынан өтер өткелектің өзі емес пе? Өлімді заманның адамнан өшін алуы деу қандай терең сөз! Ал бертіндегі:

Теңрі төпесінте тұтып,

Иегеру көтүрміс ерінч, – деген сияқты жолдардың көне түркішесінің орнына қазіргі қазақшасын қоя-қоя салсаңыз «Тәңірі төбесіне ұстап, Жоғары көтерген екен» деген сөздер болады да шығады.

Ал өзге жұрттар мұндай мәтіндер тұрмақ, түсінбейтін тілдердегі дүниелердің өзінен тастай қатып айырылмайды. Қазіргі орысқа түсініксіз деп «Игорь жасағы жайындағы жырдың» орыс әдебиетіне тиесілігіне күмәндану ешкімнің ойына келмес еді. Ол тұрмақ, тарихтың түрлі бел-белестерінде ұлт әдебиетінің өзге тілде де жасалатын кездері болады. Қазақ әдебиетінің орыстілді шығармалары – осы ойымыздың дәлелі. Жаһандану желі осылай жайпай соға берсе, жылдардың жылында қазақ әдебиетінің ағылшынтілді шығармалары да дүниеге келуі әбден мүмкін. Қазақтан бәрін күтуге болады.

Өзі туралы түсірілген деректі фильмде ғалымның «Күлтегін», «Тоны-көк» жырларындағы ғажайып образдарды айта келіп, мұндай кемел әдебиет үлгілері бірден туа қалуы қисынсыз, олардың ізашарлары, бастау-бұлақтары міндетті түрде болуға тиіс деген ойды ортаға салғаны бар еді. Ғалым осыны тиянақтап шықты. «Алып Ер Тоңға», «Шу», «Оғыз-қаған», «Аттила», «Көк бөрі», «Ергенекон» сияқты дастандарды талдап, тіл тұтастығын, көркемдік кестелер сабақтастығын дәлелдеп, қымбат қазынамыз ретінде ортақ қоржынымызға қосты.

Ғалым «Ежелгі түркі дәуірінде өмірге келген көне түркі әдеби жәдігерліктерін бүгінгі түркітілдес халықтардың бәріне бірдей ортақ мұра деп қарағанымыз тарихи шындық пен әділеттілікке сәйкес келеді. Соның өзінде, бертін келе қазақ халқының өзіндік төл әдебиетінің қалыптасуына көбірек ықпал жасаған ежелгі түркі әдеби мұралары да бар екенін естен шығаруға болмайды» дей отырып, маңызды түйін жасады – көне түркі әдеби жәдігерліктері қазақтың ұлттық сөз өнерінің генезисі екенін қолмен қойғандай дәлелдеді.

Немат Келімбетов ұлағатты ұстазы Бейсенбай Кенжебаевтың аманатын ақтап, оның Мырзатай Жолдасбеков, Мұхтар Мағауин, Алма Қыраубаева сияқты талантты шәкірттерінің бастаған ісін тың тұрғыда жалғастырып, қазақ әдебиетінің арғы тарихының қайнар бастаулары он ғасырға әрі ысырылуына шешуші үлес қосты. Және мұны таза ғылыми зерттеу, әдебиет-танушылық көзқарас күйінде қалдырмай, оқулық пішінінде атқару арқылы, оны оқу бағдарламаларына енгіздіру арқылы тиянақталған білімге айналдырды, кейіннен 10 томдық «Қазақ әдебиеті тарихының» ежелгі дәуір және орта ғасыр әдебиетіне арналған екінші томының кіріспесін, «Сақтардың қаһармандық дастандары», «Алып Ер Тоңға», «Шу» дастаны, «Ғұндардың батырлық жырлары», «Көк бөрі» дастаны», «Ергенекон» дастаны», «Түркі қағанаты тұсындағы әдебиет», «Күлтегін» және «Тонықөк» жырлары» сияқты тарауларын бір өзі жазып шығу арқылы оны тұтас бір ілімге айналдырды. Шәкір Ыбыраевтың сөзімен айтсақ, «Бұл – шын мәнінде рухани тарихымызда ерлік ретінде жоғары бағалануға тиіс».

Ғалымның қазақ әдебиеттануының аумағынан асып, жалпы түркілік өркениетке қосылған ғылыми мұрасы дәл қазір қай кездегіден де маңызды. Тарихтың осы талмау тұсында түркі дүниесінің тұтастығы тағы бір сынға түсуі де мүмкін. Мына заман алмағайып болып тұр. Осындай жағдайда Келімбетов кітаптары түркі дүниесінің тұтастығына қызмет етеді деп сеніммен айта аламыз. Өйткені Келімбетов кітаптары түркі халықтарын біріктіре түседі. Ол еңбектер арқылы ағайындас ұлттар түп-тамырының ортақтығын бұрынғыдан нақтырақ сезінеді, терең тарихы үшін, ғажайып рухани мұрасы үшін ұлттық мақтаныш сезіміне бөленеді. Ал ұлттық мақтаныш сезімі – ұлы күш. Немат Келімбетов осы ұлы күшті ұлғайтуға септігін тигізетін тұлға.

Бір адамнан мұнан басқа тағы нені талап етуге болады?

Немат Келімбетов – туған халқының алдындағы перзенттік парызын толық ақтап өткен азамат, академик Сейіт Қасқабасовтың сөзімен айтқанда, «қазақ әдебиетінің екі жарым мың жылғы тарихын үлкен білгірлікпен зерттеген көрнекті ғалым, ұлттық әдебиеттану ғылымына мол үлес қосқан танымал оқымысты».

Еуразия ұлттық университетінде көрнекті түрколог Немат Келімбетовті еске алуға арналған «Көне түркі жазба мұралары және тіл тарихы мәселелері» тақырыбында халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның өткізілуі қай жағынан да құптарлық.

Немат Келімбетовтің тағылымды тағдыры – рух ерлігі. Оның өмірі де өнеге, өнері де өнеге.

ӘДЕБИЕТ ТАРИХЫН ДӘУІРЛЕУДІҢ ЗАМАНАУИ ПРИНЦИПТЕРІ ЖӘНЕ Н.КЕЛІМБЕТОВ МҰРАСЫ

Шәкір Ибраев,
филология ғылымдарының докторы,
профессор

Әдебиет тарихын дәуірлеудің принциптері әлемдік тәжірибеде әр түрлі қалыптасқан. Әдебиет тарихын зерттеу, жүйелеу, оқып білу үшін белгілі бір көзқарастар мен ұстанымдарға сәйкес теория жағынан негіздеу, әдістеме жағынан айқындау жұмыстары дәуірлеу әрекетімен бірлікте жүзеге асырылып келе жатыр.

Солай бола тұра көп жағдайда әдебиет тарихы азаматтық немесе мемлекет тарихымен қарайлас пайымдалып, тарихи үдерістер контексінде әдебиеттің даму кезеңдері және ерекшеліктері өзара байланыста таратылып жатады. Әдебиет тарихы халық тарихының аясында, нақтылай айтқанда, үлкен тарихтың бір тармағы ретінде қарастырылады.

Бұл тәжірибе, өзін-өзі ақтаған, іс жүзінде нәтижесін берген әрекеттен саналады. Себебі әдебиет халық тарихының жүріп өткен жолымен бірге зерделенуі арқылы оның тағдыр-талайының, санада бейнеленуінің, халық жадында қалған ізінің белгілі бір куагері бола алады. Өткен дәуірдің әдеби жәдігерлерін оқығанда алдымен ойға оралатыны – сол дәуірдің келбеті, тыныс-тіршілігі, әлеуметтік, адамгершілік нормалары. Бір ауыз сөзбен айтқанда әдеби мұраның дәуірмен үндестігі көркем шығарма мазмұнымен бірлікте бағамдалады.

Уақыт пен кеңістік категориялары көркем шығарманың құрылымынан ғана орын алатын өлшемдер емес, дәуір контексінде, яғни мәтіннің қашан және қайда жазылғанымен бірге қабылданатын тарихи нысан. Сол үшін де ол – тарихи мұра.

Тарихи тереңнен тарқатылатын халықтардың ешқайсысының да әдебиеті келте қайырылған емес. Себебі тарихы бар халықты әдебиетсіз елестету қиын. Сондықтан да әдебиет тарихының халық тарихымен ажырамас бірлікте пайымдалатыны заңды құбылыс.

Қазақ әдебиетінің тарихын дәуірлеуде түрлі-түрлі пікір қайшылығы орын алған жағдайдың астарында қазақ халқы, оның мемлекеттілігі сияқты ұғымдардың мәнімен байланысты түсініктермен араласып кеткенін аңғару қиын емес. Кеңес дәуіріндегі Қазақстан тарихының тағдыр-талайы талай рет сынға түсіп, келтесінен қайырылып, қанаты майырылып жатқанда әдебиет тарихы қалайша қанат жайсын? Абай Құнанбаевтан, қала берді XVIII ғасырдағы Бұхар жырау мұрасынан басталатын әдебиет сол уақыттың тарихи ойлау логикасына сиымды болды.

Одан арғы дәуір академик Қажым Жұмалиевтің сөзімен айтсақ «авторының есімі белгілі болса шығармасы белгісіз, шығармасы белгілі болса авторы белгісіз» жартыкеш кезең болды. Түркілік дәуір дерексіз бір жалпылама ұғымға айналған бұлдыр сағым ретінде қабылданды. Олай болатыны кеңістік дәуір қазақ әдебиетінің арыдан, түркілік дәуірден басталатынына күманмен қарады. Қазақстанда әлсіз ғана баяндалатын түркілік тарихтың аясындағы әдебиет те ықпалды факторға айнала алмаған еді.

Ежелгі түрік тарихы түркітанушы ғалымдар тарапынан тереңдей зерттеле бастаған кезең Ресейде және Еуропа елдерінде XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдық басында жүйелі түрде жүзеге аса бастады. Жазба ескерткіштердің және тарихи деректердің бірінен кейін бірі ашыла бастауы, әлемдік тарихи үдерістердегі түркілердің рөлінің айқындалуы, қолжазба кітаптардың табылуы түркі тарихын ғана емес, оның әдебиетін де тарихи дәуірлерге жіктеу жолдарын қайта қарауға итермеледі.

Қазақ этносының түркі этносынан тарайтын ақиқаты ертелі-кеш әдебиет тарихын да осы фактормен байланыстыруға алып келді. Бұл үдерісті алдымен аңғарған ғалым, профессор

Бейсембай Кенжебаев және оның шәкірттері болса, онап кейін бұл мәселені жүйелі және кешенді жолға қойған ғалым Немат Келімбетов еді.

Әдебиет тарихын мерзімі мен мекені жағынан кеңейту бар да, енді оны көркемдік құбылыс ретінде түріне, жанрына, поэтикасына, дәуірлік сипатына қарай таратып талдау бар. Сан ғасырлық әдебиеттің тарихы фактылар жиынтығы ғана бола алмайды, ол өз ара жалғасқан, жүйелі логикасы бар, жанрлық, стилдік, көркемдік, тілдік, тақырыптық, саяси-әлеуметтік ізденістердің өзгеру және даму үстіндегі кешенді құбылысына айналуы тиіс. Дұрысы солай пайымдалуы керек. Себебі әдебиет – үнемі өзгеріс үстіндегі, ұлттық ойлау жүйесінің қарамағындағы үдеріс үстіндегі, ұлттық ойлау жүйесінің қарамағындағы үдеріс үстіндегі нысан.

Қазақ әдебиетінің тарихын арғы дәуірмен байланыстырудың машақаты ең алдымен осы құбылысты жүйелі, өзара байланысты біртұтас үдеріс ретінде пайымдай білуде. Онсыз ұзын-сонар әдебиет тарихы көркемдік-поэтикалық ойлаудың эволюциясы болып шықпайды, кездейсоқ фактылардың топтамасына айналады.

Әдебиет тарихын жүйелі құбылыс ретінде пайымдау – аса күрделі үдеріс.

Немат Келімбетовтің алдында осындай міндеттер тұрады. Оның үстіне көне түркілік дәуір, Орхан – Енесей ескерткіштерінен басталатын әдебиет қана емес, арғы дәуірлердегі сақтар, скифтер, ғұндар заманының мұрасынада зер салатын мүмкіндіктер пайда болды. Сөйтіп ұлан-ғайыр тарихи замандардың әдебиетіне тұтас бір құбылыс, өз ара байланыстағы объект, даму логикасы бар жүйе ретінде қараудың қиындығы еселей түсті.

Бұларға қоса ауызша айтқан ақын-жыраулар поэзиясы және жазып шығарылған әдеби жазба ескерткіштер табиғаты бір-бірінен өзгешеленіп тұратын еді. Олардың жанры да, орындалу ерекшеліктері де бірі-бірінен оқшауланып тұратын сөз өнерінің бөлек түрлеріне жатады. Әдебиет тарихының құрамдас бөлігі ретінде қараудың қиындығы – олардың жанрлық, стилдік, көркемдік жүйесінің ортақ белгілерін анықтай отырып жинақтауда болатын. Бұған мәтіндердің әртүрлі жаратылысы және жанрлық әртектілігігі жол бере қоймайтын еді. Соған қарамастан хронологиялық тәсіл жетекші қызмет атқарған әдістемеге айналды. Эстетикалық құндылықтарын жинақталуы мен жүйеленуі мезгілдік ұғымдарға қарай ыңғайланды. Хронологиялық тәсіл түрлі дәуірдің және түрлі мемлекеттердің әдебиетін біртұтас тарихи, үдеріс ретінде зерделеуге мүмкіндік береді. Бұл тәсілдің жүйелі сипаты ең алдымен мезгілдік ұғымдарға біріктіріле алғандығымен ерекшеленді.

Уақыт пен кеңістік әдеби үдерістердің басты өзгешеліктері ретінде пайымдалды.

ТҮРКІ ӘЛЕМІНДЕГІ ОРТАҚ ТІЛ ЖӘНЕ ӘЛІПБИ МӘСЕЛЕСІНЕ ЖАЛПЫ ШОЛУ

Сүер Екер,
Филология ғылымдарының докторы, профессор.
Башкент университеті (Анкара, Түркия)

Ең алдымен, ортақ тіл ұғымынан нені аңғару керектігін анықтап алайық. Менің ойымша, ортақ тілдің екі мағынасы бар. Біріншісі – үстем және беделді бір тілдің әртүрлі этнолингвистикалық топтар тарапынан лингва франка ретінде қолданылуы. Ал екінші мағынасы– туыс тілдердің ортақ тілдік ерекшеліктерін пайдаланып, жасанды түрде жаңа тілдің құрылуы. Бірінші және екінші мағынада туыс халықтар арасында ортақ тіл мен ортақ әліпби ізденістері XIX ғасырдағы панславизм, пангерманизм және пантүркизм секілді ұлтшылдық ағымдармен байланысты болды. Бірақ бұл идеалдар әдетте идеологиялық, саяси, әлеуметтік шындықтарға қайшы келді. Әртүрлі жазба тілдері мен ұлттық бірегейліктердің күшеюі ортақ тіл идеясын барынша күрделендірді.

Ортақ тіл мәселесі әртүрлі әлеуметтік-саяси күн тәртібі мен басымдықтары бар елдер үшін өте маңызды мәселе емес. Бір тілдік отбасынан шыққан үстем тілді қабылдауға негізделген ортақ тіл идеясы, өз ұлттық тұтастануымен айналысатын елдердің бюрократиясы мен интеллигенциясы оны лингвистикалық империализм, тіпті саяси империализммен теңестіруі мүмкін. Ортақ тіл, әдетте, кез келген елде беделді мемлекеттік тілдің, әсіресе білім беру жүйесі арқылы, этникалық-тілдік азшылықтарға таралуы нәтижесінде іске асады.

Ортақ тіл мәселесінің қаншалықты реалистік болуы мүмкін екендігін әлемдік тәжірибелерді талдағанда, түркі әлемі үшін үлгі бола алатын әмбебап немесе идеалды қолданбаның жоқтығы байқалады. Осыған байланысты біреуі сәтті, ал екіншісі сәтсіз болған екі мысалды ұсынғым келеді.

Сәтсіз болған әрекет: ортақ славян тілі

Славян халықтары арасында XIX ғасырдан бүгінге дейін интерславик, словио, новословница сияқты жасанды ортақ тіл жобалары ұсынылды (Kuznetsov 1998). Бұл барлық көмекші тілдер славян тілдеріндегі, сөйлеушілердің бір-бірін түсінуін қиындататын, белгілі бір тілге тән ерекшеліктерді жоюға және славян тілдеріне ортақ сөздер мен құрылымдарды қарапайым түрде пайдалануға бағытталған. 1965 жылғы роман бойынша түсірілген чех-словак-украин бірлескен Боялған Құс (чех тілінде: Nabarvené Ptáče) фильмі жалпы тоғыз минуттық диалогты интерславян, яғни ортақ славян тілінде түсірілген болатын; бұл тіл ешқандай қазіргі славян тіліне сілтеме жасамайды (Kosinski 1995).

Бірақ, тілдік туыстық ортақ тіл құру үшін жеткіліксіз. Славян әлеміндегі тарихи келіспеушіліктер, діни, саяси және идеологиялық айырмашылықтар ортақ тілдің алдындағы басқа да маңызды кедергілерге әкелді. Тарихи үдерістерде славян тілдері арасында бірігу емес, жалпы алғанда, бөліну басым болды. Мысалы, Югославияның ыдырауы нәтижесінде серб-хорват тілінің негізінде төрт тәуелсіз мемлекеттің тілі қалыптасты. Орыс тілі 1991 жылдан кейін славян халықтары арасында ортақ тіл сипатын айтарлықтай жоғалтты. Тіпті, Украина сияқты славян тілді елдерде де тілді деорусификациялау үдерістері басталды. Бүгінде славян елдерінде, Беларусьті қоспағанда, орыс тілі лингва франка ретінде орнын ағылшын тіліне беріп жатыр. Славян халықтары үшін жалпы тілдік коммуникация құралы ретінде орыс тілі 1991 жылға дейінгі кезеңді бастан өткізген ересек ұрпақ үшін қолданыста қала берсе де, жас ұрпақ үшін отбасылық ортадан тыс жалпы тіл ағылшын тілі болғаны сөзсіз. Дегенмен, жасанды ортақ тіл идеясы бүгінде де аз шектеулі тіл мамандары мен зиялылардың тұжырымдары шеңберінде қалып отыр.

Сәтті болған ортақ тіл үлгісі: «фүсһа» (fuṣḥa)

Панславизм және пангерманизмнің сәтсіздіктерінен айырмашылығы, араб әлеміндегі Фүсһа деп аталатын араб тілі сәтті ортақ тіл үлгісі болып саналады. XIX ғасырда ұлтшыл араб зиялылары Құран араб тілі негізінде дамыған, классикалық араб әдеби тілін жаңғыртып, стандарттап және заманауи қалыпқа бейімдеді. Соның нәтижесінде Фүсһа барлық араб елдерінде білім беру жүйесінің, бюрократияның және бұқаралық ақпарат құралдарының ортақ тіліне айналды (Parkinson 1991). Қазіргі таңда араб елдерінде диглоссия жағдайы бар. Күнделікті өмірде жергілікті диалектілер, ресми үдерістерде болса заманауи әдеби араб тілі, яғни Фүсһа қолданылады. Тарихи еврей тілінің (иврит) заманауи қалыпқа бейімделіп, қайта жандануы және Израильге көшіп барған еврейлердің ана тіліне айналуы да Фүсһа үлгісіне ұқсас (Fellman 1973).

Цифрлық дәуірдің шындығы және жалпы қорытынды

Туыстас тілдердің бірінің әртүрлі саяси шекаралардағы туыс қауымдарда ортақ тіл ретінде қолданылуы немесе жасанды ортақ тіл құрудың сәтті үлгілері өте аз. Заманауи әлемде бұндай әрекеттердің орнын халықаралық лингва франка ретінде ағылшын тілі иеленіп отыр.

Түркі әлемі

Белгілі болғандай, Шағатай тілі бірнеше ғасыр бойы Орта Азиядағы түркі қауымдарының лингва франкасы болды. Араб әліпбиі түркі тілдері арасындағы айтылымдық айырмашылықтарды айтарлықтай жойды. Шағатай тілінің түркі тілдері үшін ортақ лингвистикалық элементтері мен стандартталған ортақ араб және парсы лексикасының көлемі

шектеулі болса да, түркі зиялылары арасындағы жазбаша қарым-қатынасты едәуір жеңілдетті. Егер Орта Азия түркі халықтарының күшті және тәуелсіз саяси бірлігі болғанда, тіл тарихи басқаша бағытта дамыған болар еді.

Алайда, орыс үстемдігінің салдарынан, шағатай тілі орыс тіліне қарсы тұра алмады, Бұл үдерісте жергілікті түркі тілдері де жазбаша тілдерге айнала бастады. Қазіргі мағынада түркі әлемінде ортақ тіл идеясы 1883 жылы Ғаспыралының «Тілде, ойда, істе бірлік» ұранымен өзекті болды. 1917 жылғы Қазан төңкерісінен кейін әліпби мен тіл мәселелері кеңес тәртібінің бөлу, бөлшектеу және басқаруды негізге алатын тіл саясаты мен тілдік жоспарлауына енді. Орыс тілі халықтар арасында бірігуді қамтамасыз етудің, сондай-ақ кеңес идеологиясын жайып, «кеңес адамы»' тұжырымдамасын жасаудың негізгі құралына айналды. Ал түркі халықтары арасында ортақ әліпби мен тіл мәселесін көтеру, Сібірге жер аудару немесе өлім жазасына кесумен жазаланатын қылмысқа айналды.

1991 жылдан кейінгі түркі әлемі

Ең алдымен, мынаны айта кетейін: 2025 жылғы деректер бойынша түркі тілдерінде шамамен 200 миллион адам сөйлейді. Дегенмен, Ресей Федерациясы, Қытай, Иран және Ауғанстанда сөйлейтін түркі тілдері саяси себептермен ортақ әліпби және тіл пікірталастарынан тыс қалып отыр.

1991 және одан кейінгі кезеңде түркі республикаларының бір бөлігіндегі зиялылар арасында 108 жыл бұрын Тәржеман газетімен басталған ортақ әліпби мен ортақ тіл талаптары қайта өзекті болды. Алайда, 74 жылдық кеңес үстемдігі кезеңінде Кеңес Одағында түркі тілдерінің әрқайсысының, орыс-кирилл әліпбиіне негізделген жазба стандарттары қалыптасты, осы жазба тілдерімен күшті әдеби дәстүрлер пайда болды. Сонымен қатар, орыс тілі, түркі тілдерінің жалғыз лексикалық және семантикалық көзі, түркі халықтарының әлемге ашылатын терезесіне айналды.

Түркі әлемінде әліпби бірлігі мәселесі

Әліпби таңдауы мен реформасы тіл мен жазба мәселесінен гөрі, саяси және ұлттық-мәдени таңдау, бір мәдениеттен екінші мәдениетке өтудің символдық белгісі.

1991 жылдан кейін түркі республикалары арасында дамыған саяси, экономикалық, мәдени тағы басқа қарым-қатынастар мен деорусификацияның алғашқы қадамдарының бірі ортақ әліпби мәселесі болды. Түрікменстан, Әзірбайжан және Өзбекстан әліпби реформасын жүргізді, алайда, өзбек және түрікмен әліпбилері 1991 жылы ұсынылған ортақ әліпби (Landau 1995: 212) бастамаларын ескерген жоқ. Қазақстан мен Қырғызстанда болса ішкі және сыртқы әртүрлі себептермен әліпби реформасы іске аспады.

Түркі академиясының бастамасымен құрылған комиссия арқылы 2024 жылы ортақ түркі әліпбиі қабылданды. Дегенмен, бұл комиссия шешімінің артында күшті саяси қолдаулар болғаны күмән тудырады. Ортақ түркі әліпбиінің түркі тілдері арасындағы қарым-қатынастың дамуына сөзсіз үлесі болады, бірақ бұл үлес өте шектеулі болады деп ойлаймын. Ортақ түркі әліпбиіне тым көп мағына жүктеліп отыр. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, әліпбилер өздігінен туыс тілдердің жақындасуын өз бетінше қамтамасыз ете алмайды. Тілдік жақындасуда немесе ортақ тіл құруда әліпби бірлігі тек қажетті алғашқы қадам болуы мүмкін.

Екінші жағынан, менің есептеуімше комиссия қабылдаған ортақ түркі әліпбиінің кейбір техникалық мәселелері мен тәжірибеде өзіндік қиындықтары бар. Түркия тұрғысынан қарағанда, бұл әліпбидің орташа, арнайы тілдік білімі жоқ түрік азаматы үшін жеткілікті дәрежеде түсінікті және қолдануға ыңғайлы емес деп ойлаймын. Аталған мәселе ауқымды әрі күрделі болғандықтан, бұл жерде оны егжей-тегжейлі талдау мүмкін емес.

Ортақ тіл мәселесі

Жоғарыда айтқанымдай, ортақ тіл мәселесінде екі жол бар. Бірінші жол – түркі тілдерінің ортақ сөздік қоры мен ортақ грамматикасын пайдаланып, жасанды көмекші тіл құру. Екінші жол – түркі тілдерінің біреуін мемлекеттік тілдердің немесе ресми тілдердің қасында түркі халықтарының көмекші ортақ тілі ретінде қабылдау.

Бірінші жолдың табысты болу мүмкіндігі әлемдегі интерславика, тіпті эсперанто тағы басқа мысалдардағыдай нөлге жақын деп айтқан болатынмын. Бұл жол, әдетте, белгілі бір

зиялылардың қиялдарынан туындаған әртүрлі әрекеттерден тұрады. Екінші жолдың іске асу мүмкіндігі де сол сияқты аз деп ойлаймын.

Түркі тілдерінің кез келген біреуінің ортақ жазба тілі ретінде қабылдануы барлық тараптардың осы мәселе бойынша келісіміне және тұрақты күшті әрі саяси және әлеуметтік еріктің болуына байланысты. Менің ойымша, қазіргі қолда бар жағдайды ескере отырып, мұндай келісім және саяси-әлеуметтік еріктің әлі қалыптаспағаны байқалады.

Түркі әлемінде ортақ тіл идеалының алдындағы басқа да маңызды кедергілерді былай тізбектей аламын:

- Әртүрлі саяси шекаралар, саяси жүйелер және күн тәртібі ортақ тіл туралы түсініктің бастапқы кезеңнен-ақ қалыптасуын едәуір дәрежеде бұғаттайды.

- Мемлекеттер өздерінің мүдделеріне сай келетін ішкі және сыртқы саясаттарында тепе-теңдікті сақтауда және өздерінің тарапынан күдік тудырмайтындай әрекет жасауда.

- Ортақ тіл мәселесі елдердің стратегиялық басымдықтары қатарында емес.

- Әр елде этноцентристік түсініктер бар. Әр ел зиялысының өз тілінің ортақ тіл үшін ең идеалды үміткер деген сүбъективті және көбінесе ғылыми тұрғыдан қате пікірлері бар.

- Басқа жағынан, орыс тілі 34 жыл өткен соң да түркі республикаларында лингва франка сапасын белгілі дәрежеде сақтап келеді.

- Ұлттық және ортақ тілдер әлеммен байланыс орнату үшін жеткіліксіз болғандықтан, жаһанданған әлемде үшінші тіл және халықаралық түсіністік құралы ретінде қабылданған ағылшын тілінің қажеттілігі айқын.

- Ағылшын тілі болса, басқа елдер сияқты түркі әлемінің де лингва франкасы және әлемге ашылатын терезесіне айналды.

- Ортақ тіл іске асқан жағдайда, жергілікті тіл, орыс тілі немесе ағылшын тілі және ортақ тілден тұратын хаотикалық көптілді тілдік климат қалыптасады.

- Ортақ тілдің ағылшын және орыс тілдеріне қарағанда сөйлеушілеріне беретін экономикалық қосылған құны, әлеуметтік мәртебе, жұмыс мүмкіндіктері т.б. өмір сапасын арттыруға ықпал ететін артықшылықтары айқын емес.

- Көптілді білім берудің пайдасы мен кемшілігі де өз алдына дербес талқылауды қажет ететін мәселе.

Қорытынды және шешім

Егер түркі республикалары арасында бір түркі тілін лингва франка ретінде қолданылуына байланысты ортақ келісім мен ерік қалыптасып, аталған тіл оқу орындарында міндетті көмекші пән ретінде оқытылса және сандық технологияның үлесі де қосылса, 10 жыл ішінде ортақ тіл идеалы айтарлықтай дәрежеде іске асуы мүмкін.

Бірақ бұл жерде мына мәселе аса маңызды. Ортақ тіл сөйлеушілеріне экономикалық қосымша құн, әлеуметтік мәртебе, білім және жұмыс мүмкіндіктері, жаһандық кеңістікке ашылу тағы басқа жағынан қандай функциялар атқарады?

Бұл тіл пайдаланушыларына ағылшын тілінің қамтамасыз ететін мүмкіндіктерін бере ала ма?

Екінші жағынан, ортақ көмекші тіл саяси, экономикалық, демографиялық және әскери әлеуеті жағынан ең күшті және үстем елдің тілі болуы керек. Дегенмен, түркі әлеміндегі қазіргі әлеуметтік-саяси жағдайлар, тепе-теңдіктер және этноцентризм қысқа және орта мерзімде мұндай таңдауды іске асыруға мүмкін бермейді.

Ортақ тіл идеалының іске асу мүмкіндігі немесе осы жолда қол жеткізілетін даму деңгейін уақыт көрсетеді.

Бұл мәселеге қатысты менің жеке пайымым мынадай: түркі мемлекеттерінде Түркия түрік тілі орыс және ағылшын тілдерінен кейін белгілі бір дәрежеде қызығушылық тудыруда, алайда қазіргі жағдайларда оны ортақ тіл ретінде іске асыру қиын. Дегенмен, бір ерекша жағдай – географиялық және лингвистикалық жақындыққа байланысты Түркия түрік тілі Әзербайжанда іс жүзінде екінші тілге айналып келеді.

Дереккөздер

Fellman, Jack (1973). The Revival of a Classical Tongue Eliezer Ben Yehuda and the Modern Hebrew Language. Mouton: The Hague - Paris.

Kosinski, Jerzy (1995). The Painted Bird. New York: Grove Press.

Kuznetsov, Nikolay (2018). The Interslavic Language: Way of Communication Among the Slavic Nations and Ethnic Groups. Journal of Ethnophilosophical Questions and Global Ethics. | Vol.2, Issue 1.

Landau, Jacob M. (1995). Pan-Turkism: From Irredentism to Cooperation. Indiana University Press.

Parkinson, Dilworth B. (1991). Searching for Modern Fuṣḥa: Real-life Formal Arabic. Al-'Arabiyya. Georgetown University Press, Vol. 24, pp. 31-64.

ҚАЗАҚ ЕСІМДЕРІНІҢ ДӘСТҮРЛІ НЕГІЗДЕРІ ЖӘНЕ НОРМА МӘСЕЛЕЛЕРІ

Бекжан Әбдуәлиұлы,
филология ғылымдарының докторы,
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-дың профессоры.
Тұранов Ыбырай, *Л.Н.Гумилев атындағы*
ЕҰУ-дың докторанты.
Қазақстан, Астана.

Қоғамдағы саяси, мәдени, экономикалық қатынастардың түрлері мен жаңаруына қарай тілдің құрамына, құрылымына, жалпы мазмұнына өзгерістер еніп отырады. Бұл – тіл дамуына тән заңдылық. Өйткені тіл – дүниенің бейнесін таңбалаушы құрал. Көне түркі дәуірлеріндегі тіл мен қазіргі тілдің арасында айырмашылықтар бар. Көптеген сөз тұлғаларын этимологиялық талдаулардың көмегімен ғана түсінеміз. Дыбыстардың құрамы, сөздердің құрылымы, жалпы тіл жүйесіндегі кейбір өзгерістер т.б. тіл дамуының барысында пайда болған. Көп өзгерістер тілдің ішкі даму заңдылықтары негізінде жүзеге асып жатты, сондықтан, кірме сөздердің ауқымындағы ықпалдастықтарды айтпағанда, сыртқы ықпалдарға соншалық ұшырай қоймаған тіліміз өзінің төл заңдылықтарын сақтай отырып, жаңаша сапаға көтерілді. Бұл ықпалдар лексикалық қордың кірме сөздермен толығуына болмаса, ұлы жүйесіне үлкен өзгеріс әкеле алған жоқ. Соның ішінде дыбыстық жүйе өзіндік болмысын сақтап отырды.

Дыбыстық жүйе – тілдің асыл нұсқасы, өйткені сырттан енген элементтердің барлығына ұлттық үн беріп, жаңаша қалыптандырып отыратын – тілдің дыбыстық заңдары. Ғасырлар бойы қалыптасқан дыбыстық заңдарды – тілдің берік тұғырына санауға болады. Кірме сөздер барлық тілде болады, сандық жағынан шағын болса да кірме қосымшалар тілде кездеседі, ал кірме дыбыстардың бір тілден екінші тілге ауысуы өте сирек. Өйткені дыбыстық жүйе тек тілдің табиғатында ғана емес, сол тілде сөйлейтін тілдік қауымдастықтың физиологиясында да (дыбыстау аппаратында) өмір сүреді. Тілдік қауымдастықтың құрылуы мен қалыптасуы сөздерді бірдей дыбыстап, бірдей түсінуімен қатар өріліп отыратын заңдылық. Бірдей түсіну – психологиялық, бірдей дыбыстау – психологиялық әрі физиологиялық мәселе. Ғасырлар бойы қалыптасқан тілдің дыбыстық заңдары біртұтас әуезді құрайды. Басқа тілдік ортадан келген адам сол тілді үйрену кезінде өзі сөйлеп келген тілдің әуезіне салады, яғни тілдегі сөздерді түсінеді, бірақ айтқанда жаңа сөздер мен оның үндесіміне тілі келе бермейді. Өйткені өмір бойы басқа заңдылықпен сөйлеп келген оның жағы, тілі мен көмейі, т.б. дыбыстау аппараттары жаңа заңдылықтарды игере алмайды. Жаңа тілді үйренуші көп адамдар ойын еркін жеткізгенмен, өмір бойы ұлттық дыбыстау жүйесінен шыға алмауы мүмкін. Тілдегі бұл құбылыс «акцент» терминімен аталады. Ұлт пен тілдің тығыз байланысын тани отырып, бұл орайда, дыбыстық жүйенің қаншалықты маңызды екенін де шамалаймыз. Бір тілден екіншісіне ауысқан сөзді тілдік қауымдастық өз әуезіне салып айтса, сөз сол тілдің элементіне айналады. Мысалы, мәшине – қазақша, мошин – өзбекше, т.б. секілді.

Тіл жүйесіндегі бұл заңдылықтың кісі есімдеріне де үлкен қатыстылығы бар. Қазіргі құжаттарда дыбыстық тұлғасы өзгеріске түскен есімдер бұл мәселенің қаншалықты маңызды екенін көрсетеді. Өткен ғасырлардан басталған, қазақ есімдерін орыс тілінің заңдылықтары

бойынша рәсімдеу шарттарының негізінде қазіргі кезде мағынасы қазақша болғанмен әуезі басқа есімдердің пайда болуына ықпал етіп отыр.

Ұлттық тілдегі мәселелер тақыр жерден алынып, оны дамыту жолдары болашағы бұлыңғыр болжамдарға иек артпауы тиіс. Қазіргі жағдайлардың басталғанына біршама уақыт. Тілдің тарихи-табиғи болмысына уақыт жағынан да, танымдық кеңістігі жағынан да бізге қарағанда әлдеқайда жақын өткен ғасырлар. Алаш зиялыларының пікірлеріне тоқталып көрелік. Аты-жөнімізді рәсімдеу туралы сол уақытта да пікірлер айтылған. Кісі есімдерінің рәсімделуіне қатысты алғанда XX және XXI ғасыр басындағы мәселелер бір-біріне өте ұқсас екенін көреміз, сондықтан оған арнайы ат басын тіремей тұра алмаймыз. Осы ұқсастықтардың бірі қазақ фонетикасының негізін қалаушы, «Қазақ-қырғыз тіліндегі сингармонизм заңына» зерттеу арнаған ғұлама ғалым Х.Досмұхамедұлының пікірлерінде анық көрінеді. Былай дейді: «Араб-парсы сөздері тілімізге дінмен бірге кіре бастады. Молдалар қаншама дін сөздерін дұрыс айтқызамыз деп, [тіл] бұраса да ел болмады. Жат сөздерді өзінше айтып, тілінің заңына лайықтап қолданатын болды. Дін тілімізді бұза алмады. Бұған себеп – көшпелі салтымыз һәм елге тілге тым қадірлі болған орасан бай ауыз әдебиетіміз. Көшпелі елге жазу-сызу оңайлықпен таралмады. Жазба әдебиет жоқтық бізді сақтады» [1, 123 бет.]. Сол тұста қалың ел тұтастай тізімге ілікпеген еді, аты-жөндері де жазу нормаларына бағындырылмағандықтан, ауыз-екі тілде ұлттық есімдердің де негізгі бөлігі сақталып қалған болатын. Бүгінге дейінгі бір ғасырға жуық уақыт аралығында орыс тілінің заңдарына қарай бұрмаланып, құжаттарда екі тілде (басым бөлігі орыс тілінің заңдарына сай) жазылғанымен, тарихи сана дағдылы «инстикінен» жаңылған жоқ, ұлттық есімдер өзінің табиғи болмысын сақтап қалды. Зардапсыз да болмады. Батыс тілдерімен байланысқа түсу қазақ тілінің дыбыс тіркесімділігіне біршама ықпалы етті. Тіл тарихында болып тұратын ондай өзгерістер туралы зерттеушілер еңбектерінде де айтылды [2, 41 б.; 3, 85-86 б.].

Дыбыстар тіркесіндегі үндестіктің «тұрманы түгел» тұруына неге мүдделіміз? Бұл жөнінде Қ.Жұбанұлының мына сөзімен жауап беріп көрелік: «Қазақ тілінің дыбыстары көп орында өз бетілік кейіпке ене алмаған; буын ішіндегі дыбыстар болып бірлесіп қана, тұрғылықты түрге енеді. Бір-бірімен байланысты, бірінің-бірі қас-қабағына қарап тұрғандай үйіріліп, ымыраласып отырады. Жұртқа мәлім «үндестік заңы» дейтініміз – дыбыстардың осы ымыраласуы болатын. Дыбыстардың ымыраласуы, үндесу дегеніміз өзі – оқшау тұрған және дыбыстың жеке басы бөлініп шығуға әлі кемдігін көрсететін бір құбылыс» [4, 298 б.]. Қ.Жұбанұлының «кемдік» сөзін, кемшілік деп емес, ерекшелік ретінде түсінген абзал. Дыбыстардың буын ішінде бір-бірінің қас-«қабағына қарауы», «үйірілуі», «ымыраласуы» тілдің жанды бейнесі үшін аса маңызды құбылыстар. Осы пікір Ә.Жүнісбек еңбегінде толыға түседі. Ол қазақ дыбыстары өзара артикуляциялық үйлесім тапқанда ғана бір-бірімен тіркесіп, бір буынға (сөзге) біріге алатынын және біркелкі үйлесім әуезбен айтылып, қазақы жатық естілетініне назар аударады [5, 157 б.]. Ілгерідегі статистикалық талдаулардан осы ымыралы байланыстың тым қатты әлсірегенін байқаймыз. Екі тілдің жүйесіне бағындырылған есімдеріміздің елеулі бөлігі ұлттық кескінін жоғалтып отыр.

XX ғасыр басындағы қазақ тілінің байырғы болмысына ықпал еткен тағы бір фактор Х.Досмұхамедұлының еңбектерінде былайша баяндалады: «Қазақтың балалары ноғай, сарт мектеп-медреселерінде оқитын болды. Медреселерде араб-парсы сөздерін өзгертіп айту зор күнәға есептелінетін еді. Молдалар қазақ арасына араб-парсы сөздерін бұлжытпай айтуды жазу арқылы үйрете бастады, ана тілін бұзып, ноғайшылап, сартшылап сөйлеуді, жазуды шығарды» [1, 123 б.]. Алаш оқығандарын ойландырған осы мәселелер бүгінгі таңда өзектілігін жоғалтқан жоқ. XXI ғасыр басында да аты-жөнге қатысты аталған мәселе дін ағымдарының ықпалымен байланысты көрініс берді. Балаға ат қойып, құжат рәсімдегенде араб тіліндегі дыбысталуына жақындата жазылатын нұсқалар пайда болды. Нәтижесінде кешегі ұлттық тілдің заңдарына сай игерілген есімдердің қалыбы бұзылып, қазақ тіліне бөгде формалар ұсынылатын болды. Ыбырай, Ыбырайымның – Ибрахим, Ісләмнің – Ислам, Жапардың – Джаффар, Әбдірақымның – Абдурахим, Әбдімәліктің – Абдумалик болып өзгеруі соның көрсеткіші болса керек. Ілгеріде атап өткеніміздей, бұл өзгерістердің де тілдің табиғи

заңдылығы бойынша дамуына қатысы жоқ, керісінше саяси факторлардың негізінде туындап отырған жасанды құбылыс. Х.Досмұхамедұлы бұл жөнінде де өзіндік пікір білдіреді: «Адамның аттарын өзгелеп бөлудің керегі жоқ; заңмен жүретін болсақ, заңды заң қылу керек. Заңға көнбейтін аттар да әбден сіңіп болмаған сөздер болады да, өзгертіп сіңіру керек. Арабтың «Ахмад»-ы заң бойынша қазақшалағанда «Әмет» болатын болса, Әмет қылу керек. Арабтың «Мухамад»-ы мен «Халил»-ы қазақша «Мәмбет» бен «Әлел» болатыны ырас болса, қазақша дұрысын жазу керек. Араб-парсыдан келген адам аттарын әбден тексеру керек те, қазақша нағыз дұрысын шығарып алып, азан айтып, жұрттың көбіне қайта ат қою керек» [1, 138 бет.]. Қазіргі қазақ есімдерінің жазылуында кеткен қателерге қарағанда «Азан айтып қайта ат қою» ұсынысы әлі де болса өз мәнін жоймаған. Әрине ауыспалы мағынада айтылып отыр, дегенмен ұлттық есімдердің кей жағдайдағы адам танымастай кейпі Х.Досмұхамедұлының осы сөзіндегі ащы шындықты еске салады. Тек бұл ғасырдың «әлегі» басқашалау, бұрынғыдан қомақтырақ. Алдымызда кірме есімдерді ғана емес, төл кейпінен айрылған қазақ есімдерін де қайта игеру міндеті тұр. Ілгеріде көрсетілгендей кемшіліктермен азаматтарға қызмет етіп жатқан, болмысы өзгерген есімдерді қайтадан үйіріне қосуымыз керек.

Кирилл әліпбиінің тегеурінді ықпалы, жазу нормасы бекітілмеген аты-жөніміздің түрлі нұсқаларын дайындап үлгерді. Құжаттарға әртүрлі етіп толтырылды да, ол тілдік санаға әсер етті. Енді бір есімнің бірнеше түрлі нұсқасын иеленегендер «әркімдікі өзіне жөн» принципімен ғұмыр кешіп жатыр. Қазіргі құжаттарда жарыса жазылып жүрген аты-жөніміздің орфографиялық сипаты мынандай:

- *Әбдікәрім – Абдикаримова – Абдукаримова – Абдукәрімова.*
- *Әбдіжапар – Әбдіжапбар – Абдижапар – Абдужапарова – Абдужаббарова.*
- *Әбдіқадір – Әбдіқадыр – Абдикадырович – Абдукадирова*
- *Әбдіғапар – Әбдіғапбар – Әбдіғапбарұлы – Әбдіғаппар - Әбдіғапфарқызы – Әбдіғапырқызы – Абдұғаппарқызы – Абдығаппарқызы.*

Бұл тізімді ары қарай соза беруге болады. Екі компоненттен тұратын есімдердің бірінші сыңары *Әбді, Абди, Абду, Абды, Абді* секілді бес түрлі, екінші сыңары *Жапар – Жапбар – Жаббар; Қадір – Қадыр – Кадыр – Кадир - Кадр; Ғапар – Ғапбар – Гапбар – Гаппар – Ғапфар – Ғапыр – Ғаппар- Ғафар* секілді үш, төрт.., жеті түрлі жызылып жүр. Дұрыс жазылған нұсқасына бірнеше қате нұсқа қайшылық пен қарсылық тудырады, өйткені ілгеріде атап өткеніміздей, бұл есімдердің артында жеке азаматтар тұр. Тілдік санадағы түрлі түсініктер бойынша және өзгелер тарапынан үнемі солай аталғандықтан, балабақшадан бастап түрлі салалардағы қызметіне дейінгі аралықта құжаттағы ресми (қате болса да) есімдеріне күнделікті көзі үйреніп, көңілі сеніп қалған азаматтарға бұл нұсқадан бірден бас тарту оңай емес.

Қазақ есімдері бүгінге дейінгі дамуы барысында түрлі қиындықтарды басынан кешіре отырып, XXI ғасырдың ширек бөлігін еңсерді. Алдымызда екі түрлі мәселе тұр: *<u>бірі</u>* – сәбиге ат таңдау; *<u>екіншісі</u>* – оны ұлттық тілде рәсімдеу, яғни құжатқа жазу. Ат таңдау бойынша да екі бағытты көріп отырмыз: 1. шетел тұлғалары мен олардың есімдеріне, ат қою дәстүрлеріне еліктеу. Сыртқы елдермен арадағы ашық қатынас тілдік санамызға өзгерістер әкелгені секілді, ұлттық есімдерімізге де жаңаша көзқараспен қарауға жетелей бастады: Айлин, Камила-мелания, Диана, Анжелика т.б. айтпағанда, Айшаны – Айиша, Кәмиләні – Камила т.б. бөтен тілдің екпінімен немесе созылыңқы айтып, атау және соған жақындата жазу көрініс бере бастады. Шетелдерде белгілі дәрежеде кісі есімдеріне қатысты тыйымдардың бар екенін білеміз, ал бізде азаматтардың есім таңдау құқығы қорғалған, яғни тыйым салатын заң жоқ. Қазіргі кезде қойылып жатқан ойсыз немесе ыңғайсыз есімдерге шектеу қойылса артық болмас еді. 2. Тарихымызбен жалғасуға бейіл білдіріп отырғандар. Қазіргі кезде Елхан, Білге, Қасым, Ағназар, Айшабибі, Айғаным, Қарашаш, Нұрила т.б. секілді тарихи есімдерді қайта жаңғыртып жатырмыз. Тағы бір айта кететін жайт – жаңа тұлғалар жасау ізденістері, нәтижесінде Айару, Айзере, Айбота, Айсәнім, Жаннұр т.б. көркем есімдер қатары көбейіп

келеді. Әсіресе осылардың ішінде қазақ тіліне тән ерекше дыбыстары бар түрлерін жазуда ұлттық үлгіден жаңылмау ләзім.

Аты-жөніміздің құжатта толтырылуына қатысты алғанда бірізділікке келуіміз керек. Бұл жөнінде де түрлі қайшы көзқарастардың бары белгілі, алайда тарих қойнауынан жеткен асыл мұра жеке адамдардың мүддесінен жоғары. Қамаров пен Камаров, Кәрімов пен Каримов, Нұрмағамбетов пен Нурмаганбетов, Қожықов пен Кожухов т.б. «қазақ есімі» деген ұғымға бірінші тұрғандары ғана сәйкес, өйткені ұлттық есімдер – тарихи-мәдени тұтастықтың, ұлттық тұтастықтың, тілдік тұтастықтың кепілі.

Ойымызды жинақтай келе айтарымыз: кісі есімдерінің қойылуында болсын, құжатта таңбалануында болсын өзінің төл табиғатынан ауытқымауы керек. Кешегі «Алаш» зиялыларын алаңдатқан мәселе өзгеріссіз келіп, жаңа ғасырдың босағасын аттады. Күрделене түспесе, жеңілдеген жоқ, соның бәрі жазуда кеткен кемшіліктердің салдары. Тарих тағы да таңдау мүмкіндігін ұсынып отыр, бұл ел болып жұмыла атқарылатын іс.

Мақала ҚР ҒЖБ AP23489736 «Қазақ есімдерін цифрлық платформа аясына жинақтау және жаңа технологияларға бейімдеу» атты мемлекеттік гранттық (2022-2024 жылдарға арналған) жобасы аясында әзірленді

Әдебиеттер тізімі

1. Алаштың тілдік мұрасы. – Алматы: «Кие» лингвоелтану инновациялық орталығы», 2009. – 364 бет.
2. Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. – Алматы: «Мектеп», 1988. – 264 бет.
3. Сағындықұлы Б. Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері (Монография). – Алматы: «Санат», 1994. – 168 бет.
4. Жұбанұлы Қ. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: «Абзал-Ай», 2013. – 640 бет.
5. Жүнісбек Ә. Қазақ фонетикасы. – Алматы: «Арыс», 2009. – 312 бет.

Аннотация: В статье проводится анализ проблем, связанных с недостатками, допущенными при оформлении современных казахских имён в официальных документах. В сравнении с понятием трансформации в языке, ошибки, возникающие при оформлении документов, имеют свою специфику. Эти недостатки не связаны с естественными законами развития языка, а являются результатом отдельных субъективных факторов. Тем не менее, существуют варианты имён, в которых нарушение закономерностей национального языка, повторяясь в определённой форме, начинает приобретать признаки нормы. В связи с отсутствием чётко закреплённых правил допускалась вариативность в написании. В поиске правильного решения данной проблемы автор опирается на мнения представителей движения Алаш, высказанные в начале прошлого века. В их трудах содержатся научные выводы о национальной природе языка и принципах, на которые следует опираться при его письменном оформлении. Автор приходит к выводу, что в вопросах орфографической нормализации современных имён для сохранения исторической преемственности эти взгляды не должны оставаться без внимания. Рассматривая положительные тенденции и недостатки в развитии современных казахских имён, предлагаются пути определения их дальнейшей перспективы.

Ключевые слова: звукосочетания, фонетика, нормы правописания, имена людей, виды слогов

Abstract: The article analyzes issues related to the shortcomings that occurred in the official documentation of modern Kazakh names. Compared to the concept of transformation in language, the mistakes made in document processing have their own specific features. These shortcomings are not connected with the natural laws of language development but are the result of certain subjective factors.

Nevertheless, there are name variants in which violations of the national language norms, when repeatedly occurring in a particular form, begin to show signs of becoming standardized. Due to the absence of clearly established rules, variation in spelling has been allowed. In searching for an appropriate solution to this issue, the author relies on the views expressed at the beginning of the last century by the intellectuals of the Alash movement. Their works contain substantial scholarly conclusions about the national nature of the language and the principles that should guide its written form. The author concludes that in the orthographic standardization of modern names, these views should not be overlooked in order to preserve historical continuity. By examining both the positive trends and shortcomings in the development of contemporary Kazakh names, the article proposes ways to define their future direction.

Keywords: sound combinations, phonetics, spelling standards, names of people, types of syllables

ҚОРҚЫТ АТА КІТАБЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ЕҢ КӨНЕ ІЗДЕРІ

Жиһангир Қызылөзен,
PhD, профессор, Гүмүшхане университеті (Гүмүшхане, Түркия)
Әділов Марлен,
PhD, Абай атындағы ҚазҰПУ
Алматы, Қазақстан

Кіріспе

Қорқыт ата кітабының бүгінгі күнге жеткен үш нұсқасы және осы үш нұсқадан тәуелсіз бір қолжазба бар. Солардың біріншісі – Х.О. Флейшер тапқан, алайда ғылыми айналымға алғаш рет 1815 жылы Х.Ф. фон Диез енгізген Дрезден нұсқасы. Бұл нұсқа нәсіх (араб жазуының анық, оқуға жеңіл, кітаптар мен қолжазбаларда қолданылған негізгі жазу стилі) стилімен жазылған. Қолжазба 303 беттен тұрады және 12 жыр (дастан) мен кіріспеден құралады. Мәтіннің әр бетінде 13 жол бар және жазба негізінен дауысты белгілерсіз форматта. Кітаптың осы осы бірінші варианты Дрезден корольдік кітапханасында, Фляйшер қорында сақталған.

Екіншісі – Ватикан нұсқасы. Оны 1952 жылы итальян түркологы Этторе Росси Ватикан кітапханасынан тапқан. Онда дыбыстық белгілер қойылған және мәтін нәсх (араб жазуының кітапта қолданылатын классикалық шрифті) хатымен көшірілген. Кітапта 6 жыр мен кіріспе бар. 101 беттен тұратын кітаптың әр бетінде 13 жол жазылған.

Үшіншісі – Бурса нұсқасы, 2022 жылы Түркияның Бурса қаласында Ерсен Ерсой тарапынан табылған. Бұл қолжазба 238 беттен (әр бетте 13 жол) тұрады және нәсіх жазуымен көшірілген.

Бұлардан бөлек, 2019 жылы Тегеранда Вели Мұхаммед тапқан, аталған үш нұсқадан өзшеге тағы бір қолжазба бар. Кейбір зерттеулерде оны «Түркістан» немесе «Гүмбет» нұсқасы деп атағанымен, табылған жеріне байланысты оны Тегеран жазбасы деп атау ғылыми тұрғыдан дәл деп ойлаймыз.

Бүгінге дейін Қорқыт ата кітабына қатысты көптеген құнды зерттеулер жүргізілді. Алайда бұл еңбектерде негізгі проблемалардың бірі – мәтіндегі көптеген сөздердің қолжазбада қалай жазылса, солайша оқылмай, «түзетіліп», өңделіп, өзгертіліп транскрипцияланuы. Мұндай түзетулердің негізгі себебі – мәтіннің көне оғыз түркі тілінде (орта ғасырлық оғыз жазба тілі) жазылғаны туралы алғышарт болды. Осы себепті көне оғыз тілінің фонетикалық және морфологиялық нормаларын басшылыққа алған зерттеушілер оғыз тілінің шеңберінен шығатын барлық ерекшеліктерді қате жазылған деп есептеп, оларды өз ойынша түзеткен.

Әрине, бізге жеткен үш нұсқа мен Тегеран жазбасының тілі бұл шығарманың оғыз дәстүріне тиесілі екеніне дәлел. Бірақ бұл төрт мәтіннің ешқайсысы түпнұсқа емес. Барлығы да одан бұрынғы бір қолжазбадан көшірілген.

Негізгі мәселе – барлық нұсқаларға негіз болған Қорқыт ата кітабының бастапқы түпкі нұсқасының сақталмауы. Бүгінгі нұсқалар біз көріп отырғандай нағыз көне оғыз дәуіріне тиесілі түпнұсқа болуы мүмкін дегенге кепіл жоқ.

Мәтіндегі көптеген фонетикалық және морфологиялық ерекшеліктер бұл шығарманың көне оғыз дәуірінен әлдеқайда ертерек кезеңдерде қалыптасқанын көрсетеді. Зерттеушілер мәтінді тек көне оғыз нормалары арқылы түсіндіргендіктен, түркі тілдерінің басқа дәуірлеріне тән барлық ерекшеліктерді «қате» деп түзетіп, мәтіннен алып тастаған.

Шын мәнінде, Қорқыт ата кітабы – түркі тілінің әр түрлі дәуірі мен аймақтарына қатысты көпқабатты тілдік деректі сақтаған ерекше ескерткіш. Мәтінді сөздік-формулалық теория, құрылымдық лингвистика, дискурс талдауы, синхронды/диахронды зерттеу сияқты көпқырлы әдістермен қарастырғанда, бұл шығарманың басқа бір көне мәтіннің көшірмесі екені анық байқалады. Сонымен бірге, бізге жеткен нұсқалардың өзі түпнұсқа емес, олар да бұдан бұрынғы дәуірге тиесілі бір мәтіннің негізінде жасалғанын тілдік қабаттар айқын көрсетеді.

Мәтін әрбір көшіру кезінде сол кезеңнің немесе аймақтың тілдік нормаларына сай өңделіп отырғанымен, оның көптеген архаикалы ерекшеліктері сақталып отырған. Сол себепті Қорқыт ата кітабында түркілердің түрлі кезеңдерге тән бірнеше тілдік қабат қатар жинақталған.

Қолымыздағы Дрезден, Ватикан, Бурса нұсқалары және Тегеран жазбасы – Деде Қорқыт кітабының қалыптасу тізбегінің соңғы буыны, яғни Ескі оғыз түркісінің кезеңі. Бірақ мәтінде түркі тілінің бес тарихи дәуірінің іздері бар:

Прото түркі (Алғашқы түркі тілі)

Прото түркі диалектілері (бүгінгі түркі тілдерінің бастапқы ата-бабалық тілі)

Көне түркі тілі (Орхон–Ұйғыр кезеңі)

Көне оғыз тілінің алғашқы кезеңі

Көне оғыз түркі тілі

Бұл қабаттардың ішінде прототүркі диалектілері – қазіргі түркі тілдерінің түп қазығы. Қазақ, қырғыз, якут сияқты тілдер бірден пайда болмаған. Олар бір кезде прототүркі тілінің жергілікті говорлары болған. Уақыт өте бұл диалектілер тіл деңгейіне көтеріліп, кейін жазба тілге айналған.

Прототүркі диалекттерінің барлығын түгел сипаттау бұл зерттеудің ауқымына кірмейді. Сондықтан мұнда олардың ішіндегі ең маңыздысы – қазақ тілі қарастырылды.

Деде Қорқыт кітабында тек қазақ тілінде сақталған, басқа түркі тілдерінде кездеспейтін көптеген дыбыстық, морфологиялық және семантикалық ерекшеліктер бар. Бұрын бұл ерекшеліктер оғыз тілдерін зерттеуші лингвистер тарапынан «қате» деп есептеліп, түзетулер кезінде жойылған. Мәтінді қолжазбадағы күйінде оқыған Жиһангер Қызылөзеннің жұмысы нәтижесінде қазақ тілінә тін элементтердің көптігі анық көрінді.

Зерттеу

Қорқыт ата кітабы оғыз-қыпшақ тайпаларының этнолингвистикалық тарихын, тұрмыс-тіршілік мәдениетін және тілдік жүйесін сақтаған маңызды ескерткіштердің бірі. Мәтіндегі лексикалық бірліктер оғыз-қыпшақ тілдік байланыстарын айқындауға мүмкіндік береді. Олардың ішінде қазіргі қазақ тілімен тікелей сабақтастықты көрсететін сөздер, тұрақты тіркестер және тұлғалық-морфологиялық құрылымдар айқын байқалады. Зерттелген *маңраш-, күлүк, бағыһ, йелим, йеңил, йигит* сияқты лексемалар семантикалық тұрғыда қазіргі қазақ тіліндегі тұлғаларымен сәйкес келеді. Бұл жалғастық дыбыстық-морфологиялық өзгеріссіз сақталған тілдік үзілмеушілік құбылысын көрсетеді. Мысалы: Қорқыт ата кітабында *маңраш-* етістігі қазақ тілінде «маңырау» болып айтылады. Сол секілді күлүк сөзі күлік (сайгүлік) болса, baġır-дың туыстық мағынада қолданылуы қазақ тілінде бауыр тұлғасында сақталған. Бұл ескерткіштегі *yelim* қазіргі қазақ тілінде *желім* боп өзгерсе, yeŋil yigit тіркесі жігіт-желең қос сөзі болып қолданылуда. Зат еміс немесе етістіутерден бөлек ортақтықтарды байқаймыз, мәселен Қорқыт ата кітабы хикаяларындағы *dün ḳatdı* (түні бойы жол жүру) және *örü ṭur-* (орнынан тік тұру) сияқты фразеологиялық бірліктер мен сөз тіркестері де қазіргі қазақ тілінде *түн қату, өре түрегелу* болып еш өзгерместей сақталған. Осындай лексикалық сәйкестіктер Қорқыт ата кітабының тілі мен қазіргі қазақ тілі арасында үзілмеген тілдік-мәдени байланыс бар екенін дәлелдейді.

1. Маңыраш- етістігі Қорқыт ата кітабында төмендегі сөйлемдерде қолданылады: *Ḳuzıcaġı <u>maŋraşub</u> béle géçdi* «Қозысы маңырап өтті»; *Ḳuzıcaġum aldurmışam maŋrayayın mi?* «Қозымды алдырыппын, маңырайын ба?» [1].

Бұл етістік қазіргі оғыз тілдерінде дербес тұлға ретінде сақталмағанымен, қыпшақ тілдерінде тұрақты түрде қолданылады: қарашай-балқар тілінде *maŋıra-* [2, 293], ал қазақ тілінде *маңыра-* [3, 368] түрінде кездеседі. Оғыз тілдерінде оның орнына *melemek* формалары кездеседі. Бұл *маŋraş-* формасының «Қорқыт ата кітабы» тіліндегі қыпшақтық қабатты көрсететін бірлік екендігін дәлелдейді.

2. Дүн қатты етістігі Қорқыт ата кітабында қазақ тіліндегідей сематикада келтірілген: *Geldügi yolı eline alub yortdı, <u>dün ḳatdı</u>* «Келген жолымен қайта жүріп, түн қатты»; *<u>Dün ḳatdılar,</u> Oġuz'uŋ serḥaddine yétdiler* «Түн қатып, Оғыз шекарасына жетті» [1].

Dün ḳatdı тіркесі қазіргі түрік тілінде қолданылмаса да қазақ тілінде жиі жұмсалатын тұрақты тіркеске жатады: *түн қатты* «түн бойына жүрді» [4, 527].

Түн қатты фразеологизмі *күн-түн қатты* [5, 379] қос сөз нұсқасында да қолданылады.

Бабалар сөзі көптомдығындағы мақал-мәтелдер қатысты томында *Түн қатса бір бала табады* [6, 356] қолданысы мақал деп келтірілген.

Мұндай қолданыс қырғыз тілінде де кездеседі: *түн қат-* «түні бойы жүру»: *Уйуқтаған уйқу алат, түн қатқан жылкы алат* (мақал) [7, 416].

Сонымен, *түн қату* тіркесі Қорқыт ата кітабы тіліндегі ең негізгі қыпшақтық (қазақ пен қырғыз тілдеріне тән) элементтердің бірі саналады.

3. Күлүк сөзі Қорқыт ата кітабында «жылдам, жүйрік» [1] деген мағынада қолданылған:

At ayaġı külük, ozan dili cevük olur «Ат аяғы жүйрік, жырау тілі өткір болар» [1].

Көне қыпшақ жазба мұраларында да *күлүк* сол семада тіркелген [8, 167].

Қазіргі қыпшақ тілдерінен қазақ тілінде де солай *күлік* сөзі «жүйрік» семасында сақталған [3, 257].

Сайгүлік, сәйгүлік, сайгүдік деп те айтылады. *Сайгүлік, сайгүдік* дегендегі «сай»-дың мағынасы – «аты шулы, атақты, нағыз, асқан». Қырғыз тіліндегі *сай* сөзі күлікке де (сай күлік), тұлпарға да (сай тұлпар), буданға да (сай будан) тіркесе береді. Бұл үшеуі де «асқан жүйрік» мағынасында қолданылады.

Күлік оғыз тілдерінде жоқ болса, қазақ тілінде белсенді сөзге жатып, келесі мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестерде айтылады:

Күйсіз күлік жүгірмес.

Жылқының көркі – күлік, үйдің көркі – мүлік

Ит күлігін түлкі сүймес / Ит жүйрігін түлкі сүймейді [6, 60, 200].

Күлік, жүрген жерің – бүлік [9, 372].

Әрі жорға, әрі жүйрік

Күлік қайдан табылар? (Халық мәтелі).

Түбім – түрік, түлігім– күлік (Халық аузынан).

Күйсіз күлік «жүйрік ат» [5, 160].

Күлік сөзі көне түркі жазба ескерткіштерінде:

Күлтегін ескерткішінде *күлүг* «атақты»: *антағ күлүг қаған ермиш* «сондай танымал қаған екен» (Күлтегін, Шығыс беті, 4-жол).

Диуани лұғатит түркте *күлүг* «абыройлы, беделді; танымал, атақты» [10, 439].

Құтты білікте *күлүк* «атақты, даңқты» (KB.857); *күлүг-чаулығ* «атақты, аты шулы» [11, 326].

Қыпшақ жәдігері Кодекс куманикуста *күлік* «жүйрік, жылдам, шапшаң, тез; пысық, ширақ, еті тірі» (CC.57b/6).

Мәмлүк қыпшақ ескерткіші Гүлістан аудармасында *күлүк* «жылдам, жүйрік, тез, шапшаң»: *күлүк атлар* «жүйрік аттар» (GT.333/4).

Қазіргі түркі тілдерінде қыпшақ тобынан тек қазақ пен қырғыз және құмық тілдерінде сақталған:

Қырғыз т. *күлүк* «жүйрік, бәйге аты; жылдам әрі мықты»:

Ит күлүгүн түлкү сүйбөйт [7, 536].

Құмық т. *гүлүк* «тай, құлын» [12, 146].

Бұл сөз моңғол тілінде бар:

Моңғол т. *күлүг* «күшті әрі жылдам ат, жүйрік» [13, 792].

Моңғол тілінен сібір түркі тілдеріне өткен болуы мүмкін:

Алтай т. *күлүк* «палуан, алып күш иесі; ширақ; дарынды, талапты» (ATS 128); хакас т. *күлүк* «ақылды, талапты, талантты, ұста, епті; қайсар, жігерлі» (HTS 280); тува т. *күлүг* «атақты, даңқты, танымал; ақсүйек, ханзада»; *хөлге* «мырза аты, батыр арғымағы» (ТувРС 489).

4. Қасға төпел қос сөзіндегі *қасға* формасы «Диуани лұғат ит-түрік» еңбегінде «денесі қара, басы ақ (қой), көзінің айналасы қара, жүзі ақ (ат, түйе және т.б.)» деп тіркелген [10, 691].

Көне Қыпшақ тіліндегі деректерде бұл сөз «аттың маңдайындағы ақ дақ» мағынасында келеді [8, 130].

Көне Анадолы (оғыз) ескерткіштеріндегі лексика жинақталған Тарама сөздігінде *kaşga* «ақ түкті, ақ қылшықты» деп түсіндірілген.

Түрік тілінің диалектологиялық сөздігінде «жануарлардың маңдайындағы ақ дақ, маңдайында ақ белгісі бар мал» деген мағынада берілген.

Қос сөздің екінші сыңары **төпел** Көне оғыз жазба ескерткіштерінен тек «Қорқыт ата кітабында» ғана кездеседі.

Қазақ тілінде *төбел* «жылқы малының маңдайында болатын дөңгелек ақ дақ» [3, 547] дегенмен тікелей байланысты.

Түрік тілі говорларында және әзербайжан тілінде *tepel* түрінде «маңдайында ақ дағы бар сиыр, өгіз және басқа мал» деген мағынада қолданылады (DerS, (ADIL V 315).

Қасға тұлғасы *қас* сөзіне +*ġa* қосымшасы арқылы жасалғаны анық.

Ал *төпел/тепел* тұлғаларының *төпе/тебе (төбе)* сөздеріне +l жұрнағының жалғануы арқылы пайда болғаны айтылады.

Бұл екеуінен *töpe* формасы (töpü (Wilkens 2021: 738) көнерек саналады.

Сондықтан Қорқыт ата мәтіндегі сөздің *töpel* (DN. 36/7) [1] түрінде оқылуы дұрыс санаймыз.

Қорқыт ата кітабының Бурса нұсқасында бұл сөз *tepel* (BN.31/12) түрінде жазылған.

Мағынасы жағынан жақын екі лексемадан жасалған қос сөз *ḳaşġa töpel*, сайып келгенде, «маңдайында ақ белгісі, дөңгелек ақ дағы бар (ат)» дегенді білдіреді.

5. Өс(ен): *Umanına <u>ösenine</u> aş yédürdüm* Қазан ханның жары «Үміт еткендерге, өсіп келе жатқандарға (балаларға) ас бердім» [1] дейді.

Өс- түбірі «өсу, ұлғаю» мағынасында түрікмен, ұйғыр, қарайым, башқұрт, қырғыз, қазақ, құмық, ноғай, хакас, шор, алтай тілдеріне қолданылады [14, 623]. Мұндағы *ösenine* формасы «өсу үстіндегілерге, өсетіндерге» деп аударылады. Қазіргі оғыз тілдеріне тән сөзге жатпайды, қазақ және қыпшақ тілдеріне жататын өзгешелік деп бағалауға болады.

6. Бағыр сөзі Қорқыт ата кітабында қазақ және қырғыз тіліндегідей *бауыр* «іні, ағайын, туысқан» [15, 44] мағынасында қолданылған деп пайымдаймыз. Мысалы: *Yanaşup yola girende ḳara <u>bağır</u> görkli* «Жанаса қатар жүргенде ер бауыр деген жақсы». Салыст.: *Sevgülü ḳardaş görkli* «Қыз бауыр көрікті, жақсы» [1].

7. Өру тур-: Мәтінде жиырма рет кездесетін *örü ṭur-* «орнынан тұру, өре түрегелу, ілгері ұмтылу, атып тұру» тұлғасы тұрақты тіркес ретінде қолданылған:

Ṣapadınca yérinden <u>örü ṭurur</u> «Таң ата орнынан өре түрегеледі» [1].

Көне түркі тілінде *örü* «жоғарыға қарай, төбеге» деген мағына береді [16, 541].

Тарихи қыпшақ ескерткіштері сөздігінде *örü tur-* «аяқта тік тұру» деп түсіндірілген [8, 212].

Оғыз жазба ескерткіштерінің Тарама сөздігінде *örü ṭur-* тіркесі «аяққа тұру, аяқта тұру, түрегелу» мағынасында берілген.

Бұл тіркес Оғыз тобының бүгінгі тілдерінде, тіпті ауызекі сөйлеістерінде кездеспейді.

Бұл сөз тіркесі қыпшақ тілдеріне тән өзгешелік болып қолданылады:

Татар тілінде *үре* «тік, түзу», *үре тор-* «аяққа тұру» мағынасында қолданылады [17, 476].

Қазақ тілінде *өре түрегелді* «аяққа тік тұрды, бірден көтерілді, шұғыл түрде орнынан тұрды» [4, 436] деген мағынада белсенді жұмсалады.

8. Диң диңле-:

Қорқыт ата кітабында *kov ḳovla-, diŋ diŋle-* тіркестері «әңгіме құру, сөйлесу, сұхбаттасу» мағынасында қолданылады [1]. Мұндағы *diŋ diŋle-* тұрақты тіркесі қазақ тіліндегі *тың тыңдау* «бірдеңені білдірмей тыңдау, жасырын түрде құлақ түру; сырттан аңду» [3, 569] етістігімен бірдей.

Бұлар көне түркі тілінде *tıŋ* «дыбыс, шу», *tıŋla-* «тыңдау, есту» болып қолданылған [16, 715].

9. Дурар «қарсы тұрар».

Қазан хан тұтқында болғанда сондағы қамалдың мырзасы одан өздерін мақтауын талап етеді. Сол кезде Қазан хан: «Мен жер бетіндегі ешбір адамды мақтамаймын. Бір кісіні алып келіңдер, соған мініп сіздерді мадақтайын», – дейді. Одан кейін төмендегі тіркес беріледі*: Vardılar durar kāfir getürdiler*.

Осында талданып отырған бірлік *dur-* етістігі мен *-ar* жұрнағынан құралған. *Dur-* етістігі мұнда қазіргі түрік тіліндегі «тұру, тоқтау» мағынасында емес, қазақ тіліндегідей «беріктік көрсету, төтеп беру, қарсы тұру, шыдау, қарсылық білдіру» мағынасында қолданылған.

Оғыз тілдері ішінде әзербайжан тілінде *dur-* етістігі қазақ тіліндегідей «қарсы тұру, берік тұру, төзе алу, шыдай білу» мағыналарында жұмсалады. Мысалдар: *Sen berk dur* «Сен берік тұр»; *Düşman qarşısında durmaq* «Дұшпан алдында тұра білу»; *Onun qarşısında duramayıb çəkildi* «Оның алдында тұра алмай шегінді»; *Çətinliklərin qarşısında sağlam durmaq* «Қиындықтар алдында берік тұру» [18, 705].

Қорқыт ата мәтініндегі *dur-* етістігі де дәл осы қазақ және әзербайжан тіліндегідей «шыдай алу, төтеп бере алу» мағынасында қолданылған.

Қорқыт ата кітабының басты тілдік ерекшеліктерінің бірі – мәтінде кездесетін «-ar» жұрнағының грамматикалық кітаптарда жазылған функциясынан тыс қызмет атқаруы. Бұл жерде «-ar «жұрнағы қазіргі түрік тіліндегі *-an* (қатысымдық есімше, қазақша *-атын*) тұлғасының қызметін атқарып тұр: *dura-ar kāfir* «шыдай алатын, төтеп бере алатын кәпір». *Vardılar durar kāfir getürdiler* «Барып, шыдай алатын кәпірді алып келді» [1].

Белгілі болғандай, *yanar dağ* «жанар тау» мен *yanan dağ* «жанатын тау», *akar su* «ағар су» мен *akan su* «ағатын су» арасында айырмашылық бар. Бұл мысалдарда **-ar** жұрнағы етістіктен тұрақты сын сипат жасайды, ал «-an» жұрнағы уақытша, өтпелі сипат жасайды. *-ar* қосымшасы оғыз түрік тілінде етістіктен тұрақты сипат жасайды. Ал ноғай тілінде бұл жұрнақ өтпелі, уақытша сын есім де жасай алады [19, 661]. Осы *durar* тұлғасындағы «-ar» жұрнағы да қазақ, татар, ноғай және т.б. қыпшақ тілдеріндегі тілдік функцияға ұқсас түрде қолданыс тапқан.

10. Йелим сөзі Диуани лұғат ат-түрік еңбегінде «желім» мағынасында берілген [10, 965]. Ортағасыр Анадолы жазба ескерткіштері сөздігі – Тарама сөздігінде де «желім, жабыстырғыш зат, шіріш» [20, 4500] деп көрсетіледі. Қыпшақ ескерткіштері тілінде де бұл сөз «желім, жабыстырғыш» мағынасында қолданылады [8, 318].

Қазақ тілінде ол желім түрінде сақталған [3, 173].

Қорқыт ата кітабында да бұл сөз «желім» мағынасында жұмсалады:

Yél gibi yétdi, yelim gibi yapışdı «Желдей жетті, желімдей жабысты» [1].

11. Йеңил йігіт қос сөзі қазақ тілінде *жігіт-желең* [4, 265] болып қолданылады.

Бұл қос сөзді «Қорқыт ата кітабында» кездесетін қазақ тіліне тән элементтердің бірі ретінде қарастыруға болады:

Neye geldiŋüz yigit yeŋil? «Жігіт-желең, неге келдіңдер?»

Bu yaŋa yigit yeŋil gördiler kim av bozulmış «Бұл жас жігіт-желең олжаның қайта тең бөлінбегенін көрді».

Yigide yeŋile vérürdük «Жігіт-желеңге үлесін беретік едік».

Yigit yeŋil, ṭoyum oldı «Жігіт-желең риза болды».

12. Шеш-: Қорқыт ата кітабындағы *Menüm elümi şéşüŋ* сөйлеміндегі şéşüŋ формасы қазақ тіліндегідей «шеше көріңдер», «шешіңдер» (яғни, «босатыңдар, шешіп жіберіңдер») мағынасында қолданылған. Ал қазіргі түрік тілінде бұл мағынада *çöz-* етістігі жұмсалады, *шеш-* етістігі кездеспейді. Көне оғыз жазба ескерткіштерінде мен қазіргі оғыз тілдерінде *şeş-* етістігінің «шешу» мағынасындағы қолданысы тіркелмеген.

Көне ұйғыр жазба ескерткіштерінде *шәш-* етістігі «шатасу, шырмалу; шешу, тарқату» мағыналарында кездеседі [16, 647].

«Диуани лұғат ат-түрікте» *seş* тұлғасы «бір нәрсенің байлауын, қоспасын шешу» мағынасында берілген [10, 845]. Бұл етістік Codex Cumanicus-та şeş- ~ ses- түрінде «шешу» мағынасында тіркелген [21, 1291].

Қазіргі түркі тілдерінің ішінен қазақ тілінде *шеш*- етістігі «шешу» мағынасында қолданылып келеді [3, 639].

Қорытынды

«Қорқыт ата кітабында» кездесетін тілдік деректер бұл жәдігердің терең қабатында прототүркі дәуіріне тән белгілердің сақталғанын аңғартады. Сол кезеңнің өзінде тілдің түрлі аймақтық ерекшеліктері, жергілікті говорлары болғаны анық. Бүгінгі қазақ тілінде солтүстік, оңтүстік, шығыс, батыс сияқты говорлық жіктелістер бар екені белгілі. Дәл осы сияқты, прототүркінің де өз ішкі тармақтары болған. Сол тармақтарының бірі кейінгі қазақ тіліне негіз болған деп шамалауға негіз бар.

«Қорқыт ата кітабында» ұшырасатын кейбір дыбыстық және тұлғалық құбылыстардың бүгінгі күні тек қазақ тілінде ғана сақталып қалғанын көреміз. Бұл – қазақ тіліне тән ең көне іздердің алғашқы жазба көріністері осы кітапта таңбаланғанын білдіреді.

Белгілі болғандай, оғыздар – әртүрлі түркі халықтарының тарихи бірлесе келіп құрған үлкен одағы. Сол одақты қалыптастыруға қатысқан елдердің қатарында ежелгі қазақ халқы да болғаны көрінеді. Мәтіндегі қазақша элементтер соның тілдік айғағы ретінде қабылданады. Ұйғыр, саха (якут), алтай халықтары тәрізді, ертедегі қазақ тайпаларының бір бөлігі де осы ірі бірлестікке қосылған деп айтуға болады.

Abstract. This article examines the lexical nature and semantic functions of somatisms (terms referring to parts of the human body) in the written monument «Munyetul Guzat».The written monuments of the Mamluk–Kipchak period are considered important sources related to the Kazakh language. Their content and linguistic structure are heterogeneous. In recent years, the study of Mamluk–Kipchak heritage has begun to develop actively. The research analyzes the types of somatic lexemes, their semantic fields, their usage in Turkic languages, as well as their connection with the linguistic features of ancient periods. The author demonstrates that somatisms function not only as anatomical terms but also as symbolic units conveying spiritual, cognitive, and sociocultural concepts. The lexicon of the Mamluk–Kipchak monuments is evaluated as valuable linguistic material from the perspective of historical lexicology.

Keywords: Kipchak language, written monuments of the Mamluk–Kipchak period, historical lexicology, modern Kazakh language, somatisms.

Қыпшақтар – ортағасырлық Еуразия даласында кең ауқымда өмір сүрген түркі тайпаларының ірі бірлестігі. X–XIII ғасырларда олар Дешті Қыпшақ аталған ұлан-ғайыр өңірде саяси, әскери және мәдени үстемдікке ие болды. Қыпшақ тайпалары кейінірек қазақ халқының қалыптасуына елеулі этникалық негіз болған.

Қыпшақтардың тілі түркі тілдерінің қыпшақ тармағына негіз салып, кейінгі қазақ, қарақалпақ, ноғай, қырым татарлары, башқұрт және кейбір басқа халықтардың тіліне үлкен ықпал етті. Қыпшақ тілі орта ғасырларла қолданыста болғаны белгілі. Орта ғасырлардағы жазба ескерткіштер негізінен араб жазуымен тарихта қалды. Орта ғасырлардағы араб жазулы көне түркі мұралары ғылыми еңбектерде Қарахан әулеті түркілерінің (XI-XII), Орта Азия түркі халықтарының (XI-XIV), ескі қыпшақ (XII-XV), Шағатай тілінде (XV-XVII) жазылған мұралар деп жіктелген [53]. Қыпшақ тілінде жазылған ескерткіштердің ғылымға белгілері «Кодекс Куманикус», «Мәмлүк қыпшақтары жазба ескерткіштері», «Армиян колониясы жазба ескерткіштері» [1, 55].

«Мүнйетүл-Гүзат» – XIV ғасырдың екінші соңында мәмлүк-қыпшақ тілінде жазылған соғыс өнері туралы шығарма. Шығарманың араб тіліндегі түпнұсқасы «әл-Фурусийе фи-Ремийл-Сихад» деп аталады. Түпнұсқа авторы Мұхаммед бен Якуб (1315-1362) деген кісі болып табылады. «Мүнйетүл-Гүзат» аталмыш түпнұсқаның үшінші бөлімінің ғана аудармасы. «Мүнйетүл-Гүзаттың» жалғыз қолжазбасы Стамбулда, Топкапы сарайы, 3-ші Ахмед бөлімінде сақталған. Қолжазба 1446 жылы көшірілген. Бұл еңбекте Мәмлүк-қыпшақтарының әскери өнері жөнінде баяндалған.

Жазба мәтін мәмлүк-қыпшақ тілінің «қыпшақ элементтері басым» диалектісінде жазылған. Шығарманың сөздік құрамында 60-70 пайызы түркілік сөздер болса, қалғаны араб-парсы тілдеріне тиесілі. Бұл жазба ескерткіш туралы қазақ тіл білімінде зерттеу жүргізілмеген, тіпті аты аталмаған десек те болады.

«Мүнйетүл-Гүзатты» таңдаудағы басты себеп – шығарманың «таза қыпшақ тілінде» (Я. Экман) жазылғандығы. Қазақ тілі туыстығы жағынан қыпшақ топшасына жататындықтан, аталған мәтіннен ұқсас тілдік бірліктерді өте жиі кезіктіреміз. Қазақ тілі мен жазба мәтіннің тілінде тарихи сабақтастық, байланыс бар.

Қыпшақтардың Орта Азия аймағына үстемдігін 1220-жылдарда Моңғол шапқыншылығы тоқтатқан. Қалқа (Кальчик) өзені бойында 1223 жылы моңғолдар тарапынан ауыр жеңіліске ұшыраған қыпшақтар 1238-39 жылы моңғолдардың екінші шапқыншылығынан түгелдей құлаған. Маңызды бөлігі жаңа жеңімпаздармен, яғни Алтын Орда құрамында қалды қалды. Басқалары ескі дұшпандары болған халықтардың дінін қабылдап, олардың ішінде заман өткенде түркі дүниясы үшін жоқ болған. Бүгінде өзбек және қырғыздарда бірер үлкен рулар және Башқұрт пен Ноғайларда өте кіші рулар Қыпшақ деп аталады [2, 716]. Татарлардың, Қарайым түріктерінің және гагауыздардың қалыптасуында да Қыпшақтардың рөлі болғаны анық [3, 5].

Жошы ұлысының маңызды бөлігі жергілікті қыпшақтар болса, Мысырдағы Араб халифатында беделді рөлге ие болған Мәмлүк-қыпшақтар болатын.

Мысыр және Сирия сахарасына Қыпшақтар екі түрлі жолмен келген. Алғашында құлдықпен сатылған жасөспірім балалар болса, бір бөлігі Моңғол шапқыншылығы кезінде паналап келгендер болған. Осы жағдайлар бұл аймақтағы түркілер санының артуына әсер еткен. Аббаситтер заманынан бастап Сирия және Мысыр әскери күштерінің арасында түркілердің маңызы зор болған. Аббасит халифасы әл-Мәғмун (813-833) және әл-Муғтасымның (833-842) күзет бөлімдерінде түркілер болғаны белгілі болды [4, 866].

Араб басшылары күзет бөлімдерінде жүрген еңбегін ескеріп халифаттың әр түрлі орталықтарына түркі сарбаздарын уәли қылып жіберіп отырған. Бұл түркі уәлилері өздері барған өлкеде түркілерге негізделген әскери бірлестіктер құрып, аймақтың төресі болған. Мысырға алғаш уәли болып келген Язид б. Абдуллах ит-түркі (850). Мәмлүктер Айюбилер (1171-1250) кезеңінде билеушілердің әлсіздігінен қысқа уақытта үлкен ықпалға ие болды. Айбек сұлтан 1260 жылы Айюби әулетін құлатады. Мәмлүк-Қыпшақ әулетінің негізін қалаған – Сұлтан Байбарыс. Ол «Айн Джалут» шайқасында жеңілмейтін Моңғолдарды жеңген болатын. Египетте биліктерін жүргізген түркілерді тарихшылар екіге бөледі: Бахри Мәмлүктер (1250-1382) және Буржи Мәмлүктер (1382-1517). 1517 жылы Османлы жаулап алғанға дейін Мәмлүк-қыпшақтар Мысыр мен Сирияға өз биліктерін жүргізіп келген. Осы кезеңге дейін Крестшілерге және Моңғолдарға қарсы жеңісті шайқастардың сериясын жасады.

Жоғарыда атағандай, Мысырға түрлі себептермен келген Дешті-Қыпшақтар араб әлемінде «түркілік қолтаңба» қалдырды. Мысыр даласында 300 жылға жуық салтанат құрған мәмлүк әулеті Араб халифатынан кейін тұралаған ислам өркениетін қайта жандандырды. Ислам билеушілері сияқты ғылымға, медицинаға, сәулет өнері мен қолөнершілікке көңіл бөлді. Хорасан, Алтын Орда, Әзірбайжан, Анадолы, Сирия және Мысыр арасында мәдени байланыс орнады. Он төртінші жүз жылда Әмир Сойургатмыш салдырған Кахире Медресесінде Алтын Орда және Түркістаннан келген ғалымдар мұғалім ретінде қызмет еткен [4, 35].

Мәмлүк сұлтандары және басқарушыларының көбі арабша білген. Осы кезде қыпшақ тілінде де, араб тілінде де әдеби шығармалар жазылған. Я. Экманның айтуынша, «мәмлүк-қыпшақ шығармаларының көбі арабша сауатсыз жазылған және халықтың көбі түркіше сөйлеген» [4, 37]. Осыдан түрік тілінің үстем тап тіл ретінде ерекше маңызға ие болғанын аңғарамыз. Елдің арабша сөйлейтін халқының түрікше үйренуін жеңілдету үшін біршама грамматикаға қатысты еңбектер және сөздіктер жазылған. Билеуші және сұлтандардың әмірімен кейбір шығармалар жазылды және кейбірі араб, парсы тілдерінен аударылды және

түркінің басқа аймақтарынан біраз әдеби шығармалар олардың кітапханалары үшін көшірілген.

Жалпы Қыпшақ мәтіндерінің тіліне келетін болсақ, орта ғасырда жарық көрген мәтіндерді ғалымдар тілдік ерекшеліктерін ескере отырып 2-ге бөледі:

1) Таза қыпшақша жазылған мәтіндер. Бұл санатта бізге жеткен жәдігерлер өте аз. Оған тек «Кодекс-куманикус» жатады;

2) Мысырда жазылған Мәмлүк-қыпшақ тіліндегі мәтіндер.

Грамматикалық еңбектер және сөздіктер. Бұрын айтылғандай, Мәмлүк мемлекетінің билеуші таптары мен әскердің едәуір бөлігі қыпшақтардан болды. Алайда халықтың кейбір бөлігі арабша сөйлеген. Сол себепті халықтың осы бөлігіне қыпшақ тілін үйрету үшін сөздіктер мен грамматикалар дайындалды. Мұндай еңбектердің тілі қыпшақ түрікшесі және оғыз түрікшесі (түркімен) диалектісінде жазылған.

Өлеңдер. Мәмлүк-қыпшақ кезіндегі жалғыз әдеби шығарма – «Китаби *Гүлстан бит Түрки»*. Аталмыш шығарманы парсының атақты ақыны Сағдидің Гүлстанынан аударма жасаған Сәйф Сараи. Ол Алтын Орданың негізгі қаласы Сарайда туған. Кейін біраз ұстаз, ғалымдар сияқты Мысыр сахарасына келген. Сол жерде 1391 жылы Сағдидің Гүлстанын Баттас бектің атынан аударған.

Соғыс өнері және атбегілікке қатысты еңбектер. Мәмлүк-қыпшақтарының крестшілерді айтпағанда, әйгілі Шыңғыс ұрпағы Хулагудың екпінін басып, әскерін талқандағанын білеміз. Бұл тарих бетіндегі күтпеген жағдай болған. Осы жеңістердің бірден-бір себебі майдан алаңына дайындалған ерекше тактикалары мен соны соғыс техникалары. Бұған бір дәлел сол кезеңнен жеткен жазба ескерткіштер. Аталмыш мәтіндерде садақ ату, қылыш ұстау, ат баптау, сүңгілеу сияқты мәселелер баяндалған.

Еңбекте кездескен соматизмдердің төрт түріне талдау жасадық. Төменде көрсетілген кесте шығармада кездескен сөздер негізінде жасалды.

1-кесте. Соматизмдер: бас-бет аймағы

Соматизмдер	**Индексі**	**Қазақша аталуы**	**Түркі тілдеріндегі көрінісі**
Бас-бет аймағы	Baş (баш)	Бас	Түркі халықтары тілінде тек *с-ш* фонетикалық дыбысында ғана айырмашылық бар
	Yüz (йуз)	Жүз	Түрік, башқұрт, түрікмен, ұйғыр – *йуз*; қазақ, қырғыз–*жүз*.
	Aġız (ағыз)	Ауыз	құмық – *авуз*; башқұрт, қазақ, қарақалпақ – *ауыз* түрік – *ağız*
	Köz (көз)	Көз	Фонетикалық ерекшеліктерін айтпағанда, қазақ,қырғыз,татар, ұйғыр,өзбек, түрік тілдерімен сәйкес деп айтуға болады
	ḳulaḳ (қулақ)	Құлақ	Қазақ, башқұрт, татар тілдерінде – құлақ; қарақалп., азербайдж., ұйғыр тілдерінде – *гулак, қулақ*
	Manglay (маңлай); Alın (алын)	Маңдай	башқұрт, татар, түрікмен, ұйғыр – *маңлай;* әзірбайжан – *алын.*
	Boyun (бойун)	Мойын	түрік, түрікмен, өзбек, ұйғыр тілдерінде *б-м* дыбыс алмасу
	Til (тил)	Тіл	
	Bıyıḳ (быйық)	Миық, мұрт (мұрт өсетін жер)	Көне түркі сөздігіндегі кездесетін сөз. Қазақ тіліндегі *«миығынан күлу»* тіркесінде және *«кермиық»* сөздерінде кездеседі

2-кесте. Қол-аяқ мүшелері

Қол- аяқ мүшелері	Мәтіндегі индексі	Қазақша атауы	Түркі тілдеріндегі көрінісі
	ḳol (қол)	Қол	өзбек – *қул;* алтай, қазақ, қарақалпақ, құмық, ноғай, ұйғыр – *қол*
	Bilek (билек)	Білек	өзбек – *билак;* әзірбайжан, қырғыз, құмық, тува, түрік, түрікмен, ұйғыр –*билек, биләк;* қазақ – *білек.*
	ḳoltuk (қолтуқ)	Қолтық	қаз. – *қолтық;* хак. – *холтых*, холтырмах; тат. – *култык*; түрк. – *голтук*; өзб. – *қўлтиқ*; қырғ. –*колтук*; қарақалп. –*қолтық*; ұйғ. – *қолтуқ;* тува – *колдук;* түр. – *колтук*; башқ. – *культык;* алтай. – *колтук;* құм. – *къолтукътюп*; әзірб. – *голтуг;* чув.– *хулхуши*;
	Tırnaḳ (тырнақ) Mahrec (махредж)	Тырнақ	қазақ, қарақалпақ, өзбек,ұйғыр
	Tiz (тізе)	Тізе	дыбыстық айрмашылықтарын есептемегенде, осы тілдерде бірдей қолданыста құмық, ноғай, өзбек, ұйғыр, қазақ, қарақалпақ, ұйғыр
	Ökçe (өкше)	Өкше	қазақ – *өкше,* түрік – *тобық,* татар –*үкчә,* азербайджан.– *дабан*, түркмен, түрік – *топук*
	Barmaḳ (бармақ)	Бармақ Саусақ (Елі)	әзірбайжан, түркімен, татар тілінде – *бармак,* түрік тілінде – *пармак,* өзбек – *бармоқ*
	Ayaḳ (Айақ)	Аяқ	Өзбек – *ойоқ,* қырғыз – *бут,* татар, түркімен – *аяк,* түрік - *баджак*
	Topuḳ (Топуқ)	Тобық	Татар – *тубык;* түркімен – *топук;* азербайжан, түрік – *айак билеги;* өзбек – *топиқ;* қырғыз – *таман*

Қол-аяқ мүшелері: *аяқ,білек, қол,тізе, өкше, тобық, бармақтырнақ, қолтық* атаулары талданды.

Ескерткіш тілінде *қол* сөзімен байланысты *«Айа»* сөзі кездеседі. Бұл көнетүркітілінде «алақан» деген мағынада пайдаланылған. Мысалы: Ол қарс-қарс айа йапты. Ол қарс-қарс еткізіп алақанын шапалақтады.

Б.Сағындықұлы:«Қазіргі кезде бұл сөздің мағынасы өзгеріп, біріншіден, алақанның шұқыры, екіншіден, туып-өскен,тәрбие алған орта,үшіншіден, қойнау, баурай, төртіншіден,ауыспалы мағынада бір нәрсе болып жатқан жердің жалпы көрінісі мағыналарын

білдіреді. Бұрын жеке дара қолданылған болса, енді (алақанның аясы) матаса байланысқан сөзтіркесінің екінші сыңарын құрайды» [5, 161].

Айа сөзі қазіргі тілімізде «алақанына салып аялау» деген тұрақты тіркес құрамында сақталған. Тілімізде осы мен сабақтас «аялы алақан»деген тұрақты тіркес жиі қолданылады.

3-кесте. Адамның ішкі ағзалары

Ішкі ағзалар	Мәтіндегі индексі	Қазақша атауы	Түркі тілдеріндегі көрінісі
	ḳalb (қалб)	Жүрек	Өзбек – *йурак;* әзірбайжан – *үрәк;* қырғыз – *жүрөк;* түрік – *калп;* түрікмен – *йурек;* қазақ – *жүрек;* татар – *йөрәк*.
	Bürek (бүйрек)	Бүйрек	өзбек – буйрак; әзірбайжан – бөйрәк; қырғыз – бөйрөк; түрік – бөбрек; түрікмен – бөурек; қазақ –бүйрек; татар – бөер.
	ḳarın (қарын)	Қарын	Өзбек, әзірбайжан –*ошқозон*; қырғыз – *ашказан*; түрік – *миде*; түрікмен – *ашгазан*; қазақ – *қарын;* татар – *ашказан.*
	Boġun (буын)	Буын	әзірбайжан – *ойнақ*; қырғыз – *мууын*; түрік – еклем; түрікмен – *богун;* қазақ, татар – *буын;*

Ескерткіш тілінде қарын сөзімен түбірлес, бірақ мағыналық жағынан туыстық атауды білдіретін «қарындаш(с)» сөзі қолданылған. Қарындас сөзінің бастапқы мағынасы көне түркі сөздігінде жынысына байланыссыз бір қарыннан шыққан, ата-анасы бір деген сөзді білдірген. Алайда қазіргі кезде сөздің мағынасы тарылып, тек өзінен жасы кіші қыз баласына қаратылып қана пайдаланылады.

4-кесте. Адамның кеуде тұсы

Адамның кеуде тұсы	Мәтіндегі индексі	Қазақша атауы	Түркі тілдеріндегі көрінісі
	Kögus (Көгус)	Кеуде	өзбек – *орга*; әзірбайжан – *синә*; қырғыз – *көкүрөк*; түрік – *гөгүс*; түрікмен – *дөш*; қазақ – *кеуде*; татар – *күкрәк*.
	Arḳa (арқа)	Арқа	өзбек – *буйрак*; қырғыз – *артка*; түрік, әзірбайжан – *гери*; түрікмен – *Иза*; қазақ – *арқа*; татар – *кире*.

	Yaġrın (Йагырын)	Жаурын	Өзбек – *йелка*, әзірбайжан – *чийин*; қырғыз – *ийин*; түрік – *омуз*; түрікмен – *егин*; қазақ – *жауырын*; татар – *жилка*.
	Bil (Бил)	Бел	Әзірбайжан, қазақ, өзбек, түрік, татар, қырғыз – *бел;* татар,түрікмен – *бил*;
	İgin(Игин)	Иық (иін)	Өзбек – *йелка*, әзірбайжан – *чийин*; қырғыз – *ийин*; түрік – *омуз*; түрікмен – *егин*; қазақ – *жауырын*; татар – *жилка*

Жазба мұрағаттар лексикасын зерделей қарасақ, қазіргі қыпшақ тобындағы тілдермен, қала берді қазақ тілімен ортақ, тұлғасы да, мағынасы да сай лексикалық параллельдерді оңай анықтаймыз [6, 240]. Аталған қолжазба бойынша кездескен жалпы 28 соматизмді 4 топқа бөліп, олардың қазіргі түркі тілдерімен ұқсастығына назар аударды қ. Зерттеу нәтижесі ескерткіш тілі мен қазіргі түркі тілдерімен шамамен 60-70 пайыз сәйкес келеді. Сөздерде *б-п, с-ш, й-ж* деген сияқты фонетикалық өзгерістер кездеседі, дегенмен сөздерді сөздіксіз түсінуге болады.

Мәмлүктік қыпшақ тілі ауызша қолданылған делінгенімен, табылған жазба ескерткіштер бұл тілдің өнімді жазбаша тіл болғандығын дәлелдейді. Қыпшақ тілі Орта Азия тілдерімен, қыпшақ тілдер тобы тілдерімен генетикалық тұрғыдан жақын деп есептеледі. Мәмлүк қыпшақтары тілін салыстырмалы зерттеу арқылы қазақ тілінің лексикалық бірліктерінің шығу тегін анықтауға, млрфологиялық даму ерекшеліктерін тануға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі

1. Түймебаев Ж., Сағидолда Ғ., Ескеева М. Түркі тілдерінің салыстырмалы-тарихи грамматикасы. – Алматы: «Қазығұрт», 2017. – 324 б.
2. Arat R.R. «Kıpçak», İslam An., C. VI, İst. 1995, s.713-716.
3. Uğurlu M. «Münyetü'l-Güzat.Metin ve İndeks», Ankara 1987, 333 sayı.,Kültür Bakanlığı Yayınları: 676.
4. Eckmann J. «Memlük-Kıpçakçasının Oğuzlaşmasına Dair», Türk Dili Araştırmaları Yıllığı Belleten,1964, s.35-41.
5. Сағындықұлы Б. Таңдамалы туындылар. – Алматы: «Үш қиян» баспасы, 2009. – 504 б.
6. Сабыр М. Көне қыпшақ тілі мен қазақ тілінің фоно-морфо-семантикалық сабақтастығы. – Алматы: «Liber», 2021. – 464 б.

2-СЕКЦИЯ

ҚАЗІРГІ ТІЛ БІЛІМІНІҢ ДАМУ ҮРДІСІ: ТЕОРИЯ ЖӘНЕ ПРАКТИКА

ONOMASTIK BIRIMLERDE DÖNÜŞÜM SÜRECI

Valide Abbasbeyli,
AMEA, Nesimi adına Dilcilik Enstitüsü
Doktora öğrencisi
Azerbaycan/ Bakü
abbaslivalide97@gmail.com

Аңдатпа. Бұл мақалада ономастикалық бірліктердегі конверсия процесі қарастырылады. Конверсия – ономастикалық элементтердің, мысалы, есімдер, жер аттары және арнайы аттардың бір тіл санатынан екінші тіл санатына өтуін білдіреді. Мақалада конверсияның тілдік, мәдени және фонетикалық аспектілері талданады, әсіресе Түркі тілдеріндегі мысалдарға назар аударылады. Сондай-ақ, конверсия арқылы жаңа мағына мен қолдану формаларының қалыптасуы, тілдің эволюциясы және сөздік қордың байытылуы қарастырылады. Зерттеу ономастикалық бірліктердің өзгеру механизмдерін түсіндіре отырып, тілдік талдау мен классификацияға үлес қосуды мақсат етеді.
Тірек сөздер: ономастика, конверсия, атаулар, тіл, мәдениет.
Abstract. This article examines the process of conversion in onomastic units. Conversion refers to the transition of onomastic elements, such as personal names, place names, and proper nouns, from one linguistic category to another. The study analyzes the linguistic, cultural, and phonetic aspects of conversion, with particular attention to examples from Turkic languages. Additionally, the formation of new meanings and usages through conversion, the evolution of language, and enrichment of vocabulary are discussed. The research aims to explain the mechanisms of transformation in onomastic units and contribute to linguistic analysis and classification.
Keywords: onomastics, conversion, names, language, culture etc.

Giriş. Yapılan araştırmalarda, onomastik birimlerin oluşumunda leksik ve semantik yöntemlerin daha önemli bir rol oynadığı belirtilmektedir. Leksik yöntemde kelimeler herhangi bir dilbilgisel araç kullanmadan değişerek özel ad anlamını ifade eder. Semantik yöntemde ise farklı sözcük türlerine ait genel kelimeler isimleşir ve herhangi bir özel ad oluşturur. Dilde bulunan özel adlar, dil bilimcilerin her zaman ilgisini çekmiş ve bu alanda çeşitli görüşler ileri sürülmüştür. Özel adların, onomastik birimlerin oluşumu, değişimi ve gelişiminde apelyatif (genel) leksikanın özel bir rolü vardır. Modern Azerbaycan dilinin belirli bir gelişim aşamasında özel adlar, apelyatif leksika ile karşılıklı etkileşim içinde oluşmuş ve gelişmiştir. Genel olarak, özel adlardan söz edildiğinde, özel isimler kastedilmektedir. Modern Azerbaycan dilinde her iki durum, yani hem genel isimlerden özel isimlerin hem de özel isimlerden genel isimlerin oluşumu açık şekilde gözlemlenmektedir. Onomastik birimlerin türlerinden bazıları, antroponimler, toponimler, hidronimler vb. apelyatif leksikaya dahil olan kelimeler temelinde oluşabilir. Azerbaycan halkı, zamanın farklı sınavlarından ve tarihin çetin yollarından geçerek dilimizi, milliyetimizi, kimliğimizi, manevi değerlerimizi korumuş ve günümüze taşımıştır. Ana dilimiz geçmişimiz, bugünümüz ve geleceğimizdir. Azerbaycan dili, yüzyılların sınavından geçerek atalarımızdan bize miras kalmıştır. Ayrıca Azerbaycan dili, başka bir dilin etkisiyle erimeyen, akıcılığını kaybetmeyen ve yıllar içinde giderek daha da incelen bir dildir. Ana dilimiz kutsal, sevgili, gururlu ve muhteşem bir dildir.

Çağdaş Azerbaycan dilinde bulunan tüm kelimeler ve sabit birleşimler, dilin söz varlığı olarak adlandırılır. Edebi dilin söz varlığı uzun ve çetin bir gelişim süreci geçirmiştir. Bu gelişimde sosyo-politik olayların ve faktörlerin etkisi oldukça büyüktür. Ayrıca, edebi dilin söz varlığını doğru belirleyebilmek için halkımızın tarihini ve geçirdiği gelişim sürecini doğru şekilde ayırmak gerekir.

Edebi dilin söz varlığı, dil oluştuğu günden itibaren gündelik yaşamla bağlantılı olarak oluşmuş ve şekillenmiştir. Bu nedenle ilk dönemlerde söz varlığı yetersizdir. Ancak zamanla söz varlığı hem nitelik hem de nicelik açısından zenginleşmiştir. Dilin söz varlığı, fonetik sistem ve dilbilgisel yapıya göre nispeten daha değişkendir. Edebi dilin söz varlığı hem yeni kelimeler hem de eski kelimeler aracılığıyla değişir. Ancak yeni kelimelerin sayısı eski kelimelerin sayısından çok daha fazladır. Her dilin söz varlığının çok yönlü, geniş ve zengin olması, o dilin zenginliğini gösteren başlıca özelliklerdendir.

Çağdaş Azerbaycan edebi dilinin söz varlığında bilim, eğitim, sanayi, ekonomi, sanat vb. alanlara ait çok sayıda farklı kelime ve ifade bulunmaktadır. Bu nedenlerle Azerbaycan dili, modern zengin diller arasında sayılmaktadır.

Dil söz varlığındaki kelime ve ifadeler herkes tarafından aynı şekilde ve aynı sıklıkta kullanılmaz. Ayrıca bazı kelime ve ifadeler herkes tarafından, bazıları ise yalnızca belli bir grup insan tarafından anlaşılır. Bu nedenle, dilin söz varlığı temel ve ek olmak üzere iki kısımdan oluşur. En gerekli nesne, kavram ve olayları ifade eden, herkes tarafından anlaşılır ve düzenli olarak kullanılan kelimeler söz varlığının temel kısmını oluşturur. Ancak gerekli olmayan nesne, kavram ve olay adlarını ifade eden, herkes tarafından düzenli kullanılmayan kelimeler söz varlığının ek kısmına dahildir.

A. Gurbanov "Çağdaş Azerbaycan Edebi Dili" adlı kitabında dilin söz birimleri hakkında yazmaktadır: *"Dil birimlerden oluşur. Birimsiz herhangi bir dilin varlığını hayal etmek imkânsızdır. Dilin yapısının sadece bir alanında değil, hem fonetik hem dilbilgisel yapısında hem de söz varlığında birçok birim vardır. Bu nedenle tüm fonemler, morfemler, leksemeler, deyimler, cümleler… dil birimleridir."* A. Gurbanov, Azerbaycan dilinin söz varlığını leksik ve frazeolojik birimlere ayırmıştır [4, 204].

Ağamusa Akundov "Dil ve Kültür" adlı kitabında, dilin söz varlığına dahil olan kelimeler hakkında yazmaktadır: *"Kelimeler, anlam kaynağı ve anlam ilişkilerinin niteliğine, toplumsal durum ve görevlerine göre iki büyük gruba ayrılır: genel ve özel kelime grupları."*[1, 155].

B.Halilov "Çağdaş Azerbaycan Dilinin Leksikolojisi" kitabında modern Azerbaycan edebi dilinin leksik sistemini ikiye ayırır. Ayrıca apelyatif ve onomastik leksika hakkında da şunları belirtir: "*Apelyatif kelime, genel bir kelime, genel ad anlamında kullanılır. Bu kelime özel adlarla karşılaştırıldığında kullanılır. Bu nedenle apelyatif leksika, genel kelimeler ve genel adların toplamı olarak anlaşılır. Apelyatif kelimeler nesne, olay, konu vb. hakkında genel anlayışları ifade eder." "Onomastik leksika ise özel kelime, özel ad anlamında kullanılır"* [3, 22]. Apelyatif ve onomastik leksika arasında bazı benzer ve farklı özellikler gözlemlenir. Hem genel kelime hem de genel kelimeden oluşan özel ad, aynı ses kompleksine sahip olması açısından ortak özellik olarak kabul edilebilir. Apelyatif leksikaya dahil olan kelimeler çok anlamlılık, onomimlik, eşanlamlılık gibi özellikler taşır. Bu kelimeler yapısal olarak basit, türemiş veya birleşik olabilir. Ancak özel adlar somut ve anlam açısından net olur. Özel adlar basit ve birleşik olmak üzere iki gruba ayrılır. Apelyatif leksikaya ait kelimeler başka dillere çevrilebilir. Ancak apelyatif leksikadan onomastik leksikaya geçişle oluşan kelimeler başka dillere çevrilmez. Özel adlar farklı dillere translitere edilir. Apelyatif kelime antroponime dönüştükten sonra yazım ve anlam açısından yeni bir anlayış kazanır. Apelyatif leksikaya dahil olan kelimeler hem isim, hem sıfat, hem fiil ve diğer genel kelimelerin işlevlerini karşılar.

Adlandırmanın kendine özgü dilbilgisel ve anlamsal kuralları vardır. Modern Azerbaycan edebi dilinin antroponimleri, çoğunlukla genel kullanılan kelimeler, tarihi olaylarla ilgili kelimeler, coğrafi terimler vb. yollarla oluşur. Türkolog ve dil bilimci M. Çobanov, genel isimlerden antroponim oluşumunu "antroponimleşme olayı" olarak adlandırır. Bazı özel adların temeli genel kullanılan kelimelerden oluşur. Ayrıca Çobanov, "Azerbaycan Antroponimiyasının Temelleri" adlı kitabında şunları belirtir: *"Demek ki, her özel kişi adı genel kullanılan kelimeler temelinde oluştuğu gibi, her genel kelimenin anlamı da onu temel alan antroponimin anlam taşıyıcısına dönüşür. Bu anlam taşıyıcısı olmadan toplum üyelerinin hiçbirinin adını hayal etmek mümkün değildir."* [2, 55].

Antroponimler ayrıca farklı sözcük türlerinin isimleşmesiyle de oluşur. Bu antroponimleri, oluştuğu sözcük türlerine göre aşağıdaki şekilde gruplayabiliriz. İlk olarak genel isimlerden oluşan antroponimlere şu kelimeler örnek gösterilebilir.

A.Gurbanov Azərbaycan dilinin lüğət tərkibini leksik və frazeloji vahidlərə ayırıldığını qeyd edirdi.

Ayaz:

1. Apelyatif leksika – kışın bulutsuz, açık gecelerde kuru soğuk;
2. Onomastik leksika – erkek ismi.

Çöhrə:

1. Apelyatif leksika – yüz, suret, sima;
2. Onomastik leksika – kadın ismi.

Derya:
1. Apelyatif leksika – deniz;
2. Onomastik leksika – kadın ismi.

Lale:
1. Apelyatif leksika – iri yapraklı kırmızı çiçekli bitki;
2. Onomastik leksika – kadın ismi.

Uğur:
1. Apelyatif leksika – şans, saadet;
2. Onomastik leksika – erkek ismi.

Ümit:
1. Apelyatif leksika – bir şeyin olabileceğine inanma, umut, çare;
2. Onomastik leksika – erkek ismi.

Vüsal:
1. Apelyatif leksika – buluşma, kavuşma;
2. Onomastik leksika – erkek ismi.

Yegane:
1. Apelyatif leksika – yalnız, tek, biricik;
2. Onomastik leksika – kadın ismi.

Makaledeki analizler bir kez daha göstermektedir ki, adlandırıcı (apelyativ) sözlüklere ait kelimelerden onomastik sözlüklere geçerek oluşan antroponimler, halkımızın tarihinin incelenmesi ve olayların gün yüzüne çıkarılması açısından büyük önem taşımaktadır. İncelenen dil materyalleri, adlandırıcı sözlüğün semantik yöntemle onomastik sözlüğe dönüşümünün bir anda değil, belirli bir zaman dilimi içinde kademeli olarak gerçekleştiğini ortaya koymaktadır. Semantik yolla oluşan bu kelimeler, dilimizin söz varlığını nicelik açısından değil, nitelik açısından zenginleştirmiştir.

Kaynakça

1. Axundov, A.(1992). Dil və mədəniyyət. Bakı: - Yazıçı. – 192 səh.
2. Çobanov, M,N.(2017). Azərbaycan antroponimiyasının əsasları. Bakı. – 332 səh. s.5
3. Xəlilov, B.(2008). Müasir Azərbaycan dilinin leksikologiyası. Bakı: Nurlan nəşriyyatı. - 442 səh.
4. Qurbanov, A.(2019). Azərbaycan onomalogiyasının əsasları: 2 cilddə. II c. – Bakı. - 432 səh.

КУЛЬТУРОЛОГИЧЕСКИЕ СИНТАКСИЧЕСКИЕ МОДЕЛИ ВЫРАЖЕНИЯ ЖЕНСТВЕННОСТИ И МАТЕРИНСТВА В АЗЕРБАЙДЖАНСКОМ ЯЗЫКЕ

В.Абдуллаева-Набиева,
филол. у. ф. д., доцент,
Институт Языкознания имени Насими
Национальная Академия Наук Азербайджана (НАНА)
Баку, Азербайджан
e-mail: vefa.abdulla@gmail.com

Аннотация. Статья исследует, как образы женственности и материнства выражены в древних азербайджанских письменных памятниках на уровне синтаксических структур. Анализируется, как через параллельные конструкции, последовательности глаголов, метафоры и императивные формы закрепляются культурологические и духовные ценности, такие как ответственность, любовь, преданность и самопожертвование. Синтаксис рассматривается как средство кодирования культурных архетипов и национальной памяти.

Ключевые слова: женственность, материнство, синтаксические модели, культурологический код, архетип, азербайджанский язык, древние тексты

Abstract. The article examines how the images of femininity and motherhood are expressed in ancient Azerbaijani written texts through syntactic structures. It analyzes how parallel constructions, verb sequences, metaphors, and imperative forms encode cultural and spiritual values such as responsibility, love, devotion, and self-sacrifice. Syntax is presented as a medium for encoding cultural archetypes and national memory.

Keywords: femininity, motherhood, syntactic models, cultural code, archetype, Azerbaijani language, ancient texts

В древних азербайджанских письменных памятниках образы женщины и матери отражаются не только на семантическом уровне, но и в синтаксических структурах, закрепленных в стабильных структурах культурного сознания. Эти образы выступают как культурологические конструкции, специально сакрализованные, охраняемые и одновременно требующие самопожертвования, закрепленные на уровне синтаксиса языка. В этом контексте женственность и материнство рассматриваются не только как биологические и семейные институты, но и как символические архетипы национальной памяти и духовной устойчивости, выраженные в структуре предложения.

В древней редакции «Огузнаме» встречается типичный синтаксический шаблон, кодирующий место женщины в семейной и родовой структуре: **«Мать как черная земля – терпелива, как вода – чиста, как луна – светла.»** (1, т. III, с. 56) Хотя это предложение построено на простых именных словосочетаниях, семантическая метафора и параллельная синтаксическая структура идентифицируют образ матери с природой. Данный синтаксический модель – имя + прилагательное + метафора – закрепляет функциональную роль женщины через культурологическую символику.

В эпосе «Эргенекон» образ матери выполняет как биологическую, так и мифико-политическую функцию. Следующая синтаксическая последовательность демонстрирует включение этих функций в структуру: **«Мать родила, народ воспитал, родину сохранила.»** (2, с. 91) Здесь последовательность глаголов «родила – воспитывала – сохраняла» выражает переход женственности от индивидуального акта к национальному событию через синтаксис. Такая последовательность показывает превращение биологического действия в культурологическую ответственность, кодируя женщину как хранительницу будущего народа.

В Коране термин «мать» часто встречается в императивных, утвердительных структурах и моделях с моральным и философским смыслом: **«Не говори матери «фу», не обижай её.»** (3, Сура Исра, аят 23) Здесь императив запрета + повторяющаяся норма поведения функционируют как синтаксическое закрепление этического культурного кода. Синтаксис предложения отражает культурно-философский принцип, закрепленный в языке как закон.

В эпосе «Китаби-Деде Коркуд» образ женщины, особенно матери, представлен как духовная опора воспитанника и социально-психологический символ. Важное предложение: **«Я родила сына, оседлала коня, сказала «выходи в путь», отдала себя жертвой.»** (4, с. 108) Здесь образ женщины проявляется не только через рождение, но и через воспитание, подготовку к борьбе и последующее самопожертвование. Синтаксически последовательность глаголов отражает интеграцию образа матери в систему культурологического героизма. Женщина – не просто мать, но мифический символ родины и пути.

Следует отметить, что в текстах, связанных с образом женщины и матери, часто выражаются семантические компоненты ответственности, любви, преданности и сострадания. Эти компоненты через синтаксическую стабильность передают культурное сознание.

В молитвенных текстах женщина представлена как носитель сакрального начала: **«Если мать молится, гора будет преодолена, сын проложит путь.»** (1, с. 118) Здесь синтаксические связи «молитва – гора – путь – сын» создают грамматические связи между материнством и будущим. Мать молится, сын действует, путь – структура судьбы.

Хотя орхон-енисейские памятники в основном посвящены государственности, героизму и политическим событиям, они также отражают культурологическое выражение женственности и материнства. Образы женщины выступают как хранитель рода, наставник героев и духовная опора.

Например, в надписи Бильге Кагана: **«Моя мать Хатун и мой отец Каган – я создал государство.»** (5, с. 116) Синтаксическая параллель «мать – отец» показывает, что женщина – не только биологическая мать, но и опора политической легитимности и этнической идентичности.

В другом примере: **«Мать и сестры плакали, сыновья ждали путь.»** (8, с. 93) Простое предложение с глаголом «плакали» кодирует культурно-психологическое значение эмоциональной реакции.

Выражения вроде «материна родина» и «мать–отечество» в синтаксисе подчеркивают морально-культурное значение: **«Не забывай свой народ, село, мать.»** (6, с. 84) Здесь императивное предложение и параллельная структура объектов показывают, что мать является символом культурной памяти, духовной привязанности и коллективной идентичности.

При упоминании женщины в генеалогическом контексте синтаксис также отражает культурную функцию: **«Отец Кагана – Илтериш, мать – Элбильге Хатун.»** (7, с. 109) Слово «Хатун» обозначает официальное положение женщины и одновременно её роль в поддержании династии и духовной легитимности.

Таким образом, синтаксические структуры древних текстов передают образ женщины и матери как культурный символ и функциональный архетип. Женщина выступает хранителем рода, моральной опорой и носителем коллективного опыта. Синтаксис отражает не только политические и исторические события, но и гендерно окрашенные культурологические коды.

В заключение, образ женственности и материнства в древних письменных памятниках Азербайджана является не только носителем семантического значения, но и синтаксическим носителем культурной и духовной системы. Синтаксические модели демонстрируют, как культурные коды – сострадание, преданность, самопожертвование, святость – интегрируются в структуру языка. Синтаксис здесь – не просто предложение, а грамматическая символизация национальных ценностей.

Список литературы

1. Тюрк Тарихи Кайнаглары. Т. III. Баку: Эльм, 1998.
2. Эргенекон дастаны. Алтай нусхэси. Санкт-Петербург: Академия нэшрияты, 2004.
3. Куран-и-Карим. Тарджума вэ шэрх. Баку: Тэхсил, 2001.
4. Китаби-Деде Коркуд. Баку: Эльм, 2000.
5. Дуа мэтнлэри антологиясы. Баку: Тэхсил, 2002.
6. Орхон-Енисей абидэлэри. Баку: Эльм, 2003.
7. Кюль Тигин язисы. Орхон-Енисей абидэлэри, Баку: Эльм, 2003.
8. Бильгэ Каган язисы. Орхон-Енисей абидэлэри, Баку: Эльм, 2003.
9. Тонюкюк язисы. Орхон-Енисей абидэлэри, Баку: Эльм, 2003.

ҚАЛА ТІЛІ ЖӘНЕ ҚАЛА ТІЛІ ТӘЖІРИБЕСІ: SCOPUS БАЗАСЫ БОЙЫНША 1957–2025 ЖЫЛДАР АРАЛЫҒЫНДАҒЫ МАҚАЛАЛАРҒА ШОЛУ

Г.Ш. Акимбекова,
филология ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің аға оқытушысы, gul_shardarbek@mail.ru
Б.Е. Кеңес,
PhD candidate, Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының ғылыми қызметкері,
А.Н. Ахмет,
PhD candidate, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің аға оқытушысы, Қазақстан, Алматы

Аннотация. В статье представлен библиографический и содержательный анализ исследований городских языковых практик в базе данных Scopus по ключевым словам «city language», «urban language» и «urban linguistic practices». В выборку вошли 90 научных статей, опубликованных в 1957–2025 годах. В работе рассматриваются только журнальные статьи; технические публикации и работы нелингвистического профиля были исключены из выборки. Анализ временной динамики показывает

постепенный рост интереса к «языку города», который достигает максимума в 2020 году (10 публикаций). Тематический анализ выявляет четыре основные исследовательские области: городская многоязычность и языковые репертуары; лингвистический ландшафт и городское семиотическое пространство; социолингвистика города и социальная стратификация; языковая политика и «язык города» в образовательном контексте. Наиболее цитируемой работой в выборке является статья Эми Оцудзи и Аластэра Пенникука, посвящённая концепции метролингвизма (metrolingualism). В ней городские языковые практики рассматриваются не столько с позиций языка как замкнутой системы, сколько как динамическая практика, в которой устойчивость (fixity) и текучесть (fluidity) взаимно переплетаются. Результаты исследования показывают, как понятие «язык города» формировалось в международном научном дискурсе и с какими теоретическими направлениями связано его развитие, предлагая теоретико-методологический ориентир для изучения городской многоязычности и языковых практик мигрантских сообществ в городах Казахстана.

Ключевые слова: язык города, социолингвистика, база Scopus, библиометрический анализ

Abstract. This article presents a bibliographic and content analysis of research on urban linguistic practices in the Scopus database under the keywords “city language”, “urban language”, and “urban linguistic practices”. The dataset comprises 90 scholarly articles published between 1957 and 2025. Only journal articles were considered; technical publications and works outside the linguistic domain were excluded from the sample. The temporal dynamics show a gradual increase in interest in “city language”, reaching its peak in 2020 with 10 articles published. The thematic analysis reveals that the articles cover four main domains: urban multilingualism and linguistic repertoires; linguistic landscape and urban semiotic space; urban sociolinguistics and social stratification; and language policy and “city language” in educational contexts. The most frequently cited work in the sample is the article by Emi Otsuji and Alastair Pennycook on the concept of metrolingualism. In this article, urban linguistic practices are conceptualised not so much in terms of language as a system, but as a dynamic practice in which fixity and fluidity are intertwined. The findings show how the notion of “city language” has taken shape in international scholarly discourse and which theoretical approaches have shaped its development, providing a theoretical and methodological point of reference for research on urban multilingualism and the linguistic practices of migrant communities in Kazakhstani cities.

Keywords: city language, sociolinguistics, Scopus database, bibliometric analysis.

«Қала тілі» ұғымы әлеуметтік лингвистикада елеулі теориялық эволюциядан өтіп, дәстүрлі диалектологиядан неғұрлым күрделі, пәнаралық теориялық шеңберлерге қарай ығысты.

1. Қазіргі төртөлшемді теориялық шеңбер

Соңғы теориялық еңбектер қала лингвистикасын төрт аналитикалық өлшем төңірегінде ұйымдастырады: вариация, «орын қалыптастыру» (place-making), тілдік регистрдің қалыптасуы (enregisterment) және мобильділік [1]. Бұл шеңбер тілдік формаларды қалалық семиотикамен және құндылықтар жүйелерімен байланыстыратын пәнаралық тәсілдерді ұсынады; ол қала диалектілерін қарапайым сипаттаудан шығып, тілдің қалалық әлеуметтік мәндерді қалай құратынын және қалай бейнелейтінін түсіндіруге бағытталады.

2. Антиэссенциалистік тәсілдер

Маңызды теориялық бетбұрыс ретінде қалалық сөйлеуді «мәні берілген» қауымдастықтарға қатаң байланған тұрақты тілдік варианттар емес, гибридті және реляциялық құбылыс ретінде қарастыру ұсынылады [2]. Бұл көзқарас код араластыруға, ағымдағы/құбылмалы тілдік репертуарларға және шекаралары қатаң белгіленген тілдік қауымдастық модельдерінен бас тартуға назар аударуды ынталандырады. Beyer (2014) Оңтүстік Африкадағы қала тіліне қатысты зерттеулерде осы антиэссенциалистік ұстанымды айрықша атап көрсетіп, көптілді қалалық контекстілердің күрделілігін ескеретін интегративті тәсілдерді қолдануға шақырады [2].

3. Қаланы аналитикалық линза ретінде қарастыру

Calvet (2006) қаланы аналитикалық бірлік ретінде пайдаланудың теориялық салдарын сыни тұрғыдан талдап, «қала/ауыл» қатаң дихотомиясын күмән астына алады және зерттеушілерді көптілділік пен әлеуметтік мәнге қатысты кең ауқымды әлеуметтік лингвистикалық сұрақтарды зерделеуде қала контекстілерін «сынама алаң» ретінде қолдануға үндейді [3]. Бұл тәсіл қала тілін жай ғана демографиялық санат емес, әлеуметтік, кеңістік және тіл үдерістерінің күрделі жиынтығы ретінде қарастырады.

4. Салыстырмалы үйлестіру

Алғашқы теориялық шеңберлер, әсіресе еуропалық зерттеулерде, терминологиялық бірізділікті қамтамасыз ету және қалалар арасындағы салыстыруға мүмкіндік беру үшін үйлестірілген еларалық жобалардың қажеттілігін атап өткен [4]. Kallmeyer (1987) Еуропадағы Stadtsprache (қала тілі) бойынша зерттеулердің қалыптасуын құжаттап, жүйелі салыстырмалы қалалық зерттеулерді дамытуға шақырды [4].

Қалалардың қарқынды урбанизациясы, миграциялық ағымдар мен әлеуметтік стратификация үдерістері тілдік әртүрлілікті ерекше айқын көрсететін кеңістіктерді қалыптастырып отыр. Соңғы онжылдықтарда қаланы тек әлеуметтік, экономикалық немесе мәдени нысан ретінде ғана емес, тілдік үдеріс пен тәжірибе кеңістігі ретінде қарастыратын қала әлеуметтік лингвистика бағыты қалыптасты. Бұл бағытта қала «тілдік тәжірибелер тоғысатын және қайта жасалатын» орта ретінде сипатталып, тілдік өзгерістер қоғамдық нормалармен, күнделікті практикалармен, әлеуметтік желілермен және билік қатынастарымен тығыз байланыста зерттеледі [5] .

Осы аяда «city language», «urban language», «urban linguistic practices» сияқты тіркестер кең қолданысқа түсіп, қалалық кеңістіктегі тілдік құбылыстарды атаудың әртүрлі тәсілдерін білдіреді. Бірқатар жұмыстарда бұл ұғымдар *«urban»* көптілділікті, лингвистикалық ландшафтты, жастардың көпэтностық сөйлеу нышандарын немесе мигранттық қауымдастықтардың тілдік репертуарларын сипаттау үшін қолданылады. Басқа зерттеулерде олар әлеуметтік топтардың (жастар, мигранттар, жұмысшы табы, қалалық маргинал топтар) тілдік тәжірибелері мен тілдік идеологияларын талдаудың аналитикалық категориясына айналды.

Қалалық тілдік тәжірибелерді түсіндірудегі маңызды теориялық бұрылыс «метролингвизм» (metrolingualism) ұғымымен байланысты. Emi Otsuji мен Alastair Pennycook ұсынған бұл тұжырымдама тілдерді, этникалық және ұлттық бірегейліктерді тұрақты, бір-біріне сәйкес келетін жүйелер ретінде емес, қалалық кеңістікте үздіксіз қайта құралатын, тұрақтылық (fixity) пен құбылмалылық (fluidity) қатар жүретін тілдік тәжірибелер ретінде сипаттайды [6].

Алайда «city language», «urban language», «urban linguistic practices» сияқты тіркестердің Scopus деректер қорында нақты кілт сөздер ретінде қалай және қай контексттерде қолданылатыны, олардың уақыт бойынша динамикасы мен басты теориялық бағыттары жүйелі түрде берілмеген.

Осыған байланысты бұл зерттеудің мақсаты – Scopus базасында «city language», «urban language» және «urban linguistic practices» кілт сөздері бойынша индекстелген ғылыми мақалаларға библиографиялық талдау жүргізу арқылы қала тіліне қатысты зерттеулердің уақыттық динамикасын, теориялық бағыттарын сипаттау.

Зерттеу келесі сұрақтарға жауап іздейді:

1. 1957–2025 жылдар аралығында аталған кілт сөздер бойынша Scopus-та жарияланған мақалалардың уақыттық динамикасы қандай, қай жылдар ең өнімді кезең болды?
2. Бұл мақалалар қандай негізгі тақырыптық және теориялық бағыттарды қамтиды?
3. Қандай жұмыстар ең ықпалды (сілтеме саны бойынша) және олар «қала тілі» ұғымын қалай түсіндіреді?

Зерттеу дереккөзі ретінде Scopus деректер қоры таңдалды, себебі ол лингвистика, әлеуметтік ғылымдар және білім беру салаларындағы халықаралық рецензияланатын журналдарды кеңінен қамтитын ең ірі библиографиялық базалардың бірі.

Іздеу Scopus-тың кеңейтілген іздеу терезесінде келесі сұрау арқылы жүргізілді: TITLE-ABS-KEY("city language" OR "urban language" OR "urban linguistic practices") (Дерек көзге сілтемесі:
https://www.scopus.com/results/results.uri?st1=%22city+language%22&st2=&s=TITLE-ABS-KEY%28%22city+language%22+OR+%22urban+language%22+OR+%22urban+linguistic+practices%22%29&limit=10&origin=resultslist&sort=plf-

f&src=s&sot=b&sdt=cl&sessionSearchId=99da4a80bc475dade0f724ed420902eb&cluster=scosubtype%2C%22ar%22%2Ct).

Яғни «city language», «urban language», «urban linguistic practices» тіркестері мақала тақырыбында, аңдатпасында немесе кілт сөздерінде кездесетін жазбалар ғана іріктеуге енді.

Іріктемеге тек ғылыми мақалалар алынды. Сонымен қатар бұл мақалалардың жариялану мерзімі 1957 жылдан бастап 2025 жылдар аралығын қамтиды. Мақалада «қала тілі», қалалық тілдік тәжірибелер, қала көптілділігі, лингвистикалық ландшафт, қалалық жастар сөйлеуі, мигранттық қауымдастықтардың тілдік репертуарлары сияқты мәселелер қарастырылады. Іріктемеге N = 90 ғылыми мақала алынды.

Іріктемедегі ең ерте жарияланым – 1957 жылы шыққан, Нью-Йорк қаласындағы 1956 жылғы тілдік силлабусқа арналған мақала; ол қаладағы шет тілдерін оқытуды реттеудің институционалдық қырын талдайды. Бұл еңбек «city language» ұғымын нормативтік-оқу жоспары контексінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Іріктемеде 2020 жыл ең өнімді жыл болып шықты: дәл осы жылы қала тілі мен қалалық тілдік практикаларға арналған 10 мақала жарияланған. Бұл кезең әлемдік қала көптілділігін, миграциялық процестерін және тілдік ландшафтын зерттеудің қарқынды дамыған уақытымен сәйкес келеді (Сурет 1).



Сурет 1. Жылдар бойынша ең көп жарияланым саны

Осы 10 мақаланың ішіндегі ең көп сілтеме жасалған мақала – Дж. Чеширдің «Ұзақ көзқарас: көп мәдениетті Лондондағы ағылшын тілін және көп мәдениетті Париждегі француз тілін түсіндіру» (Cheshire J. Taking the longer view: Explaining Multicultural London English and Multicultural Paris French). Cheshire (2019) мақаласы қала әлеуметтік лингвистикасында тілдік өзгерісті түсіндіру үшін «longer view» – тарихи-саяси және институционал контексті ескеретін кең перспективаның маңызын дәлелдейді. Автор Лондондағы Multicultural London English (MLE) пен Париж маңындағы жастардың сөйлеуін салыстырады. Ол неге Лондонда әртүрлі этнос жастары бірге қолданатын ортақ жаңа сөйлеу түрі (multiethnolect) қалыптасқанын, ал Парижде сондай тұрақты “көпмәдениетті париждік француз тілі” пайда болмағанын түсіндіруге тырысады. Эмпирикалық материал Лондондағы Хакни ауданының жастары және Париж маңындағы банльё аудандарының жастарының сондай-ақ әр қаладағы қарт жергілікті сөйлеушілер корпустарына негізделген. Бұл микро деңгейдегі фонологиялық, грамматикалық және дискурстық инновацияларды макро деңгейдегі факторлармен ұштастыра талдауға мүмкіндік береді. Cheshire көп этнос тілінің пайда болуы төрт шарттың тоғысуына

байланысты деген қорытындыға келеді: қала кеңістігінде қабылдаушы тілдің сан алуан L1-лармен «басылуы», жаңадан келгендер үшін топтық, бақылаусыз L2 меңгеруінің (mainstream сыныптардағы peer interaction) басымдығы, қала мен ауданға негізделген позитивті place-identity-дің қалыптасуы және этникалық тұрғыдан аралас, тығыз жастар желілерінің (multiethnic friendship networks) болуы. Лондон жағдайында осы шарттар үйлесіп, MLE-ні барлық этностарға ортақ базалық вернакуляр ретінде орнықтырса, Парижде республикалық ассимиляция идеологиясы, орталықтанған білім беру жүйесі және этникалық жағынан бөлінген желілер ортақ көп этнос тілінің қалыптасуын тежейді. Осылайша, мақала «қала тілін» тек жастар сленгі емес, ұлттық идеология, миграциялық саясат және мектеп практикалары ықпалымен қалыптасатын кешенді әлеуметтік феномен ретінде қарастыру қажеттігін айқын көрсетеді [7].


Жалпы 1957 жылдан бастап 2025 жылға дейінгі мақалалардың ішіндегі ең көп сілтеме алған, қала тіліне қатысты ең танымал мақала – Emi Otsuji & Alastair Pennycook (2010) еңбегі: *Metrolingualism: fixity, fluidity and language in flux* (*International Journal of Multilingualism* [8]. Бұл мақалада авторлар metroethnicity (метроэтникалылық) ұғымын дамыта отырып, metrolingualism тұжырымдамасын ұсынады. Метролингвизм – мәдениет, тарих және саясат шекараларынан асып түсетін, қалалық кеңістікте жүзеге асатын шығармашылық тілдік практикаларды атау үшін қолданылатын ұғым. Авторлар тіл мен этникалық, ұлттық, аумақтық бірегейлік арасындағы «бір-біріне сәйкес келу» туралы дәстүрлі идеологияны сынға алып, тілді жүйе ретінде емес, жергілікті өзара әрекеттесу контекстінен туындайтын тәжірибе ретінде қарастырады.

Эмпириялық база Сидней қаласындағы қостілді жұмыс орындарынан алынған (әңгімелердің көпсағаттық жазбалары, сұхбаттар, бірнеше түрлі жұмыс орнының деректері). Талдау барысында авторлар қатысушылардың ағылшын–жапон аралас кодын, сондай-ақ этникалық және тілдік бірегейліктерді кейде бекінген, кейде ағымды түрде іске қосып отыратынын көрсетеді. Fixity (тұрақтылық) – институционалданған, категорияланған, «қатып қалған» бірегейлік қыры, ал fluidity (өзгермелілік) – контекстке тәуелді, қозғалыстағы, өзгермелі қыры ретінде сипатталады; олар дихотомия емес, бір-бірін өзара қалыптастыратын үдерістер.

Осылайша Otsuji & Pennycook (2010) еңбегі «қала тілі» мен urban linguistic practices тақырыбындағы кейінгі мақалалар үшін негізгі теориялық тірекке айналып, көптеген авторлар метролингвизм, супердиверсити, транслингуал сияқты ұғымдарды осы жұмысқа сүйене отырып дамытады.

Берілген деректерге сүйенсек, қарастырылған үлгіде ең көп жарияланым Германияға (13 мақала) және АҚШ-қа (11 мақала) тиесілі, яғни «city language»/«urban linguistic practices» тақырыбындағы зерттеулер алдымен Батыс Еуропа мен Солтүстік Америкадағы ғылыми орталықтарда шоғырланғанын көреміз. Үлкен үлеске ие үшінші позицияны «Undefined» санаты иеленеді (9 мақала), бұл авторлардың аффиляциясы толық көрсетілмеуімен немесе Scopus-тағы метадеректердің біркелкі толтырылмауымен байланысты болуы мүмкін; демек, нақты елдер бойынша таралуды бағалағанда бұл техникамәліметтік шектеу ескерілуі қажет.

Ал «Глобалдық Оңтүстікті» және постколониялық кеңістікті сипаттайтын ОАР (6 мақала), Қытай, Австрия және Ұлыбритания (әрқайсысы 5 мақаладан), сондай-ақ Ресей Федерациясы (4 мақала) мен Канада, Гонконг, Малайзия, Польша және Түркия (3 мақаладан) бұл тақырыпқа айтарлықтай тұрақты қызығушылық танытып отырғанын көрсетеді. Африка (ОАР), Азия (Қытай, Малайзия, Гонконг, Түркия) және Шығыс Еуропа/Орталық-Шығыс Еуропа (Польша, Ресей) елдерінің болуы қала тілін, көптілді урбан кеңістігін және тілдік саясаттың қалалық практикаларға әсерін зерттеу тек «Батыс» академиясының монополиясы емес екенін, бұл бағыттың географиясы біртіндеп кеңейіп келе жатқанын аңғартады (Сурет 2).



Сурет 2. Елдер бойынша қала тіліне қатысты мақалалар жариялану көрсеткіші

Жалпы алғанда, елдер бойынша мұндай таралу бірнеше маңызды тұжырым жасауға мүмкіндік береді: (1) қала тіліне қатысты теориялық-методологиялық дискурстың ядросы Германия, АҚШ, Ұлыбритания, Австрия сияқты ғылыми дәстүрі қалыптасқан орталықтарда шоғырланған; (2) сонымен қатар қала әлеуметтік лингвистикасы үшін маңызды, жоғары көптілділік және күрделі тілдік саясатпен сипатталатын Оңтүстік Африка, Қытай, Түркия, Малайзия сынды елдер де белсенді қатысуда; (3) «Undefined» санаты деректер базасындағы метадеректердің толық болмауы нәтижелерді талдау кезінде қосымша сақтықты талап ететінін көрсетеді. Бұл қорытындылар кейінгі бөлімде авторлық корпусқа (барлық мақалалар санына, негізгі журналдарға, әр елдегі үздік ұйымдарға) қатысты кеңірек библиометрикалық талдаумен нақтылауға болады.

Мақалалардың жариялану бағытын шамамен 52,6 %-ы әлеуметтік ғылымдар, 39,5 %-ы өнер және гуманитарлық ғылымдар, ал инженерия (4,6 %) мен компьютерлік ғылымдар (3,3 %) құрайды. Бұл үлестірім зерттеулердің негізгі бөлігі әлеуметтік-гуманитарлық бағытта шоғырланғанын, яғни жұмыстың басым фокусы қоғам, мәдениет, тіл, білім беру, әлеуметтік процестер сияқты тақырыптарға бағытталғанын көрсетеді. Техникалық және цифрлық салалар (инженерия, компьютерлік ғылымдар) маргиналды үлеске ие, демек, зерттеліп отырған проблематикада техникалық-цифрлық қыры жанама немесе қосымша деңгейде ғана қарастырылған, ал басты ғылыми дискурс – әлеуметтік-гуманитарлық парадигма аясында қалыптасқан деп тұжырымдауға болады.

Независимо от формы и сферы применения, речевые стили подчиняются нормам литературного языка.

Речевые стили традиционно подразделяются на пять основных типов:

1. Разговорный стиль.
2. Официально-деловой стиль.
3. Научный стиль.
4. Публицистический стиль.
5. Художественный стиль.

В данной статье рассматриваются особенности разговорного стиля. Разговорный стиль – это устная форма общения, обеспечивающая взаимодействие людей в повседневной деятельности [9:2]. В этом стиле свободно используются элементы диалектов, слова и выражения из пассивного словаря, а также фонетические, лексические, морфологические и синтаксические явления, не соответствующие нормам литературного языка.

Разговорный стиль характеризуется специфическими признаками, которые отличают его в фонетическом, лексико-фразеологическом, морфологическом и синтаксическом отношениях.

Фонетические особенности: перестановка звуков (*yog‘mir* вместо *yomg‘ir*), выпадение звуков (*tasha – tashla*, *ke – kel*), добавление звуков (*chechmoq – yechmoq*, *yilon – ilon*), замена звук ов (*minan – bilan*, *sammi – senmi*), изменение основы и аффиксов (*opke – olib kel*, *qo‘yvor – qo‘yib yubor*).

Лексико-фразеологические особенности: наряду собщеупотребительной бытовой лексикой (ош, хлеб, соль, земля, небо, солнце, ребёнок, женщина, товарищ, глаза, руки и т.д.) активно используются стилистически окрашенные слова: *jujuq*, *churvaqa*, *zormanda*, *shalparpishiq*, *xomkalla*, *akillamoq*, *bobillamoq*, *to‘ng‘illamoq*, *xo‘mraymoq*, *isqoti* и др.

Ещё одной особенностью разговорного стиля является использование сокращений и переносных значений: *kilo* (килограмм), *foto* (фотография), *metro* (метрополитен), *avtomat* (автоматический телефон), *tushlik* (обед), *futbolga bormoq* (идти смотреть футбольный матч), *ovqatga o‘tiring* (садитесь кушать), *paxtani bajardik* (выполнили план по хлопку). Слова типа *iskovich*, *tosh* (о человеке), *chayon* (обидчивый или язвительный человек), *beliga teptmoq* (мешать), *loyini chiqarmoq* (разглашать секрет, усложнять дело) также характерны для разговорной речи.

Некоторые устаревшие слова, такие как *patta*, *chipta*, *chek*, *pattachi*, *porim*, *shayton arava*, *miri* (монета), также относятся к лексике разговорного стиля.

Морфологические особенности: уменьшительно-ласкательные формы, интенсивные формы прилагательных, а также аффиксоиды. Для разговорного стиля типично «искажённое» употребление некоторых глагольных форм: *boruvdi* (вместо *borib edi*), *boringizlar*, *kelingizlar* и др.

Разговорный стиль преимущественно диалогичен, поэтому в нём активно используются жесты, пояснительные элементы, словесные и фразовые повторы, а также движения рук, головы и тела как дополнительные средства выражения мысли.

Диалогическая природа разговорной речи обусловливает частое употребление неполных предложений. Кроме того, в разговорном стиле широко встречаются инверсия, простые предложения, включённые в авторскую речь, и конструкции типа «u aytdiki…» («он сказал, что…»).

Приведённые выше рассуждения свидетельствуют о том, что речевые стили формируются как важная и неотъемлемая часть языковой системы и развиваются в тесной связи с социально-культурным прогрессом общества. В частности, разговорный стиль выделяется как активно используемая в повседневном общении, свободная, естественная и диалогическая форма речи. Его фонетические, лексико-фразеологические, морфологические и синтаксические особенности существенно отличаются от других функциональных стилей языка, что и определяет его своеобразие.

В разговорной речи широкое использование диалектных элементов, пассивной лексики, экспрессивно окрашенных слов, сокращений и переносных значений лексем способствует обогащению её содержания и структуры. Специфическое употребление морфологических форм, наличие неполных предложений, инверсии, а также вспомогательных выразительных средств, таких как жесты и движения тела, придающие высказыванию дополнительную экспрессивность, ещё более укрепляют роль разговорного стиля в процессе коммуникации.

Кроме того, каждый речевой стиль формируется на основе материала общенародного языка и характеризуется отбором языковых единиц и их употреблением в соответствии с коммуникативной задачей. Глубокое изучение разговорного стиля способствует раскрытию реального состояния языка, анализу лексико-семантических процессов и дальнейшему совершенствованию норм литературного языка. Поэтому лингвистический анализ данного стиля имеет не только теоретическое, но и практическое значение.

Список литературы

1. Alimuhamedov A. Antik adabiyot tarixi. - Toshkent: O‘qituvchi, 1969, B.199.
2.O‘rinboev B. So‘zlashuv nutqi. - Toshkent: Fan nashriyoti, 1979.B.9.
3.Boboxonova D. Ofitsialno-delovoy stil uzbekskogo literaturnogo yazыka, AKD, - Toshkent, 1987, B.5.
4.Mukarramov M. Hozirgi o‘zbek adabiy tilining ilmiy stili. –Toshkent: Fan nashriyoti, 1984, B.4.
6.Abdusaidov A. Gazeta janrining til xususiyatlari. DDA, -Toshkent, 2005, B.11.

«БУДАН» ТЕРМИНІ: МАҒЫНАСЫ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫЛУЫ

А.Н. Ахмет,
PhD, Т.Айбергенов атындағы
№16 орта мектебінің мұғалімі,
Қазақстан, Астана.
akjibekkz@gmail.com

Аннотация. В статье всесторонне анализируются значение, происхождение и современная сфера употребления термина «будан». Сравнительно рассматриваются семантические, структурные и функциональные особенности терминов «будан» и «гибрид» в казахском языке, а также поднимаются вопросы единообразия в отраслевой терминологии. В работе освещаются научно-методологические основы использования термина «будан», его место в системе отраслевых терминов и проблемы стандартизации терминологической лексики.

Ключевые слова: будан, гибрид, гибридизация, терминология, внутренняя терминологизация, отраслевые термины, казахский язык, терминообразование.

Abstract. This article provides a comprehensive analysis of the meaning, origin, and current applications of the term “budan” (hybrid). The semantic, structural, and functional features of the Kazakh terms “budan” and “gibrid” are examined comparatively, with particular attention to issues of consistency in sector-specific terminology. The paper highlights the scientific and methodological foundations of the term “budan,” its role within specialized terminological systems, and challenges related to the standardization of terminology.

Keywords: budan, hybrid, hybridization, terminology, internal terminologization, sectoral terms, Kazakh language, term formation.


XXI ғасырда «будан» термині биология саласынан шығып, адам өмірінің әртүрлі саласына, соның ішінде технологияға да кеңінен еніп, қоғамда кең қолданылатын негізгі ұғымдардың біріне айналды. «Будан» ұғымының астарында «қосынды», «аралас», «жарты» сынды мағыналар бар. Ғылымның қандай саласында қолданылса да, «будан» өзінің негізгі мағынасынан айнымайды, бұл терминнің әмбебап сипат алғанын байқатады. Ғылым мен техниканың дамуы, жаһандану үдерістері және мәдени алмасулар контекстінде «будан» ұғымы айрықша өзектілікке ие болып отыр. Бүгінгі таңда «гибрид», «гибридтілік», «гибридизация», «будан», «будандастыру» сияқты терминдер ғылымның түрлі салаларында кеңінен қолданылып, зерттеушілердің назарын аударып келеді [1]. «Будандастыру» құбылысы өзінің бастауын биология саласынан алады және уақыт өте келе басқа ғылым салаларына да еніп, кеңейе түсті. Тіл біліміндегі «будан» ұғымының да негізінде биология термині жатыр.

Қазіргі қазақ тілінде салалық терминологияда «будан» және «гибрид» терминдерінің қатар қолданылып жүргені байқалады. Біз өз зерттеуімізде «гибрид» терминінің орнына «будан» терминін қолдану орынды деген тоқтамға келдік. Себебі қазақ тіліндегі «будан» сөзі «гибрид» ұғымының негізгі белгілерін қамтиды. Ғылыми терминологияның бірізді әрі жүйелі болуы маңызды. Сол себепті барлық ғылым салаларында «будан» терминін орнықтыру қажет деп есептейміз. Терминдердің жарыспалы сипаты зерттеушілер мен ізденушілер үшін түсінбеушілік пен қолайсыздық туындатуы мүмкін. Сондықтан «hybrid»/«гибрид» ұғымының қазақ тіліндегі баламасы ретінде «будан» терминін қолдану орынды деп санаймыз. Зерттеу жұмысымыздың шеңберінде қазақ тіліндегі будан терминдердің теориялық-әдістемелік негізін пысықтау мақсатында, алдымен, «будан» ұғымын негіздеп, оның басқа ғылым салаларындағы қолданысын салыстырмалы талдау арқылы зерттеуді жөн көрдік. «Будан» термині грек тілінен аударғанда «қоспа» деген мағынаны білдіреді, яғни екі немесе одан да көп объектіні өз бойына жинаған құбылыс немесе объект [2, 81]. «Будан» термині қазіргі таңда көптеген ғылым салаларында қолданылатын көп мағыналы және әмбебап ұғымға айналды. Оның қолданысы, трансформациясы және түсінігі қазіргі ғылыми зерттеулерде ерекше маңызға ие.

1-кесте. «Будан» терминінің анықтамасы

Будан	**Гибрид**
зат. 1. Әртүрлі тұқымды біріне-бірін телуден шыққан жаңа тұқым. 2. б и о л. <лат. hibrida> Генотипінде айырмашылығы бар екі ағзаны будандастырудан (шағылыстырудан) алынған жаңа ағза (ҚӘТС, 3-т.).	зат есім. биол. будан (жан-жануарлардың, я өсімдіктің тұқымын асылдандыру мақсатында будандастыру арқылы алынған тұқым) (ҚӘТС, 4-т.).
әртүрлі тұқымды біріне-бірін телуден шыққан жаңа тұқым (түр не сорт); дүбәра (ҚДМЭС).	[лат. Hibrida – будан] будандастыру нәтижесінде алынған ағза; будандастыру салдарынан пайда болған тұқым; әр түрге жататын өсімдіктерді будандастырудан алынған «ұрпақ» (ҚТКСС, 123 б.).

Жоғарыдағы кестеде берілген анықтамалардан «будан» және «гибрид» терминдерінің бірдей түсініктемеге ие екендігі байқалады. Яғни бұл екі термин – бір ұғымның атауы. «Гибрид» термині халықаралық терминологияда қолданылатын, көпшілікке түсінікті термин болса, бұл терминнің қазақ тіліндегі баламасы – «будан». Жоғарыдағы анықтамаларға сәйкес «буданның» генотиптерінде айырмашылығы болатындығы, әртүрлі тұқым, ағзалардың будандастырудан пайда болған жаңа өнім екендігі белгілі. Демек будан – әртүрлі типті араластыру процесінің нәтижесі. Сонда «будан» будандастыру үдерісінің өнімі болып отыр. Ал будандастыру термині сол нәтижеге жету кезінде болатын үдерісті білдіреді. Оны біз төмендегі 1-суретте берілген анықтамалардан көре аламыз.



1-сызба. «Будандастыру» терминінің түсіндірмесі

Салалық терминологияға назар аударсақ, информатика және есептеуіш техника; көлік және қатынас жолдары; статистика, стандарттау және зияткерлік меншік; биология; ауыл шаруашылығы; экология; геология, геодезия және география; тамақ өнеркәсібі және тұрмыстық қызмет; педагогика және психология; мәдениет және өнер; әдебиет және лингвистика салаларының терминологиялық жүйесінде будан түбірі бар орыс тіліндегі терминдердің барлығы дерлік «будан» терминімен баламаланып берілген.

Қазақ тіліндегі салалық терминологияда «будан» және «гибрид» түбірлерінің қолданылу үлесі арасындағы айырмашылықтар айқын көрінеді. Зерттеу аясында салалық терминологиядан «будан», «гибрид» сөздерімен келетін терминдерге сараптама жүргіздік. Жүргізілген зерттеу нәтижелері бойынша, «будан» түбіріне негізделген терминдердің үлесі – 71% (127 терминнің ішінде). Ал «гибрид» түбірімен қолданатын терминдер – 29% (52 термин). Бұдан біз қазақ тіліндегі ғылыми және техникалық терминологияда «будан» түбірі кеңінен қолданылып, басымдыққа ие екендігін байқай аламыз. Бұл әсіресе ұлттық терминологияны дамыту мен біріздендіру тұрғысынан маңызды. Сондықтан қазақ тіліндегі терминологияда «будан» сөзінің қолданылу ауқымын одан әрі кеңейту орынды деп санаймыз.

Республикалық терминология комиссиясы – экономиканың, ғылымның, техниканың және мәдениеттің барлық салалары бойынша қазақ тілінің терминологиялық лексикасы саласындағы ұсыныстарды әзірлейтін уәкілетті органның жанындағы консультативтік-кеңесші орган [3] бекіткен терминдер қатарында *гибрид, гибридтену* және *будан, будандастыру* терминдері жарыспалы сипатта кездеседі. Будан/гибрид сөздерімен жалпы 16 термин жасалған. Соның «будан» түбірімен келген терминдердің үлесі 81% (13 термин). Ал «гибрид» түбірімен келген терминдер 19% (3 термин) құрайды. Анығырақ айтсақ, 2006 жылы

химия саласында орыс тіліндегі «гибридизация» термині қазақ тілінде «будандастыру» терминімен бекітілсе, 2023 жылы қазақ тілінде «гибридтену» термині қайта бекітілген. 2017 жылға дейінгі бекітілген терминдерде «гибрид» түбірі түгелімен «будан» деп аударылып келгенін байқаймыз. Кейін «будан», «гибрид» атауларын қатар қолданғандығын аңғаруға болады.

Төмендегі 2-кестеде «Termincom.kz» сайтындағы «гибрид», «будан» негізді бекітілген терминдердің тізбесі көрсетілген [5].

2-кесте. Гибрид/будан негізімен бекітілген терминдер тізбесі

Қазақша атауы	**Орысша атауы**	**Категория**
гибридтену (хим.)	гибридизация (хим.)	2023 жылы бекітілген термин
гибрид соғыс	гибридная война	2022 жылы бекітілген термин
будан тәлімбағы	гибридный питомник	2022 жылы бекітілген термин
будан тұқым	гибридные семена	2022 жылы бекітілген термин
гибридті желі	гибридная сеть	2019 жылы бекітілген термин
будан	гибрид	2017 жылы бекітілген термин
будан тәсіл	гибридный подход	2016 жылы бекітілген термин
автомобиль буданы (көлік және қатынас жолдары)	гибрид автомобильный	2015 жылы бекітіген термин
будан (аралас) компьютер (индустрия)	гибридный (комбинированный) компьютер	2015 жылы бекітілген термин
будандастыру (хим)	гибридизация	2006 жылы бекітілген термин
будан тілдер (лингв.)	гибридные языки	1971-1981 жж. бекітілген термин
вегетативтік будандастыру (ауыл шаруаш.)	вегетативная гибридизация	1971-1981 жж. бекітілген термин
автомобиль буданы	гибрид автомобильный	Терминдер 2012-2015
будан	гибридный (комбинированный) компьютер	Терминдер 2012-2015
будандастыру	гибридизация	Бекітілген терминдер жинағы
будан тілдер	гибридные языки	Бекітілген терминдер жинағы
вегетативтік будандастыру	вегетативная гибридизация	Бекітілген терминдер жинағы

Жоғарыдағы кестеден байқағанымыздай, «гибрид» терминінің қазақ тіліндегі баламасы «будан» болғанымен, салалық терминологияда «будан» термині бірізді қолданыла бермейді. XX ғасырдың басында ұлт зиялыларының термин қалыптастырудағы ұстанымдарын тұғыр етіп, ұлт терминологиясын ана тілі негізінде қалыптастыруға бет бұрудың маңызы зор. Сондықтан «гибрид» терминінің көптеген арнаулы салаларда кеңінен қолданылып жүрген ұлт тіліндегі «будан» баламасына тоқталу қажет деп ойлаймыз.

Ғылымның бір саласына тән терминінің өзге ғылым саласына алмасуы – терминологияда болып тұратын құбылыс. Ол *ішкі терминдену* деп аталады [5, 29]. Ішкі терминдену үдерісінде терминологиялық жүйенің өз ішінде белгілі бір терминологиялық өрістен ұғым атауы алынады. Мысалы, *өріс* термині физикада, психологияда және тіл білімінде қолданылады, ал *байымдау* – философия мен тіл білімінде кездеседі. Сондай-ақ, *донор* химия мен медицинада, *субъект* философияда, логикада және заң ғылымында термин ретінде қолданылады. Осындай салааралық омонимдердің қалыптасуы, көбінесе, жалпы қолданыстағы сөздердің терминге айналуына ұқсас, ғылыми ұғымдардың өзара байланысы мен ұқсастығына негізделеді. [5, 30]. Ішкі терминденуге мысал келтіріп көрейік.

3-кесте. Ішкі терминдену үдерісінің кестесі

Термин	**Бастапқы саласы**	**Бастапқы мағынасы**	**Кейінгі қолданылуы**
Синергия	Физиология	Бұлшық еттердің шынығуы арқылы күштің артуы (ФТТС, 130).	– Бизнесте: компаниялар немесе бөлімшелердің бірігіп жұмыс істеуінен нәтиженің жақсаруы (Экономикс, 825); – Әлеуметтану саласында: қоғам топтарының өзара әрекеттесуі арқылы әлеуметтік әсерлердің артуы [6, 132].
Резонанс	Физика	Бір жүйенің тербелісінің басқа жүйеге әсер етіп, оның тербелісін күшейту (ҚТКСС, 424).	– Әлеуметтану саласында: қоғамдық пікірдің немесе идеологиялық ұғымдардың кең таралуы және қолдау табуы [7, 53]; – Музыка саласында: музыкалық аспаптардың белгілі бір жиіліктегі дыбысты күшейту қабілеті [ММӨТ, 188].
Өріс	Физика	Еркіндік дәрежесі шексіз көп физикалық жүйе; материяның негізгі түрі (ҚӘТС, 15-т.).	– Математика: кеңістіктегі мәндердің әрбір нүктеге сәйкес келетін функциялар жиыны [8, 103]; – Информатика: дерекқордағы мәліметтердің бір бөлігі [9, 469]; –Лингвистика: мағына ортақтығына негізделген, білдіретін құбылыстарының ұғымдық, заттық және қызметтік ұқсастығы бар тіл бірліктерінің жиынтығы (ҚӘТС, 5-т.).

Жоғарыдағы кестеден байқағанымыздай, қазақ тілінде ішкі терминдену үдерісі белсенді жүріп отырады. Сол сияқты «будан» термині де биологиядан лингвистикаға ауысып, мазмұндық, функциялық, құрылымдық ұқсастықтары бар ұғымды бейнелеу үшін қолданылады.

Қазақ тіліндегі ғылыми және кәсіби қатынастарда «будан» терминін қолданудың бірнеше артықшылықтары бар. ISO 704 халықаралық терминологиялық стандартына сәйкес, терминдерді қалыптастыру кезінде жергілікті, ұлттық терминдерге басымдық берілу ұсынылады [10]. Өйткені бұл:

– біріншіден, терминологиялық жүйенің бірізділігі мен түсініктілігін қамтамасыз етеді.

– екіншіден, ұлттық терминдерге басымдық беруде тілдің табиғи заңдылықтары жойылмайды. Сондай-ақ ұлт тілінде жасалған терминдер ана тілін тұтынушылар үшін түсінікті әрі қолдануға жеңіл болады.

– үшіншіден, бұл терминдер қазақ тілінің тарихи, мәдени ерекшеліктерімен сәйкес келеді және ғылыми тұрғыдан да кеңінен қолданылып жүр. Р. Сыздық, Н. Уәли орфографиялық сөздікте жартылай калька сөздерге қатысты «будан сөздер» терминін қолданса, Ш. Құрманбайұлы мұндай сөздерді терминологияда «будан теминдер» деп атайды. Осыған сүйене отырып, біз қазақ тіл білімінде екі немесе одан да көп тіл элементтерінің қатысуымен жасалатын терминдерді «лексикалық будан», «будан сөз», «будан термин» ретінде атауды ұтымды деп санаймыз. Бұл терминдердің қолданылуы ұлттық терминологияның тұрақтылығына, тілді дамытуға және ғылыми ұғымдарды дәл бейнелеуге септігін тигізеді. Сонымен қатар «будан» термині қазақ тілінде ғылыми және кәсіби салада кең қолданысқа ие болуға тиіс, себебі ол ғылыми ұғымдарды дәл бейнелейді, тілдің табиғи заңдылықтарына сәйкес келеді және ғылыми дәстүрлерді сақтауға ықпал етеді.

Әдебиеттер тізімі

1 Audinet J. The Human Face of Globalization: From Multiculturalism to Mestizaje – Lanham: Rowman & Littlefield, 2004. 154 p.

2 Кербер Е. В., Беликова И. А., Костерина Ю. Е. Явление гибридизации второго и третьего порядка в английской терминологии компьютерных стандартов и микроэлектроники // Современная наука: актуальные проблемы теории и практики. Серия: Гуманитарные науки. -2020. -№05/2. -С. 80-85 DOI 10.37882/2223-2982.2020.05-2.05

3 Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің бұйрығы. Терминологиялық жұмыстарды жүргізу қағидаларын бекіту туралы: 2024 жылғы 5 маусым, № 283 бекітілген.

4 Қазақстан Республикасының терминология базасы // Termincom.kz. – Қолжетімді: https://termincom.kz/ (қол жеткізу күні: 19.02.2025).

5 Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы: зерттеулер, оқулық, сөздік, библиография. Алматы: «», 2014. ....б. - 952 бет.

6 Исабекова А., Катенов А. Білім беруде синергетикалық тұғыр негізінде ұйымдастырудың ғылыми теориялық негіздері //3i: intellect, idea, innovation-интеллект, идея, инновация. – 2024. – №. 1. – С. 130-137.

7 Борисова А. Ю. Общественный резонанс как средство влияния на правосудие //обеспечение прав человека в деятельности правоохранительных органов. – 2020. – С. 52-56.

8 Калжанова Г. К., Тулкибекова А. Н. Электродинамика есептерін шешуде векторлық талдау негіздерін қолдану //Вестник жетысуского университета имени и. Жансугурова. – 2023. – №. 4 (109). – С. 100-106.

9 Егембердиева Н. А., Айтбенова А. А. Sony vegas pro бағдарламасы көмегімен Бейнемонтаж жасау. – 2016.

10 ISO 704:2022. Terminology work – Principles and methods (4th ed.). International Organization for Standardization, 2022.

Қосымша әдебиеттер тізімі

1 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 3-том. / Құраст.: Б. Сүйеркұлова, Т.Жанұзақ, О.Жұбаева және т.б. – Алматы, 2011. – 744 б.

2 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 4-том. / Құраст.: Н.Әшімбаева, Қ.Рысбергенова, Ж.Манкеева және т.б. – Алматы, 2011. 752 б.

3 Қазақ дәстүрлі мәдениетінің энциклопедиялық сөздігі. - Алматы: «Сөздік-Словарь». 1997.- 368 б.

4 Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігі / Құрастырғандар: Ш. Құрманбайұлы, С.Исақова, Б.Мизамхан және т.б. Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. – 596 б.

5 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 4-том. / Құраст.: Н.Әшімбаева, Қ.Рысбергенова, Ж.Манкеева және т.б. – Алматы, 2011. 752 б.

6 Физиология терминдерінің түсіндірме сөздігі / Несіпбаев Т. 2-басылым. - Алматы: «Агроуниверситет» баспасы, 2004. - 226 б.

7 Мэнкью Грегори Н., Тейлор Марк П. Экономикс, 4-халықаралық басылым. Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018 жыл – 848 бет.

8 Музыка мәдениеті мен өнер терминдерінің орысша-қазақша-ағылшынша сөздігі // Құрастырушылар: Б.Ж. Қоқымбаева, Е.Ю. Личман, Б.У. Итемгенова. Аудармашылар: У.М. Мақұлов, А. Личман, А. Хасенов, Р. Хасенова. – Павлодар, ПМПИ, 2013. – 200 б.

TERCÜMAN SEÇIMI VE ÇEVIRI STRATEJISI

T.H.Axundova,
Dövlət Gömrük Komitəsinin Akademiyası
AMEA Nəsimi adına Dilçilik İnstitutunun doktorantı
Azerbaijan, Baku. akhundova.t@mail.ru

Аңдатпа. Бұл мақалада аудармашыны таңдау және аударма стратегиялары егжей-тегжейлі қарастырылады. Аудармашыны таңдау аударма процесінің сапасына тікелей әсер ететін ең маңызды факторлардың бірі болып табылады. Мақалада аудармашының тіл білімі, мамандану саласы, мәдени құзыреттілігі және тәжірибесі сияқты критерийлердің маңызы атап көрсетіледі. Сонымен қатар, әртүрлі мәтін түрлері мен мақсаттарына сәйкес аударма стратегияларын анықтау қажеттігіне назар аударылады. Стратегияны таңдау мақсатты тілдің құрылымдық ерекшеліктерін және бастапқы мәтіннің мәдени және мағыналық қырларын ескеруі қажет. Тиімді стратегиялар мағынаның жоғалуын азайтып, мәтіннің оқырманға тигізетін әсерін арттырады. Мақала аударма процесінде жоспарлау, талдау және стратегиялық тәсілдің маңыздылығын көрсете отырып, аудармашылардың саналы әрі тиімді жұмыс жасауына ықпал етуді мақсат етеді.

Тірек сөздер: аударма, аудармашыны таңдау, аударма стратегиясы, мәдени үйлесім, мәтін талдауы.

Abstract. This article examines translator selection and translation strategies in detail. The choice of translator is one of the most important factors directly affecting the quality of the translation process. The article emphasizes the significance of criteria such as the translator's language proficiency, area of expertise, cultural competence, and experience. Furthermore, it highlights the necessity of determining translation strategies appropriate for different text types and purposes. Strategy selection requires considering both the structural features of the target language and the cultural and semantic dimensions of the source text. Effective strategies minimize meaning loss and enhance the impact of the text on the reader. The article demonstrates the importance of planning, analysis, and a strategic approach in the translation process, aiming to enable translators to work more consciously and efficiently.

Keywords: translation, translator selection, translation strategy, cultural adaptation, text analysis.

Giriş. Çeviri bilimi, küreselleşen dünyada kültürlerarası ilişkilerin ve iletişim alışverişinin temel araçlarından biri olarak büyük önem taşır. Çeviri süreci yalnızca bir dilin kelimelerinin diğer dile aktarılması değil, aynı zamanda kültürel, sosyal ve bağlamsal unsurları dikkate alan karmaşık bir etkinlik olarak değerlendirilir. Bu bağlamda, tercümanın seçimi ve uyguladığı çeviri stratejileri, metnin kalitesini, özgünlüğün korunmasını ve hedef kitle tarafından doğru anlaşılmasını doğrudan etkiler.

Tercüman seçimi, metnin işlevsel ve iletişimsel amacına uygun olarak belirlenir. Tercümanın dil bilgisi, kültürel bağlama hâkimiyeti, uzmanlık alanındaki bilgi seviyesi ve çeviri deneyimi, metnin hem dilsel hem de kültürel düzeyde doğru aktarılmasını sağlar. Çeviri stratejileri ise kelime ve ifade seçiminden, sentaktik yapıların korunmasına; adaptasyon, transliterasyon ve lokalizasyon gibi yöntemleri kapsar. Modern çeviri kuramında, strateji seçimi hem metnin türüne hem de hedef kitlesine göre belirlenir. Dolayısıyla, tercümanın profesyonelliği ve seçilen stratejinin uygunluğu, çeviri sürecinin başarısını belirleyen temel faktörlerdir.

Çeviride kullanılan teknik ve yaklaşımlar arasında şunlar yer alır:

A) Leksikal Uygunluk: Bu yaklaşım, çevrilen kelimenin doğrudan veya eşanlamlılarıyla aktarılmasına dayanır. Örneğin, "school" kelimesi Türkçeye "okul" olarak çevrilir.

B) Betimleyici Çeviri: Kültürlerarası farklılıklar nedeniyle doğrudan çeviri mümkün olmadığında, tercüman daha çok betimleyici bir yaklaşım kullanır. Örneğin, "Fourth of July" ifadesi "Amerikan Bağımsızlık Günü" olarak çevrilebilir. "Black Friday" (Kara Cuma) ABD'de büyük bir alışveriş gününü ifade eder; Türkçede bazen doğrudan "Black Friday" kullanılır, bazen ise "indirim günü" veya "alışverişin büyük günü" gibi daha uygun ifadeler tercih edilir. "Penny for your thoughts" deyimi ise Türkçeye "Ne düşünüyorsun?" şeklinde aktarılır.

Ekzotizm: Bir kültüre özgü, başka bir kültür için yabancı veya sıra dışı görünen ve genellikle yerel objeler, olaylar, gelenekler ve kavramlarla ilgili ifadelerdir. Ekzotizm, başka kültürlerden alınan ve o kültürü yabancı okuyucuya tanıtmaya hizmet eden leksik birimlerden oluşur.

İngilizcede ekzotizmler çoğunlukla belirli gelenekler, yerler, kişiler ve sosyal yapılarla ilgilidir. Bu terimlerin başka bir dile aktarılması, her iki kültürün farklı sosyal ve tarihsel bağlamları nedeniyle zorluk yaratabilir. Ekzotizmlerin doğru çevirisi, kültürlerarası anlayışın doğru biçimde oluşmasına katkı sağlar.

Ekzotizmlerin Türleri:

1. Coğrafi Ekzotizmler: Belirli bir yerin adı ve özellikleriyle ilgili sözcüklerdir. Örneğin, "Sahara Desert" (Sahra Çölü), "Amazon River" (Amazon Nehri). Yer adları genellikle çevrilmez, ancak bazen yerel isimlere göre uyarlanır (örn. "Big Ben"/ "Büyük Ben").

2. Kültüre Özgü Kavramlar ve Gelenekler: "Thanksgiving" (Şükran Günü), "Halloween" (Cadılar Bayramı), "Easter" (Paskalya) gibi. Bu ifadeler bazen doğrudan çevrilmez; kültüre uygun açıklamalarla aktarılır (örn. "Halloween" /"Cadılar Bayramı").

3. Yerel Yemek ve İçecekler: "Sushi" (Japon mutfağı), "Taco" (Meksika mutfağı). Bu tür terimler çoğunlukla orijinal halleriyle kabul edilir, ancak bazen açıklayıcı şekilde çevrilir: "Japon makarnası" veya "Meksika yemeği".

4. Yerel İnsanlar ve Kültürel Kahramanlar: “Sherpa” (Nepal dağcıları), “Geisha” (Japon kadın sanatçılar). Bu terimler çoğunlukla aynen bırakılır; gerekirse açıklayıcı bilgiler eklenir: “Sherpa / Nepal’de dağcılıkla uğraşan yerli halk”.

Çeviri Yaklaşımları:

Doğrudan Çeviri (Loan Translation): Ekzotizm doğrudan veya hedef dile uyarlanarak çevrilir. Örn.: “Christmas” /“Noel”, “Taco”/ “Tako”.

Ek Açıklama: Anlam anlaşılmadığında tercüman açıklama ekler. Örn.: “Thanksgiving”/ “ABD’de yıl sonunda kutlanan geleneksel bir bayram, insanlar aileleriyle bir araya gelir ve şükreder”.

Yerel Analojilerle Çeviri: Ekzotizmler, hedef kültürde benzer kavramlarla aktarılır. Örn.: “Barbecue”/ “Şiş kebap”.

Adaptasyon: Ekzotizm hedef kültüre uygun şekilde yeni bağlama uyarlanır. Örn.: “Penny for your thoughts” - “Ne düşünüyorsun?”

Transliterasyon: Sadece sözcüğün sesi aktarılır; yazımı değişmez. Örn.: “Karaoke” /“Karaoke”, “Sushi”/ “Sushi”.

İngilizce ekzotizmlerin Türkçeye aktarımı, kültürlerarası çeviri sürecinin önemli bir parçasıdır. Tercüman, ekzotizmleri doğru çevirebilmek ve kültürlerarası iletişimi sağlayabilmek için kültürel bilgiye, çeviri yöntemlerine ve hedef okuyucuya uygun yaklaşımlara dayanmalıdır.

Tercüman seçimi ve çeviri stratejilerinin doğru belirlenmesi, çevirinin kalitesini ve işlevselliğini güvence altına alır. Tercüman yalnızca dil bilgisine sahip değil, aynı zamanda kültürel bağlamı analiz edebilen ve orijinal metnin anlamını kayıpsız biçimde aktarabilen bir uzman olmalıdır. Uygulanan strateji, metnin türü ve amacı doğrultusunda seçilmeli; kelime, ifade ve stilistik uyumluluk sağlanmalıdır. Araştırmalar, tercüman seçiminde dil yeterliliği, kültürel bilgi ve deneyimi; strateji seçiminde ise uygunluk, akıcılık ve amaca yönelikliği ön plana çıkarmaktadır. Sonuç olarak, çeviri süreci yalnızca teknik bir aktarma değil; bilgi, analiz ve yaratıcı yaklaşım gerektiren bütüncül bir etkinliktir ve bu, çevirinin hem akademik hem de pratik açıdan gelişimini destekler.

Kaynakça

1. Томахин Г. Д. Реалии-американизмы. Пособие по страноведению : Учеб. пособие для ин-тов и фак. иностр. яз. / Г. Д. Томахин. – М. : Высш. шк., 1988. – 239 с.
2. Влахов С. И. Непереводимое в переводе / С.И. Влахов, С. П. Флорин. – Изд.4-е. – М. : «Р. Валент», 2009. – 360 с.
3. Quliyeva A. İngilisizmlər və tərcümə / A.Quliyeva ; red. Q. Bayramov.
Bakı : Nurlan, 2008.

ПРОБЛЕМЫ КОНЦЕПТУАЛИЗАЦИИ В ПЕРЕВОДЕ ПОЛИТИЧЕСКОГО ДИСКУРСА

Н. О. Бабаева,
доктор философии по филологии, доцент,
Бакинский Славянский Университет
nbabayeva472@gmail.com

Аңдатпа. Мақалада саяси дискурсты аудару үдерісіндегі концептуалдандыру проблемалары қарастырылады. Ерекше назар саяси концепттерді, метафораларды және идеологиялық ұстанымдарды жеткізу барысында туындайтын, мәдени-тілдік айырмашылықтармен шартталған қиындықтарға аударылады. Аудармашының әртүрлі концептосфералар арасындағы медиатор ретіндегі рөлі, сондай-ақ бастапқы мәтінді интерпретациялауға ықпал ететін прагматикалық және когнитивтік факторлар талданады. Саяси дискурстың барабар аудармасы мәдени шындықтарды, контексті және коммуникативтік стратегияларды терең түсінуді талап ететіні атап өтіледі. Зерттеу нәтижесінде саяси мәтіндерді аударуда түпнұсқаның концептуалдық тұтастығын сақтауға мүмкіндік беретін когнитивті-дискурстық тәсілдің қажеттілігі айқындалады.

Тірек сөздер: саяси дискурс, аударма, концептуалдандыру, мәдени-тілдік айырмашылықтар, когнитивтік тәсіл, прагматика, идеология.

Abstract. This article examines the challenges of conceptualization in the translation of political discourse. Particular attention is paid to the difficulties associated with conveying political concepts, metaphors, and ideological attitudes due to cultural and linguistic differences. The role of the translator as a mediator between different conceptual spheres is analyzed, as well as the influence of pragmatic and cognitive factors on the interpretation of the source text. It is emphasized that an adequate translation of political discourse requires a deep understanding of cultural realities, context, and communicative strategies. As a result, the study reveals the need for a cognitive-discursive approach to the translation of political texts that ensures the preservation of the conceptual integrity of the original.

Keywords: political discourse, translation, conceptualization, cultural and linguistic differences, cognitive approach, pragmatics, ideology etc.

В англоязычном политическом дискурсе: «Freedom is a fundamental human right» – «Свобода – это основное право человека».

В другой стране: «Freedom might be understood differently depending on historical contexts.» – Свобода может восприниматься по-разному в зависимости от исторического контекста.

Например: «*Азербайджанский народ решительно настроен на защиту своей независимости и не поддастся никакому давлению на этом пути*» – *The people of Azerbaijan are determined to preserve their independence and will not succumb to any pressure in this regard* [2].

Данный пример был переведен для точной передачи послания Президента по теме защиты независимости на английском языке. Выражение «succumb to» в английском языке широко используется в значении «подчиняться»/«уступать» и сохраняет смысл оригинального высказывания.

Например: «*Мы всегда будем защищать свою территориальную целостность, и не пойдём ни на какие уступки в этом вопросе» – We will always protect our territorial integrity, and we will never make any concessions on this issue*.

Здесь также сохраняется позиция Президента по вопросу территориальной целостности Азербайджана, и при переводе сохраняется серьёзный и официальный тон. Например: «*Реформы, направленные на развитие Азербайджана, будут продолжены, и социальное благосостояние нашего народа еще больше улучшится*» – «*Reforms aimed at the development of Azerbaijan will continue, and the social welfare of our people will be further improved*» [2].

Перевод выражения *«*восстановление исторической справедливости*»* на английский язык также должен точно передавать его смысл в различных контекстах, при этом возможны разные синонимы и выражения: «*Restoration of Historical Justice».* Это является прямым и наиболее распространённым переводом выражения «восстановление исторической справедливости». Слово «Restoration» в данном контексте означает «восстановление», а «Historical Justice» – «историческая справедливость». Такой вариант перевода в первую очередь отражает восстановление справедливости и истины, а также исправление исторических ошибок. Например, *«The restoration of historical justice is a key element of the country's national revival»* – в этом предложении восстановление исторической справедливости представлено как один из ключевых элементов национального возрождения.

Вариант «Reinstating Historical Justice» используется реже, однако может применяться в определённых контекстах. Слово «Reinstating» чаще всего означает «восстанавливать» или «возобновлять». Этот термин подчёркивает возвращение справедливости и исправление исторических ошибок. Например, «*Reinstating historical justice will bring a sense of fairness to the affected people».*

Г. Алиев в своей речи подчеркнул качества, необходимые для обладания должностью и полномочиями: «*Должность ничего не даёт человеку, она просто предоставляет полномочия. Всё остальное зависит от его ума, интеллекта, знаний и культуры*» [1].

В английском варианте: «*A position gives a person nothing; it only gives authority. Everything else depends on his/her intelligence, wisdom, knowledge, and behavior»* [2].

К типичным чертам его речи относятся высокая ораторская способность, крепкая память, последовательность, плавность и точность изложения, строгая дисциплина в соблюдении стилевых требований официального общения, общественная направленность, информативность, а иногда и критичность.

По мнению А. А. Тертича, оратор при убеждении может использовать «весь арсенал логических методов» [с. 50] – индукцию, дедукцию, аналогию и сравнение. В первую очередь нас интересуют основные когнитивные механизмы речевых коммуникаций в аспекте убеждения, лежащие в основе этих когнитивных моделей. По нашему мнению, их можно разделить на две категории: первые определяют формат общения и охватывают взаимодействие в формате «вопрос-ответ», вторые же ориентированы на собеседника – будь то спрашивающий или отвечающий – и, помимо убеждения, не предполагают никаких других реакций как инструменты «стратегической деятельности». В последние годы особенности современного политического языка активно обсуждаются различными исследователями [5; 6; 7; 8; 9; 10;]. А.Н. Баранов вполне обоснованно отмечает, что сущность развитой системы политической коммуникации заключается в обеспечении возможностей для достижения общественного консенсуса. Следовательно, деятельность политика не ограничивается простой маскировкой собственных взглядов, а предполагает умелое манипулирование степенью их открытости – сокрытие одних и акцентирование других с тем, чтобы принимать решения, в определённой мере удовлетворяющие интересы различных групп общества. Только в этом случае может быть обеспечено нормальное функционирование законодательных и исполнительных органов власти. Все речевые акты, используемые в ходе политических дискуссий, а также закреплённые традицией и подтверждённые политической практикой нормы государственной политики в совокупности образуют политический дискурс [4, s.15]. Рассматривая политический дискурс, Э.И. Шейгал подчёркивает, что политика как особая сфера человеческой деятельности по своей сути представляет собой совокупность речевых актов. Подобно любому другому дискурсу, политический дискурс характеризуется полевой структурой, в центре которой располагаются жанры, наиболее соответствующие его ключевой цели – борьбе за власть. К ним относятся парламентские дебаты, выступления политиков и голосование.В целом проблемы концептуализации при переводе политического дискурса наглядно демонстрируют его сложный и многоуровневый характер. Решение подобных задач требует от переводчика не только высокой языковой компетенции, но и межкультурного понимания, идеологической чувствительности и мышления. Такой подход способствует повышению качества и эффективности перевода.

Список литературы

1. https://oxubil.info/aforizmler/heyder-eliyevin-tarixe-dusen-kelamlari/
2. https://president.az/
3. Базылев, В.Н. Автопортреты политиков: от психопоэтики к психополитике // Актуальные проблемы азербайджановедения. Материалы X Международной научно-практической конференции, посвященной 96-летию со дня рождения общенационального лидера Гейдара Алиева, Баку, 7 мая, 2019, с. 53-56.;
4. Баранов, А.Н. Политический дискурс: прощание с ритуалом // Человек. 1997. № 6, с. 108-118.;
5. Воробьева, О.И. Политическая лексика. Семантическая структура. Текстовые коннотации / О.И.Воробьева. – Архангельск: ПТУ , 1999. 249 с.;
6. Демьянков, В.З. Политический дискурс как предмет политологической филологии // Политическая наука. Политический дискурс: История и современные исследования. – Москва: Инион Ран, 2002, № 3, с. 32-43.;
7. Попова, Е.А. Политический дискурс как предмет культурно лингвистического изучения. – Волгоград: Языковая личность: проблемы значения и смысла: сб. науч. трПеремена, 1994. – с. 143–152.;
8. Тертычный, А.А. Модели аргументации в со временных медиатекстах // – Москва:Вестник Московского университета. 2016. № 6, Серия 10. с. 46-69.
9. Шариф, А. Выступление на Всесоюзном симпозиуме переводчиков: [в 2 томах.]. Актуальные проблемы художественного перевода. Москва, –1967, Т. 2, 341 с.
10. Шейгал, Е.И. Структура и границы политического дискурса / Е.И.Шейгал // – Краснодар: Филология, 1998, № 14, с. 22-29.

ЭПОСТАҒЫ ЭТНОТАРИХИ КЕҢІСТІК ЖӘНЕ МӘДЕНИ-ТҰРМЫСТЫҚ КОДТАРДЫҢ ТІЛДІК КӨРІНІСІ

(«Қобыланды батыр» эпосы материалдары негізінде)

Қ.Т. Бибеков,
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-дың доценті,
филология ғылымдарының кандидаты,
Қазақстан, Астана.
bibekov_bt@enu.kz

Аннотация. Статья рассматривает взаимосвязь эпического сознания тюркских народов и их этнокультурного пространства в контексте историко-культурной памяти. Эпическое наследие выступает носителем коллективной памяти, сохранившим и донёсшим до наших дней самобытный код и систему ценностей кочевой цивилизации. Ономастика и бытовая лексика, представленные в общетюркском эпосе «Кобланды батыр», являются важными языковыми единицами, отражающими историческую память. Исследование, выполненное с применением этимологического, компонентного и сопоставительно-исторического методов, направлено на выявление семантических слоёв языковых элементов в эпическом тексте.

Ключевые слова: историческая память, ономастика, бытовая лексика, «Кобланды батыр», этнокультурное пространство

Abstract. The article examines the relationship between the epic consciousness of the Turkic peoples and their ethnocultural space in the context of historical and cultural memory. Epic heritage functions as a carrier of collective memory, preserving and transmitting to the present day the unique code and value system of the nomadic civilization. The onomastics and everyday vocabulary represented in the pan-Turkic epic *Koblandy Batyr* serve as important linguistic units reflecting historical memory. The study, conducted using etymological, componential, and comparative-historical methods, aims to reveal the semantic layers of linguistic elements within the epic text.

Keywords: historical memory, onomastics, everyday vocabulary, *Koblandy Batyr*, ethnocultural space.

«Қобыланды батыр» жырының қазақ батырлар жырларының ішінде орны ерекше. «Қобыланды батыр» жырының ғылымға белгі 29 нұсқасының болуы да көнелігін аңғартады. «Қобыланды батыр» эпосының бас кейіпкері Қобыланды 15 ғасырда өмір сүрген тарихи тұлға деген пікір бар. М.Әуезов, С.Қасқабасов, Ш. Ыбыраев сияқты т.б. ғалымдар Қобыланды батыр эпосын Алтын Орда дәуіріне дейінгі рулық бірлестіктер кезеңінде туған деген пікір айтады. М.Әуезов «Қобыланды батыр» жырына XYI ғасырдағы тарихи оқиғалар арқау болғанын, оған Қазан хандығын орыс патшасы Иван Грозныйдың 1552 жылы жаулап алу себеп болғанын айтады. [1.92]. «Жыр мәтінінде Қобыланды кырық батырдын катарында аталады және оған арналған жеке дастан бар. Тарихта Қобыланды есімі көптеп кездеседі. Дегенмен көпке белгілі екі «Қобыланды» бар. Бірі – Қобыланды Қыдырбайұлы, екіншісі – Қобыланды Тоқтарбайұлы. «Қырымның қырық батыры» жырындағы Қобыланды Қыдырбайдың ұлы болғандықтан, жыр мәтініндегі Қобыланды XV ғасырдың төртінші ширегі мен XVI ғасырдың басында өмір сүрген.» [2.61] Тарихшы Ж.Сабитов Қобыланды батыр туралы деректерді талдай келе, ол Тоқтамыс, Едіге, Ақсақ Темір кезінде өмір сүрген деген тұжырым жасайды. [3] О.Нұрмағамбетова Қобыланды батырдың тарихи тұлғасына қатысты пікірлерді саралай келіп, қазақ хандығы құрылар алдындағы кезеңде туып қалыптасқан деп санайды. [4.33]

Осы жағдайға байланысты эпостық жырдың ономастикасы назар аудартады. Қобыланды батырдан басқа, эпоста кезігетін *Қараман, Алшағыр, Көбікті, Көктім Аймақ* сияқты т.б. антропонимдерді Алтын орда дәуірінде өмір сүрген белгілі тарихи тұлғалармен байланыстыру күрделі мәселе болып отыр. Өйткені жырдың кейіпкерлерімен аттас немесе аты ұқсас тарихи тұлғалар әр түрлі дәуірлерде өмір сүрген. Мақаланың мақсаты ономастикалық атауларды, мәдени-тұрмыстық лексиканы талдап, эпостық жырға арқау болған тарихи оқиғалар, тарихи кезең мен кеңістікті анықтау болды. Зерттеуде этимологиялық, компоненттік талдау әдістері, салыстырмалы-тарихи талдау әдістері қолданылды.

Эпостағы Қобыландының басты жауы қызылбастар деп аталады. Ал қазақ батырлық эпостарындағы басты жау көбінесе қалмақтар болып келетін еді. Тарихи Қобыланды өмір сүрді деп болжанатын Алтын орда дәуірінде қызылбастар тарих сахнасына шыққан жоқ болатын. Қызылбас этнонимі сефевилерге қатысты 16 ғасырдан бастап кең қолданыс тапты. Қазақ хандығы Сефевилер құрған қызылбас мемлекетімен тікелей шекараласпаған. Бірақ саяси байланыстар болғаны сөзсіз. Өзбек ханы Махмұд Шайбанидың шақыруымен Қасым хан өзінің ұлы Әбілқайырды бас қолбасшы қылып, үлкен әскер аттандырған. Жорық сәтсіз болып біріккен қазақ-өзбек әскері Исмайыл шах бастаған қызылбас әскерінен жеңілген. Соның ішінде алғы шепте тұрған қазақ әскері өзбектердің майдан шебін тастап шегініп кетуіне байланысты үлкен шығынға ұшыраған. Сөз жоқ, Қобыланды батыр эпосының тууына осы оқиға басты себеп болған деп айта аламыз. Сондықтан да эпостағы басты жау – қызылбастар. Ал жыршы сол тарихи оқиғаның тікелей куәгері болуы да мүмкін. Қазақ қоғамында жыршы-жыраулар ерекше дәрежеге ие, мемлекет істеріне де араласқан ықпалды тұлғалар болған. Жыршы, өзі жақсы біліп тұрса да, ханның, хандықтың беделіне нұқсан келтіріп, халықтың рухын түсіретін оқиғаны әдейі жырламаған. Оның орнына осы оқиғаға ұқсас, халықтың санасында үзік-үзік сақталған аңыздар мен батырлар туралы жоқтау-одаларды жырдың сюжетіне негіз еткен. «Жырда көптеген кезеңдердің оқиғалары бір-бірімен араласып кеткен. Жырда кездесетін жер-су атаулары мен адамның аттарын зерделеп, замандарын ажыратуға болады.» [5] Қазақ хандығы дәуірінде туса да, ықпалды арғын, үйсін, найман, алшын сияқты т.б. тайпалар аталмай, эпоста тек *қыпшақ* пен *қият* этнонимдерінің кездесуі де қазақ хандығының қызылбастарға жасалған сәтсіз жорығын еске салмау үшін әдейі алынған деген ойға жетелейді. *Қият* этнонимі Шыңғыс ханның шыққан руы ретінде Мұхамед Шайбаниға меңзейді. Яғни, эпостың тууына себепші болған басты тарихи оқиға арнайы жасырылған. Жыршы тарихтан, халықтардың шығу тегінен хабары бар адам болса керек. Эпостағы Қобыландының жары *Құртқа*, оның шешесі *Көкланның* елі қызылбас екендігі айтылады. Құртқа антропонимінің түбірі *құрт* – оғыз тобына жататын түркі тілдерінде, соның ішінде түрік тілінде қасқыр. Ал *құртқа* – қаншық қасқыр деген деген мағынаны білдіреді. Көклан түркімен тайпаларының бірі гөкланды (Gökleňler) еске түсіреді. Демек, жыршы қызылбастардың негізін оғыз-түркімен тайпалары құрап тұрғанын біледі. Сонымен бірге некелесу арқылы қыпшақ-оғыз бірлестіктерінің өзара одақтас болған кезеңдеріне де меңзейді. Эпос сюжетінің өзегінде көшпенділер мен отырықшылардың мың жылға созылған өзара текетіресі жатыр. Қобыландының елі қара қыпшақтар көшпелі халық ретінде суреттеледі. Мысалы,

Жаз ***жайлауы*** Көздікөл,
Көздікөлді жайлаған
Қалың Қыпшақ жағалай.
Тоқтарбайдың дәулеті –
Ішкені мас, жеген тоқ,
Бай-кедейдің көңілі жай.
Қыс ***қыстауы*** Қараспан,
Қараспан көкке таласқан.

Осы үзіндідегі ***жаз жайлау***, ***қыс қыстау*** тіркестері көшпелі өірден хабар береді. Қара қыпшақтың ***жайлауы – Көздікөл***, ***қыстауы – Қараспан***. Осындағы Көздікөл, Қараспан топонимдерімен байланысты жер атауларын дөп басып көрсету мүмкін емес. Түркістан облысының жерінде Қараспан атау болғанмен, биік таудың атауы емес. Ал жырда «Қыс қыстауы ***Қараспан***, ***Қараспан*** көкке таласқан» делінгендіктен, Қараспанның биік тау екенін болжаймыз.

Ат үйірінен адасқан,
Қалың Қыпшақ тізіліп
Қонса, ***қоныс*** жарасқан.
Әліп таңба Қыпшақтың
Атағы озған алаштан.

Ат үйірінен адасқан, ***қоныс, әліп таңба*** сөз қолданыстары да көшпелі өмірдің көріністерін толықтырып отыратын тұрмыстық лексика қабатына жатады. Ал енді қызылбас елін суреттегенде, отырықшы елді көзге елестетеміз. Мысалы, Қызылбастың ағасы,

Қырлы ***қала шәһәрінің***
Бір жағы судың жағасы,
Алты қабат ***ор*** қазып,
Тереңдігін мол қазып,
Бекіткенін қарашы.
Қырық жерден құйдырып,
Болаттан соғып ***қақпаны***,
Алпыс батыр жапқаны.
Жер жүзіне жайылды –
Ноғайлының көп елін
Шауып алып жатқаны.

Қырлы ***қала шәһәрі,*** *алты қабат* ***ор,*** *болаттан соғып* ***қақпаны*** сияқты т.б. лексика қамалы бар қаланы, отырықшы елді көрсетеді. Әрі ***қала шәһәр*** плеонастикалық тіркесі бекінген жаудың сұсы мен олардан келер қауіпті аңғартып тұр. Сонымен бірге қала тіршілігінен хабар беретін ***қамал, көше, там*** сияқты т.б. тұрмыстық лексика қабаты кездеседі. Мысалы,

Үйінен шығып паналап,
Тар ***көшені*** сағалап,
Аяғын басып жүре алмай,
Көрінгенді саялап,
Қобландыға келді жағалап.
Екеуі жатса ***лабақта***,
Ай тумас жақтан ай туды,
Күн тумас жақтан күн туды.
«Бұл несі?»– деп қараса:
Қара тамды ағартқан –
Қарлыға қыздың сәулесі.

Осындағы ***үй, тар көше, қара там*** сөздері қала құрылымымен, үй-жаймен байланысты тұрмыстық сөздер оқиғаның отырықшы елде, қала ішінде болып жатқанын білдіріп тұр. ***Лабақ*** сөзі – 18-19 ғасырда қазақ тілінде белсенді қолданылған *абақты* сөзінің дыбыстық варианты. «Абақты. Заң жүзінде жазықты, қылымысты адамдарды қамайтын түрме, қамау орны.» [6.32] ***Там*** сөзінің «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде екі түрлі мағынасы берілген: 1. Шатырлы және тоқал үй. 2. Мола, бейіт. [7.674] Жалпы алғанда, там қазақ тілінде тастан немесе кірпіштен салынған құрылыс деген мағынаны білдіреді.

Асқар төбе белсін сен,
Қызылбас деген елсін сен.
Арақ ішіп, ***нан*** жесең,
Қала ішінде есерсің.

Тамақ атауларын білдіретін ***арақ, нан*** тұрмыстық сөздері де отырықшы халықтың тамақтану дәстүрімен байланысты. Сондай-ақ ***арақ*** исламда арам саналатындықтан, қызылбастардың дінге қарсы әрекетін, күнәһар екендерін еске салады. Ал енді көшпелілердің өмірі суреттелгенде олардың дәстүрлі тамағы да айтылады. Мысалы,

Тоқсан екі қатындар
Жал мен ***жая*** асады.
«Батырға жеңге болдым» ,– деп,
Қуанып, судай тасады.

Жал мен ***жая*** жылқы етінің қадірлі қонаққа тартылатын мүшесі екені белгілі. Жал-жая, қазы-қарта молшылықтың символы болса, нан таршылыққа, мұқтаждыққа меңзейді.

Қобыланды батыр жорықта жүргенде елін Алшағыр шауып кеткенде, Құртқа Қобыланды батыр келсе, тауып жесін деп нан көміп кетеді:

Ақылды туған Құртқаның –
Бөтен нәрсе тастарға
Шамасы келмей сұлудың,
Көміп кеткен ***наны*** екен.

Құртқа өзі пенде болып кетіп бара жатып, басқа тамақ тастауға шамасы келмей, ***нан*** қалдырады. Осы жолдар да көшпелілер үшін ***нан*** жоқшылықты еске салатынын аңғартады.

«Қобыланды батыр» жырында халқымыздың тұрмыс-тіршілігі мен мәдени өмірі, әдет-ғұрпы, салт-санасы көркем бейнеленген. «Қобыланды батыр» жырындағы этнографизмдерді жіктесек, мысалы, тұрмыстық заттарға байланысты қолданылатын этнографизмдерге бақан (киіз үй тіккенде шаңырақ көтеруге, үзіктер мен түндікті көтеріп жабуға пайдаланылатын ұзындау келген ағаш. Басынан ұшына қарай бірте-бірте жіңішкеріп келген, бір ұшы (жоғарғы) екі аша етіп жасалады, күйме (үстін, жан-жағын былғарымен, жібекпен қаптап қоршаған, сәнді жеңіл арба , арба (малға жегуге арналған төрт дөңгелекті құрал), қамшы (таспадан өрілген, ағаштан яки сүйектен сабы бар, сабына жез ораған немесе күміс шеге, күмісті шытыралар шабылған, көлік жүргізетін әрі сәндікке ұстайтын құрал) жатады.» [8]

Жырда тұрмыстық заттардың қандай материалдан жасалуы да үлкен маңызға ие екенін көреміз. Алтын мен күмістен, асыл маталардан жасалған заттар, бұйым, киім-кешек иесінің асыл тектілігін, қоғамдағы биік мәртебесін көрсетіп тұрады. Мысалы,

Алтынмен ішін безеген,
Сырты ***күміс*** ақ ***отау***
Келістіріп түзеген,
Арттыруға сайланды
Қырық түйе қазына,
Қырық құл мен қырық күң
Қосып берді қызына.

Көктім Аймақ қызы Құртқаны ұзатқанда ***сырты күміс, іші алтын ақ отауды*** жасауына береді. Құртқа Қобыландының болашақ тұлпары бурыл құлынды ***алтын тоңға*** орап алады, баққанда үстіне ***алтын жабу жабады,*** Тайбурыл тұлпардың ***ер-тұрманы да алтынмен*** апталған. Бұл да бурылдың тегін жылқы емес, асыл тұқымды тұлпар екеніне меңзейді. Қобыланды Тайбурылды мақтағанда:

Үкілі құйрық, майда жал,
Сөзіме менің құлақ сал.
Алтын, күміс қият жал,
Лебізің сенің сары ***алтын***,
Үстіңдегі түгіңнің
Жары – күміс, жары – ***алтын***.

Тайбурылдың жалы да, түгі де ***алтын-күміс***, тіпті лебізінің өзі ***алтын*** деп сипатталады. Ал Құртқаның тоны ғана емес, аяғындағы кебісі де ***алтыннан*** жасалған. Қобыланды батырдың сауыт-сайман, қару-жарағы да алтын:

Денеге оқты дарытпас
Дәуіт соққан жалаңқат.
Асынғаны жанына
Қынабының сабы алтын,
Ұстар жері ***сары алтын***,

Алтын асыл тектіліктің ғана емес, молшылықтың, бейбіт өмірдің де көрсеткіші деуге болады.

Ор түбінде бәйтерек
Басы көкке қараған,
Тамыры жерге тараған,
Жапырағы бар еді

Сом ***алтыннан*** жараған,
Сол кесер деп қорқамын.

Алшағырдың шешесі түс көріп, Қобыланды елін шауып алатынын болжағанда, **алтын** жапырақты бәйтеректі елдіктің, бүтіндіктің символы ретінде қарайды. ***Алтын, күміс, қамқа, жібектен*** жасалған бұйымдар тектілікті, молшылықты білдірсе, керісінше мұқтаждықты, қиындықты білдіруде де тұрмыстық лексиканың мәні ерекше. Мысалы,

Тоқсанға келген атамның
Бұтында жоқ ***дамбалы***,
Тізесіне тон жетпей,
Қызылбастың елінде
Қара табан болып жүргенде,
Сұлтаным, сонда келерсің!
Алпыста анаң Аналық
Арқан есіп, жүн түтіп,
Құрт қайнатып жүргенде,
Қайғыменен қан жұтып,
Сұлтаным, сонда келерсің!

Дамбалдың жоқтығы, тізесіне жетпейтін ***шолақ тон*** абыройсыздықтың, қорлық көрудің белгісі екені анық. Аналықтың ***арқан есіп, жүн түтіп, құрт қайнатып*** жүруі де құлдыққа түсудің, азап шегудің көрінісі деуге болады.

«Қобыланды батыр» жырында бір ғана дәуір оқиғасы емес, түрлі тарихи кезеңдердің оқиғалары жинақталған. Бұл жыр қазақ халқының көне тарихын барынша толығырақ қамтиды [9,139]. Қобыландының жауы Қазан хан нақты тарихи тұлға немесе Қазан қаласына емес, ғазнауилер әулетіне меңзейді деп ойлаймыз. Эпостық жырдың сюжетіне арқау болған тарихи оқиға Ғазнауи мемлекеті өмір сүрген 10-12 ғасырларда болуы мүмкін. Яғни *Қазан* антропонимінің негізінде *ғазнауи* династонумы жатыр. *Ғазнауи* және *қазан* фонетикалық ұқсастықтары осы ойға жетелейді. Сонымен бірге эпостағы *Қырлы* және *Сырлы* қалаларының *Қасқарлық* тауының етегіне орналасуы осы ойымызды бекіте түседі. *Қасқарлық* горонимі ***қас+қарлық*** екі компоненттен тұрады деп есептейміз. ***Қарлық*** компоненті *қарлұқ* этниміне сәйкес келеді. Қарлұқ тайпалар бірлестігі құрған Қарлұқ, Қарахан мемлекеттері 8-12 ғасырларда өмір сүрген. Эпоста Қырлы, Сырлы қалаларын Қазан ханның жаулап алуы Қобыланды мен Қараманның жорыққа аттануына себепші болады. Дәл сол сияқты қарлұқтарға Саманилар, одан кейін Ғазнауилар ұдайы шапқыншылық жасап тұрады. Міне, осындай басқыншылыққа қарымта ретінде қарлұқтар да қыпшақтарды көмекке шақырып, жорыққа шығуы әбден мүмкін. Қыпшақтардың қарлұқтарды қолдап, өздерімен шекаралас емес ғазнауилерге жасаған сәтсіз жорықтарының бірі халықтың жадында аңыз не батырға арналған жоқтау, мадақ жыр түрінде сақталып қалған болуы мүмкін. Қазақ хандығының өзбектерді қолдап, сефевилерге аттануы осындай оқиғаларды санада жаңғыртқан.

«Қазақ қоғамының барлық қырларын: тұрмысын, қоғамдық қатынастарын, тілін, эпикалық дәстүрін белгілі бір тәртіп, жалпыға ортақ нормалар реттеп отырған. Эпостағы ережелер мен қағидалар адамның өмірлік болмысының және тілдік ғұрыптарының әрекет тетігінде маңызды рөл атқарады. Өмір эпостық ережелерді жасайды, ал эпикалық ереже өмірді қалыптастырады.» [10]

Қорыта айтқанда, «Қобыланды батыр» жырына арқау болған тарихи оқиғалардың бірқатары 8-13 ғасыр тарихи кезеңде қыпшақ бірлестігіне кірген тайпалардың басынан өткен. Ол оқиғалар батырларға арналған мадақ түрінде, аңыз-ертегі ретінде халықтың жадында үзік-үзік сақталып келген. Ал ол оқиғалардың аңызға айнала бастаған Қобыланды есіміне телініп, біртұтас жырға айналуы 16-17 ғасырда жүзеге асқан деп ойлаймыз. Жырдың дүниеге келуіне қозғаушы фактор қазақ-өзбек одағының қызылбастардан жеңіліс табуы болған. Халықтың рухын көтеру мақсатында Қобыланды батыр жыры туған. Пікірімізге дәлел ретінде екі негізгі себепті атай аламыз: 1) Қобыландының басты жауы қызылбастар болуы. Қызылбастар мемлекет құрып, саяси күш ретінде 16 ғасырда тарих сақанасына шықты; 2) «Қобыланды

батыр» жыры қазақ, қарақалпақ, ноғай халықтарында бар. Ал басқа түркі халықтарында Қобыланды батыр аты аңыздарда, қысқа жырларда кездесіп қалады. Бірақ ортақ сюжетке құрылған біртұтас эпос түрінде ұшыраспайды. Қазақ, қарақалпақ, ноғайлардың өзара саяси, экономикалық байланыстары 15-17 ғасырларда тығыз болды. Қазақ хандығы күшейгенде қарқалпақтар мен ноғайларды өз ықпалына тартса, ноғайлар күшейгенде, керісінше, оларға қазақтардың белгілі бір бөлігі бағынышты болды. Ру-тайпалардың бір хандықтан екінші хандықтың құрамына өту үрдісі де болып тұрды. Осы кезеңде этномәдени кеңістік те ортақ болды. Сондай ортақ мәдени мұраның бірі «Қобыланды батыр» жыры екені сөзсіз.

Ал жырда қамтылатын тарихи-географиялық кеңістік көшпенді және отырықшы өркениеттердің тоғысып, кейде текетіресіп, кейде бірлесіп ұлы империялар құрған Шығысында Жетісудан бастап, Батысында Каспийге дейінгі аралықты қамтиды.

(AP26104289 «Табиғат – Адам – Тұрмыс» үштігі тілдік репрезентациясының этномәдени кодтары мен когнитивтік құрылымдары (қазақ және басқа түркі тілдеріндегі тұрмыстық лексика бойынша салыстырмалы талдау) гранттық жобасы шеңберінде зерттеу жүргізіліп, баяндама әзірленді).

Әдебиеттер тізімі

1. Таң // Семей . – 1925. – №1; Литература и искусство Казахстана// – Алма-Ата. –1939. – № 8-9; Литературный критик// Москва. –1939. – №1.
2. Дүйсен Қ.Қ. Тарихи мәтіннің лингвоконитивтік аспектісі (Қырымның қырық батыры жыры негізінде). Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2025ж. – 158 б.
3. Сабитов Ж.М. Кобланды из рода Каракыпшак // Тарих тағылымы. № 1 (9). Астана. 2016. С. 44-52
4. Нұрмағамбетова О. Қазақтың қаһармандық эпосы «Қобыланды батыр» - Алматы: Дешті Қыпшақ, 2003 ж. – 480 б.
5. Мамыт А.А. Қазақ қаһармандық эпосы сюжеттерінің генезисі. https://clck.yandex.ru/redir/nWO_r1F33ck?data=NnBZTWRhdFZKOHRaTENSMFc4S0VQRDI0NmNNZFFjZDB4eUlzM1A5SzdYOEhYWGtZMzhoMFNjdzlOOUhsMWpTc0pGc2JOcXVuMkJGamJXMVNnRWdyanhFOTBGQ1FOS0FiM3ZhVVVwSkd6TmFueUptTm0yci1pNzdJNzBkYU1BYTBjYW81Y3JDVkVKdURaRFBPT0FmZkVaZndrR01YTXg1MWk5c3pYT3dZaWpHNWVNY0dZUmRxY3BIWG9xdXZHbThs&b64e=2&sign=2d466a83255851c4699d0b6fb1685842&keyno=17
6. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 1 том. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2006.– 752 б.
7. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 13 том. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» баспасы, 2010.– 752 б.
8. Kabdeshova, K; Rakysh, Zh; Albekov, T; Auyesbayeva, P; Alpysbayeva, K.(2019). Kazakh historical epics and epical tradition. Utopía y Praxis Latinoamericana, 24 (5), 103–112. ISSN: 1316-5216. https://www.redalyc.org/articulo.oa?id=27962050014 .
9. Қоңыратбаев Ә. Қазақ эпосы және түркология. – Алматы, 1987.
10. Джакыпбекова М. Т., Кыяхметова Ш. А. «Қобыланды батыр» жырындағы этнографизмдердің танымдық сипаты // Торайғыров университетінің Хабаршысы. Филологиялық серия. № 1. 2023ж. – 100-110 бб.

КӨНЕ ТҮРКІ ЖАЗБАЛАРЫНДАҒЫ ӘСКЕРИ ТЕРМИНДЕРДІҢ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ҚОЛДАНЫСЫ

А.Ж. Галымова,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ PhD докторанты,
Қазақстан, Алматы
zhanatovnaalima@gmail.com

Аннотация. Военные термины в древнетюркских надписях отражают военную структуру и опыт той эпохи и составляют основу современной казахской военной терминологии. Поэтому изучение этимологии и семантической трансформации терминов важно для развития языкознания и изучения военной истории. В данной статье обобщены и отобраны военные термины таких как «бас», «ер»,

«ерен», «улан», «алп», встречающиеся в древнетюркских писаниях. Рассмотрены их семантическое значение, историческая эволюция и использование в языке современных тюркоязычных народов.

В ходе исследования методом сравнительного анализа были изучены научные публикации, древнетюркские письменные памятники (Орхонские и Енисейские надписи), а также исторические произведения («Кутадгу билік», «Дивани лугат ат-Турк», «Бабырнаме»). В качестве исследовательского материала использовались письменные памятники, найденные вдоль реки Орхон, такие как «Культегин», «Тоныкук», «Бильге Каган», тексты «Их Бичигт», а также словари современного казахского языка и других тюркских языков.В результате исследования выявлены прагматическая и терминологическая специфика древних военных терминов «бас», «ер», «ерен», «ұлан», «алп» и их современное использование в казахском языке.

Ключевые слова: древнетюркская письменность, военные термины, терминология, семантика, этимология

Abstract. Military terms in the Old Turkic inscriptions reflect the military structure and experience of that era and form the basis of the modern Kazakh military terminology. Therefore, the study of the etymology and semantic transformation of these terms is important for the development of linguistics and the study of military history. This article summarizes and analyzes military terms such as «baş», «er», «eren», «ulan», and «alp», which occur in Old Turkic writings. Their semantic meanings, historical evolution, and usage in the languages of modern Turkic-speaking peoples are examined.

The study, using the comparative analysis method, reviewed scientific publications, Old Turkic written monuments (Orkhon and Yenisei inscriptions), and historical works («Kutadgu Bilig», «Divanü Lügati't-Türk», «Baburnama»). As research material, the study utilized written monuments found along the Orkhon River, such as «Kültegin», «Tonyukuk», «Bilge Kagan», texts of «İh Biçigt», as well as dictionaries of modern Kazakh and other Turkic languages.

The results revealed the pragmatic and terminological specifics of the ancient military terms «baş», «er», «eren», «ulan», «alp» and their contemporary usage in the Kazakh language.

Keywords: old turkic inscriptions, military terms, terminology, semantics, etymology.

Көне түркі жазбалары – түркі тілдес халықтардың ортақ әдеби ескерткіші. Онда барша түркі халықтарының тарихы, мәдениеті, болмысы, әдебиеті мен лексикасы жинақталған. Орхон және Енесей өзендерінің бойынан табылған ескерткіштер әлемдік деңгейде стилистикалық, текстологиялық, семантикалық, көркемдік жағынан да зерттелгенімен, жыл сайын тілші ғалымдардың арасында жаңа бағытта, жаңа қырынан қайта зерделеніп жазылуда.

Көне түркі жазба ескерткіштерінде түркі халқының әскери өнері ерекше бейнеленген. Олар әскери өнерді өмір салтының ажырамас бөлігі ретінде санаған. Нәтижесінде олардың әскери тәжірибесі тілде терминдік деңгейде сақталған. Әскери терминдер Орхон өзенінің бойынан табылған «Күлтегін», «Тонықөк», «Білге қаған», «Күлічор», «Мойынчор», «Онгин» ескерткіштерінде және Енисей бойынан табылған эпитафиялық ескерткіштерінен бастау алып, түркі халықтарына ортақ «Құтадғу білік» поэмасында, «Диуани лұғат ат-түрк» сөздігінде, «Бабырнаме» тарихи шығармасында кездеседі. Бұл шығармаларда кездесетін терминдер қазіргі кезде қазақ әскери терминдер жүйесінің негізі болып табылады.

Жалпы «әскери термин – әскери ғылым мен техникалық ұғымды білдіріп, белгілі әскери іс ортасында ғана қолданылатын, белгіленген анықтама мәніндегі дара сөздер, күрделі сөздер және сөз тіркестерін атаймыз» [1,46]. Әскери терминдерді лексика семантикалық жағынан ғалымдар әртүрлі топтастырады. Б.Байжанов әскери терминдерді:

1. қару-жарақ атауы (садақ және оның түрлері, кесуге шабуға түйреуге арналған қару-жарақ, оқ және оның түрлері, мылтық және оның түрлері);
2. қолбасылардың атауы;
3. әскери мамандыққа байланысты жауынгерлердің атаулары;
4. жауынгерлік киім-кешек атаулары;
5. әскери құрамалардың атаулары;
6. әскери қимылдар атауы деп алты мағыналық топқа бөліп қарастырған [2,11б].

Ал Қ.Қожағұлова әскери терминдерді үш мағыналық топқа бөледі:

1) әскери қару-жарақ, құрал-жабдықтарға қатысты сөздер,
2) әскери атақ , кәсіби бейімділікті білдіретін сөздер,

3) әскери іс-әрекет, пәрмендер атаулары [3,11б].

Көне түркі жазба ескерткіштерінде әскери лауазымға, әскери атаққа қатысты терминдер көптеп кездеседі. Олардың ішінде ең жиі кездесетін термин – **«baş»** термині. «Baş» түркі тілдерінде «жетекші», «лидер» деп аударылып жүр. Шығыстанушы Джерард Клаусон «baş» сөзінің бастапқы мағынасы анатомиялық адам денесінің бөлігі болған деседі. Бірақ контекстке қарай әскери салада «әскер басшысы» немесе «әскердің жетекшісі» деген мағынада қолданылған [4,76].

Махмұд Қашқаридің «Диуани лұғат ат-түрк» еңбегінде «baş» сөзі «адамның басы, жануардың басы, өсімдіктің басы, заттың басы, таудың басы» деп түсіндіріледі [5,576]. Бұл терминнің көне түркі заманында әскери салада жаңа мағынаға ие болуы, «baş» терминінің метафорлық жолмен ауысқанын көрсетеді. Яғни «baş» сөзінің мағынасы кеңейіп, әскери салада «ру, тайпа, қауым немесе әскер басшысы» деген мағынаға ие болған.

«Baş» термині Енисей жазбаларында былай кездеседі: «*Teŋri elimke **başda** begimke bökmedim» (Ye 14/3)* және *«ak **baş** atık ınal öge» (Ye 49-2).* Ал Тоныкөк жазбаларында: *«anta berüki Aşok **başlıg** sogdak bodun kop kelti yüküntü»* (T 46). Берілген сөйлемде Aşok басшымен не Aşok жетекшілігімен соғд халқының келгендігі айтылған. Яғни «baş» сөзі «басшы», «жетекші» мағынасында әскери лауазым ретінде жұмсалған.

«Baş» термині көне түркі жазба ескерткіштерінде сан есімдермен тіркесіп жаңа әскери лауазым атауларын құрайды. Мысалы, «on başı» – түркі тілінен он әскерді басқаратын әскер басшысы деп аударылады [6]. Бұл термин «Их бичигт» түркі жазбаларында кездеседі. Мысалы, boz (buz) qan ançı on başı bitidim [7,511]. Сол сияқты «yüz başı» – жүз әскерді басқаратын әскер басшысы, «bėş yüz başı» – бес жүз әскерді басқаратын әскер басшысы, «tokuz yüz başı» – тоғыз жүз әскерді басқаратын әскер басшысы, «bıŋ başı» – мың әскерді басқаратын әскер басшысы, «bėş bıŋ başı» – бес мың әскерді басқаратын әскер басшысы, «er başı» – жүз әскерді басқаратын әскер басшысы. Сонымен қатар «başı» сөзі «sü başı» – қолбасшы , «turgak başı» – күзетші, қарауыл, сақшы, «otuz er başı» – отыз әскерді басқаратын басшы деген мағыналарда кездеседі.

«Baş» термині – қазіргі әскери салада жиі қолданылып жүрген белсенді термин. Ол қазіргі қазақ тілінде «басшы», «қолбасшы», «жоғарғы қолбасшы», «жоғарғы бас қолбасшы», «азаматтық қорғаныс бастығы», «әскер штабының бастығы», «әскери бөлімше бастығы», «әуеайлақтың аға авиациялық бастығы», «гарнизон бастығы», «дивизия штабының бастығы», «жабдықтау бастығы», «корпус штабының бастығы» және т.б. көптеген терминдердің құрамында кездеседі.

Қазіргі түркі тілдес елдерде де бұл терминді жиі кездестіруге болады. Мысалы, өзбек тілінде «bâşlıq» сөзі «президент, жетекші, басшы» деген мағыналарда қолданылады [8,516]. Сондай-ақ «bâşlıq» сөзімен түбірлес «bâşlı» сөзі «ақылды, зерделі» деген мағынада да кездеседі [8,516]. Қазіргі түрік тілінде де «baş» термині сан есімдермен бірігіп «yüzbaşı» – капитан, «binbaşı» - 3 дәрежелі капитан сияқты әскери салада әскери лауазым атауы ретінде қолданылып жүр [6].

Ежелгі жазба ескерткіштерінде жиі кездесетін тағы бір әскери терминнің бірі – «er» термині. «Er» термині Күлтегін жазба ескерткіштеріннің мәтінінде былай кездеседі:

1) Қолы жеті жүз **ер** болыпты.

Жеті жүз **ер** болып,
Елсіреген, қансыраған халықты,
Күнденген, құлданған халықты,
Түркі иелігінен айрылған халықты
Ата-баба мекеніне қайта орнатты [9,7-17].

2) Күлтегін қуып,тоңра руынан шыққан он **ерді,**
Тоңа тегінді жерлеген жерде қуып жетіп өлтірдік [9,7-17].

3) Әкем қаған он жеті **ерімен** сыртқа шыққан [9,7-17].

4) «Ұмай текті анам қатынның құтына
(бағына) інім Күлтегін **ер** атанды» [9,7-17].

Берілген үзінділерде «ер» термині 1,2,3-мысалдарда «әскер», «сарбаз», «жауынгер» мағынасында қолданылса, 4-мысалда «батыр» сияқты лауазымды атақ атауын білдіреді. Бұл жайлы белгілі шығыстанушы ғалым Герард Клаусон «ег» терминін «ер адам, жауынгер, соғысушы адам» деп аударған [4,192]. Ал Махмұд Қашқари «ег» сөзін «адам» сөзімен сәйкестендіреді [5,7-8]. Ескі ұйғыр тілінде «ер» термині жаңа «мырза, бек, ханзада» деген мағыналарға ие болғанын көреміз [10,73]. Яғни «ер» термині көне түркі жазбаларында бірнеше мағынада қолданылып, омонимдік қатар түзеген. Қазіргі қазақ тілінде мағынасы тарылып, терминдік қасиетін жойып, қарапайым сөз ретінде қолданылып жүр. Мысалы, «ер-азамат», «ер бала», «еңбек ері» және т.б. Ал қазіргі түрік тілінде «ер» термині терминдік қасиетін сақтап, әскери салада «солдат», «жауынгер» деп аударылып жүр. Ал күнделікті тұрмыста «батыр», «ержүрек» мағынасында жұмсалады [11, 717]

Көне түркі жазбаларында «ер» сөзімен түбірлес «ерен» термині де кездеседі. Мысалы: *«Kül Tigin ögsüz aqın binip toqūz* ***eren*** *sançtı, orduğ bermedi»* [12, 8-9] . Бұл мысал қазақ аудармаларында былай аударылып жүр:

«Күлтегін Жетімек атқа мініп шауып, тоғыз **ерін** шанышты» [9, 7-17].

Мұндағы «ерен» қазақ тілді аудармаларда «ер», яғни жауынгер, әскер сөзінің көпше формасы ретінде қолданылған. Махмұд Қашқари «ерен» сөзін «ег» сөзінің көпше түрі ретінде көрсетеді [5, 16]. Мұндағы «-ен» көптік жалғау ретінде жалғанған. Герард Клаусон да «ерен» сөзін «ер» сөзінің көпше түрі деп түсіндіреді. Яғни «жауынгерлер», «батырлар» деп аударады. Қазіргі қазақ әдеби тілінің сөздігінде ерен сөзі 4 түрлі мағынада кездеседі. Бірініші мағынасы – «ерекше, айырықша, өте-мөте» деп кездессе, екінші мағынасы – «асқан, аса, тым зор». Ал үшінші мағынасы – «үлкен, алыптай» болса, төртінші ауыспалы мағынасы – «өңкей», «кілең» [14,339] деп анықтама беріледі. Бұл анықтамаға сүйенсек, «ерен» сөзінің түпкі мағынасы жойылып, жаңа мағынаға ие болғанын байқаймыз. «Ерен» сөзі қазіргі түрік тілінде де жаңа мағынаға ие болған. Түрік тілінің сөздігінде «ерен» сөзі «рухани кемелденген, әулие, дана» мағынасында кездеседі [13,718].

Қазіргі қазақ тілінің қолданысында «-ан», «-ен» сияқты көптік жалғау жалғанып, жаңа түбір сөз туындаған тағы бір әскери термин – **«ұлан»** термині. «Ұлан» сөзінің бастапқы шығу тегі «оғлан» сөзімен байланысты дейді ғалым Б.Сағындықұлы. Ғалым «ұлан» сөзінің түбірі түркі тіліндегі «тұғұл» болған деседі. Осы «тұғұл» сөзі «ан» жұрнағын жалғып алып, оғыз тілдерінде «туғулан», «тоғулан», «оғлан» болып өзгерген. «Оғлан» сөзі «жасөспірім», «жеткіншек», «өрен» мағынасын білдіреді [15,83].

«Қазақ тіліндегі әскери лексика» атты еңбегінде Т.Байжанов «ұлан» сөзіне мынадай анықтама береді: «ұлан – жалпы түркі тілдеріне ортақ көне сөздердің бірі. Көне түркі жазуларында «оғлан» түрінде кездеседі. Бұл сөз қазақ тілінде ерте кезде қолданылып, кейін «батыр», «ер» сөздерімен алмастырылған көне тұлға. Эпостарда, ақын-жырауларымыздың шығармаларында «ұлан» сөзінің «батыр», «ер жүрек» деген мағынасы сақталған» [2, 69].

«Ұлан» деп Қырым мен Астраханның феодалдық династияларында, Шағатай ұлысында, Алтын Орда мен Ақ Ордада билеуші аристократтардың ең жоғары әскери және әкімшілік қызметін атқаратын ұлдарды айтқан [16, 128-129]. Яғни «ұлан» термині көне түркі дәуірінде «батыр», «ер жүрек» мағынасынан, орта ғасыр дәуірінде әскери шенге ауысқан. Ал қазіргі қазақ тілінде «ұлан» атауы әскери термин ретінде «Республикалық ұлан» тіркесінде кездеседі. Ол – «Қазақстан Республикасының Президентіне қарайтын мемлекеттік әскери күштер бөлігі» [706], яғни президенттің жеке күзет қызметі. Сондай-ақ «ұлан» сөзі «жас ұлан» тіркесінде де кездеседі. КСРО кезінде ол – 12-18 жас аралығындағы жеткіншектердің идеологиялық ұйым [706] мүшесі болған болса, тәуелсіз Қазақстан уақытында жас ер балалар оқитын әскери мектеп атауы (Б.Момышұлы атындағы «Жас Ұлан» әскери мектебі). Осыдан қазіргі таңда ассоциативті түрде «жас ұлан» тіркесі ауызекі сөйлеу кезінде «болашақ сарбаз» мағынасында қабылданылатынын кездестіреміз. Сонымен қатар, газет атауы да («Ұлан» балалар мен жасөспірімдер газеті) бар. Мұнда ол «жасөспірім», «бала» мағынасында жұмсалған.

«Ұлан» термині өзбек тілінде, еуропа тілдерінде, орыс тілінде де кездеседі. Мысалы, неміс тілінде «уланка» деп әскери кительдің бір түрін айтса, орыс тілінде «ұландар полкі» болған [2, 49]. Ал өзбек тілінде «ұғлан» «жас жауынгер», «жасақшы», «гвардияшы» деп түсіндіріледі [17,596]. Яғни көне «оғлан» сөзі жазылу формасы өзгеріп, мағынасын жоғалтпай қазіргі кезде де белсенді қолданылып жүрген термин әрі атау екенін анықтадық.

Көне түркі жазбаларында жиі кездесетін тағы бір әскери терминдердің бірі – «alp» (алып), «alpagut» (алпауыт). Ахмет Вефик Паша «Лехче-и Османи» еңбегінде «alp» сөзін «шежі», «пехливан», «фәріс» және «батыр» мағыналарында қолданылғанын жазады [18,46]. Көне түркі тілдерінің этимологиялық сөздігінде «алп» сөзі «батыр», «ержүрек», «күшті», үлкен», «мықты» және «мінсіз» деп түсіндіріледі [11,139]. Ал «Özbek Tilining İzåhli Luğäti» еңбегінде «älp» сөзіне мынадай анықтама беріледі: «ежелгі түркі халықтарында соғыс басталар алдында әскери алаңда алға шығатын екі батыр адамды «alp» деп атаған» [19]. Бұл анықтамаларға қарағанда «алып» термині жоғары әскери лауазымды білдірген. Ал Күлтегін жазбасында «алп» сөзі жоғары титул ретінде адам атымен қатар аталатынын байқаймыз. Мысалы:

1) **Алп** Ер Тоңа өлді мұ?
Есіз ажұн қалды мұ?
Емді нүрек иыртылұр [9].

2) Білге Қаған болған, **алп** қаған болған [9].

«Алып» терминінің адам атауымен тіркесіп келуін «Қазақ тілінің әдеби сөздігінде» де жазады. Онда «алып» деген сөзге «түркі-оғыз заманынан бері батырлардың, хан-сұлтандардың, қолбасшы ерлердің есіміне қосылып айтылып келе жатқан мәртебелі ныспы» [20,472] деген анықтама берілген. Екінші мағынасында «үлкен», «зор», «дәу» деп түсіндіріледі [20,472]. Сондай-ақ сөздікте «алып» сөзінен бөлек «алп» термині кездеседі. Оның сөздікте 4 мағынасы берілген. Бірінші мағынасы – «алпауыт», «үлкен», «зор денелі», «ірі тұлғалы» деп, адам дене пішініне қатысты айтылса, екінші мағынасы – «қолында билігі бар», «атақты бай» деп түсіндіріледі. Ал үшінші мағынасы – «ірі жер иесі», «феодал» деп, орта ғасырлардағы мағыналық қолданылуы берілген. Төртінші мағынасында «саяси және экономикалық билікке ықпалы бар, қолында ірі капитал шоғырланған аса ірі меншік иесі» деген анықтама берілген [20, 443].

«Алп» сөзінің көне этимологиясын Р.Сыздықова «Сөздер сөйлейді» атты еңбегінде талдайды. Ол «алп» сөзінің мағынасы контекстке қарап «ауыр», «қорқынышты», «қауіпті», маңызды жүрісті бейнелейтін көне тұлға» деген мағыналарда жұмсалғанын жазады. Сонымен қатар оны «қазақ тілінде сақталған көне сарқыншақтардың бірі» дейді [21,40]. Бұл анықтамадан «алп» сөзінің мағынасы қазіргі мағынасынан сәл өзгеріп, мағынасы тарылғанын байқай аламыз. Дегенмен де түркі тілдес халықтар арасында «алп» термині бастапқы мағынасын жоғалтпаған.

Қорытындылай келе, көне түркі жазба ескерткіштерінде кездесетін әскери терминдер әскери лауазым, әскери шен, әскери атақ, әскери құрылымға қатысты сөздерден тұратыны нақтыланды. Соның ішінде «бас», «ер», «ерен» «ұлан», «алп» сияқты терминдер қазіргі қазақ тілінің сөздік қорында белсенді жұмсалып, жаңа термин мен атау жасауға қатысатындығы анықталды.

Зерттеу барысында «бас», «ер», «ерен» «ұлан», «алп» әскери терминдерінің көне замандағы қолданысы, семантикасы, құрылымы талданып, қазіргі түркі тілдес халықтардың тілінде қолданылуы мен семантикалық мағынасы салыстырылды. Көне түркі тілдер сөздігімен қазіргі қазақ, түрік, өзбек тілдеріндегі түсіндірме сөздіктермен жұмыс жасалып, терминдердің семантикалық трансформациясы, прагматикалық ерекшелігі нақтыланды.

Әдебиеттер тізімі

1. Шенгелбаева Н.Р.Қазақ тіліндегі әскери терминдердің сөзжасам жүйесі: филол. Ғыл.канд. ... дис. – Астана,2009. – 127б.

2. Байжанов Т. Қазақ әскери лексикасының тарихы: дис... д-ра филологич. наук./Т.Байжанов. – Алаты, 1993. – 336с.

3. Қожағұлова Қ. Қазақ тіліндегі әскери лексиканың мағыналық құрылымы: филол.ғыл.канд... автореф. – Астана, 2006. – 26б.
4. Clauson G. An etymological dictionary of pre-13th-century Turkish. – Oxford : Clarendon press, 1972. – 376
5. Ahmet Bican Ercilasun - Ziyat Akkoyunlu, Kâşgarlı Mahmud Dîvânu Lugâti't-Türk Giriş-Metin-Çeviri-Notlar-Dizin, Türk Dil Kurumu Yayınları, Ankara 2014, (ISBN: 978-975-16-2837-4), CXIX+995 s.
6. Түрік тілі сөздігі. https://sozluk.gov.tr
7. Battulga, T., & User, B. İh Biçigt Yazıtı Üzerine Notlar. Ulaanbaatar: Mongolian Science Press, 2019
8. Kizildağ, Süleyman Hilmi. Eski Türk Yazıtlarında Bulunan Askerî Rütbeler. Karadeniz Araştırmaları, 2025. XXII/86: 514-532.
9. Келімбетов Н., Канафин Ә.Түркі халықтары әдебиеті. Алматы, «Раyан», 1996, 256 бет
10. Caferoğlu, A. Eski Türkçe üzerindeki araştırmalar (VII. Baskı). İstanbul: Maarif Basımevi, 1968.
11. Академия наук Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков (IVII). Москва: Наука, 1974.
12. Күлтегін жазба ескерткіші. –авторы бар эпопеялық шығарма (732 жылы ақын Иоллық-тегін тас бетіне түсірген) : монография / Т. Еңсегенұлы ;– Алматы : Тоғанай Т, 2012. – 240
13. Türk Dil Kurumu. Türkçe Sözlük (1. cilt). Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları. – 1998
14. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 5-том / Құраст. Б.ӘбілқасымоВ. С.Бизақов, Ә.Жүнісбеков және т.б. – Алматы, 2011. 5-том.-752 бет
15. Сағындықов Б. Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері. – Алматы: Санат, 1994. -168 б.
16. Ч.Валиханов. Соб. Соч. I. А. 1961.
17. Узбекско-русский словарь М. 1959,
18. Ahmet Vefik Paşa, Lehçe-i Osmanî, Cilt I, 1993, бет 46.
19. «Özbek Tilining İzâhli Luğäti. https://izoh.uz/?hl=ru_RU
20. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 5-том / Құраст. Б.ӘбілқасымоВ. С.Бизақов, Ә.Жүнісбеков және т.б. – Алматы, 2011. 5-том.-752 бет
21. Сыздықова Р. Сөздер сөйлейді (Сөздердің қолданылу тарихынан), 2- басылуы. – Алматы, «Санат», 1994 – 272 бет.

ЭКОЛИНГВИСТИКА – ТІЛ БІЛІМІ САЛАСЫ

Қ.Ж. Ерсұлтанова,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ PhD докторанты
Қазақстан, Алматы
yersultanova_karakoz@live.kaznu.kz

Аннотация. Эколингвистика – новая ветвь языкознания, которая сформировалась на стыке социального, психологического и философского направлений в лингвистике. В данной статье описываются теоретические основы эколингвистики, рассматривается ее место в казахском языкознании.

Ключевые слова: эколингвистика, казахский язык, чистота языка, ксенолексика.

Abstract. Ecolinguistics is a new branch of linguistics, which was formed at the junction of social, psychological and philosophical trends in linguistics. This article describes the theoretical foundations of ecolinguistics and examines its place in Kazakh linguistics.

Keywords: ecolinguistics, kazakh language, purity of language, xenolexics.

Эколингвистика бағыты тілді қоғамның тіршілік ету ортасы ретінде, экологиялық (биоәлеуметтік) тәжірибенің сақталуы мен тасымалдануы үшін қолданылатын кодтардың бірі ретінде қарастырады. Экологиялық орта жеке тұлғаның тілдік мінез-құлқына әсер етеді және олардың қарым-қатынас сипатын анықтайды.

Тіл экологиясы ұғымы XX ғасырдың 70-жылдары алғаш әлеуметтік лингвистика зерттеушісі Э. Хаугеннің баяндамасында пайда болды. Оның «Тіл экологиясы» атты еңбегі 1972 жылы жарық көргеннен бері аталмыш сала қарқынды дами бастады. Э. Хауген экологияның зерттеу пәніне психологиялық және әлеуметтік жағдай салдары мен оның тілге тигізетін ықпалын жатқызады. Сонымен қатар зерттеуші дәстүрлі экология ұғымын метафоризациялау арқылы тіл экологиясының мәселелерін жеке бағыт ретінде тұжырымдады. Ол қалыптастырған ережелердің бірі бойынша, биологиялық түрлер сияқты тілдер басқа тілдермен және қоршаған ортамен байланыста туады, дамиды, өзгереді, өмір сүреді және

өледі. Тілдерге де жойылу қаупі төніп тұрған биологиялық түрлерге сияқты қауіп төнеді, сондықтан тіл экологиясы бұл мәселені шешу кезінде тілдердің өліміне қатысты проблемаларды шешу және оның алдын алу жолдарын ұсынуы керек [1, 325].

Э. Хауген идеяларының арқасында эколингвистиканың түрлі бағыттары белсенді зерттеле басталды. Эколингвистика ұғымын бірқатар тілші-ғалымдар қарастырды. Неміс лингвисті, мәдениеттанушы Харальд Хаарман жеті «экологиялық айнымалыны» немесе оның пікірінше, тілдік топтардың да, жеке тұлғалардың да тілдік мінез-құлқын анықтайтын факторларды атап көрсетті: демографиялық, әлеуметтік, саяси, мәдени, психикалық, интерактивті және лингвистикалық жағдаяттар. Бұл айнымалыларды оқшауланған түрде қарау мүмкін емес, өйткені олар бір-бірімен байланысып, өзара «экологиялық жүйе» құрайды [2, 48].

«Эколингвистика» терминін 1985 жылы француз лингвисті Клод Аджеж енгізген. Содан бері «эколингвистика» ұғымы экологияны лингвистикамен байланыстыратын зерттеудің барлық ғылыми салаларын қамтитын бағыт ретінде қолданылып келеді. Сонымен қатар тіл мен экологиялық мәселелер арасындағы қатынастарды, мысалы, биоалуантүрлілік пен қоршаған орта мәселелерін зерттеумен айналысатын тіл экологиясын тілдер арасындағы өзара әрекеттесуге, атап айтқанда тілдік алуандықты сақтауға арналған тіл экологиясынан ажырата білу керек.

Кез келген тіршілік иелерінің қауымдастығы өзінің тіршілік ету ортасымен қатар ішкі және сыртқы әлеммен күрделі қатынастар жүйесі арқылы байланыста болатыны экологиялық ойлаудың негізін құрайды.

Эколингвистика – тіл біліміндегі әлеуметтік, психологиялық және философиялық бағыттардың тоғысында қалыптасқан лингвистиканың жаңа саласы. Ол тілдерді өзара қарым-қатынас жасау тұрғысынан қарастырады. Экологияда тірі ағзалардың бір-бірімен және қоршаған әлеммен әрекеттесуі зерттелетіні сияқты, эколингвистика да тілдер мен олардың «қоршаған ортасы», яғни оларды қолданатын қоғам арасындағы өзара байланысты қарастырады.

Демек эколингвистиканы биологиядағы экология ұғымына ұқсас қағида бойынша тұжырымдалған тіл білімінің жаңа бағыты деп түсінеміз.

В.Ф. Нечипоренко эколингвистикаға биолингвистиканы да жатқызады. Ол: «Эколингвистика биологиялық лингвистиканы бағындырады және соңғысын өзінің ішкі өзара байланысты компоненттерінің бірі ретінде қарастырады», – деп атап көрсетеді. Автор биолингвистика ретінде «адам ағзасындағы материалдық және рухани (психикалық) ұстанымдардың қатынастары, байланыстары туралы ғылымды» түсінеді [3, 74].

Қазіргі таңда эколингвистикада негізгі екі бағытты ажыратуға болады:

● тіл экологиясы (Э. Хауген бойынша) экологиялық ұғымдарды (экология, қоршаған орта, экожүйе ұғымы) метафоралық түрде тілге қатысты қолданады, бұл бағытта шетелдік ғалымдар А. Филл, В. Трамп, И. Шторк, П. Финкенің еңбектерін атап өтуге болады;

● тілдік экология (М. Халлидей бойынша), онда тілдер мен мәтіндер олардың экологияға қатысы тұрғысынан қарастырылады және тілдің қоршаған әлем мәселелерін сипаттаудағы рөлі зерттеледі, бұл жайында М. Деринг, П. Мюльхойслердің еңбектерінде айтылған.

Егер құрылымдық лингвистика тілді жеке элементтерге бөліп, сол бірліктердің қалып-күйін зерттеп, тіл мен сөйлеуді ажыратын болса, экологиялық лингвистика бөліп қарастыру орнына элементтердің байланысына баса назар аударады. Структурализмде элементтің мәні оның тілдік жүйедегі орнымен анықталады. Бұндағы жүйе – статикалық құбылыс, әр өзгеріс тұтас жүйенің тепе-теңдігін өзгертеді. Керісінше, экожүйе – ашық, тірі, өзгермелі құрылым. Эколингвистикадағы зерттеудің негізгі объектісі бұл тек тілдің жай-күйі немесе дамуы, тілдік бірліктер арасындағы қатынастар емес – аталған бірліктердің өзгеруіне әкелетін үдерістердің өзі және олардың өзара байланысы.

Тілдің даму барысында бір тілдің екіншісіне тигізетін әсерін немесе тілдердің жеке дамуын зерттейтін тарихи тіл білімінен айырмашылығы – экологиялық лингвистика, мейлі ол жеке адамның санасы болсын, мейлі тұтас бір қоғам болсын, яғни белгілі бір кеңістіктегі

бәсекелес тілдер арасындағы бір-бірін ығыстыру немесе тілдердің тірі қалу үрдістерін зерттейді.

Тілді білім алмасу, өзгелерге ықпал ету мақсатындағы байланыс құралы ретінде қарастыратын прагматикамен салыстырсақ, эколингвистика тілдің «сөйлеу актілерінің» қарапайым алмасуымен шектелмейтін функцияларын зерттейді. Бұндағы тіл қызметі байланыс орнату кезіндегі өтініш, түсіндіру, сұрақтан гөрі ауқымдырақ сипатқа ие болады. Эколингвистика тілдің қауымдастықты сақтау құралы ретіндегі рөлін, осы құралдың қарым-қатынастың нақты жағдайларында қызмет етуін зерттейді.

Тілдік бірліктердің экологиялық таза болуының маңызды өлшемшарттарының бірі – олардың антропоцентризммен байланысы. Эколингвистикалық тәсіл антропоцентристік факторға сыни көзқараспен қарауды болжайды, антропоөзектілік әр түрлі эколингвистикалық мәселелерді тудырады деп есептейді: андроцентризм, табиғи ресурстардың сарқылмастық идеологиясы, әлемді адам тұрғысынан санаттау. Антропоөзектілік шынайы құбылыстардың тілдік номинациясында, оларды адам үшін пайдалылық пен пайдасыздық тұрғысынан қарастыруда да көрініс табады. Адамның табиғаттан бөлініп тұруына баса назар аударатын қашықтық стратегиясы да антропоцентризмге жатады. Егер адамзаттың қалыптасу кезеңінде табиғатқа деген мұндай көзқарас адамдардың түр ретінде тіршілік етуі үшін қажет болса, қазіргі уақытта бұндай проблемалардың тілдік көріністерін ашу, бір жағынан, осы проблемалардың бар екендігі туралы қоғамның көбірек хабардар болуына, екінші жағынан, оларды шешуге ықпал етеді.

Эколингвистика, оның ішінде тіл экологиясы – қазақ тіл білімі үшін де өзекті тақырыптардың бірі. Табиғи орта сияқты тілді де қорғау, сақтау қажет. Тіл экологиясы сөйлеу ортасының ресурстарын дұрыс пайдалану ғана емес, түрлі себептерге байланысты орын алуы ықтимал тілді «ластайтын» лингвистикалық құбылыстарды болдырмауға септігін тигізеді.

Тіл – адам қатынасының, ойлаудың, мәдениеттің құралы. Тіл тазалығы – ана тілін басқа тілдің сөзімен шұбарламау. Ана тілінің шұбарлануы ауызекі тілде ғана емес, жазба тілде де орын алған. Қоғамдағы адамдардың сөйлеу ортасы тілі мен мәдениетінің жай күйін көрсетеді.

Реформатор-ғалым А. Байтұрсынұлы сөз тазалығы туралы былай дейді: «Қазақ әдебиеті қатып-пісіп жетпеген уақытта біз қазақ сөзін ескі, жаңа деп талғамаймыз, жергілікті сөз екен деп, ол жағынан қатал қарап, қашып тұрмаймыз. Жалғыз-ақ біздің мықтап қашатынымыз жатшылдық (жат сөзшілдік).

Біз сияқты мәдениет жемісіне жаңа аузы тиген жұрт, өз тілінде жоқ деп мәдени жұрттардың тіліндегі даяр сөздерді алғыштап, ана тілі мен жат тілдің сөздерін араластыра-араластыра ақырында ана тілінің қайда кеткенін білмей айрылып қалуы ықтимал. Сондықтан мәдени жұрттардың тіліндегі әдебиеттерін, ғылым кітаптарын қазақ тіліне аударғанда пән сөздерінің даярлығына қызықпай, ана тіліміздің қарастырып сөз табуымыз керек. Сонда біздің әдебиетіміздің тілі таза болып, жоғарыда айтылған талғау салтының шарты орындалған болады» [4, 256].

Р. Сыздық: «Тіл мәдениеті дегеніміз – сөздерді дұрыс орнымен қолдану (лексикалық), дұрыс құрастыру (синтаксистік), дұрыс қиюластыру (морфологиялық), дұрыс дыбыстау (орфоэпиялық), сауатты жазу (орфографиялық), тілді әсерлі етіп жұмсау (лингвостилистикалық) нормаларын ұстану, орнықтыру, жетілдіру», – дейді [5, 26].

Жалпы орфоэпиялық және орфографиялық нормаларды меңгерту арқылы тілдік ортаны таза ұстаудың негізгі қағидалары А. Байтұрсынұлы, Қ. Жұбанов, І. Кеңесбаев, М. Балақаев, С. Аманжолов еңбектерінен бастау алады. М. Балақаев, Р. Сыздық, М. Серғалиевтертер тіл мәдениетіне арналған зерттеу еңбектерін жазды. Қазақ тіл білімінің жеке бір бағыты ретінде тіл экологиясына қатысты жазылған еңбектерге Н. Уәли, Г. Смағұлова, Д. Әлкебаевалардың зерттеулері жатады. Бұл мәселе Қ. Дүсіпбаева, А. Әмірбековалардың еңбектерінде де қарастырылған.

Г.А. Досжан лингвоконтактология мәселесін зерттей келе, шеттілдік элементтердің тілдік жүйеге енуімен байланысты пайда болған атауларды «ксенолексиканың» шеңберінде қарастырған жөн деп айтады. «Ксенолексика» терминінің негізін құрайтын «ксено» сөзі

грекше «бөтен» деген мағынаны білдіреді. Бұл терминнің мағынасы «кірме сөз» ұғымына қарағанда кеңірек. Кірме сөздер деп қабылдаушы тілде толық ассимиляцияға ұшыраған шеттілдік лексикалық бірліктерді атасақ, ал ксенолексика деп қабылдаушы тілде игерілген не игерілмеген сөзді атаймыз. Ксенолексика қарастыратын ұғымдар қатарына қабылдаушы тілдегі ерте немесе кеш игерілу деңгейіндегі шеттілдік сөздер жатады. Қазіргі лингвистикалық зерттеулерде варваризм, экзотизм және шеттілдік бөлшектер (иноязычные вкрапления) терминдерінің аралас қолданылуы көрініс беруде» [6, 43].

Отандық лингвистика ғылымында тілдегі стандартқа сай емес құбылыстар арго, жаргондар мен олардың барлық түрлері, инвективті лексика зерттелуде. Жоғарыда айтылғандармен тығыз байланысты тағы бір фактор шет тілдері лексикасы, жаргондары әдеби тілдің төл сөздерін алмастыруда.

Қазіргі қоғамдағы сөйлеу ахуалы адамдардың ұлттық тілі мен мәдениетінің жалпы жағдайын анықтайды. Тіл экологиясы тілдің сыртқы түріне, оған әсер ететін жағдайды және оның теріс ықпалын қарастырады. Күнделікті өмірде жат сөздердің пайда болуы, олар тілдің бұзылуына немесе жойылуға жақын жағдай туғызуы мүмкін. Тіл экологиясын сақтаудың маңыздылығы мынада: тіл адамның ойлауы мен мәдениетін қалыптастырады, тұлғааралық қатынастарды анықтайды.

Қазақ тілі күн сайын жаңа сөздермен толығуда. Бұған жаһандану, техникалық, халықаралық және мәдени байланыстар, интернеттің дамуы сияқты түрлі факторлар әсер етеді. Тілдік байланыстар – тілдегі белгілі бір инновациялардың қалыптасуына әсер ететін экстралингвистикалық сипаттағы маңызды факторлардың бірі. Диахрондық үдерісте барлық дерлік тілдер көрші тілдердің ықпалына ұшырап, әр түрлі мемлекеттер мен халықтар арасындағы әлеуметтік және тілдік байланыстарды кеңейтеді. Басқа тілдерден сөз алу – кез келген дамыған тілге тән табиғи және заңды құбылыс. Тілдің тарихи даму барысында басқа тілдердің әсері болды.

Жаһандану кезеңінде өркениеттердің тоғысуы, геосаяси, ұлтаралық, дінаралық, мәдениетаралық диалогтардың медиакеңістікке ықпалының артуы, ақпараттық-технологиялық медиакеңістіктің шекарасының кеңеюі, заманауи факторлардың әсерінен қазақ тілді медиакеңістікте жедел қарқынмен дамуда.

Еліміздегі саяси-әлеуметтік, тарихи-географиялық жағдайларға байланысты орыс тілінің айтарлықтай ықпал еткені белгілі. Дүние жүзінде ағылшын тілінің үстемдік құруы, ғылым мен техника тіліне айналуы себебінен ағылшын сөздері де қазақ тіліне сыналап кіруде. Сонымен қатар еліміздегі діни ағымдар әсерінен соңғы кездері араб сөздері қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне бейімделмей, араб тіліндегі дыбысталу қалпында қолданылып келеді. Бұл тұста ана тіліне нұқсан келтірмей, оның өзіне тән, қайталанбас ерекшелігін сақтай отырып, қазақ тілінің табиғи қалпын сақтау, жаңа сөздерді кіріктіре білу маңызды.

Жалпы, қазақша сөйлеу әдебі – бұл қазақ ұлты мен мемлекеттілігін сақтаудың негізгі жүгін көтеретін ұлттық мәдениеттің құрамдас бөліктерінің бірі. Тіліміздің аясын кеңейтіп, оны әрі қарай дамытудың басты шарттарының бірі – тіл тазалығын сақтау. Бұл қазіргі тілдік мәселелердің ішіндегі ең маңыздылардың бірі саналады. Жаһандану кезеңінде ағылшын тілінен енген кірме сөздердің тасқыны ана тіліміздің жағдайына кері әсерін тигізіп, қасиетінің жойылуына әкеп соғуы мүмкін. Тілге тигізер әсері туралы айтқанда, қарама-қайшылық бар екенін де айта кету жөн. Жаңа сөздердің пайда болуы бір жағынан біздің сөздік қорымызды байытса, екінші жағынан өте көп мөлшерде кірме сөздерді пайдалану тіліміздің шұбарлануына әкеп соғады, тіл тазалығы мен әдеби көркемдігі бұзылады. Қазіргі кезде заманауи жарнамалар мен телеарналарда «Black Friday», «Lifestyle», «Startup» сынды сөздер жиі кездеседі. Араб тілінен енсе де Н. Төреқұлұлы айтқандай, «қазақтың тымағын киіп», тіліміздің фонетикалық заңдылығына бейімделген Айша, Қадиша, Абдолла, Әбубәкір есімдерінің орнына елімізде Аиша, Хатидже, Абдаллаһ, Абубакр деген есімдердің қойылып жүргені белгілі. Бұл тұрғыдан араб тіліндегі түпнұсқаға ұқсатылған варианттан гөрі тіліміздің бұрыннан қолданыста жүрген қазақи нұсқаны қолданған тіл тазалығын сақтауға септігін тигізеді.

Демек қазіргі қазақ тілінің экологиясын бірнеше фактор бар: шеттілдік сөздердің енуі, жаңа цифрлық медианың кең тарауы және тілдік нормалардың сақталу күйі. Зерттеулер мен талдаулар тіл тазалығын қамтамасыз етуде мемлекеттік және қоғамдық бастамалар – қазақ тілінде сапалы білім беру, медиа мен технология саласындағы қазақша мазмұнды арттыру – маңызды құрал болып отыр. Аталмыш жұмыстар қазақ тілінің өміршеңдігін арттыруға бағытталған және тілдік экологияны сақтау үшін қоғам мүшелерінің таза сөйлеуге ұмтылысы, мемлекеттік қолдау мен ғылыми зерттеулердің маңызы өте зор. Осыған орай, елімізде эколингвистиканы зерттеу қазіргі кезде аса өзекті мәселеге айналып отыр.

Әдебиеттер тізімі:

1. Haugen E. The ecology of language. Essay. – Stanford: Stanford University Press, 1972. – 325-340 pp.
2. Haarmann H. Language in Ethnicity: A View of Basic Ecological Relations /Contributions to the Sociology of Language, vol. 44/ – Berlin / New York: De Gruyter, reprint 2012. – 296 pp.
3. Нечипоренко В.Ф. Теоретические основы биолингвистики. – Калуга: Облиздат, 1999. – 124 с.
4. Байтұрсынұлы А. Қазақ тіл білімінің мәселелері / Құраст.: Ғ. Әнес. – Алматы: Абзал-Ай, 2013. – 640 б.
5. Сыздық Р. Тілдік норма және оның қалыптасуы. Көптомдық шығармалар жинағы/ Р. Сыздық / – Алматы: Ел-шежіре, 2014, – Т.8 – 292 б.
6. Досжан Г. Лингвоконтактология: кірме лексемалардың семантикасы мен прагматикасы: монография – Алматы: Эверо, 2019. – 239 б.

«ҚҰТТЫ БІЛІК» ДАСТАНЫНДАҒЫ «ҚОЛДА» ИМПЕРАТИВ ЕТІСТІГІНІҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ КОРПУСТАРДАҒЫ КӨРІНІСІ

А. Б. Жиенбекова,
Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-дың магистранты
Қазақстан, Астана
aruzhan.zh2003@mail.ru

Аннотация. В статье сопоставляется значение императива «қолда» в поэме Ж. Баласагуна «Кутадгу билиг» и его употребление в современных казахском, татарском и башкирском корпусах. Построены онтологические модели, выявлены различия в разметке и частотности. Подготовлен небольшой словарь двусложных глаголов.

Ключевые слова: императив, корпусная лингвистика, онтологическая модель.

Abstract. This article compares the imperative verb qolda in Y. Balasaguni's Kutadgu Bilig with its usage and annotation patterns in modern Kazakh, Tatar, and Bashkir language corpora. Ontological models were developed, frequency data were analyzed, and a mini-dictionary of two-syllable verbs was compiled.

Keywords: imperative verb, linguistic corpus, ontological model.

«Құтты білік» – түркі халықтарының ортақ мұрасы. IX ғасырда қанат жайған алпауыт Қарахан мемлекеті тұсында Жүсіп Баласағұн жазған.

Түркі жазба ескерткіштерінің тілін талдау қазіргі лингвистикалық бағыттар үшін аса өзекті әрі маңызды. Мақалада «Құтты білік» дастанының 5 - томынан «қолда» императив етістігі зерттеу нысанына алынады.

Ғалым Ә. Қайдар императив етістіктер туралы былай дейді: «Қазақ грамматикасында біреуге арналып, бұйыра айтылған, тілек айту, өтіну, жалыну, кеңес беру, әмір беру, қозғау салу секілді мағыналарды беретін бұйрық рай тұлғалары» ретінде сипаттайды[1,29]. Императив тұлғалы етістіктер дегеніміз-қимыл-қозғалыстың, әрекеттің жалпы мағынасын білдіретін жекеше тұлғадағы, бұйрық райдың екінші жақ тұлғасындағы етістік[2]. Ал екі буынды етістіктердің императив тұлғасы жайлы, олардың құрамындағы аффикстік морфемалар жайлы түркітануда көптеген пікірлер бар. Бұл тақырыптағы көлемді зерттеудің бірі ретінде Э. Севортян еңбектерін атап кетуімізге болады. Ғалымның этимологиялық сөздігінде көптеген императив етістік жасайтын моделдерге тоқтала өткен. Ғалым П. И. Кузнецова императив тұлғалы етістік құрамындағы аффикстік морфемаларды агглютинация теориясы негізінде түсіндіруге тырысса, ғалым А. М. Щербак агглютинациядан бөлек,

«бейімделу, секреция, фонемалық алмасым, дауыстылар үндестігі, фузия» тәріздерді аффикстік морфемалардың жасалуын көрсетеді. Қазақ тіліндегі етістік негіздердің сөзжасамдық моделдерін көрсетуде А. Хасенова -ла, -ле моделі арқылы жасалған етістіктерге талдау жасаған болатын[3,58]. Қазақ тіл білімінде императив етістік тақырыбын терең зерттеген Ә. Қайдар, Ж. Манкеева бұл сөзжасамдық моделдерін 35 түрі бар екенін көрсетіп, соның негізінде жасалған императив тұлғалы етістіктерге талдау жасайды.

Сол моделдің бірі *-да, -де* екі буынды императив етістік жасаушы сөзжасамдық моделі. *-да, -де* моделін Ж. Манкеева еңбегінде -ла, -ле моделінің фонетикалық варианты дейді. Бұл моделдің өзінен бүгінгі тілімізде аз ғана императив етістік тараса, соның бірі-«қолда» етістігі. «Қолда» императив етістігі «қолдау білдіру, қолпаштау, ұлы күштен медет тілеу» мағыналарында дастанда жиі қолданылады. Дастанда «Күнәһармын күнәліден-көп жала, Күнәмді кеш, түзет, мені қолда да!»-деген дастанның үзіндісін де қандай да бір тіршілік иесінен қолдау, қолпаштау, демеу мәні бар болатын болса, «Иә, Раббым, қолда күллі момынды, Рахым еткей, беріп әділ жолыңды!»-деп құдіретті, ұлы күштен медет тілеген, қолдау күткен пенденің бейнесін көре аламыз[4,510-519]. Э. Севортян сөздігінде қолла нұсқасында келген сөздің 3 түрлі мағынасын көрсетеді. Соның екінші үлкен мағынасы «қолда-поддерживать» деп келеді[5,50]. Яғни, бұл императив етістіктің қолданылуы бүгінгі тілдегі қолданыс емес, түркі жазба ескерткіштерінен бері қолданылып келе жатқандығының айғағы. Бұған тағы бір дәлел фонетикалық өзгерістер арқылы құбылып, осы қалып негізінде түркі тілдерінде кездесуі. Колдоо-қырғыз тілінде, qo’llab-quvvatla-өзбек тілінде кездеседі. Дастанда қолданылатын қолда етістігінің императив тұлғада 5 рет кездеседі. Жоғарыда көрсеткен «қолдау, демеу болу, Алладан медет тілеу» мағыналары бүгінгі қазақ тілінде еш өзгеріссіз қолданылады. Біз алдыңғы зерттеулерімізде, «Құтты білік» дастанындағы *-ла, -ле, -та, -те, -да, -де* тұлғалы екі буынды етістіктер» атты мақаламызда екі буынды императив етістіктерге талдау жасадық. Соның ішінде бүгінде түбір тұлғасы өзгеріссіз келген етістіктердің қатары аз. Сондай тірі түбірден туындаған, бүгінгі тілде актив қолданыстағы, түркі жазба ескерткіштеріндегі және бүгінгі тіл біліміндегі мағынасы өзгеріссіз келген императив етістіктің бірі-«қолда» етістігі. Сол себептен, қолда етістігін бүгінгі корпустық лингвистика әдісі арқылы талдауды жөн көрдік.

Мақаламызда осы «қолда» императив етістігінің лингвистикалық корпустардағы берілуі мен морфемдік талдау кезіндегі онтологиялық моделдерге тоқталғымыз келеді.

Қазіргі кезде тілдік бірліктерді корпус лингвистикасы тұрғысынан саралау тіл білімі үшін өзекті тақырып деуімізге болады. Сөзді дұрыс талдау, олардың мәтінде беріліп, зерттеу жұмыстарын жеңілдетуі, ақпараттарды сұрыптап, жинап, ұсыну негізінде де корпустың атқаратын міндеті орасан зор. Европа елдерінде корпус жасау мәселесі бірнеше ғасыр алдын дамып кетсе, корпус құру мәселесі бір тілдерде енді іске қосылып жатыр. Қазақ тіл білімінде ұлттық корпус құру мәселесі ғалым А. Жұбановтың жетекшілігімен А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында 2009 жылы қолға алынды. Бұдан бөлек әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде, Ғылым академиясының Ақпараттық және есептеуіш технология институтында да корпус құру мәселесі қолға алынды. Қазірде Қазақ тілінің ұлттық корпусы 40 миллион сөзқолданысынан тұрады, Қазақ тіл ұлттық корпусының кіші корпусы және Алматы қазақ тіл корпусы жұмыс жасауда. Бұдан бөлек біз мақаламызда Башқұрт тілінің ұлттық корпусын және татар тілінің «Туган тел» ұлттық корпусын талдау барысында пайдаланамыз.


Қолда етістігі Э. Севортян сөздігінде «қолла» нұсқасында берілген. Бұл біреуге «қолдау білдіру» мағынасын береді. Дастанда да «қолдау көрсету, құптау» сынды мағынаны береді. Дастандағы және бүгінгі түркі тілдеріндегі мағыналары бірдей. Тек түркі тілдерінде әртүрлі нұсқаларын кездестіреміз, мәселен құмық, өзбек тілдерінде қолла ретінде қолданылады. Бұл жерде л-д әріптік алмасулары байқалғанымен, мағыналары іліктес.

Енді осы императив етістіктің лингвистикалық корпустардағы, дәлірек айтсақ Қазақ тілінің ұлттық корпусы, Қазақ тіл ұлттық корпусының кіші корпусы, Алматы қазақ тіл корпусы, «Туган тел» татар тілінің ұлттық корпусы, Башқұрт тілінің ұлттық корпустарындағы

сипатын қарастырайық. Біз талдау барысында корпуста берілу жолдары және кеткен қателіктер бойынша талдау жасағымыз келеді.


Қазақ тілінің ұлттық корпусында қолда етістігі зат есім және етістік тұлғасында кездеседі. Зат есім мағынасында оған -да жатыс септігі жалғануын көрсетеді. Алайда етістік ретінде талдау барысында біз морфемдік бөліністі байқай алмаймыз.

Тұтас қолда етістігінде нөлдік форма арқылы бұйрық мәнді білдіріп тұр және жіктік жалғауы, 2-жақ, жекеше деп талдаған. Қазақ тілінің ұлттық корпусында императив мағынаны беруші форма -да екендігі ажыратылып көрсетілмеген. Қазақ тілінің ұлттық корпусында «қолда» етістігінің леммасының 3 түрлі мағынасын берген және ол мағыналар «Құтты білік» дастандағы мағыналармен сәйкес келеді. Бірінші мағына-біреуді, бірнәрсені жақтау, құптау, қостау, мақұлдау, екінші мағына-желеп-жебек, рухтандыру, дем беру. Бұдан бөлек Қазақ тілінің ұлттық корпусында фонетикалық және фонологиялық талдаулар берілген. Корпустағы сөздің стильдер бойынша статистикасында тоқталар болсақ, ғылыми стильде 14 000-ға жуық сөзқолданыс табылса, көсемсөздерде сегіз мыңнан астам сөзқолданысы бар екен. Ең аз кездесетін стиль түрі – іскери стиль.





«Қолда» етістігінің мағынасы және статистикасы (Қазақ тілінің ұлттық корпусында)




Қазақ тіл ұлттық корпусының кіші корпусында «қолда» нұсқасында тек зат есімдік мағынадағы сөздерді көре аламыз. Қолдау нұсқасындағы нақты іздеуден бөлек, морфологиялық іздеу барысында 6179 құжат табылды. Бұл жердегі талдау бойынша «қолда» леммасындағы -да есімнен етістік тудырушы жұрнақ деп талдаған. Алайда барлық мағынасы жағынан тек зат есімдік мағына «көмек, бұғау, малдың алдыңғы аяғының қара етті жерінің қолтықпен түйіскен тұсы» деген мағыналарды берген. Корпуста «қолда» сөзінің етістік ретіндегі мағынасы қамтылмаған.

«Қолда» етістігінің мағынасы (Қазақ тіл ұлттық корпусының кіші корпусында)

Алматы қазақ тілі корпусы бойынша «қолда» сөзімен 58 кірігу, 30 құжат анықталды. Бұл жерде қолда сөзінің зат есімдік те, етістік ретіндегі де мағыналары қамтылған. Алғашқы екі мағына зат есімдік болса, соңғысы қолда-V, imper, 2, sg деп онтологиялық моделін берген. Бұл жерде императив етістік, 2-жақ, жекеше деп талданған.

«Қолда» етістігінің мағынасы (Алматы қазақ тіл корпусында)




Қазақ тілінің ұлттық корпусы, Қазақ тіл ұлттық корпусының кіші корпусында талдау қазақ тіліндегі грамматикалық категориялардың қысқартылған атауымен берілсе, Алматы қазақ тіл корпусында бүгінгі онтологиялық моделдер арқылы берілген. Біз еуропалық, орыс халқының немесе алыс-жақын түркі халықтарының корпусына зер салсақ, ондағы морфологиялық талдаулар онтологиялық моделдер арқылы берілген. Сөзімізге дәлел ретінде, татар тілінің ұлттық «Туган тел» корпусындағы қолда етістігінің талдауын ұсынғалы отырмыз.


Татар тілінде қолдау етістігі «хупла» түрінде кездеседі. Қазақ тілінің ұлттық корпусында қолдау етістігінің бір мағынасы – «құптау». Қолдау етістігінің осы мағынасымен

іліктес деп айта аламыз. Ал татар тілінде бұл қолдау, қолда етістігі хупла нұсқасында қолданылады. Хупла етістігі бойынша корпус көлемінде тек 2 құжат табылды. Оның морфемдік талдауын V+IMP_SG() деп көрсеткен. Бұнда V-етістік, IMP бұл императив етістік деген белгіленім болса, SG-жекеше деген мағынаны білдіреді. Корпус көлемінде қолданылған онтологиялық моделдердің кестесі берілген. Сол кестеге сүйене отырып талдау жасадық.

«Қолда» етістігінің мағынасы («Туган тел» Татар тілі корпусында)



sahiptir. İngilizce, analitik bir dil türü olarak, sözcük yaratımı ve biçim değişimi süreçlerinde sınırlı çekim (fleksiyon) olanaklarına sahip olmasına rağmen, gelişmiş türetme (derivasyon) ve bileşik (kompozisyon) mekanizmalarına sahiptir. Bu açıdan İngilizcede sözcük yapısının araştırılması yalnızca dilin içsel kurallarını değil, aynı zamanda tarihî gelişim aşamalarını, söz varlığının anlamsal dinamiklerini ve gramatikal kategorilerin oluşum özelliklerini anlamak için önemli bir bilimsel temel oluşturur. Modern İngilizce sözcüklerin yapısı hem sözcüksel (leksikal) hem de gramatikal açılardan ilgi çekici ve çok boyutlu bir araştırma konusudur. Sözcükler yalnızca dilin temel birimi olarak işlev görmekle kalmaz, aynı zamanda morfolojik yapıları, anlam yükleri ve kullanım bağlamları dilin gelişim ve değişim süreçlerini yansıtır. Modern İngilizcede sözcük yapısı, genellikle temel kök, önek (prefiks), sonek (suffiks) ve bazı durumlarda bileşik öğeler üzerinden oluşur. Önekler, sözcüğün anlamını değiştirerek yeni sözcük birimleri yaratırken; sonekler sözcüğün işlevsel kategorisini (isim, fiil, sıfat vb.) belirler. Ayrıca bileşik ve birleşik sözcükler modern İngilizcede yaygın olarak kullanılmaktadır ve genellikle sosyal, teknolojik ve kültürel yenilikleri yansıtır. Anlamsal düzeyde sözcük yapısı, sözcüğün anlam spektrumunu belirler. Morfolojik değişimler ve ekleme (affiks) süreçleri ile sözcüklerin anlamı genişler ve daha kesin ifade edilir. Fonolojik değişimler de sözcüklerin algılanmasını etkiler; örneğin vurgu ve intonasyon farkları sözcüğün işlevini ve anlamını değiştirebilir.

Modern İngilizcede sözcük yapısını incelemek hem dilbilimciler hem de dil öğrenenler için önemlidir. Bu, yeni sözcüklerin oluşumunu, mevcut sözcüklerin değişimini ve dilin küresel üsluplara göre gelişimini anlamayı sağlar. Sözcük yapısı, dilin sistemli yapısını yansıtır ve dinamik doğasını açık bir şekilde gösterir. İngilizce sözcük yapısı, kök, önek, sonek ve bazı durumlarda infiks, dönüşüm (konversiyon) ve sıfır morfem gibi unsurların karşılıklı ilişkisi temelinde oluşur. Sözcüklerin morfem bileşenlerinin analizi, dilin nominatif olanaklarını, anlamsal genişlemeyi ve işlevsel yükü belirlemeye imkân tanır. Amacımız ingilizcede sözcük yapısının morfolojik modellerini sistemleştirmek, leksik-anlamsal özelliklerini ve işlevsel potansiyelini belirlemektir.

Sözcük, dilin temel birimi ve söz varlığının öncü öğesidir. Söz varlığı, yani dilin leksikası – İngilizce de dahil olmak üzere her dilin sistemi – sürekli bir değişim sürecindedir. Bazı sözcükler kullanımdan kalkar ve arkaikleşir; diğerleri ise ortaya çıkarak söz varlığını zenginleştirir. Her dilin ayırt edici özelliği, taşıyıcılarının toplumsal, kültürel ve günlük yaşamda meydana gelen en küçük değişikliklere dahi hassas tepki verebilme yeteneğidir.

Dil söz varlığının zenginleşmesi farklı yollarla gerçekleşir: mevcut sözcükler üzerinden yeni sözcüklerin yaratılması, mevcut sözcüklerin anlamsal yapısının genişletilmesi ve homonimlerin ortaya çıkması, diğer dillerden veya aynı dilin lehçelerinden sözcüklerin alınması gibi.

Dil içinde yeni sözcükler, belirli modeller – dilde oluşmuş tipolojik örnekler temelinde – oluşturulur: verimli sözcük yapıcı morfemler ve ekler aracılığıyla, iki veya daha fazla kökün birleşerek tek bir sözcük oluşturması yoluyla (bileşik sözcük), ayrıca eksiksiz eklenmesiz sözcük yaratımı yoluyla. Bu yöntemlerin her birinin kendi tipolojisi vardır ve bu tipoloji dilin genel tipolojik karakterine bağlıdır. Dolayısıyla sözcüğün morfolojik yapısında şu morfemler ayırt edilebilir: kök morfem, sonek morfem (suffixal) ve önek morfem (prefixal). İngilizcede, genellikle kök morfem, ses yapısı bakımından temelle örtüşür; çünkü modern İngilizce sözcük yapısı çoğunlukla tek morfemli karakter taşır. Örneğin *friend* sözcüğü kök morfem olmakla temel işlevini de yerine getirir. Bu temele *-ship* soneki eklenir ve bu durumda temel "kök-temel" olarak adlandırılabilir: *friend* + *ship* = *friendship*. Benzer şekilde, İngilizce *read* fiilinin ses yapısı hem kök morfem *read-* hem de temel *read-* ile örtüşür ve bu temele çeşitli ekler eklenir: *reader* – okuyucu, *reading* – okuma (süreç), *readable* – okunabilir; önekli morfemle *unreadable* – okunamaz (okunamaz) forması oluşur. Yapılan analizler göstermektedir ki, İngilizce sözcük yapısı çoğunlukla analitik karakter taşır ve bu yapı, türetme (derivasyon), bileşik yapılar (kompozisyon) ve dönüşüm (konversiyon) gibi mekanizmaların etkin kullanımı ile belirginleşir. Kök morfem sözcüğün anlamsal çekirdeğini oluştururken, önek ve sonekler anlamsal genişleme ve gramatikal tonlamaların oluşmasını sağlar. İngilizce sözcük yapısının esnekliği ve üretkenliği, dilin dinamik gelişiminin başlıca göstergelerinden biri olarak öne çıkar. Bilim insanları, yeni adlandırmaların kaynaklarından bahsederken şunları belirtir: "Dillerin tipolojik çeşitliliğine ve kaderlerinin tekrarsızlığına rağmen, yeni adlandırmaların toplam dört kaynağı, yani

söz varlığını zenginleştirmenin dört yolu veya yöntemi vardır: 1) morfemik türetme; 2) anlamsal türetme; 3) serbest olmayan birleşmelerin oluşması; 4) ödünçlemeler." [2,102]. Morfemik türetme, yeni sözcüklerin dile özgü sözcük yaratıcı morfemler aracılığıyla (ekleme, affiksleme), bileşik sözcük ve kısaltma yoluyla oluşturulmasını kapsar [1, 107-108].

İngilizcede morfolojik sözcük yaratımı şu alt türleri içerir: eklemeli (affiksal) sözcük yaratımı, bileşik sözcük oluşturma, ses değişimi, kısaltma, yineleme. Bu alt türler arasında, İngilizcede taşıt araçlarının adlandırılmasında en üretken olanlar eklemeli sözcük yaratımı, bileşik sözcük oluşturma ve kısaltmadır. Her dilin söz varlığı, birbirine bağlı öğelerin bütünlüğünü oluşturur. Dilin sözcükleri birbirine sıkı bağlıdır ve farklı kökler üzerinde kurulu sistemler oluşturur: sözcük yaratımı sistemleri, anlamsal-gramatik sistemler (sözcük türleri), anlamsal sistemler (antonimler, eşanlamlılar, homonimler, leksiko-semantik gruplar, semantik alanlar vb.). Leksik-semantik dil sistemi, dilin söz varlığını ve öğelerin düzenli ilişkiler içinde bütün oluşturduğu bir sistemi kapsar [4, 248]. Leksik birim, dil sistemi öğeleridir ve birbirine karşıtlık, benzerlik, eşitlik, kapsama gibi ilişkilerle bağlıdır. Her bir birim belirli alanlara girer; bu alanlar birbirleriyle etkileşim içinde olan ve diğer alanların birimleriyle karşılıklı ilişkili çokluklardan oluşur [1, 64].

İngilizcede bileşik kelimeler, dilin söz varlığını zenginleştiren ve yeni kavramların kısa ifade edilmesini sağlayan önemli yapılardır. Bileşik kelimeler kimi zaman kelimeler birleştiğinde **orijinal anlamlarından tamamen farklı** yeni bir anlam kazanır. Örneğin *blackboard* siyah bir tahta değil, sınıfta kullanılan özel bir nesnedir. Ayrıca *ice cream* gibi bazı birleşik yapılar boşlukla yazılsa bile tek bir kavramı karşılar. Bu tür kelimeler özellikle sözlükbilimde, anlam biliminde ve kelime öğretiminde önemli yer tutar. Örneğin: notebook (defter), sunflower (ayçiçeği), blackboard (karatahta), raincoat (yağmurluk), haircut (saç kesimi), bedroom (yatak odası), toothpaste (diş macunu), football (futbol), newspaper (gazete), wallpaper (duvar kâğıdı), ice cream (dondurma), high school (lise), coffee table (sehpa), full moon (dolunay), post office (postane), mother-in-law (kayınvalide), well-known (iyi bilinen), part-time (yarı zamanlı), long-term (uzun vadeli), self-esteem (özsaygı), babysitter (bebek bakıcısı), greenhouse (sera), heartbeat (kalp atışı), daylight (gün ışığı), homework (ev ödevi), milkshake (milkşeyk), weekend (hafta sonu), snowman (kardan adam), toothbrush (diş fırçası), airport (havaalanı), teamwork (takım çalışması) ves.

Dil söz varlığındaki tüm sözcükler, paradigmatik ve sintagmatik ilişkilerle birleştirilmiştir. Paradigmatik ilişkiler, herhangi bir sözcük grubunun veya sınıfın yapısını karakterize eder; formaca veya anlamca benzer üyelerden seçilen ve aynı zamanda bir temel üzerinde birbirine karşıt konumlandırılan öğelerdir [3]. Bu ilişkiler, karşıtlık kavramına dayanır.

Sonuç. Bu çalışma, İngilizce'de sözcük yapısının dilbilimsel analizlerde ne geder önemli bir yer tutduğunu ortaya koymuştur. Sözcüklerin kök, ek ve türemiş biçimlerden oluşan yapısı, yalnızca kelimenin anlamını belirlemekle kalmamakta, aynı zamanda onun kullanım alanını, dil içindeki işlevini ve diğer sözcüklerle kurduğu ilişkileri de şekillendirmektedir. İngilizce'nin analitik bir dil olması, eklerin sınırlı fakat işlevsel biçimde kullanılmasına yol açmış; buna karşın türetme ve bileşik sözcük oluşturma gibi süreçler oldukça gelişmiştir. Çalışmada elde edilen bulgular, sözcük yapısının dilin söz varlığının zenginleşmesine, yeni kavramların ifade edilmesine ve iletişimde daha esnek yapılara imkân tanıdığı sonucunu desteklemektedir. Sonuç olarak, İngilizce'de sözcük yapısının sistematik olarak incelenmesi, hem sözlükbilim hem de öğretim açısından değerli bilgiler sunmakta ve dilin genel işleyişini daha iyi anlamaya katkı sağlamaktadır.

Kaynakça

1. Гринберг Дж. Квантитативный подход к морфологической типологии языков. - В сб.: Новое в лингвистике, вып.3. М., 1963, с. 74-75.

2. Кубрякова Е.С. О путях изучения типологических особенностей языка в области словообразования.- В сб.: Структурно-типологическое описание современных германских языков. М., 1966, с.98-99.

3. Гринберг Дж. Некоторые грамматические универсалии, преимущественно касающиеся порядка значимых элементов. - В сб.: Новое в лингвистике, вып.5, М., 1970, с.137.

4. Leonhard Lipka. An outline of English lexicology: lexical structure, word semantics, and word-formation. Tübingen: Niemeyer, 2002. 212 p.

ABZAS, DISKURS VA EPIZOD

N.E. Qobilova,
PhD, Mirzo Ulug‘bek nomidagi
O‘zbekiston Milliy universiteti dotsenti,
O‘zbekiston, Toshkent
902462141@mail.ru

Аннотация. В статье рассматривается абзац, считающийся основной единицей текста, и его прагматический анализ в тексте, а также сам абзац и связанные с ним явления, прагматическая функция абзаца в тексте.

Ключевые слова: абзац, дискурс, эпизод, текст.

Abstract. The article discusses the paragraph, which is considered the main unit of the text, and its pragmatic analysis in the text, as well as the paragraph and its related phenomena, the pragmatic function of the paragraph in the text.

Keywords: paragraph, discourse, episode, text.

Bugungi kunda matn tilshunosligi yo‘nalishida qator tadqiqotlar yaratilmoqda. Matnning pragmatik mazmunini tadqiq qilishga qiziqish borgan sari ortmoqda. Matnning asosiy birligi bo‘lmish abzas matn tarkibida o‘ziga xos pragmatik funksiyalarni ham bajaradi. Tilshunoslikda abzas nazariyasi ilk bor Aleksandr Bain [1] tomonidan ilgari surilgan va dastlab ritorik aspektda tadqiq qilingan. Xususan, Utley Thomas Haskell, Francis Christensen, A.L.Becker, Paul C.Rodgers, Richard L.Larson, Lewis Edwin Herbert, Adams Sherman Hill kabi olimlar tadqiqotlarida bu xususida fikr boradi.

Badiiy adabiyotda abzas va diskurs yondosh hodisa bo‘lib, bir-birini taqozo qiladi. Diskursga lingvistik lug‘atlarda shunday ta’rif beriladi [2,94]:

Discurse (nemischa diskurs, fransuzcha diskurs, inglizcha diskurs): 1) asl ma’no – mantiqiy fikrlash; 2) keyinchalik bu atama dialog ma’nosida qo’llanila boshlandi; 3) diskurs – bu og‘zaki va yozma shakldagi izchil nutq. Bunda, tahlil nutqni uzatuvchi va qabul qiluvchi o‘rtasidagi o‘zaro ta’sirga qaratilgan; 4) maxsus kommunikativ yozma matnlarda yoki og‘zaki nutqda qayd etilgan, ma’lum bir holatda amalga oshirilgan voqea kognitiv va tipologik jihatdan aniqlangan makon; 5) matn situatsion kontekst bilan uzviy bog‘langan; 6) rus stilistikasida diskurs kommunikativ-stilistik jihatdan o‘rganiladigan matndir; 7) Nemis-avstriya maktabida diskurs lisoniy ifoda hisoblanadi, ma’lum bir ijtimoiy amaliyotning (lingvistik korrelyatsiyasi), tilning o‘ziga xos tarzda tartibli va tizimli qo‘llanilishi, uning orqasida g‘oyaviy va tarixiy jihatdan shartli mentalitet turadi; 8) Diskurs - bu semantik munosabatlar bilan bog‘langan va kommunikativ va funksional maqsadlarda birlashtirilgan matnlarning integral to‘plami; 9) Y.S.Stepanov ta’kidlaganidek, diskurs atamasi dastlab o‘z ma’nosida edi. Rus tilida so‘zlashuvchi ilmiy hamjamiyat funksional uslub atamasini qo‘llashdi. Diskurs ta’rifi borasida bildirilgan fikrlar turlicha bo‘lib, ular diskursning ma’no va imkoniyati matnga nisbatan kengligini ko‘rsatadi. Rus olimi A.I.Gorshkov lingvistik adabiyotlarda “diskurs” termini keng ko‘lamda, ya’ni “matnning qismi”dan yaxlit nutqqacha bo‘lgan vaziyatlarni ifodalashda qo‘llanishini ta’kidlaydi [3,39]. Olim “diskurs” terminini “matnning qismi” ma’nosida tushunadi va diskursni matn muammosi masalalari qatorida o‘rganilishi, matn birliklari nomlari bilan sinonimligini, mazkur terminni alohida o‘rganish muhim emasligini aytadi [4,53].

Bizningcha, olim matn birliklari deganda abzasni nazarda tutgan. Chunki abzas va diskurs doim matnda yondosh hodisa sanaladi.

Ilmiy tadqiqotlarda diskursning ma’nosi “jonli nutq” kabi izohlanishi uning bir qanotini ko‘rsatadi. Bunda diskursning natijasi dialogik matn sifatida namoyon bo‘ladi. Bizning nazarimizda ham matn hamda diskurs tushunchalarini ziddiyatli hodisalar sifatida o‘rganish ma’qul emas. Lekin bu tushunchalarni muqobil birliklar, deb ham bo‘lmaydi. Deylik, “Yurtimizda yasharish fasli bahor kelishi bilan qirlar, adirlar, tog‘ yonbag‘irlari ko‘m-ko‘k tus oladi” gapi tahlilga tortilsa va bu gap grammatik nuqtai nazardan matn deb qaralsa, pragmatik tomondan ayni bahor kelishi bilan tabiatda, hududning barcha o‘zanlarida yasharish jarayoni boshlanganligi tushuniladi [5,36].

Bizningcha ham, matn va diskurs tushunchalari o‘zaro farqli hodisa va hamma matn ham diskurs hisoblanmaydi. Ammo abzas va diskurs hodisasi doim bir-birini taqozo qiladigan yondosh hodisa. Matndagi diskursning yuzaga chiqishi bevosita abzas orqali voqelanadi hamda abzas bilan diskurs birgalikda bitta epizodni tashkil qiladi. Buni quyidagicha ifodalash mumkin: **abzas+diskurs =epizod.**

Badiiy matnda buni yaqqol ko‘rish mumkin. Masalan:

Devordan oshib tushamiz, bildingmi! – Birdan Daminning jahli chiqib ketdi. – Qorovul quvlasa, yantoqzordan qocha olasanmi? Chop, kiyib chiq! Biz kutib turamiz.

Otilib hovliga kirdim.

Oyim cho‘nqayib o‘tirib, echki sog‘ayotgan ekan. O‘tirgan joyida shu saratonda botinka nimaga kerak bo‘lib qolganini surishtirdi.

(O‘tkir Hoshimov, “Dunyoning ishlari”, 28-bet)

Yuqoridagi misolda *Otilib hovliga kirdim* bir sodda gapdan iborat abzas. Bu alohida epizod bo‘lgani uchun muallif uni o‘zidan oldingi va keying epizoddan ajratish maqsadida alohida abzasda voqelantirgan. Muallif ba’zan bir so‘zni, bir sodda gapni yoki yoki birgina parselyativ konstruksiyani ham alohida abzasda beradi va bu alohida epizodni shakllantiradi.

Quyidagi misolda ham buni ko‘rishimiz mumkin:

Goho-goho osmonda birdan yulduz uchib qolardi. Hozirgina yonib turgan yulduz to‘satdan lop etardi-yu, ingichka, nurli iz qoldirib g‘oyib bo‘lardi. Onam cho‘chib tushardi:

*– **Esiz ...Bir bechoraning joni uzildi-da...*** (O‘tkir Hoshimov, “Dunyoning ishlari”)

Bazan ikki va undan ortiq SSBlar ham bitta epizod hisoblansa bitta abzasda beriladi. Masalan:

– Barakalla! ...Yodgorboyga shunaqa mehribonman degin? Beri kel, o‘tir. Ma, bir payola choy ich, ko‘z yoshi bo‘ladi…Shunaqa mehribonman degin? Abror, o‘g‘lim, ana u behining kallagiga gazeta qistirib qo‘ygan edim, shuni olib kel. Barakallo…Xo‘sh, shuncha mehribon bo‘lsang, mana bunga quloq sol: “Shu vaqt ichida, ya’ni ikki yillik urushda Ittifoqning ko‘rgan talofoti 35 ming zambarak, 30 ming tank, 23 ming samolyotdan iborat”. Tushundingmi? Boshqasini qo‘y, nobud bo‘lgan zambarak shuncha bo‘lsa, hammasi qancha ekan? Shuncha zambarak bir kunda qancha o‘q chiqaradi deb o‘ylaysan? Shuncha o‘qni kim yetkazib berib turadi? O‘sha Yodgorboyga o‘xshagan askar bolalarning ota-onalari, aka-ukalari, opa-singillari, xotinlarimi?...Yodgorboyga o‘xshagan askar bolalarning ustiga dushman 100-200 samolyotni birdan yuboradi. Dushman samolyotlarini daf qiladigan ko‘p va zo‘r samolyotlarni kim yasab berib turadi? Yana o‘sha ota-onalar, aka-ukalarmi? Shularni ham mehr-muhabbati bordir. Shular ham sog‘inishar deyman? Yo senchalik sog‘inishmasmikin? Senchalik sog‘inishadi, lekin senga o‘xshab sog‘inishmaydi! Bularning yuragiga hamma narsa sig‘adi! Durust, sen samolyot yasolmaysan ketmon chopolmaysan…lekin qilaman desang, qo‘lingdan ish keladi. Sening ko‘kragingda o‘t bor, soch shu o‘tni, ho‘lu quruq baravar yonsin. Bizni hamma narsadan benasib qilmoqchi bo‘lgan Gitler hozir ham ancha narsadan mahrum qildi. Qani ilgarigi qishloq? Hozirgacha ham yonmagan yurak bo‘lsa mana shuni eslatishing bilan alanga oladi. Alanga oldir, yondir! Shunda farzand dog‘ida qolgan gitlerchilar ko‘payadi, yaxshi bo‘ladi…

Yuqoridagi abzas to‘rtta SSB dan tashkil topgan. “*Barakalla! ...Yodgorboyga shunaqa mehribonman degin? Beri kel, o‘tir. Ma, bir payola choy ich, ko‘z yoshi bo‘ladi…Shunaqa mehribonman degin?”*jumlasi birinchi SSBni, *“Abror, o‘g‘lim, ana u behining kallagiga gazeta qistirib qo‘ygan edim, shuni olib kel.”*jumlasi ikkinchi SSBni, *“lekin qilaman desang, qo‘lingdan ish keladi”*jumlasigacha bo‘lgan qism uchinchi SSBni hamda undan keying qism esa to‘rtinchi SSBni tashkil etadi.

Bu haqda Robert E.Longacre shunday munosabat bildirgan: “Now to return to our residue in the formulation of episode. Both chapter and string of paragraphs can now simply be replaced with discourse” (…har bir bob, abzas diskursni shakllantirishi mumkin) [6,6].

Persepsiya – bu atrof-muhitni ifodalash va tushunish uchun hissiy ma’lumotlarni tashkil etish, aniqlash va talqin qilishning kognitiv mahorati. Pragmatika – bu odamlar nutqni yoki matnni kommunikativ harakat sifatida tushunish va ishlab chiqarishni o‘rganadigan tilshunoslik sohasi [7].

Matn mazmuni kichik ko‘rinishdagi mazmuniy qismlar, birliklar yig‘indisidan iborat. Bu birliklar oddiydan murakkablikka qarab darajalanadi. Elementar (oddiy) ma’no birliklari matn mazmuniy tuzilishining eng quyi pog‘onasini shakllantiradi. Ular orqali predmetning nomi, uning mavjudligi haqidagi axborotdan tashqari ushbu predmetning xususiyatlari haqidagi modal va kechayotgan hodisaning zamon va makon ko’rsatkichlari haqidagi qo‘shimcha ma’lumotlar ifodalanadi. Matn mazmuniy strukturasida elementar ma’no birliklaridan yuqori pog’onada murakkablashgan ma’no birliklari joylashadi. Bu birliklar ma’nosida predmetning turli xususiyatlari ifodalanadi, ular orqali predmetga baho berilishi ham mumkin [8,120].

Bilamizki, matn abzaslardan tashkil topadi. Abzas matnni nafaqat qismga ajratadi, balki, uning idrok etilishi va tushunilishida ham asosiy o‘rin tutadi. Kitobxonda matnni o‘qish jarayonida beixtiyor har bir abzasda to‘xtab fikrlash jarayoni kuzatiladi va bu matn persepsiyasida muhim ahamiyat kasb etadi.

Kommunikativ maqsadni ko‘zlab yaratilayotgan har qanday matn axborot manbai va shu axborotni uzatuvchi vositadir. Uzatilayotgan axborot esa, matn mazmunining negizi hisoblanadi. Lisoniy tafakkur jarayonida dastlab matn yaratilsa, keyingi bosqichda ushbu matn mazmuni idrok etiladi. Idrok faoliyati ham ko‘p bosqichli faoliyat bo‘lib, uning ilk bosqichida mazmun axborot sifatida qabul qilinsa, keyingilarida mazmunni anglash, tushunish harakati bajariladi.

Quyidagi misolda ham buni ko‘rishimiz mumkin:

Goho-goho osmonda birdan yulduz uchib qolardi. Hozirgina yonib turgan yulduz to‘satdan lop etardi-yu, ingichka, nurli iz qoldirib g‘oyib bo‘lardi. Onam cho‘chib tushardi:

– ***Esiz ...Bir bechoraning joni uzildi-da...*** (O‘tkir Hoshimov, “Dunyoning ishlari”)

Yuqoridagi misollardan ko‘rinib turibdiki, matndagi voqea-hodisalarni kitobxon ko‘z o‘ngida xuddi hozirgiday jonlantirishda abzas muhim rol o‘ynaydi. Bu abzasning pragmatik tomonlarini ham tadqiq etishni taqozo qiladi.

Foydalanilgan adabiyotlar

1. Bain A. English composition and rhetoric. A manual. – New York, 1867 // https://hdl.handle.net/2027/uc2.ark:/13960/t6348rh2k
2. Жеребило Т. В. Словарь лингвистических терминов. – Назрань: Издательство ООО «Пилигрим» 2010. – С. 94.
3. Миловидов В. А. Текст, контекст, интертекст: Введение в проблематику сравнительного литературоведения. – Тверь: ТвГУ, 1998. – С. 39.
4. Горшков А. И. Русская стилистика. – Москва: Астрел –АСТ, 2001. – С. 53-258.
5. Shonazarova D. Intervyu matnning diskursiv tahlili.:Filol. fan. bo‘yicha fals. dok. (PhD)…diss. – Toshkent, 2024. – B. 36.
6. Robert E.Longacre . Discourse grammar.Studies in indigenous languages of Colombia, Panama, and Ecuador.Part I. 1976. – P. 6.
7. Perception and Text Comprehension. It’s a Matter of Perception! https://doi.org/10.3991/ijet.v13i07.7909
8. Черняховская Л. А. Смысловая структура текста и ее единицы//Вопросы языкознания, 1983.-№6 – С.120
9. Боймирзаева С. Ўзбек тилида матннинг коммуникатив-прагматик мазмунини шакллантирувчи категориялар:Филол. фан.док ...дисс.автореф. – Тошкент, 2010.

«ҰЯТ» КОНЦЕПТІСІНІҢ КОГНИТИВТІК СИПАТЫ МЕН ТІЛДІК КӨРІНІСІ

Н.С. Қуаныш,
С. Торайғыров университетінің магистранты,
Қазақстан, Павлодар.
kuanyshevva_n@mail.ru

Аннотация. В статье рассматривается концепт «стыд» с позиции когнитивной лингвистики. Структура и семантическое содержание концепта анализируются на основе примеров из художественной литературы, пословиц и устойчивых выражений. Особое внимание уделяется

культурно-национальным особенностям понятия стыда в казахском обществе и его роли в системе духовно-нравственных ценностей.

Ключевые слова: когнитивная лингвистика, концепт, стыд, национальное мировоззрение, языковая картина мира, культурные ценности.

Abstract. The article examines the concept of «shame» from the perspective of cognitive linguistics. The structure and semantic content of the concept are analyzed through examples from fiction, proverbs, and idiomatic expressions. Special attention is given to the cultural and national characteristics of the concept of shame in Kazakh society and its role in the system of spiritual and moral values.

Keywords: Cognitive linguistics, concept, shame, national worldview, linguistic representation, cultural values.

Тіл білімінде антропоөзектік бағыт өзекті ғылыми парадигмаға айналып отыр. Бұл бағыт тіл мен адам болмысы арасындағы тығыз байланысты зерттеуді мақсат етеді. Әсіресе бүгінгі жаһандану дәуірінде адамның ойлау жүйесі мен дүниетанымының өзгеріске ұшырауы тілдегі ұғымдар мен сөздердің семантикасына, концептуалдық өрісіне тікелей әсер етуде.

Адам санасындағы өзгерістер тілде бейнеленіп, жаңа мағыналар мен мәдени коннотациялардың пайда болуына негіз болады. Себебі тілдегі ұғымдар мен сөздер – шынайы болмысты адам танымының сүзгісінен өткізу арқылы қалыптасады. Демек, тіл – адамның танымдық әрекетінің көрінісі ғана емес, оны ұйымдастырушы құрал да бола алады. Осы тұрғыдан алғанда, тіл мен танымның бірлігі мен өзара байланысы – қазіргі лингвистикадағы маңызды ғылыми мәселелердің бірі.

Когнитивті лингвистика тіл мен таным арасындағы өзара байланысты зерттейтін тіл білімінің маңызды бағыты. Бұл бағыт адам санасында қалыптасқан менталды құрылымдарды, олардың тілде бейнелену жолдарын қарастырады. М. Тулекова «Когнитивтік ғылымның қазақ тіл білімінде алатын орны» мақаласында «Когнитивтік ғылым» термині алғашқыда белгілі бір ақпаратты қабылдау, оны електен өткізу, ми қыртыстарында сақтай отырып, қажетті кезде оны тәжірибеде қолдану үшін енгізген. Нәтижесінде адам миында білімнің қалыптасу, толығу жүйелерін зерттейтін ғылым пәні есебінде қолданылады» – деп пікір білдіреді [1, 210-бет]. Яғни, когнитивті лингвистика арқылы адамның қоршаған ортаны қалай қабылдайтынын, ұғымдарды қалай жүйелейтінін, оларды тіл арқылы қалай жеткізетінін анықтауға болады. Қазақ тіл білімінде когнитивтік бағыт аясында бірқатар зерттеулер жүргізілген. Атап айтқанда, Г. Смағұлова, Ж. Манкеева, Н. Уәлиұлы, Э. Сүлейменова, А. Алдашева, С. Сәтенова, Ф. Оразбаева, Г. Сағидолла, А. Салқынбай, Б. Қасым, О. Жұбай, Б. Момынова, А. Ислам, т.б. сынды ғалымдардың еңбектерінде тіл мен мәдениеттің, тіл мен танымның өзара байланысы терең зерттеліп келеді. Бұл еңбектерде тілдік бірліктердің тек коммуникативтік қызметі ғана емес, сонымен қатар олардың концептуалдық мәні, мәдени-ұлттық сипаты да басты назарға алынған. Орынай Жұбай «Қазақ тілінің когнитивті грамматикасы» еңбегінде тілдің адам ойы мен танымы арасындағы сабақтастығын, әрі оның грамматикадағы рөлін талдап зерттеген. Тіл – таным құралы. Таным – ақиқат болмыстың ойдағы көрінісі. Сол арқылы білім қоры жинақталып, ақпарат қабылданады. Тіл таным нәтижесінде түзілген әлем туралы біліммен, оның адам санасындағы көрінісімен тығыз байланысты. Сана мазмұны – субъектінің таным әрекетінің нәтижесінде жинақталған әлем туралы білімі. Сана – адамға ғана тән, сөйленіс әрекетімен тығыз байланыста болатын мидың әрекеті, онда болмыс мақсатты түрде бейнеленіп, реттелік отырады. Ақиқат болмыс адам санасында бейнеленеді. Сана субъектінің болмысты тануы арқылы қалыптасады. Адам қандай да бір нәрсе ойлаған кезде оның санасында сол заттың бейнесі көрініс табады. Таңбаның бейнесі ойға негіз болады. Ой сөз арқылы көрініс табады. Білім алдымен тілдік семантикада кодталады [2**,** 6-бет].

Концептуалды мазмұн мен тіл екі жақты байланыста болады. Концептуалды мазмұнды тілдің көмегінсіз сипаттау мүмкін емес. Себебі санадағы құбылыстарды тіл ғана бейнелей алады. Осыған байланысты Ахмет Байтұрсынұлы: «Өнер алды – қызыл тіл» деген қазақ мақалы бар. Мұны қазақ сөз баққан, сөз күйттеген халық болып, сөз қадірін білгендіктен айтқан. Алдыңғы өнердің бәрінің де қызметін шама-қадарынша сөз өнері атқара алады, қандай сәулетті сарайлар болсын, қандай сымбатты я кескінді суреттер болсын, қандай әдемі ән-күй

болсын, сөзбен сөйлеп суреттеп көрсетуге, таныстыруға болады. Бұл өзге өнердің қолынан келмейді», – деп жазады [2, 6-бет]. Яғни сана тіл арқылы көрініс табумен қатар тіл арқылы қалыптасады. Ал адам санасындағы болмыстың өзіндік белгілері мен ерекшеліктері білім түрінде жинақталады. Білім – мәдениеттің когнитивті тұрғыда ұйымдасуының іргелі формасы. Тіл білім деңгейін анықтау үшін қолданылады. Тілдекөрініс таба отырып, білім адамның ойлау қызметінің нәтижесін көрсетеді [2, 7-бет].

Тіл біліміндегі таным теориясының универсалды сипатына қатысты Эльмира Оразалиеваның «Когнитивтік лингвистика: қалыптасуы мен дамуы» атты ғылыми монографиясында тілдік универсалий мен таным сабақтастығы, тілдің табиғаты мен когнитивтік лингвистика, когнитивтік ұғымдардың ерекшелігі туралы жазылған. Зерттеуші бұл еңбегінде когнитивтік лингвистиканың бастау алған шағынан бастап зерттелуін, әрі кезең-кезеңімен дамуына дейін тоқталады. Тілдік құрылым – танымдық фактор екенін атап өтіп, Нығмет Сауранбаевтың «саяси сана», «мағыналық сыр», «ой мен ұғым», «санадағы сәуле», «тану қабілеті», «дүние тану» сынды ұғымдық тіркестерді шебер қолдана білген ғалымның тілдік тұжырымдарына тоқталады [3, 54-бет]. Осылайша, зерттеуші тіл мен ойлау жүйесінің бірлігін терең зерделей отырып, танымның тілдік көрінісін анықтауға баса назар аударады. Бұл тілдегі концепт ұғымын қарастыруға, яғни адам санасындағы менталды құрылымдардың тіл арқылы бейнелену ерекшелігін түсіндіруге негіз болады.

Концепт ұғымы адамзат баласының дүниетанымының негізін құрап, оның кілтін табу арқылы бүкіл әлем жайлы, болмаса тұтас бір ұлт жайлы түсінік ақпарға қол жеткізеді. Алтынай Тымболова «Лингвомәдениеттану негіздері» еңбегінде: «Концептілердің ұлттық құрамын қарастырғанда, оның ментальдық болмысын сөз етіп қана қоймай, образдылық тұрғысынан да түсінік беріп, «мәдениет мәйегі» ретіндегі рөлін де көрсеткен жөн. Концептілердің мәдениеттің айғағы болуының тағы бір белгісі – ондағы этимологиялар, соны ассоциациялар, бағалауыштық сапалар болып табылады» [4, 25-бет], – деп тұжырымдайды.

Концепт ұғымына келмес бұрын бірнеше мәселенің басын ашып алу керек. Олар: әлемнің концептуалды бейнесі, әлемнің ұлттық бейнесі, әлемнің тілдік бейнесі, т.б. Ә. Әлметова бұларды қоғамдық санадан бастап тарқатады. Қоғамдық сана – ғылым, философия, дін, мифология, өнер. Осылардан әлемнің ғылыми бейнесі, әлемге көзқарас бейнесі, әлемнің діни бейнесі, мифологиялық әлем бейнесі, әлемнің образды бейнесі бола отырып, әлемнің концептуалды бейнесін құрайды [4, 26-бет]. Әлемнің тілдік бейнесі мен концептуалдық бейнесіне ғалымның берген анықтамасы мынандай: «Әлемнің тілдік бейнесі – сөйлеу тілі арқылы сақталған ішкі және сыртқы әлем туралы барлық ақпарат. Әлемнің концептуалдық бейнесі – әлемнің тілдік бейнесі ұсынған ұғымдар мен түсініктер»[4, 27-бет]. Әлемнің концептуалдық жүйесін ұғымдар мен түсініктер құрайтын болса, олардың барлығы білімге бірігеді. Адам санасы білімнің біртұтас жинақталған қорына ие.

Қазақ тіл білімінде концептіні лингвомәдени бағытта зерттеген бірден-бір ғалым – З. Ахметжанова. Ол тілдің ділдік қорына жататын барлық концептілердің жиынтығын концептуалды жүйе деп атайды. Ал концептуалдық жүйені концептілі қосалқы жүйелер қалыптастыратынын айта отырып, мысалдармен дәлелдейді. Ол: аспан әлемі концептілері (күн, жұлдыз, аспан, комета, планета, т.б.), ландшафтылы концептілер (жер, теңіз, өзен, шабындық, орман, т.б.), антропоконцептілер (әмір, ел билеуші, бодан, жауынгер, т.б.) [4, 27-бет]. В.А. Маслова: «Концепт этникалық дүниетанымды бейнелей отырып, дүниенің этникалық тілдік бейнесін белгілейді, «болмыс шаңырағы» құрылысындағы бір кірпіш болып табылады. Концепт – мәдениетке сіңдірілген ұғым. Ол коннотацияларға ие, өз табиғаты жағынан бағалы, аксиологиялық қасиеті бар, тілде атауға, есімге ие» [4, 28-бет].

«Концепт» терминінің шығу тарихы мен зерттелу жайы атты М. Ахметованың мақаласында да концепт терминіне байланысты бірнеше зерттеушілердің көзқарастары, анықтамалары жазылған. Е. Абақан: «Концепт (ұғым) сөздің мағынасы ретінде түсініледі. Бірақ ол жалпылаудың (абстракцияның) ең жоғарғы деңгейін білдіретін ұғым – концепт емес – «оқиға», «процесс», «дерек» туралы ұғым. Сондықтан «концептуалды талдауда» сөздің немесе сөйлемнің контекске, яғни нақтылы мағынаға қатысты анықталуы тиіс», – деп

лингвистикадағы «концепт» пен логикадағы «ұғым» терминдерінің ара жігін ажыратып береді [5, 3-бет]. М. Күштаева зерттеу еңбегінде концепт теориясының ғылыми тұжырымдамасын жасайды. Онда «концепт» және «ұғым» терминдері, бір жағынан сөздің мазмұн межесінің түрлі даму кезеңін бейнелесе, екінші жағынан, оның түрлі қызметін көрсетеді. «Концепт» және «ұғым» тек қана сөздің таяныш боларлық ментальды түсінігімен қатар, әмбебап мәдени түсінік ретінде де ажыратылады – деп, концепт пен ұғымның түсініктеріне тоқталады [5, 4-бет].

Қазақ тіл білімінде әр түрлі сөздерге, ұғым-түсініктерге концептуалдық талдау жасаған зерттеушілер аз емес. Мәселен, «Бағалау», «Отбасы», «Бақыт», «Адам», «Сезім», «Туған жер», «Қыз», «Қазақ халқы», «Береке», «Көк», «Құт» т.б. концептілердің мән-мағынасы кеңінен талданып, когнитивтік моделі жасалған. Ғалым Анар Салқынбайдың «Абай сөзінің лингвопоэтикасы» атты еңбегінде «Қазақ өлеңіндегі «Бағалау» концепті» деген бөлім бар. Бұл бөлімде «Бағалау» категориясының семантикалық қыры ашылып, Абай шығармаларындағы бағалау концепті таразыланып, әлемнің тілдік бейнесінің көріністері анықталып, халықтық бағалау жүйесі сараланады. Бағалау – логика-семантикалық категория ретінде танылады. Ол қашан да айтушы не жазушының берген бағасымен, көзқарасымен, дүниетанымымен, жеке пікір-пайымымен байланысты. Мәтінде көрініс табатын жеке тұлғаның әлемді тануы, әлеуметтік жағдайы мен ойлауы өзіндік әлем бейнесін тану ерекшелігімен байланысты зерттеледі. Бағалау феноменін кешенді зерделеу, әсіресе Абай шығармалары негізінде айқындау қазақ тіл білімінде де өзекті ғылыми мәселелердің бірі [6, 74-бет].

Әр халықтың өзіндік мәдени келбетіне орай ұлттық концептілерге бай болатыны сөзсіз. Ол туралы Анар Салқынбай: «Кез келген тілде негізгі тұғырлы концепттер бар. Бұл тұғырлы ұғымдар ұлттың дүниетанымдық бірлігін, салт-дәстүрінің терең тарихи тұтастығын, рухани және материалдық мәдениетінің ерекшелігін, тілінің өзіндік сипатын анықтайды» – деп дәл баға береді [4, 32-бет]. Расымен де әр тілдің тұғырлы ұғымдары болады. Ол тұғырлы ұғымдар тіл мен мәдениеттің, ұлттың дүниетанымы мен санасындағы сан қырлы көзқарастар мен қағидаларды танытады. Сондай бір ұғымдардың бірі – ұят. Қазақ қоғамындағы ұят ұғымы – терең мәдени, әлеуметтік әрі моральдық мәнге ие концепт. Бұл ұғым адам мінез-құлқын реттейтін ішкі бақылаушы ретінде қызмет етеді. Әсіресе дәстүрлі ортада ұят – ар мен намыстың, тәрбие мен жауапкершіліктің айнасы саналады. Ұят туралы түсінікті нақтылау үшін алдымен бұл сөздің сөздіктегі мағынасына тоқталайық.

Ұят –1. зат. Адам бойындағы ізгі қасиет, ар-намыс, адамдардың қарым-қатынас мәдениетіндегі ненің жақсы, ненің жаман екенін түсіну, ажырата білуі. Ұят адамның өзінің әлеуметтегі іс-әрекеті үшін жауапкершілік сезімін танытады. Ұят – адамгершіліктің бір жемісі, сонымен қатар ар-намыстың қосшысы. 2. псих. Адамның ұждан мен қоғамдағы моральдық принциптерге үйлеспейтіні жағымсыз, теріс қылық жасаған кезде байқалатын сезімі. Ұят, адамгершілік қасиеті мол, парасатты адамдарға тән сипат. 3. ауыс. Жарасымсыз, келіспейді деген мағынада. Демек ұят сөзінің мағынасы – адамның ар-намысына, имандылық сезіміне байланысты жағымсыз әрекеттен кейінгі ішкі күйзелісі, қысылуы [7].

Когнитивтік лингвистика тұрғысынан концептінің құрылымы ядро (өзек), периферия (шеткі қабат) және ассоциациялар сияқты бөліктерден тұрады. «Ұят» концептісі де осы үш деңгейлі құрылым арқылы сипатталады. Ұят сөзінің өзегінде ар, намыс, абырой, адамгершілік ұғымдары тұрады. Бұл компоненттер – қазақ дүниетанымындағы ең басты моральдық-этикалық құндылықтар. Ар мен ұят – адам бойындағы ішкі тежегіш күш ретінде әрекет етіп, қоғамның тәртіп пен тәрбиеге негізделген құрылымын сақтауға көмектеседі. Ұят сөзінің перифериясында қысылу, елден ұялу, ата-анадан, жора-жолдастан, қоғамнан ұялу сияқты жағдаяттық, контекстке байланысты ұят сезімін тудыратын жағдайлар орналасады. Яғни ұят ұғымы тек ішкі моральмен емес, сонымен қатар әлеуметтік бақылаумен де байланысты. Мұнда адамның іс-әрекеті сырт көзден ұят бола ма деген сұрақ маңызды рөл атқарады. «Ұят» сөзімен тығыз байланыста қолданылатын фразеологизмдер мен мәдени-танымдық образдар да концепт құрылымына кіреді. Мысалы: бетке шіркеу болу, қарабет болу – ұятқа қалудың ауыр салдарын білдіреді; елдің көзіне түспеу – көпшілік алдында ұятқа қалмауға тырысу; иман, тәрбие, инабат ұғымдары да ұятпен астасатын рухани-адамгершілікті білдіретін категориялар.

Қорыта айтқанда, ұят концептісінің бұл құрылымы – қазақ халқының этикалық нормалары мен әлеуметтік қатынастарының көрінісі. Бұл ұғым тек жеке адамның ішкі күйі емес, тұтас бір ұлттың мәдени коды ретінде де қызмет етеді.

«Ұят» концептісінің мән-мағынасын, когнитивтік мәнін тереңінен талдауға болады. Әсіресе қазақ қоғамындағы «ұят», «ұят болады» деген ұғым-түсініктері мен тәрбиенің бұрынғы және бүгінгі ұрпақтар арасындағы семантикалық айырмашылығын ажырату үшін тілдік әрі әлеуметтік тұрғыдан талдау қажет. Бұл бағыттағы сараптау – әр түрлі тілдік деректер мен олардың семантикалық, психологиялық, когнитивтік қырларын зерттеу тіл білімі мен қоғамдық түсінікке елеулі үлес қосары анық. «Ұят» ұғымына қатысты зерттеу жұмысын жазған А. Дронзина, А. Юнисов, К. Ракимжанова мен М. Маликованың «Ар-ұят ұғымының философиялық мәні» атты мақаласында «ар-ұят» ұғымының философиялық мағынасы жан-жақты тарқатылады. Академик Ғарифолла Есім: «арлы адам, алдымен, құдайына қарағаң, құдай мақұлдамайтын іске бармайтын адам. Ар – әр адамның өз ісінің төрешісі» деген екен. Сондықтан «ар-ұят» ұғымы кез келген ұлттың өмір сүру болмысында маңызды саналатын категориялардың бірі. «Ар-ұят» рухани құндылық ретінде адамдар арасындағы қарым-қатынастарды бағалауда жиі қолданылады, адам болмысының ең маңызды көрсеткіші, басты сипаттамасы. Осыған қарамастан, ар-ұят қоғамда тек белгілі бір ұғым ретінде ғана танылмай, оны әрбір адам өзінің тұлғалық бейнесін көрсететін категория ретінде мойындай білуі шарт [8, 130-бет]. Қазақ тілінде ұят сөзі халық ауыз әдебиетінен бастап, Абай, Шәкәрім сынды тұлғалардың шығармаларынан да орын алған рухани құндылық ретінде көрініс табады. Қазақ дүнитанымында Шәкәрім өз шығармаларында «ар білімі» деген терминді қолданған. Ол «ар» сөзін «совесть» деп тәржімалаған. Ойшыл ар дегеніміз, ол тек адамға ғана қатысты түсінік ретінде саралай отырып, адам бойындағы жақсы қасиеттердің өлшемі ретінде танығаң. Арды адам бойындағы тұлғалық қасиетінің көрінісі ретінде тани отырып, оған адам өз тағдырында көлеңке түсірмей, таза ұстауға шақырады. Себебі арлы адамның әр ісі ізгілікке бағытталмақ [8, 133-бет]. Яғни ұят концептісінің мәтіндегі немесе белгілі бір қолданыста қолданылуына байланысты әр түрлі мәнге, реңкке ие болады.

«Ұят» концептісінің когнитивтік мәні өте терең. Мысал үшін Бейімбет Майлиннің «Кеңес ағасы Кәмила» шығармасындағы: «Аудандық кеңсеге кіріп келсең, жасаған табақтай қатарланған үстелдер, сеңдей сапырылысқан адам, айнала алмайсың, аяқ алып жүре алмайсың. Жолдас, мына бір арызым, деп адырақ көзді, қапсағай арық кісі төрағаға келіп төніп тұр. Жаңа әріппен ойқы-сиқы жазыпты, тегі жаңа үйренген біреудің жазуы екен дейсің. Төраға шұқшия үңіліп, көзін қыдырта жүргізе алмайды. Арыздың бас жағы мүдіртіп жібермей жатыр. «Оқи алмаймын» деп айту ұят, оқиын десе, жазу көнбейді, жаңа әріпке ынта салмағандықтың салдары, міне осы» – деген үзіндісі мен Әбділдә Тәжібаевтың «Хат» өлеңіндегі: «Хат жазамын қалам тербеп Құлағын сал, жан аға. Мен баурыңның сізден сұрар Бір тілегі бар, аға. Тілегімді хатқа сызып, Білдіруім қиын-ақ, Екі бетім отыр қызып, Істегендей бір ұят. Ұят дерлік ұят та емес, Жазбақшымын сырымды. Қиналамын айтуға тек, Жеткізе алмай тілімді...» – деген жыр жолдарында қолданылған ұят концептісінің айырмашылығын саралайық. Бейімбет Майлиннің «Кеңес ағасы Кәмила» мәтінінде ұят ұғымы қызметтік бедел мен қоғамдық рөлге қатысты қысылу сезімі ретінде көрінеді. Ал Әбділдә Тәжібаевтың «Хат» өлеңінде ұят – жеке сезімді білдірудегі ішкі толқу мен қызға тән ұяңдықты білдіреді. Екі жағдайда да ұят ішкі шектеу ретінде көрінеді, алайда бірі – қызметтік абыройға, екіншісі – жеке қарым-қатынастағы нәзік сезімге қатысты. Бұл ұят концептісінің көп қырлы әрі әлеуметтік-когнитивтік құрылымын көрсетеді.

Ұят концептісі көп қырлы әлеуметтік-когнитивтік құрылым болғандықтан, бұл концептіні тілдің көптеген бірліктерінен табуға болады. Соның бірі – мақал-мәтелдер. Қазақтың ұятқа, ар-намысқа арналған бір топ мақал-мәтелдері бар. Мақал-мәтелдер адам өмірін реттеуші рухани ұстанымдарды айғақтайды, бұл ұстанымдар қазақы тәрбие тұжырымдарына сай бесіктен басталады. «Намыс» ұғымы қазақ мәдениетіндегі «ар-ұждан» ұғымымен тікелей байланысты, әрі мұны сан қилы қырынан байқауға болады [9, 197-бет]. Құрамында «ар, ұят» лексемасы бар мақал-мәтелдердің көбі өсиеттік сипатқа ие. Мәселен,

«Ұят – иманның қабы»; «Өлімнен ұят күшті»; «Аманатқа қиянат зор ұят»; «Қазаннан қақпақ кетсе, иттен ұят кетеді»; «Жоқтық ұят емес, Тоқтық мұрат емес»; «Ұят кімде болса, иман сонда», «Ұяттан адам өлмейді, сағы сынады», т.б. Осы тектес мақал-мәтелдер қазақ халқының ұят ұғымына ерекше мән бергенін, оны адамгершілік пен имандылықтың өлшемі ретінде бағалағанын көрсетеді. Демек «ұят» концептісі тілдік бірліктер арқылы ұрпақ тәрбиесінің өзегіне айналған рухани-мәдени құндылық екені байқалады.

Когнитивтік лингвистика – тіл мен танымның өзара байланысын зерттейтін заманауи бағыт ретінде концепт ұғымын терең түсінуге жол ашады. «Ұят» концептісі – қазақ дүниетанымындағы ар-намыс, адамгершілік, руханият сияқты құндылықтармен тікелей сабақтас, мазмұны терең, құрылымы күрделі ұғым. Бұл концепт көркем әдебиетте, мақал-мәтелдерде, тұрақты тіркестерде жиі көрініс тауып, қоғамның моральдық ұстанымдарын білдіреді. Мақала барысында ұсынылған лингвомәдени және контекстік талдаулар ұят ұғымының тілдік бейнесі арқылы қазақ қоғамындағы әлеуметтік-психологиялық, мәдени танымды айқын ашып береді. Осы арқылы тілде көрініс тапқан ұлттық құндылықтар жүйесі мен адамның ішкі рухани әлемін тануға мүмкіндік берілетіні көрсетілді.

Әдебиеттер тізімі

1. Түлекова М. Когнитивтік ғылымның қазақ тіл білімінде алатын орны // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. – 2011. – №4 (134). – Б. 210-213.
2. Жұбай О. Қазақ тілінің когнитивті грамматикасы. – Алматы: Қазығұрт, 2014. – 392 б.
3. Оразалиева Э.Н. Когнитивтік лингвистика: қалыптасуы мен дамуы. – Алматы: Ан Арыс, 2007. – 312 б.
4. Тымболова А.О., Л.Ә. Ибраймова Лингвомәдениеттану негіздері: Оқу құралы. – 1992. – 192 б.
5. Ахметова М.М. «Концепт» терминінің шығу тарихы мен зерттелу жайы // Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің хабаршысы. – 2013. – №2. – Б. 150-153.
6. Салқынбай А.Б. Абай сөзінің лингвопоэтикасы. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 123 б.
7. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 14-том / Құраст.: М. Малмақов, Қ. Есенова, Б. Хинаят және т.б. – Алматы, 2011. – 800 б.
8. Дронзина Т.А., Юнисов Е.А., Ракимжанова С.К., Маликова А.М. Ұят категориясы мен ар-намыс түсінігінің аксиологиялық мазмұны // Қарағанды университетінің хабаршысы. Тарих. Философия. – 2021. – №3 (103). – Б. 130-136.
9. Сағатова Ш.Б., Юнисов Е.А. Қазақ мақал-мәтелдеріндегі «ар-ұждан» концептісі // «Керуен» ғылыми журналы. – 2022. – №3 (76-том). – О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты. – Б. 194-203.

МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯДАҒЫ ЭТНОЦЕНТРИЗМ ЖӘНЕ ТІЛДІК КЕДЕРГІЛЕР

А. Маханбетқызы,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың магистранты.
Ғылыми жетекші: филология ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор С.М. Иманқұлова.
Қазақстан, Алматы
aruzhanmakhanbetkyzy7@gmail.com

Аннотация. В статье рассматриваются основные причины непонимания, возникающего в межкультурной коммуникации, через призму языковых различий и этноцентричности. Поскольку восприятие языка и культуры у представителей разных этносов өзінчо, прагматические элементы – такие как подтекст, жесты, интонация – могут интерпретироваться по-разному в разных культурах. Раскрывается роль этноцентризма в сознании человека, его влияние на коммуникацию и уровни проявления, показывается, что это явление осложняет межкультурный диалог. Подчеркивается, что для изучающего язык недостаточно овладеть только языковой системой; эффективное общение требует понимания культурных символов, особенностей национального мышления. В связи с этим обосновывается необходимость создания специального культурного словаря, отражающего элементы казахской культуры.

Ключевые слова: межкультурная коммуникация, этноцентризм, прагматические барьеры, языковые различия, культурный контекст, культурная компетентность, национальная картина мира.

Abstract. This article analyzes the main causes of misunderstanding that arise in intercultural communication, focusing on linguistic differences and ethnocentric attitudes. Since each ethnic group perceives language and culture through its own lens, pragmatic elements–such as subtext, gestures, and intonation–may carry different meanings across cultures. The article discusses the role of ethnocentrism in human cognition, its influence on communication, and its various levels of manifestation, demonstrating how this phenomenon complicates intercultural dialogue. It is emphasized that language learners need more than grammatical and lexical knowledge; effective communication requires an understanding of cultural symbols and national patterns of thinking. In this context, the relevance of creating a special cultural dictionary reflecting Kazakh cultural elements is substantiated.

Keywords: intercultural communication, ethnocentrism, pragmatic barriers, linguistic differences, cultural context, cultural competence, national worldview.

Адам – әлеуметтік ортада өмір сүретін, қоғамның ажырамас бөлшегі. Жеке тұлға ретінде әр адам белгілі бір ұлттың, тілдің, мәдениеттің өкілі ретінде өмір сүру барысында сол қоғамның рухани құндылығын, салт-дәстүрін, қарым-қатынас нормаларын бойына сіңіреді. Адам мен қоғам арасындағы тығыз байланыс оның тілдік және мәдени болмысына әсер етеді. Соның нәтижесінде әр адамның әлемді қабылдау мен бағалау ерекшелігі қалыптасады.

Әртүрлі ұлт өкілдері арасында қарым-қатынас орнағанда, олардың тілі мен мәдениетіндегі айырмашылықтар бірден байқалады. Бұл айырмашылықтар кей жағдайда өзара түсініспеушілікке, яғни коммуникациялық кедергілерге себеп болады. Әсіресе қазақ және ағылшын тілді адамдар арасында болатын диалогтарда мұндай жағдайлар жиі кездеседі. Мұның түп-төркіні тек тілдік жүйедегі емес, мәдениетаралық қарым-қатынастағы ерекшеліктермен байланысты. Себебі екі ұлттың танымы, әлемді қабылдауы, мәдени контексті, тілінің құрылымы бәрі де әртүрлі.

Қарым-қатынас процесінде кездесетін ең күрделі мәселелердің бірі – прагматикалық кедергілер. Олар көбіне сөйлеу кезінде айтылған сөздің мағынасын дұрыс түсінбеуден, вербалды және вербалды емес әрекеттерді (интонация, мимика, ишара, дауыс ырғағы, үнсіздік т.б.) әртүрлі қабылдаудан туындайды. Мұндай кедергілер тек тікелей диалог барысында ғана емес, сондай-ақ бейне-ролик, жарнама, сурет сынды ақпарат көздерінен де байқалады. Қарапайым ғана тілдік таңбаның астарында жатқан мәдени мағына мен прагматикалық мән ескерілмеген жағдайда түсініспеушілік туындайды.

Жұмағұлова А.Ж. мен Мамаева М.Қ. өз мақалаларында тілдік қатынасты (коммуникацияны) түрлі қоғамдық қарым-қатынастардан туындайтын ойдың тіл арқылы жүзеге асуы, яғни тілдің адамдарға тән ең маңызды қатынас құралы ретіндегі негізгі қызметі деп түсіндіреді. [4, 484].

Мәдениеттер арасындағы қарым-қатынас – ұлттық мәдениеттерді байытатын, бірақ табиғаты күрделі құбылыс. Алайда кей жағдайда мұндай байланыс өзге мәдениеттің ықпалын күшейтіп, оны ығыстырып жіберетін құралға да айналып кетуі ықтимал. Сондықтан түрлі халықтар мен мәдениеттер өкілдерінің арасындағы кез келген байланыс арнайы дайындықты, терең білім мен дұрыс дағдыларды талап етеді. [8].

Адам әрдайым өзінің мәдениетін, таным-түсінігін дұрыс деп ойлайды. Соған сай кейде өзі де аңғармай өзін және өзінің ұлтын жоғары қойып жатады. Бұл ғылымда этноцентризм деп аталады. Ол мәдениетаралық коммуникация процесінде жиі кездесетін психологиялық-прагматикалық тосқауылдардың бірі . «Этноцентризм» ұғымын ғылымға 1883 жылы австриялық социолог Л. Гумплович енгізген [4, 660]. Ал 1906 жылы Самнер одан әрі дамытып, “Folkways” еңбегінде ғылыми айналымға енген. [2].

К. Герген мен М. Гергеннің пікірінше, «этноцентризм» ұғымының бір бөлігі «эгоцентризм» түсінігімен үндес келеді. Бұл ұқсастық терминнің негізіндегі «орталықтандыру» деген мағынадан туындайды: эгоцентризмде адам өз назарын өзіне шоғырландырса, этноцентризмде дәл осы шоғырлану этносқа немесе белгілі бір этникалық топқа қатысты байқалады. [3, 1036 б].

Этноцентризм – адамның өз ұлтын, мәдениетін ең дұрыс, ең биік құндылық деп есептеуі, ал өзгелердің мәдениеті төмен саналып, оған бейімделуі қажет деген ұстаным. Мұндай көзқарас өзара түсіністіктің бұзылуына, қатынас кезінде стереотиптік, кейде агрессивті реакциялардың тууына алып келуі мүмкін.

Этноцентризм адамның өз мәдениетін табиғи әрі дұрыс деп қабылдап, өзгелердің мәдениеті мен мінез-құлқын сол қалыптасқан түсініктер арқылы бағалауға бейімділігін білдіреді. Адам unfamiliar ортаға түскенде, жаңа әдет-ғұрыптар мен әрекеттерді түсіндіру үшін өз мәдени тәжірибесіне жүгінеді. Бұл басқа халықтың өмір салтына әділ көзқарас қалыптастыруды қиындатып, кейде қабылдамауға дейін апарады.

Зерттеулер көрсеткендей, этноцентризмнің қалыптасуына ұлттық сана, әлеуметтік ортадағы бөліністер және ақпарат құралдарында таралатын біржақты бейнелер ықпал етеді. Мұндай жағдайда адам өз мәдениетін ерекше орынға қойып, басқа мәдениеттердің ішкі логикасын аңғаруға құлықсыз болады. [5, 13 б].

Этноцентризмнің мәні – өзге мәдениетті сол мәдениеттің өз заңдылықтарымен емес, адамның өзі үйренген құндылықтарымен салыстыра қарау. Осы себепті ол басқа халықтың дүниетанымын толық түсінудің орнына, оны өз өлшемдерімен шектеп қабылдайды.

Ғалымдар этноцентризмді үш деңгейге бөліп қарастырады. Әр деңгейдің өзіне тән қарым-қатынас стилі, мәдениетаралық диалогқа әсері бар:

1. Толерантты этноцентризм (жеңіл түрі)

Бұл деңгейде адам өз ұлтын жақсы көреді, оның құндылықтарын бағалайды, бірақ басқа мәдени өкілдерімен сабырлы, сыйластыққа негізделген қатынас орната алады. Ол өз ұлтын жоғары санаса да, өзгелердің мәдениеті мен дәстүрін кемсітпейді, керісінше, түсінуге тырысады.

2. Жасырын агрессивті этноцентризм (орташа деңгей)

Бұл деңгейде адам өз мәдениетін тым жоғары бағалайды, ал өзге мәдениетті өкілдеріне күмәнмен, сын көзбен қарайды. Басқа халықтардың салт-дәстүрі, тілі, сөйлеу мәнері, киіну үлгісі оның ішінде жайсыздық немесе тітіркену тудырады. Алайда бұл сезім ашық айтылмаса да, қатынас кезінде байқалып тұрады.

3. Агрессивті этноцентризм (қатерлі деңгей)

Бұл деңгейде адам өзге ұлт өкілдерін жек көреді, оларды кемсітуге, тіпті өз қателіктері үшін кінәлауға бейім. Мұндай ұстаным тілдік агрессияға, кемсітуге, шовинистік көзқарастарға әкелуі мүмкін. Бұл қатынас прагматикалық кедергіні ғана емес, коммуникацияны толық бұзуға алып келеді.

Қарым-қатынас барысында мәдени нормалардың, тілдік мәнерлердің, ым-ишараның, сөздің астарлы не тура мағынада қолданылуы түсініксіз болса, этноцентризм бұл айырмашылықты теріс қабылдауға жетелейді. Сондықтан да мәдениетаралық байланыста табысты коммуникация орнату үшін:

- өз мәдениетіңді сыйлау мен өзгенікін түсінуге ұмтылу арасында тепе-теңдік сақтау;
- прагматикалық кодтар мен мәдени контекстілердің айырмашылығын түсіне білу қажет.

Агрессия көріністерінің психологиялық ерекшеліктері әртүрлі жас кезеңдерінде әртүрлі себептерге байланысты. Жасөспірімдік шақта агрессияның негізгі себептері – өзін-өзі бағалаудың жеткіліксіздігі, темпераменттің холерикалық түрі, әлеуметтік-психологиялық құзыреттіліктің төмен деңгейі, басқа адамның мінез-құлқын дұрыс бағаламау, психологиялық тұрақтылықтың жеткіліксіздігі, эмпатия қабілетінің болмауы, талаптардың шамадан тыс немесе төмен деңгейі, мінездің екпіні, сондай-ақ осы жасқа тән әртүрлі қайшылықтар.

Жасөспірімдердің тұлғалық маңызды бағыт-бағдары. Жасөспірімдік кезеңнің басты сипаттамасы – бұл кезеңде тұлғаның жетілуіне түпкілікті көшу жүзеге асырылады, тұрақты жеке қасиеттердің қалыптасуы аяқталады. Жасөспірімдік кезеңінде адам толық әлеуметтік және жеке дамуға жетеді [5].

Жасөспірімдік шақтағы басты құндылықтар:

- Жалпы әлеуметтік және эмоционалды жетілуге қол жеткізу;

- Ата-аналар үйінен бас тарту (эмансипация);
- Гетеросексуалдық қызығушылықтың өркендеуі;
- Мамандықты түпкілікті таңдау;
- Бос уақытыңызды құрылымдау тәсілдерін меңгеру;
- Өмір психологиясының қалыптасуы, нәтижесінде мотивацияланған саналы мінез-құлық.

Жасөспірімдік кезеңнің психикалық дамуы алдын-ала өзін-өзі анықтау процесі аяқталып, өзін-өзі жүзеге асыруға көшу ерекшеліктерімен сипатталады.


Жасөспірімдік кезеңде өзін-өзі анықтауға психологиялық дайындық дамиды:

- теориялық ойлаудың, азаматтық және ғылыми және дүниетаным негіздерінің, дамыған рефлексия мен өзін-өзі танудың қалыптасуы;
- қажеттіліктері дамиды (ересек адамның позициясын, біртұтас бағдарларды, қарым-қатынасқа, жұмысқа, адамгершілік көзқарастарға деген қажеттілік);
- өз мүдделері мен қажеттіліктерін жүзеге асыру және дамыту нәтижесінде даралықтың алғышарттарын қалыптастыру [6].

Негізгі бөлім. *Жасөспірімдік кезеңдегі ересектердің жеке басының ерекшеліктері мен агрессивтілігінің проблемаларын теориялық талдау негізінде келесі қорытынды жасауға болады*: агрессия – адамның дұшпандық қоршаған шындыққа реакциясы ретінде адамның белсенділігі мен бейімделуінің ажырамас динамикалық сипаттамасы болып табылады. Осылайша, жасөспірімдік кезең – адам өміріндегі ең маңыздылардың бірі болып табылады [7].

Жасөспірімдік кезеңде қалыптасқан және осы кезеңде қабылданған көптеген жеке қасиеттер адамның болашақ тағдырына әсер етеді. Ерте жастағы агрессивтілік ұлдар мен қыздарға өздерінің ішкі проблемаларын жеңуге мүмкіндік беретін құрал болып табылады.

Сызба 1. Агрессивті жасөспірімдердің типологиялық ерекшеліктері



Жоғарыдағы сызбада көрсетілген агрессивті жасөспірімдердің типологиялық ерекшеліктеріне сәйкес мінез-құлқын сипаттауды жөн көрдік.

Мәселен, гиперактивті тип – қимыл-қозғалысы бұзылған жасөспірім, отбасында «пұт» сияқты рұқсат етушілік атмосферада тәрбиеленеді. Мінез-құлықты түзету үшін міндетті ережелері бар ойын жағдайларын пайдалана отырып, шектеулер жүйесін құру қажет.

Сенсорлық тип – сезімталдықтың жоғарылауымен, ашуланшақтығымен, ренішімен, осалдығымен сипатталатын шаршаған және сезімтал жасөспірім. Мінез-құлықты түзету психикалық стрессті жоюды қамтиды (бір нәрсені жеңу, шулы ойын).

Оппозициялық тип – өзі танитын адамдарға, үлгі болмайтын ата-анасына дөрекілік танытатын оппозициялық жасөспірім. Жасөспірім өзінің көңіл-күйін, проблемаларын осы адамдарға аударады. Мінез-құлықты өзгерту мәселені бірлесіп шешуді қамтиды.

Агрессивті тип – дұшпандық, күдікпен қарайтын агрессивті-қорыққан жасөспірім. Түзету қорқынышпен жұмыс істеуді, балаға қауіпті жағдайды үлгі етуді, оны жеңуді қамтиды.

Эмоционалды тип – эмоционалды жауап берушілік, жанашырлық, эмпатиямен ерекшеленбейтін агрессивті сезімтал жасөспірім. Түзетуге адамгершілік сезімдерді ояту, балаларда өз іс-әрекетіне жауапкершілікті дамыту жатады [8].

Педагогикалық-психологиялық зерттеулерді талдау бізге жасөспірімдік кезеңде көрініс беретін агрессивті мінез-құлықтың жалпы мәселелері мен психологиялық ерекшеліктері туралы тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді. Оны келесі кесте арқылы беруді жөн деп ұйғардық.

Кесте 1. Жасөспірімдік кезеңде көрініс беретін агрессивті мінез-құлықтың жалпы мәселелері мен психологиялық ерекшеліктері

№	**Агрессивті мінез-құлықтың жалпы мәселелері**	**Агрессивті мінез-құлықтың психологиялық ерекшеліктері:**
1	2	3
1	Эмоционалды қозғыштықтың жоғарылауы	Өзін-өзі анықтау, өзін-өзі тану. Жасөспірімдердің жетекші іс-әрекеті – өмірде өз орнын табу.
2	Тәуелсіздік пен жауапкершіліктің жеткіліксіз деңгейі	Дүниетанымның қалыптасуы. Жасөспірімдік кезеңінде шындықты қабылдаудың моральдық белгілері қалыптасуы
3	Өзін-өзі бағалаудың жеткіліксіздігі	Ересек адамның әлеуметтік рөлдерінің барлық кешенін қабылдау және оларды игеру
4	Құрдастарымен қарым-қатынастың жеткіліксіздігі	Тұлғааралық қатынастардағы өзіндік ұстанымның түпкілікті қалыптасуы
5	Адамгершілік эталондардың, қағидаттардың, дүниетанымның қалыптаспауы	Психикалық күйлердің тұрақтануы
6	Нақты өмірлік мақсаттардың болмауы	
7	Өзіне және айналасындағыларға шамадан тыс сын айту жаман әдеттер	

Жасөспірімдік кезеңде көрініс беретін агрессивті мінез-құлықтың жалпы мәселелері мен психологиялық ерекшеліктері:

- эмоционалды қозғыштықтың жоғарылауы (көңіл-күйдің өзгеруі, теңгерімсіздік, мазасыздық, агрессия);
- тәуелсіздік пен жауапкершіліктің жеткіліксіз деңгейі;
- өзін-өзі бағалаудың жеткіліксіздігі;
- құрдастарымен қарым-қатынастың жеткіліксіздігі;
- адамгершілік эталондардың, қағидаттардың, дүниетанымның қалыптаспауы;
- нақты өмірлік мақсаттардың болмауы;
- өзіне және (немесе) айналасындағыларға шамадан тыс сын айту жаман әдеттер (тәуелділік әлі жоқ, бірақ үлкен қызығушылық бар әдеттер).

Агрессивті жасөспірімдердің типологиялық ерекшеліктерін айқындау бізге олардың агрессивті мінез-құлқында көрініс беретін маңызды психологиялық ерекшеліктерді сипаттауға мүмкіндік берді. Мәселен,

- *өзін-өзі анықтау, өзін-өзі тану.* Жасөспірімдердің жетекші іс-әрекеті – өмірде өз орнын табу. Бұл кезең – жеке және кәсіби өзін-өзі анықтаудың басталуымен байланысты:

жасөспірім кезеңінде мектептің аяқталуы. Мамандық таңдау, кәсіптік оқыту, еңбек іс-әрекетінің басталуы.

- *дүниетанымның қалыптасуы.* Жасөспірімдік кезеңінде шындықты қабылдаудың моральдық белгілері қалыптасады. Жасөспірімдерді моральдық мәселелердің қатарына жақсылық пен жамандық, әдептілік пен қағидатсыздық, әділдік пен заңсыздық мәселелері жатады. Бұл проблемалар адамгершілік мәселелерінің шеңберін қамтиды, олардың шешілу дұрыстығы жеке немесе интимдік тұлғааралық қатынастардың шекарасынан асып түседі және тұтастай алғанда адамның өмір сүруіне әсер етеді.

- *ересек адамның әлеуметтік рөлдерінің барлық кешенін қабылдау және оларды игеру* (жеке және кәсіби өзін-өзі анықтау негізінде). Жасөспірімдік кезеңінде адам тәуелсіздікке ие болады және саналы түрде әлеуметтік міндеттемелер алады.

- *тұлғааралық қатынастардағы өзіндік ұстанымның түпкілікті қалыптасуы* – жеке тұлғаны қалыптастырумен тығыз байланысты.

- *психикалық күйлердің тұрақтануы* (жасөспірімдік кезеңмен салыстырғанда): ерте жастық шақта жасөспірімдермен салыстырғанда тұлғааралық қақтығыстардың ауырлығы айтарлықтай төмендейді және қоршаған адамдармен қарым-қатынаста негативизм әлдеқайда аз дәрежеде көрінеді [9].

Қорытынды. *жасөспірімдік кезең* – бұл дамудың жаңа өмірлік жағдайына бейімделуге және кейінгі жас кезеңдеріне дайындалуға бағытталған жаңа психологиялық неоплазмалардың пайда болуымен байланысты жеке тұлға үшін қиын уақыт. Жасөспірімдік кезеңде жеке тұлғаны қарым-қатынас жүйесі ретінде қалыптастыру жүзеге асырылады деп айтуға болады: жасөспірімдер өзіне, басқа адамдарға, сондай-ақ моральдық құндылықтарға қатысты ішкі ұстанымды қалыптастыруға тырысады.

Жасөспірімдік кезеңнің басты сипаттамасы – бұл жас кезеңінде тұлғаның жетілуіне түпкілікті көшу жүзеге асырылады, тұрақты жеке қасиеттердің қалыптасуы аяқталады, осылайша жасөспірімдік кезеңдегі ең маңыздылардың бірі болып табылады. Жасөспірімдік кезеңдегі агрессивтіліктің ерекшеліктері гендерлік әлеуметтенудің, отбасылық тәрбиенің, көзқарастардың, дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың, бұқаралық ақпарат құралдарының әсерінен қалыптасатын тұлғаның агрессивті мінез-құлқының әртүрлі формаларында, типтері мен әдістерінде көрініс береді.

Жасөспірімдік кезеңде көрініс беретін агрессивті мінез-құлық – жеке және кәсіби өзін-өзі анықтаудың басталуымен байланысты мамандық таңдауы, дүниетанымның қалыптасуы, саналы түрде әлеуметтік міндеттемелерді орындауы, тәуелсіздікке ие болуы, тұлғааралық қатынастардағы өзіндік ұстанымның түпкілікті қалыптасуы және психикалық күйлердің тұрақтануы барысында көрініс беретін агрессивті мінез-құлықтар жиынтығы.

Әдебиеттер тізімі

1. Божович Л.И. *Личность и её формирование в детском возрасте.* – Москва: Просвещение, 2008. – 351 б.

2. Эльконин Д.Б. *Психология развития школьника.* – Москва: Академический проект, 2010. – 384 б.

3. Шаповаленко И.В. Возрастная психология: психология развития и возрастная психология: учебник [Текст]/ И. В. Шаповаленко. – М.: Гардарики, 2009. - 349с.

4. Немов Р.С. *Психология: Общие основы психологии.* – Москва: Владос, 2016. – 512 б.

5. Ақажанова А.Т. Девиантология: Оқу құралы. – Алматы: Заң әдебиеті, 2009. – 126 б.

6. Қалиев С. *Жас ерекшелік психологиясы.* – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 284 б.

7. Fromm E. *The Anatomy of Human Destructiveness.* – New York: Holt, Rinehart and Winston, 1973. – 520 p.

8. Құнанбаева С.С. *Жасөспірімдердің әлеуметтік мінез-құлық мәселелері.* // *Психология және қоғам*, №2 (45). – Алматы, 2022. – 45–53 бб.

9. А.Ш. Баймахова. Мінез-құлқында ауытқуы бар жеткіншектерді тәрбиелеудің өзекті мәселелері. Абай атындағы ҚазҰПУ ХАБАРШЫСЫ «Педагогика ғылымдары» сериясы, №4(80), 2023ж. -312-325бб.

УАҚЫТ ҰҒЫМЫНЫҢ ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРІК ТІЛДЕРІ БОЙЫНША ЗЕРТТЕЛУ БАҒЫТТАРЫ

Ұ.М.Бахтыбай,
Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-дың магистранты.
Астана, Қазақстан
ulpan.baxtybay@icloud.com

Аннотация. Мақалада қазақ және түрік тілдеріндегі уақыт ұғымына қатысты тілдік бірліктердің зерттелу бағыттары кешенді түрде қарастырылады. Уақыт категориясының тіл біліміндегі этнолингвистикалық, когнитивтік, тарихи-семантикалық және грамматикалық аспектілері қарастырылып, екі тілдегі уақыт ұғымын сипаттайтын тілдік бірліктердің қалыптасу ерекшеліктері салыстырмалы негізде сараланады. Қазақ тіліндегі уақыт атауларының табиғатпен, көшпелі өмір салтымен және дәстүрлі дүниетаныммен сабақтастығы анықталып, олардың мәдени-танымдық мазмұны ашылады. Сонымен қатар, түрік тіліндегі шақ категориясының функционалдық-семантикалық ерекшеліктерінің адам болмысымен, дүниетанымымен байланысы көрсетіледі. Қазақ тілінде уақыт көбіне әрекетпен, табиғи циклдермен және тұрмыстық тәжірибемен өлшенсе, түрік тілінде уақыт грамматикалық жүйе арқылы нақты әрі құрылымдық сипатта көрініс табады. Бұл айырмашылықтар уақыт концептісінің ұлттық дүниетаныммен байланысын айқындайды. Уақытқа қатысты фразеологиялық бірліктер, метафоралық модельдер және тарихи атаулар арқылы екі тілдегі ортақ архетиптік негіз бен өзіндік даму ерекшеліктері ашылады.

Қазақ және түрік тіл білімінде уақыт ұғымына қатысты жүргізілген зерттеулердің теориялық бағыттарын жүйелеу арқылы бұл категорияның тек грамматикалық шақпен шектелмейтіні, оның мәдени код пен танымдық құрылымның маңызды компоненті екені дәлелденеді. Осы тұрғыдан алғанда, уақыт ұғымын зерттеу тілдік құбылысты талдау ғана емес, халықтың дүниетанымдық жүйесін, тарихи жадын және мәдени болмысын түсіндірудің маңызды тетігі болып табылады.

Түйін сөздер: уақыт, этнолингвистика, салыстыриалы талдау, түрік тілі, қазақ тілі; дүниетаным; заман; кезең.

Annotation. The article comprehensively examines the research directions of the concept of time in the Kazakh and Turkish languages. The category of time is analyzed from ethnolinguistic, cognitive, historical-semantic, and grammatical perspectives within linguistics, and the specific features of the formation of the time concept in both languages are comparatively explored. The connection between time expressions in the Kazakh language and nature, nomadic lifestyle, and traditional worldview is identified, revealing their cultural and cognitive significance. In addition, the structural system and functional-semantic characteristics of the tense category in the Turkish language are discussed based on scholarly research. In the Kazakh language, time is often measured through actions, natural cycles, and everyday experience, whereas in the Turkish language it is manifested in a more structured and grammatically systematized form. These differences highlight the relationship between the concept of time and national worldview. Through the analysis of phraseological units, metaphorical models, and historical lexical items related to time, the shared archetypal foundations as well as the distinctive developmental features of both languages are revealed.

By systematizing the theoretical approaches to the study of time in Kazakh and Turkish linguistics, the article demonstrates that this category is not limited to grammatical tense alone but represents an essential component of cultural code and cognitive structure. From this perspective, the study of the concept of time is not merely an analysis of a linguistic phenomenon but an important means of understanding a people’s worldview, historical memory, and cultural identity.

Keywords: time, ethnolinguistics, comparative analysis, Turkish language, Kazakh language; worldview; era; period.

Уақыт – адамзат ойлау жүйесінің ең күрделі әрі әмбебап категорияларының бірі. Ол тек физикалық өлшем емес, болмысты ұйымдастырушы принцип, танымдық құрылым, мәдени код және тілдік жүйенің семантикалық өзегі болып табылады. Адам қоршаған әлемді кеңістік пен уақыт координаттары арқылы таниды. Осы тұрғыдан алғанда уақыт ұғымы – дүниетанымның іргелі компоненті. Әсіресе тіл білімінде уақыт категориясы тек грамматикалық шақ жүйесі ретінде ғана емес, концепт, мәдени феномен, этникалық таным

көрінісі ретінде қарастырылады. «Уақыттың лингвистикалық аспектісі – уақыттың физикалық және философиялық аспектілерінің мәнін білдіру амалдарының барлық жиынтығы» [1, 11 б.]

Тіл білімінің этнолингвистика саласы уақыт ұғымын халықтың рухани болмысымен бірлікте қарастырады. Ә.Қайдар тілдегі кез келген ұғымның астарында этностың мәдени тәжірибесі жататынын атап көрсетеді. Ғалымның пікірінше, уақытқа қатысты атаулар халықтың өмір салты мен шаруашылық жүйесінің тілдік көрінісі болып табылады [2, 81 б.]. Бұл көзқарас қазақ және түрік тілдеріндегі уақыт ұғымын салыстырмалы тұрғыдан зерттеуде маңызды теориялық негіз бола алады. Салыстырмалы этнолингвистикалық талдаулар туыс халықтар тілінен көрініс беретін жалпытүркілік болмыстың іздері мен әрбір халыққа тән даралықты айқындауға жол ашады.

Қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымы көшпелі өркениет негізінде қалыптасты. Көшпелі қоғамда уақыт табиғат ырғағымен, маусымдық өзгерістермен, мал шаруашылығының кезеңдерімен сабақтасып жатқан күнделікті тұрмыстық әрекеттермен өлшенді. Сондықтан қазақ тіліндегі уақыт атауларының едәуір бөлігі халықтың дүниетанымы мен тіршілік көздерін айқындайтын нақты тұрмыстық әрекеттерге негізделеді, мысалы: «сүт пісірім уақыт», «бие сауым уақыт», «ет асым уақыт» тіркестері уақыттың сағатпен емес, әрекет ұзақтығымен өлшенгенін көрсетеді; «қой қоралайтын кез», «мал келетін уақыт», «мал өріске шығатын уақыт» тіркестері тәуліктік мерзім аясындағы уақыт кезеңдерін сипаттайды; «қырқым уақыты», «қой қырқатын кез», «мал төлдейтін уақыт», «соғымның кезі» тіркестері жыл мерзіміндегі белгілі бір уақытты айқындайды. Е.Жанпейісов көшпелі мәдениетте уақыт пен кеңістік біртұтас қабылданатынын, олардың ажырамас категориялар екенін көрсетеді [3, 28-30 б.]. Қазақ дүниетанымы бойынша уақыт табиғат қозғалысымен және соған сәйкес халық тіршілігімен синхронды түрде түсіндіріледі.

Қазақ тіліндегі мезгіл атауларының семантикасын талдаған Р.Сыздық тарихи мәтіндерде кездесетін «сәске», «бесін», «екінді» сияқты атаулардың тек уақыт межесі емес, әлеуметтік-мәдени мағына жүктейтінін көрсетеді. Мысалы, «сәске» – күннің белгілі бір кезеңі ғана емес, күнделікті тіршілік ырғағының бір бөлігі. Бұл атаулар уақыттың астрономиялық емес, антропоцентристік сипатта қабылданғанын дәлелдейді [4, 68 б.].

Когнитивтік лингвистика тұрғысынан уақыт – концепт. Н.Уәли уақыт концептісін ұлттық сананың құрылымдық элементі ретінде қарастырады. Оның пайымдауынша, тілдегі уақытқа қатысты бірліктер халықтың дүниені қалай құрылымдайтынын көрсетеді. Қазақ тілінде уақыт көбіне кеңістік арқылы бейнеленеді: «алдағы күндер», «артта қалған жылдар», «ұзақ жол», «жақын арада» [5, 102 б.]. Бұл – уақыттың кеңістіктік метафора арқылы концептуализациялануы. Джордж Лакофф пен Марк Джонсон метафоралық модельдердің ойлау жүйесінде шешуші рөл атқаратынын дәлелдей отырып, «уақыт – қозғалыс» және «уақыт – ресурс» модельдерін ұсынғаны белгілі [6]. Қазақ тілінде ««уақыт өтті», «күндер сырғып жатыр», «жылдар жылжып жатыр» сияқты тіркестер осы қозғалыс моделін көрсетеді.

Қазақ дүниетанымында уақыттың циклдік сипаты айқын байқалады. Жыл мезгілдерінің қайталануы, көшу бағыттарының маусымдық өзгеруі, табиғатпен үйлесімді өмір сүру тәжірибесі уақытты шеңбер тәрізді, қайталанбалы процесс ретінде қабылдауға негіз болды. «Жыл айналып», «көктем қайта келді» сияқты тіркестер уақыттың қайта оралу идеясын білдіреді. Бұл циклдік модель көшпелі мәдениеттің экологиялық ойлауымен тығыз байланысты.

Түрік тіліндегі уақыт ұғымының дамуы тарихи-өркениеттік факторлармен сабақтас. Анадолы аймағында қалыптасқан түрік қоғамы отырықшылыққа ертерек бейімделіп, қалалық мәдениет пен мемлекеттік басқару жүйесін дамытты. Осы жағдай уақытты өлшеудің нақты, жүйеленген формаларының қалыптасуына ықпал етті. Түрік тілінде «zaman», «vakit», «süre», «an», «çağ», «devir» сияқты сөздер уақыттың әртүрлі семантикалық қырларын білдіреді. Доған Ақсан тіл мен мәдениет арасындағы байланысты зерттей отырып, уақыт лексикасының мәдени кодтың көрсеткіші екенін атап өтеді. Оның пікірінше, бір тілдегі уақыт атаулары сол қоғамның тарихи тәжірибесін бейнелейді.

Түрік тіліндегі шақ категориясын зерттеген Зейнеп Коркмаз етістік формаларының семантикалық аясын тек хронологиялық шектеумен қарастыру жеткіліксіз екенін атап көрсетеді. Оның пайымдауынша, түрік тіліндегі шақ көрсеткіштері уақытты ғана білдірмей, сөйлеушінің іс-әрекетке деген көзқарасын, бағасын, сенімділік дәрежесін, эмоциялық қатынасын да айқындайды[7, 84 б.]. Мәселен, geçmiş zaman формасы көбіне өткен шақты білдіретіні белгілі, алайда ол кей контексте баяндаушының оқиғаға қашықтық қатынасын, есту арқылы жеткізілген ақпаратты немесе күмән реңкін білдіруі мүмкін. Әсіресе -miş формасы тек өткенді емес, болжамдық, таңдану, күтпегендік мағыналарын үстейді. Бұл құбылыс шақ категориясының модальдық семантикамен тығыз байланысын көрсетеді. Түрік тіліндегі шақ формалары сөйлеушінің субъективті бағасын білдіру арқылы уақытты психологиялық тұрғыдан құрылымдайды. Осы тұрғыдан алғанда, уақыт тек объективті өлшем емес, коммуникациялық актідегі прагматикалық құрал ретінде көрінеді.

Мұхаррем Ергин түрік тіліндегі шақ жүйесінің тарихи эволюциясын талдай отырып, оның көне түркі жазба ескерткіштерінен бастау алатынын және даму барысында семантикалық жіктелудің тереңдей түскенін дәлелдейді [8, 322 б.]. Көне түркі тіліндегі шақ көрсеткіштері бастапқыда шектеулі болғанымен, кейінгі кезеңдерде олардың функционалдық аясы кеңейіп, қазіргі түрік тілінде күрделі жүйеге айналған. Ғалымның зерттеулерінде шақ категориясы тек морфологиялық форма емес, тарихи дамудың нәтижесінде қалыптасқан құрылымдық жүйе ретінде сипатталады. Бұл жүйе уақытты грамматикалық деңгейде нақтылап, сөйлем құрылымында айқын көрсетуді қамтамасыз етеді. Соның нәтижесінде түрік тілінде уақыт категориясы формалды, жүйеленген сипатқа ие болып, тілдік құрылымның тұрақты компонентіне айналған.

Қазақ және түрік тілдеріндегі уақытқа қатысты фразеологиялық бірліктерді салыстыру олардың ортақ архетиптік негізін айқын көрсетеді. Қазақ тіліндегі «көзі ашып-жұмғанша» тіркесі мен түрік тіліндегі «göz açıp kapayıncaya kadar» формасының құрылымдық және мағыналық сәйкестігі кездейсоқ ұқсастық емес, ортақ түркілік когнитивтік модельдің сақталғанын білдіреді. Екі тілде де уақыттың тез өтуі адамның физиологиялық әрекеті – көздің ашылып-жұмылуы арқылы бейнеленеді. Мұндай метафора уақыттың абстрактылы ұғымын нақты дене қимылы арқылы түсіндірудің әмбебап тәсілі болып табылады. Түркі тілдеріндегі ортақ концептілік құрылымдардың тарихи бірлікті ғана емес, ортақ дүниетанымдық негізді де айқындайды, түркі халықтарының тілінде сақталған бейнелі құрылымдар олардың ежелгі танымдық қалыптардың бүгінгі көрінісі болып табылады.

Уақытқа қатысты мұндай фразеологиялық бірліктер екі тілде де адамның тәжірибесіне сүйенген антропоцентристік танымды көрсетеді. Уақыт қозғалысы, тездік, баяулық, созылыңқылық сияқты сипаттар көбіне адам әрекетімен, дене мүшелерінің қимылымен, табиғи құбылыстармен салыстырылады. Бұл құбылыс уақыттың тек хронологиялық емес, тәжірибелік және образдық категория екенін дәлелдейді. Қазақ және түрік тілдеріндегі ұқсас тіркестер ортақ архетиптік метафоралардың сақталуын айқындай отырып, түркі дүниетанымындағы уақыт концептісінің терең тарихи тамырын көрсетеді.Сонымен қатар екі тілде де табиғатқа негізделген уақыт атаулары бар. Қазақ тіліндегі «ымырт», «таң сәрі», «түс ауған шақ» ұғымдары түрік тіліндегі «gün doğarken», «gün batımında», «akşamüstü» сөздерімен мазмұндас. Дегенмен қазақ тілінде бұл атаулар поэтикалық және дәстүрлі қолданыста жиі кездессе, түрік тілінде олар қазіргі қалалық сөйлеу нормасында белсенді қолданылады. Айырмашылық мәселесіне келсек, қазақ тілінде уақыттың әрекеттік өлшемі басым. Бұл көшпелі шаруашылықтың нәтижесі. Ал түрік тілінде уақыт абстракцияланған және жүйеленген сипатқа ие. «Uzun zamandır», «bir süre», «zamanla» сияқты тіркестер уақыттың жалпылама, дерексіз өлшемін білдіреді. Қазақ тілінде де «ұзақ мерзім», «ұзақ уақыт», «біраздан бері» тіркестері қолданыста, бірақ дәстүрлі мәдени қабатта нақты әрекеттік модель жиі кездеседі.

Философиялық тұрғыдан алғанда, уақыт ұғымы болмыс пен сана арақатынасын анықтайтын категория. Мартин Хайдеггер уақытты адамның болмыспен байланысының негізі ретінде қарастырғаны белгілі [9]. Бұл идеяны түркі дүниетанымына бейімдеп қарасақ, қазақ

мәдениетінде уақыт адам мен табиғат арасындағы үйлесім принципі ретінде түсіндіріледі. Ал түрік өркениетінде уақыт әлеуметтік ұйымдасу мен тарихи прогресс категориясына жақын сипатта дамыған. Уақыт ұғымын тарихи семантика тұрғысынан қарастырғанда, қазақ және түрік тілдеріндегі бірқатар атаулардың мағыналық эволюциясы ерекше назар аудартады. Мәселен, «заман» сөзі екі тілде де кең қолданылады, алайда оның семантикалық өрісі тарихи кезеңдерге байланысты өзгеріске ұшырап отырған. Қазақ тілінде «заман» көбіне әлеуметтік-тарихи ахуалды білдіретін бағалауыштық реңкке ие: «заман өзгерді», «заман бұзылды», «заман талабы» сияқты тіркестерде уақыт тек хронологиялық өлшем емес, қоғамның моральдық және рухани күйін сипаттайтын категория ретінде көрінеді. Ал түрік тілінде «zaman» сөзі көбіне бейтарап хронологиялық мағынада жұмсалады, дегенмен «zamanın ruhu» тәрізді тіркестерде ол тарихи-мәдени контексті айқындайтын философиялық мазмұн алады. Бұл құбылыс уақыт ұғымының екі тілде де тек өлшемдік емес, тарихи сананың формасы ретінде қызмет ететінін көрсетеді.

Уақыт категориясын психолингвистикалық қырынан талдағанда, оның адамның когнитивтік тәжірибесімен және эмоционалдық қабылдауымен тығыз байланысты екені байқалады. Қазақ дүниетанымында болашақ көбіне үміт, тілек, сенім ұғымдарымен астасып жатады. «Алдағы күннен үміт көп», «келешекке сенім» сияқты тіркестер уақытты тек келетін мезет ретінде емес, рухани бағдар ретінде түсіндіреді. Өткен шақ та жай хронология емес, тағдыр, жазмыш, өмір жолы ұғымдарымен байланыстырылады. Түрік тілінде болашақ формалары кейде жоспарлау, ұйымдасу, нақты мақсат қою мағынасында белсендірек қолданылады. Бұл әлеуметтік құрылым мен қоғамдық тәртіп деңгейінің тілдік көрінісі ретінде түсіндірілуі мүмкін. Психолингвистикалық тұрғыдан алғанда, қазақ тіліндегі уақыт бейнелері эмоциялық-образдық сипатта көрінсе, түрік тілінде прагматикалық және нақты сипат басымырақ байқалады. Уақыт ұғымының мифологиялық қабатын қарастыру да маңызды. Көне түркі дүниетанымында уақыт космологиялық түсініктермен тығыз байланыста болған. Әлемнің жаратылысы, аспан мен жердің үйлесімі, табиғат циклдері уақыттың киелі сипатын қалыптастырған. Қазақ фольклорында «ертеде», «ерте, ерте, ертеде» деген формулалар уақытты нақты тарихи межеден ажыратып, мифтік кеңістікке енгізеді. Түрік ертегілерінде қолданылатын «bir varmış, bir yokmuş» формуласы да уақыттың шартты әрі символдық сипатта екенін көрсетеді. Мұндай құрылымдар уақытты сызықтық хронологиядан гөрі, мифтік-символдық өлшемде қабылдаудың тілдік көрінісі болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда, екі тілде де уақыттың мифопоэтикалық қабаты сақталғанымен, оның қазіргі тілдік қолданыстағы белсенділігі әртүрлі деңгейде көрінеді.

Қоғамдық дамудың жаңа кезеңдерінде уақыт ұғымының тілдік бейнесі де өзгеріске ұшырайды. Урбанизация мен жаһандану үдерістері дәстүрлі уақыт өлшемдерінің қолданыс аясын тарылтты. Қазақ қоғамында бұрын белсенді қолданылған «сүт пісірім», «бие сауым» тәрізді өлшемдер қазіргі тілдік қолданыста сирек кездеседі. Олардың орнын нақты сағаттық, минуттық жүйе басты. Бұл өзгеріс уақытты индустриалдық өркениет талаптарына бейімдеудің нәтижесі болып табылады. Түрік қоғамында мұндай трансформация ертерек басталғандықтан, уақыт ұғымы өндірістік және әкімшілік жүйемен үйлесімді түрде қалыптасты. Қазіргі ресми дискурста, медиа мәтіндерде, күнделікті коммуникацияда уақыт нақты даталармен, сағаттық межемен беріледі. Осы өзгерістер тілдің уақытты бейнелеу тәсілінің әлеуметтік эволюциясын айқын көрсетеді. Философиялық-антропологиялық тұрғыдан алғанда, уақыт ұғымы адамның өмір мәнін түсінуімен және құндылықтар жүйесімен тікелей байланысты. Қазақ дүниетанымында «уақыттың қадірін білу», «уақыт – сынақ», «уақыт – емші» тәрізді тіркестер өмірдің өткіншілігін, тағдырдың сынақ сипатын меңзейді. Уақыт мұнда адам болмысының ажырамас серігі ретінде көрінеді. Түрік мәдениетінде «vakit nakittir» деген мақал уақыттың экономикалық құндылық ретіндегі бейнесін айқындайды. Бұл тұжырым уақытты прагматикалық, утилитарлық өлшемде бағалаудың көрінісі. Осылайша, қазақ тіліндегі уақыт концептісінде рухани-философиялық реңк басым болса, түрік тілінде әлеуметтік-прагматикалық аспект айқынырақ байқалады. Дегенмен екі тілде де уақыт адам өмірінің мәнін айқындайтын негізгі категория ретінде орныққан.

Қорыта айтқанда, қазақ және түрік тілдеріндегі уақыт ұғымы жалпытүркілік дүниетанымға негізделгенімен, олардың даму траекториясы әртүрлі әлеуметтік-мәдени жағдайларда қалыптасты. Қазақ тілінде уақыт табиғатпен, әрекетпен және циклдік модельмен тығыз байланысты болса, түрік тілінде уақыт мифтік-символдық өлшемге, абстрактылы, сызықтық және грамматикалық жүйеге бейімделіп дамыды. Уақыт ұғымының лингвистикалық бірліктерін зерттеу – тілдік құбылысты ғана емес, этностың дүниетанымдық құрылымын, мәдени жадын және философиялық пайымын тану болып табылады. Бұл бағыттағы зерттеулер түркі әлемінің ортақ рухани негізін айқындаумен қатар, әр халықтың өзіндік ерекшелігін терең түсінуге мүмкіндік береді.

Әдебиеттер:

1. Дешериева Т.И. Лингвистический аспект категории времени; его отношении к физическому и философскому аспектам // Исследование видовременной системы в нахских языках. – М.: Наука, 1979. – С. 6-11.
2. Қайдар Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде (этнолингвистикалық зерттеу). – Алматы: Дайк-Пресс, 2009. – 304 б.
3. Жанпейісов Е. Қазақ тілінің этномәдени лексикасы. – Алматы: Ғылым, 1989. – 264 б
4. Сыздық Р. Сөздер сөйлейді. – Алматы: Санат, 1994. – 272 б.
5. Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 2007. – 356 б.
6. Review of Metaphors We Live By George Lakoff, Mark Johnson (reviewed by Peter Norvig, UC Berkeley) https://norvig.com/mwlb.html
7. Korkmaz Z. Türkiye Türkçesi Grameri (Şekil Bilgisi). – Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları, 2003. – 736 s.
8. Ergin M. Türk Dil Bilgisi. – İstanbul: Bayrak Yayınları, 2009. – 528 s.
9. Хайдеггер М. Бытие и время. Пер. с. Нем. В.В.Бибихина. –Харьков: «Фолио», 2003. – 503 с.

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ТАРИХИ СИНТАКСИСІН ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ

Ә.А. Данияр
PhD доктор, Астана халықаралық университетінің аға оқытушысы.
Астана, Қазақстан
ahmediyakyzy.95@gmail.com

Аннотация. В статье рассматриваются методические основы преподавания исторического синтаксиса казахского языка. Исторический синтаксис изучает эволюцию структурной системы языка, формирование предложений и словосочетаний. В исследовании выявляются синтаксические особенности тюркских письменных памятников и их связь с современным казахским языком. Эффективность сравнительно-исторического, семантического и этнолингвистического методов подтверждается. Данное направление способствует углублённому пониманию истории языка и развитию научно-познавательных способностей студентов.

Ключевые слова: исторический синтаксис, тюркские письменные памятники, сравнительно-исторический метод, синтаксическая структура, лингвистический анализ текста.

Abstract. The article explores the methodological foundations of teaching the historical syntax of the Kazakh language. Historical syntax studies the evolution of the language's structural system and the historical formation of sentences and phrases. The research identifies the syntactic features of Turkic written monuments and their connection with modern Kazakh language. The effectiveness of comparative-historical, semantic, and ethnolinguistic methods is demonstrated. This approach enhances students' understanding of language history and fosters their analytical and cognitive skills.

Keywords: historical syntax, Turkic written monuments, comparative-historical method, syntactic structure, linguistic text analysis.

Қазақ тіл білімінің маңызды салаларының бірі – тарихи синтаксис. Ол тілдің құрылымдық жүйесінің даму эволюциясын, сөйлем мен сөз тіркестерінің тарихи қалыптасу жолдарын зерттейді. Тарихи синтаксисті оқыту – тек грамматикалық құрылымдарды меңгерту

емес, сонымен қатар қазақ тілінің тарихи-мәдени болмысын, ұлт дүниетанымының тілдегі көрінісін тануға мүмкіндік береді. Бұл бағыттағы білім тіл тарихының кезеңдерін, көне жазба ескерткіштер тілін, сондай-ақ қазіргі қазақ тіліндегі синтаксистік құрылымдардың тарихи негізін түсіндіруге бағытталады.

Қазақ тілінің тарихи синтаксисін оқыту – тілдің дамуын диахрондық тұрғыдан қарастыру арқылы студенттердің ғылыми-теориялық ойлау қабілетін жетілдіреді. Сонымен бірге тілдік бірліктердің мағыналық, құрылымдық өзгерістерін саралау арқылы тілдің дамуындағы ерекшеліктерді айқындауға жол ашады.

Қазіргі заманғы филологиялық білім беру жүйесінде тарихи синтаксисті оқытудың маңызы артып жатыр. Себебі ол студенттерге қазіргі қазақ тілінің ішкі заңдылықтарын терең түсінуге, көне дәуірден бүгінгі күнге дейінгі тілдік сабақтастықты пайымдауға мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан алғанда, тарихи синтаксисті оқыту – тек лингвистикалық құбылыстарды талдауға ғана емес, қазақ тілінің эволюциялық дамуын тануға, ұлттың рухани мұрасын тіл арқылы зерделеуге бағытталған іргелі білім саласы.

Көне, орта ғасыр, ортадан кейінгі, яғни XIX ғасырға дейінгі және XIX ғасырдағы жазба жәдігерлер тілін зерттеу сол мәтіндердің тарихи сипатқа ие көпшілікке белгісіз деректерін танытумен қатар, тілдік қолданыс ерекшеліктерін ашуда маңызды екені анық.

Орта ғасыр, дәлірек айтсақ, X-XII ғасырлар – Орта Азия мен Қазақстан халықтарының ана тілі мен әдебиетінің өркендеп-өсуіндегі жаңа басқыш болды. Өйткені бұл кезде араб халифатының билігі жойылып, ел басқару ісін жергілікті жерлердегі феодалдар мен ақсүйектер өз қолдарына алған еді. Яғни, X-XII ғасырларда түркі әдеби тілі жан-жақты дамып, жетіле түсті. «Қыпшақ, оғыз, қарлұқ және ұйғыр тайпалары мен халықтарының тілдері негізінде X-XII ғасырларда араб графикасындағы түрік жазуы қалыптасты. Әдебиеттің көптеген ескерткіштері аралас қарлұқ-ұйғыр және қыпшақ-оғыз тілдерінде жазылды» [1, 113].

Орта ғасырдағы ең танымал әдеби туындылар – «Құтадғу біліг», «Хибат ул-хакайық» және «Диуани лұғат ат-түрік» сөздігі жергілікті Қарахан мемлекетіндегі тайпалар мен халықтардың бәріне түсінікті, ортақ тіл болып табылатын түркі тілінде жазылды [1, 113].

Білім алушыларға тіл тарихына қатысты деректерді түсіндіру барысында тіл мен адамзат танымының, оның ішінде ұлттық танымның мәселелері өзара бірлікте ұсынылуы тиіс. Бұл өз кезегінде теориялық және эмпирикалық таным әдістерін қатар қолдану арқылы өз шешімін табады. Студенттер өздік жұмыстарды орындау барысында ғалымның тіл тарихын зерделеудегі өзіндік принциптерін тану арқылы қазақ тілінің даму заңдылықтарын ажыратуға төселеді.

Ал жазба ескерткіштерімен жұмыс жасаудағы ең маңызды мәселелердің бірі – түркі тілдеріне ортақ жазба мәтіндермен жұмыс жасауда білім алушылар сол кезеңнің жазба тілін түсінуі, оқи алуы. Яғни студенттер көне жазба тілі, шағатай тілі графикасын және әлемдік түркі жазба тілі транскрипциясын меңгеруі керек. Осыған байланысты мынадай оқу-құралдарын, әдістемелік нұсқаулықтарды ұсынуға болады:

1. Шағатай тілін үйренуге арналған Э. Шлюссельдің 2018 жылы жарыққа шыққан «An Introduction to Chaghatay: A Graded Textbook for Reading Central Asian Sources» оқу құралы [2] өзінің сапалығымен ерекшеленеді. Автор өз оқырманына оңай тілмен шағатай тілінің грамматикасын түсіндіреді.

2. Ғ. Айдаров, М. Томанов, Ә. Құрышжановтың «Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі» атты оқу құралы [3] – студенттерге көне түркі жазба ескерткіш тілдері, шағатай тілдері бойынша да теориялық, әрі практикалық білім беруде таптырмас оқу құралдардың бірі.

3. И.Л. Кызласовтың «Руниче письменности евразийских степей» деген [4] еңбегі көне түркі жазба әліпбиімен таныстырады.

4. ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің Тіл комитеті ұсынған Түрік Бітік атты электронды тарихи-мәдени қор: bitig.kz (https://bitig.kz/ja?lang=k). Бұл жерде оқытушы, зерттеуші ғалымдар, студенттер, жалпы тіл тарихына, көне жазба ескерткіштерге қызығушылық танытқандар үшін толық ақпарат қоры мен түрік бітік үйреткіші бар (1-сурет).

1-сурет. «Turk bitig» атты ежелгі және орта түркі кезеңі бойынша толықтырылатын электрондық ресурстары бар тарихи-мәдени қоры сайтының негізгі беті



Зерттеуші Ж.Т. Беласарова «Тіл тарихын оқытудың әдіснамалық тұғыры ретінде студентке тілді қай қырынан қарастырсақ та, оның түпкі мақсаты тілдегі тарихи, мәдени және когнитивтік кодтарды аша отырып, халық дүниетанымының ерекшеліктерін таныту», - дейді [5, 82]. Яғни біздегі тарихи синтаксис мәселесіне қатысты білім алушы сөз тіркестерінің, сөйлемдердің түрлері, құрылымдық ерекшеліктерімен қатар, олардың қалыптасуы мен дамуына ықпал еткен тарихи-географиялық, этно-мәдени факторларды білу маңызды. Осылайша студенттер теориялық білімді сыни тұрғыдан, практикалық тұрғыдан талдау арқылы бекітіп отырады. Төмендегі кестеде тарихи жазба мәтінді синтаксистік тұрғыдан талдауға арналған кесте үлгісі берілген (1-кесте).

1-кесте. Көне және орта ғасырдағы түркі жазба мәтіндерін синтаксистік құрылымдық ерекшелігін салыстыра отырып талдауға арналған үлгі

Түркі жазба мұрасының атауы	**Талдау бағыты**	**Сипат-белгісі**	**Қазіргі қазақ тілімен ұқсастығы/айырмашылығы**
Орхон-Енисей жазбалары	Сөздердің орналасу тәртібі	Баяндауыш соңында орналасады. *Мысалы:*	Орхон дәуірінде еркіндік басым, кейінгі дәуірлерде тұрақтанады. Орта ғасырда белгілі реттік бар. *Мысалы:*
Орхон-Енисей жазбалары	Сөз тіркесі түрлері	Қазіргі кезеңдегі сөз тіркестерімен ұқсас. *Мысалы:*	Тек 3 түрі кездеседі. *Мысалы:*
«Диуани лұғат ат-түрік»	Сөйлемдер түрлері	Жай сөйлем, құрмалас, хабарлы, сұраулы т.б. *Мысалы:*	Көне дәуірде қарапайым, қысқа сөйлемдер. Орта ғасырда жай сөйлемдердің

			1-кестенің жалғасы
			түрлері айқындала бастайды. *Мысалы:*
«Бабырнама»	Синтаксистік байланыс түрлері	Ыңғайлас, себептік, шарттық байланыстар бар. *Мысалы:*	Әр дәуірде жалғаулық құралдардың рөлі өзгеріп отырады. *Мысалы:*
«Түрік шежіресі»	Этномәдени элементтер	Дүниетаным, билік, ерлік, мораль ұғымдары тілдік құрылыммен берілген. *Мысалы*:	Әр ескерткіштің мәдени кеңістігі мен мақсаттық контексі өзгеше. *Мысалы:*
Ескертпе: *Берілген жазба ескерткіштер шартты түрде көрсетілген.*			

Студенттер талдауға берілген жазба мәтінімен жұмыс барысында, зерттеу жұмыс жүргізу кезінде ғылыми әдіс-тәсілдерді ұтымды қолдана білуі тиіс. Сол кезде ғылыми талдау нақтыланады, нәтиже шығады. Осыған байланысты төменде «Қазақ тілінің тарихи синтаксисі», «Тарихи грамматика», «Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы», «Түркітануға кіріспе», «Жазу тарихы» сынды пәндерде білім алушылар меңгеріп, қолдануға тиіс мынадай әдіс-тәсілдерді көрсетуге болады:

1. *Салыстырмалы-тарихи әдіс.* «Тарихи-салыстырмалы әдістің басты ұстанымы – тілдердің, тілдік фактілердің тарихи байланысы мен жүйесін сақтай отырып салыстыру. Салыстырмалы-тарихи тіл білімінің мақсаттарының бірі қазіргі белгілі тілдердің ата тілінің өзгерістерін зерттеу, яғни қайта құру (реконструкция) деген құбылыстың негізгі қағидаларын анықтау. Реконструкцияның тілдік бірліктері – фонема, морфема, лексема, синтаксема, просодема т.б.» [6, 9]. Тілдің тарихи дамуы мен грамматикалық құрылым эволюциясын айқындайды.

2. *Лексика-грамматикалық талдау әдісі.* Мәтіндегі сөздердің морфологиялық және синтаксистік қызметін кешенді талдайды. Көне сөздердің, қосымшалардың, сөйлем құрылымдарының қолданысын зерттеуде қолданылады. Көне тілдің грамматикалық жүйесі қалпына келтіріледі.

3. Контекстік талдау әдісі. Сөз бен сөйлем мағынасын мәтін ішіндегі байланыс арқылы түсіндіреді. Әрбір тілдік бірліктің мағынасы мен қызметін контекст аясында талданады.

4. Семантикалық талдау әдісі. Тілдік бірліктердің (сөз, сөз тіркесі, сөйлем) мағынасын, олардың контекстегі қызметін және мағыналық байланыстарын анықтайды. Негізгі нысаны – мәтіндегі сөздер мен сөйлемдердің мағыналық құрылымы, логикалық байланысы, мағыналық өрісі (семантикалық өріс).

5. Дискурстық талдау әдісі. Мәтінді тұтас мағыналық бірлік ретінде қарастырып, контекстегі синтаксистік және прагматикалық қызметін талдауда қолданады. Мәтіннің коммуникативтік және прагматикалық табиғаты ашылады. Түркі жазба мұраларындағы баяндау мен сипаттау құрылымдарын зерттеуде пайдалану.

6. Этнолингвистикалық әдіс. Тіл мен мәдениеттің өзара байланысын, мәтіндегі ұлттық-мәдени бірліктердің қызметін талдауда қолданады. Мәтіндегі дүниетанымдық, мәдени кодтар анықталады.

7. Прагматикалық талдау әдісі. Автордың мақсат-мүддесін, сөйлеу актісінің әлеуметтік және мәдени астарын ашады. Жазба мұра авторының стилін, бағалауыштық реңін талдау кезінде қолданылады.

Берілген әдіс-тәсілдер арқылы білім алушы талдауға ұсынылған мәтінді кешенді түрде нақты талдауға дағдыланады. Сонымен қатар студенттерге қазақ тілінің тарихи синтаксисін меңгертуге арналған практикалық бірнеше тапсырма ұсынуға болады. Олар:

1) З.Бабырдың «Бабырнама» жазба мұрасынан берілген сөйлемді қазіргі қазақ әдеби тіліне аударып, сөйлем түрлерін анықтаңыз.

«Mening inim Mirzā Xanning va anasi Sultan-Nigar Xanimning ‘aynu ma‘mūr vilāyatlari bar edi. Men va anam-vilāyat xud tursun bir kent va bir nečä qoš igäsi bola almaduk. Mening anam Yūnus Xan qizi va men nabirasi emäs mü edim?» [7, 421].

2) «Гүлістан бит түркі» ескерткішінен берілген сөйлемдерден сөз тіркестерінің түрлерін анықтап, жасалу жолын көрсетіп кестеге толтыр. *Йүзүң жәмалына не болды деп сәуал еттім [8, 13]; Сурәтін нәқшн қачан диуар үзә [8, 17]; Көзүмнүң қибләсі аның жәмалы дағы умрүмнің рәсмалы аның уисалы еді [8, 27]; Хәқиқат ашық ернің мәзһәбі ол, тілесең болмаға ашық алай бол [8, 43]; Дәриға болды көзүм бәбәгі жәс [8, 45]*.

2-кесте. Түркі жазба мәтінінен сөз тіркестерін тауып, жасалу жолын көрсету арқылы талдау үлгісі

Сөз тіркесінің түрлері	Мысалы	Қазақ тіліндегі аудармасы
Табыс жалғаулы меңгеру		
Барыс жалғаулы меңгеру		
Жатыс жалғаулы меңгеру		
Шығыс жалғаулы меңгеру		
Көмектес септікті меңгеру		

Түйіндей келе, қазақ тілінің тарихи синтаксисін оқыту процесінде көне және орта ғасырдағы түркі жазба мұраларын құрылымдық-семантикалық тұрғыдан салыстыра талдау ерекше маңызға ие. Мұндай талдау түркі халықтарының тілдік және мәдени сабақтастығын дәлелдей отырып, студенттердің ғылыми-зерттеу дағдыларын қалыптастырады. Орхон-Енисей, Орта ғасыр дәуірі және кейінгі шағатай кезеңі жазбаларының синтаксистік жүйесін саралау арқылы қазақ тілінің қазіргі құрылымындағы тұрақты заңдылықтардың тарихи негізі ашылады.

Жоғары мектепте оқыған әрбір студенттің теориялық білімді меңгере отырып, өздігінен ізденіп, алған білімін тәжірибеде қолдана алатын маман болып шығуы – басты талап. Сондықтан жоғары оқу орнында оқытылатын әрбір пәннің студенттің жеке тұлға ретінде қалыптасуына ықпалы ескеріліп отыруы тиіс. Осы орайда, зерттеуіміздегі қазақ тілінің тарихи синтаксисінің оқытудың негізгі теориялық, әрі практикалық тұстарын меңгеруде аталмыш мақаланың пайдасы тиер деген сенімдеміз.

Әдебиеттер тізімі

1 Келімбетов Н. Қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірі. Қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірі. – Алматы: Мектеп, 1986. – 212 б.

2 Schluessel E. An Introduction to Chaghatay: A Graded Textbook for Reading Central Asian Sources. – Michigan: Michigan Publishing, 2018. – 287 p.

3 Айдаров Ғ., Томанов М., Құрышжанов Ә. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі: университет пен педагогтық институттардың филология факультеттеріне арналған оқу құралы. – Алматы : Мектеп, 1971. – 272 б.

4 Кызласов И.Л. Рунические письменности евразийских степей. // М.: «Восточная литература». 1994. – 328 с.

5 Беласарова Ж.Т. М. Томанов еңбектеріндегі қазақ тілі тарихи грамматикасының теориялық мәселелері және оқыту жолдары

6 Қортабаева Г.Қ. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 302 б.

7 Thackston W.M. Bâburnâma: Chaghatay Turkish text with Abdul-Rahim Khankhanan's / pers. transl. – Cambridge, 1993. – 902 p.

8 Қазыналы оңтүстік. Т. 67 // М. Мырзахметұлы, Қ. Тәжиев, С. Өмірзақов т.б. – Астана: Нұрлы әлем, 2012. – 312 б.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ «ТІЛ-ҚҰРАЛ» ОҚУЛЫҒЫНДАҒЫ ЖАЗЫЛЫМ ТАПСЫРМАЛАРЫНЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҮЙЕСІ

Б.Ж. Жәкен,
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-дың докторанты.
Қазақстан, Астана.
E-mail: bota_zhaken@mail.ru

Аннотация. В статье рассматриваются структура и методическая система письменных заданий в учебнике Ахмета Байтурсынулы «Тіл-құрал». Определяются исторические основы, развитие и преемственность формирования навыков письма в преподавании казахского языка в сопоставлении с современными методиками обучения.

Ключевые слова: Ахмет Байтурсынулы, Тіл-құрал, письменная речь, методика, грамотность, культура речи, преемственность.

Abstract. The article examines the structure and methodological system of writing tasks in Akhmet Baitursynuly's textbook "Til-Qural". The study identifies the historical foundations, evolution, and continuity of writing skills development in teaching the Kazakh language in correlation with modern teaching methodologies.

Keywords: Akhmet Baitursynuly, Til-Qural, writing, methodology, literacy, speech culture, continuity.

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ тіл білімінің жүйелі негізін қалаған ұлт ұстазы, тіл жанашыры. 1912 жылы Айқап журналында «Жазу тәртібі» мақаласында «Оқу құралының ең ұлығы – бала оқытатын кітап; оның жақсы болып, балалардың жанын қинамасына жазудың тәртібі болуы шарт» [1, 298 б.] деген тұжырымын ұсынады. Бұл тұста ғалым қазақ педагогикасындағы оқулық сапасына қойылатын негізгі талаптарды айқындайды. Оқулықты білім берудің ең басты құралы ретінде бағалап, оның мазмұны мен құрылымы бала қабылдауына сай, түсінікті, ғылыми жүйемен жазылуы қажет екенін атап көрсетеді. Мұндағы «жанын қинамасына» дегенінен оқулықтың шамадан тыс күрделіліктен, ауыр тілден, жүйесіз берілген материалдан аулақ болуы маңыздылығын айшықтайды. Ал «жазудың тәртібі» ретінде оқу материалының бірізділігін, жеңілден күрделіге қарай берілуін, тілінің қарапайымдылығы мен ғылыми дәлдігін анықтайды. Байтұрсынұлының бұл қағидасы бүгінгі оқулық жасауда да өзекті, себебі сапалы оқулық – оқушының оқу мотивациясына, тілдік дамуына және білімді жүйелі меңгеруіне тікелей әсер ететін негізгі фактор.

Мақалаға арқау болған «Тіл-құрал» оқу құралындағы негізгі мәселелерге тоқталуды жөн көрдік. Біріншіден, Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тілінің табиғатын түсіндіруде оның дүниежүзі тілдері жүйесіндегі орнын нақты анықтап көрсетеді. Ғалымның «Қазақтың тілі – түрік тілінің бір тарауы» деп беруі қазақ тілінің генетикалық негізін айқындайтын тұжырым деуге болады. Автор дүниежүзі тілдерін үш үлкен топқа: түбіршік, жалғамалы, қопармалы тілдерге жіктей отырып, қазақ тілінің осы жіктеулердің ішінде жалғамалы тілдер тобына жататынын түсіндіреді. Байтұрсынұлы: «Біздің қазақ тілі түрік тілінің бір тарауы болғандықтан, жалғамалы тіл. Қазақ сөзінің түбірі өзгерілмей, аяғына жалғау қосылып өзгеріледі», дейді [2, 6-7 б.]. Осы тұста ұлт ұстазы тілдің морфологиялық құрылымын ғылыми тұрғыдан дәл сипаттайды. Бұл ерекшелік қазақ тіліндегі сөзжасамның табиғи заңдылықтарын түсіндіруде, сондай-ақ оқушылардың морфологиялық дағдыларын қалыптастыруда маңызды әдістемелік негіз ретінде қолданылып келеді. Сөздің түбірі өзгермей, қосымша арқылы жаңа мағына жасалуы қазақ тілін үйренуді жеңілдетеді және оқушыға сөздің қалай өзгеретінін оңай түсіндіруге көмектеседі.

Екінші «Тіл-құрал» оқу құралының үш негізгі бөлімі: «Дыбыс жүйесі мен түрлері», «Сөздің жүйесі мен түрлері» және «Сөйлем жүйесі мен түрлері» деп бөлінуіне назар аударайық. Үш бөлімге бөлінуі - қазақ тілін оқытудың бірізді, жүйелі әрі ғылыми негізделген моделінің көрінісі. Бұл құрылым қазақ тіл білімінің үш іргелі саласы: фонетика, морфология және синтаксис бағыттарын өзара логикалық байланыста қарастырып, тілдік дағдыларды табиғи жолмен меңгертудің тиімді тәсілі деуге негіз бар. Оқу құралдарының мазмұндық құрылымына қысқаша тоқталсақ, «Дыбыс жүйесі мен түрлері» бірінші тіл танытқыш кітабы [2, 4 б.] оқытудың бастапқы деңгейін қамтып, фонетикалық білімді қалыптастырады. Бұл кезеңде оқушы дыбыстарды таниды, олардың жасалу ерекшеліктерін меңгереді, дыбыстық талдау жасай алады. Мұндай жұмыс дұрыс оқу, сауатты жазу және тілдің дыбыстық жүйесін саналы түсінуге жол ашады. «Сөздің жүйесі мен түрлері» екінші тіл танытқышы [2, 87 б.] морфологиялық білімді қалыптастыруға бағытталған. Бұл бөлімде оқушылар сөздің мағынасы мен құрылымын меңгереді, түбір мен қосымшаны ажыратады, сөзжасам және сөз түрлендіру амалдарын игереді. Морфологияны меңгеру арқылы оқушы грамматикалық мағыналардың жасалу жолдарын түсініп, сөзді дұрыс қолдануға жаттығады. «Сөйлем жүйесі мен түрлері» үшінші еңбегі [2, 217 б.] синтаксистік деңгейдегі дағдыларды дамытады. Бұл бөлім оқушыны сөйлем құруға, сөздердің байланысу тәртібін түсінуге, сөйлем мүшелерін ажыратуға, тыныс белгілерін дұрыс қоюға үйретеді. Синтаксис баланың ойды жүйелі жеткізу, мәтін құрастыру, байланыстырып сөйлеу қабілеттерін дамытады.

Үш бөлімнің өзара сабақтастығы Ахмет Байтұрсынұлының **«дыбыс – сөз – сөйлем»** қағидатын жүзеге асырады. Аталмыш принцип арқылы оқытудың табиғи қалпы сақталады. Нәтижесінде, оқушы бірінші кезеңде фонетикалық, кейін морфологиялық, соңында синтаксистік деңгейдегі білімді меңгере отырып, тілдік дағдыларын толық қалыптастырады. Мұндай сатылы құрылым тіл үйретудің жүйелілігін қамтамасыз етіп, сауатты оқу мен жазуға берік негіз бола алады.

Қазақ тілін оқытуда тілдік дағдыларды, соның ішінде жазылым дағдысын дамыту – бүгінгі білім беру жүйесінің маңызды, әрі өзекті міндетінің бірі. Жазылым оқушының ойын жүйелі құра білуіне, тілдік бірліктерді орынды қолдануына және сауатты коммуникация жасауына тікелей әсер етеді. Ахмет Байтұрсынұлы да жазу дағдысының маңызын терең түсініп, «Біздің заманымыз – жазу заманы: жазумен сөйлесу ауызбен сөйлесуден артық дәрежеге жеткен заман… Сондықтан сөйлей білу қандай керек болса, жаза білудің керектігі онан да артық» деп жазады [3,13]. Ғалымның бұл пікірі жазу дағдысын меңгертудің тек техникалық талап емес, заман қажеттілігі екенін көрсетеді. Осы тұрғыдан алғанда, «Тіл-құрал» оқу құралындағы тапсырмалар жүйесін талдау оқушылардың жазылым дағдыларын қалыптастыруға бағытталған әдістемелік мүмкіндіктерді терең түсінуге жол ашады.

Одан кейін назарымызды оқу құралындағы тапсырмалардың берілу жүйесіне аударатын болсақ, Ахмет Байтұрсынұлы оқушылардың тілдік дағдыларын кезең-кезеңімен және бірізді түрде қалыптастыруға негізделген әдістемелік модельді көрсетеді. Ғалымның «әр ереже туралы аңдату әңгімесі болғаннан кейін, балалар әбден түсіну үшін сөйлем-сөйлем сөздерді, мақалдарды үлгіге алып, олардың ішінен ережеге келетін жерлерін таптыру, басқалардан айырту» [2, 7–8 б.] тұжырымы ұсынған тәсілдің жүйелілік сипатын айқын көрсетеді. Оқулықта жиі қолданылатын *«дағдыландыру»* және *«сынау»* ұғымдары осы модельдің негізгі бөліктері болып табылады.

Ахмет Байтұрсынұлының «Тіл-құрал» оқулығында ұсынылған тапсырмалар жүйесі қазақ тілін оқытудағы сатылы әрі ғылыми тұрғыдан негізделген әдістемелік модельдің айқын көрінісі болып табылады. Бірінші кезең – **ереже ұсыну.** Бұл кезеңде автор алдымен әр тақырыптың ғылыми анықтамасын береді. Мысалы, ұяң дауыссыздардың (ж, р, з, л, м, н, ң) бөлек топ ретінде таныстырылуы арқылы оқушы фонетикалық ерекшеліктердің мәнін түсінуге бағытталады. Теориялық негіздемеден кейін жүзеге асатын **дағдыландыру** кезеңі тілдік деректермен жұмыс істеу арқылы білімді тәжірибелік білікке айналдыруды көздейді. Бұл кезеңнің табиғаты жаттығудың қарапайым құрылымнан басталып, күрделілікке біртіндеп ұласуымен сипатталады. Мәселен, ұяң дыбыстарды сөз ішінен табуға негізделген

тапсырмалар: *Берсең аларсың, ексең орарсың және т.б.* оқушыға фонематикалық айырымдарды тануға, дыбыстың сөз мағынасы мен құрылымындағы қызметін аңғаруға, тілдік элементтерді ажырата білу дағдысын қалыптастыруға жағдай жасайды. Дағдыландыру барысында оқушы тек ережені қайталап қана қоймай, тілдік материалды талдау арқылы практикалық қолдану әрекетіне көшеді. Бұл практикалық әрекет оның фонетикалық құзыретін кезең-кезеңімен автоматтандыруға мүмкіндік береді. Тапсырманың соңғы бөлігі **сынау кезеңі** деп аталады. Оқушының жинақталған білімін жаңа контексте дербес қолдануын бағалауға бағытталады. Бұл кезеңде ұсынылатын мәтіндер мен сөйлемдер құрылымдық әрі мағыналық тұрғыдан алдыңғы тапсырмаларға қарағанда әлдеқайда күрделі, сондықтан оқушыдан талдау, салыстыру, қорытынды жасау сияқты жоғары деңгейлі ойлау дағдыларын талап етеді. *«Жақсыдан жаман туады, жүгіретін шабан туады…»* тәрізді мақал-мәтелдерді талдау оқушының фонетикалық заңдылықтарды нақты тілдік жағдаятта қолдана алу қабілетін көрсетеді. Мұндай мәтіндерде ұяң дыбыстарды өз бетінше табу, дыбыстық құбылыстың мәтін ішіндегі қызметін түсіндіру, тілдік бірлікті жаңа контексте дұрыс тану оқушының тілдік норманы дұрыс қолдануға бейімделгенін және теориялық білімінің берік орныққанын дәлелдейді.

Келесі «Сөз бен буындар» тарауындағы жаттығуларында да дағдыландыру тапсырмалары ұсынылады: «Төмендегі сөздердің буындарын айырту...» – деп, *бал, бала, балалар, сау, саулық, саусақ, сауда* сияқты сөздер беріледі. Бұл кезеңде оқушыға буынды тану, ажырату және буындық құрылымды түсіну дағдылары қалыптастырылады. Келесі кезеңде сынау тапсырмасы ұсынылып, оқушылар сөздерді буынға бөліп, буын арасына сызықша қою арқылы өз білігін бақылауға мүмкіндік алады*: сауда, асық, сарымсақ, сақтануға* және т.б. Соңында оқушының дағдыларын күрделендіру мақсатында мақал-мәтелдер материал ретінде қолданылады: *«Ел құлағы елу», «Бұлыт ала, жер шола», «Дауыл болмай, жауын болмас; ит баласы сауын болмас»* [3,18]. Бұл тәсіл баланың сөзді ғана емес, мәтіндік құрылымды да талдай алу қабілетін дамытуға ықпал етеді.

Осылайша, Байтұрсынұлы ұсынған *үш сатылы модель* теориялық түсіндіру, тәжірибелік дағдыландыру және дербес қолдануға бағытталған сынау кезеңдері бір-бірімен өзара тығыз байланысқан, тілдік білімнің толыққанды қалыптасуын қамтамасыз ететін ғылыми-әдістемелік жүйе ретінде танылады. Бұл құрылым қазіргі заманғы тіл үйрету принциптерімен де үйлесіп, тілдік құзыретті кешенді түрде қалыптастыруда әмбебап үлгі бола алады. Оқулық мазмұны бірізділік, жеңілден күрделіге жылжу және тілдің табиғи құрылымын сақтау қағидаттарына сүйене отырып құрастырылған.

Ахмет Байтұрсынұлының «Тіл-құрал» оқулығындағы тапсырмалар жүйесі қазақ тілін оқытуды ғылыми негізде ұйымдастыруға бағытталған құрылымды модельді көрсетеді. Қарастырылған тапсырмаларды жүйелеу барысында *контент-анализ* әдісі қолданылды. Зина О'Лири «Контент-анализ әдісінің мәні зерттелетін мәтіндегі сөздердің мағынасын интерпретациялауға негізделеді; бұл әдіс сөз бен мәтінді өзара қатысты қарастыра отырып, лингвистикалық бірліктерді сандық тұрғыдан бағалауды да қамтиды» деген анықтамасын ұсынады [4, 411 б.]. Осы әдісті қолдану «Тіл-құралдағы» тапсырмалар жүйесінің мазмұнын, ұсынылу логикасын және тілдік материалдың құрылымдық ұйымдасуын деректерге сүйене отырып сипаттауға мүмкіндік берді. Контенттік талдау оқулықтағы тілдік бірліктердің мазмұнын, олардың фонетикалық, грамматикалық және әдістемелік мақсаттағы қызметін жүйелі түрде анықтап, Байтұрсынұлы енгізген әдістемелік шешімдердің табиғатын ғылыми тұрғыдан дәлелдеуге жағдай жасады. Нәтижесінде, жазылым тапсырмаларының құрылымы мен мазмұны талданып, кездесетін ерекшеліктер мен ұқсастықтар және әдістемелік бағыты айқындалып, қазіргі заманауи білім беру үрдісіндегі негізгі бағыттармен салыстыру ұсынылды. Соның бірі еліміздегі білім беру жүйесінде қолданылып келе жатқан Блум таксономиясының танымдық деңгейлерімен үйлеседі. Б. Блум 1956 жылы ойлау әрекеттерін ең қарапайым ережелерді есте сақтаудан бастап, күрделі талдау мен бағалауға дейінгі аралықты қамтитын жіктеу жүйесін ұсынды [5, 7 б.]. Ол ұсынған ойлау дағдыларының санаттары қарапайымнан күрделіге қарай бірізді түрде орналасқан когнитивтік қабілеттердің

иерархиялық құрылымы ретінде қарастырылады. Таксономияға сәйкес алғашқы **білу-түсіну-қолдану** кезеңдері Байтұрсынұлының ұсынған **аңдату-дағдыландыру-сынау** кезеңдерімен ұқсастығын аңғарамыз.

Сонымен қатар қазіргі білім беру үдерісіндегі қалыптастырушы және жиынтық бағалау тәсілдерімен мазмұндық әрі функционалдық тұрғыдан өзара сабақтастығын байқауға болады. Әсіресе білімді кезең-кезеңімен меңгерту, оқушы әрекетін біртіндеп күрделендіру және оқу нәтижесін дәлелді түрде бағалау қағидаттары екі жүйенің де әдіснамалық өзегін құрайды. Модельдің алғашқы сатысы - ереже ұсыну оқушының теориялық түсінігін қалыптастыруға және тілдік құбылыстың мәнін жүйелі қабылдауға бағытталған. Екі жүйеде де оқытудың бастапқы фазасы білімнің мәнін түсіндіруге және ғылыми негізін анықтауға бағытталады. Критериалды бағалау бойынша нұсқаулықта: «Қалыптастырушы бағалау – оқу үдерісін дер кезінде түзетуге мүмкіндік беретін, білім алушы мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз етіп, үздіксіз жүргізілетін бағалаудың түрі» [6, 5 б.]. деп түсіндіреді, бұл Байтұрсынұлы ұсынған дағдыландыру кезеңімен үндес. Бұл тұста оқушы ережені нақты жаттығуларда қолдана отырып, білігін қалыптастырады, қателерді түзету арқылы тілдік әрекетті автоматтандыруға ұмтылады. Осылайша, дағдыландыру кезеңі формативті бағалаудың табиғи баламасы ретінде сипатталады. Соңғы саты - сынау білім алушының меңгерген тілдік материалдарын жаңа контексте дербес қолдану қабілетін анықтауға бағытталады. Бұл кезең оқушының білімінің тұрақтылығы мен қолдану икемін бағалау мүмкіндігін береді және қазіргі жиынтық бағалаудың негізгі функцияларымен үйлеседі[6, 5 б.]. Аталмыш бағалауда да оқушының оқу кезеңі соңында жеткен нәтижесі сараланып, оқу мақсатының орындалу деңгейі айқындалады. Байтұрсынұлының сынау кезеңінде ұсынылатын күрделі мәтіндер мен көпмағыналы мақал-мәтелдер оқушының жоғары деңгейлі тілдік ойлауын қажет етеді. Осылайша, тарихи-әдістемелік тұрғыдан әртүрлі уақытта қалыптасқан бұл екі модель: **«ереже – дағдыландыру – сынау»** және «**қалыптастырушы – жиынтық бағалау»** - оқу үдерісін сатылы ұйымдастыру, тілдік әрекетті біртіндеп күрделендіру және нәтижені дәлелді түрде бағалау сияқты ортақ педагогикалық қағидаттармен үйлеседі. Байтұрсынұлының үлгісі қазіргі бағалау жүйелерінің әдіснамалық негіздерімен табиғи сабақтастықта дамып, қазақ тілін үйретудің заманауи талаптарына толық сәйкес келетін әмбебап әдістемелік құрылым ретінде көрінеді.

Ахмет Байтұрсынұлының «Тіл-құрал» оқулығы қазақ тілін оқытудың ғылыми негізін қалаған, тілдік дағдыларды кешенді дамытуға бағытталған бірегей әдістемелік үлгі екені даусыз. Ғалым ұсынған тапсырмалар жүйесі: ереже ұсыну, дағдыландыру және сынау сатылары арқылы тілдік материалды кезең-кезеңімен меңгертетін тиімді модель екенін дәлелдеуге тырыстық. Осы үш өлшемнің бірлігінде Байтұрсынұлы оқушының фонетикалық түсініктен бастап синтаксистік талдауға дейінгі тілдік қабілеттерін табиғи жолмен қалыптастыруды көздеген. Теорияны практикалық жаттығулармен ұштастырып, тілдік құбылыстарды нақты мысалдар арқылы түсіндіруі бұл жүйенің әдістемелік артықшылығын айқындайды және заманауи оқыту талаптарымен толық үндеседі.

Ахмет Байтұрсынұлының «Тіл-құрал – қазақ тілінің жүйеленген білімін баяндайтын нәрсе, әр мұғалім әр түрлі әдіспен үйретсе де, балалардың үйренетін білімі осы еңбектегі білім болып шықпақ» деген сөздерінен [3,14]. оқулықтың ғылыми-әдістемелік маңызын байқаймыз. Мұғалімдер қолданатын әдістері әртүрлі болғанымен, оқушы меңгеретін білімнің негізі – «Тіл-құралда» берілген жүйелі анықтамалар, ұғымдар және тілдік заңдылықтар. Сондықтан бұл еңбек қазақ тілін оқытудың бірізділігін қамтамасыз етіп, ғасырдан астам уақыт бойы өзектілігін жоғалтпаған негізгі оқу құралы болып қала береді. Байтұрсынұлының басты мақсаты – оқушының сауат ашуына ғана емес, оның ойлау қабілетін, жазу мәдениетін және ұлттық дүниетанымын қалыптастыруға ықпал ету. Ғалым жазуды тек техникалық машық емес, ойды жүйелеудің, мәдени кодты жеткізудің, ұлт руханиятын сақтаудың құралы ретінде қарастырды. Оның «Сөйлей білу қандай керек болса, жаза білудің керектігі онан да артық» [1,38]. деген пікірі жазылым дағдысының қазақ тілін меңгертудегі негізгі рөлін дәлелдейді. Сондықтан «Тіл-құрал» – тіл үйретудің мазмұнын да, әдіснамалық бағытын да айқындаған,

қазақ тіл білімін іргелі ғылыми арнаға түсірген құнды еңбек. «Тіл-құралдың» үш бөлімнен тұратын моделі қазіргі қазақ тілін оқытудағы «*жеңілден күрделіге», «дағдыны кезеңмен қалыптастыру»* сияқты әдістемелік ұстанымдармен толық сәйкес келеді және уақыт сынынан өткен тиімді жүйе деп айта аламыз.

Әдебиеттер тізімі

1. Байтұрсынұлы, А. Шығармалары. Он екі том. Қырық мысал. – Астана: «Алашорда» ҚҚ, 2022. – Т. 1. – 384 б.
2. Байтұрсынұлы, А. Шығармалары. Он екі томдық. Тіл-құрал. – Астана: «Алашорда» ҚҚ, 2022. – Т. 4. – 384 б.
3. Қазақ тіл білімінің мәселелері / Құраст.: Ғ. Әнес. – Алматы: «Абзал-Ай» баспасы, 2013. – 640 б.
4. О'Лири, З. Зерттеу жобасын жүргізу: негізгі нұсқаулық. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2020. – 472 б.
5. Мурзагалиева, А. Е., Утегенова, Б. М. Сборник заданий и упражнений. Учебные цели согласно таксономии Блума. – Астана: АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы», Центр педагогического мастерства, 2015. – 54 с.
6. Бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулық: Оқу-әдістемелік құрал / «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ; ред.: О. И. Можаева, А. С. Шилибекова, Д. Б. Зиеденова. – Астана, 2016. – 48 б.

ДРАМА ЖАНРЫ АРҚЫЛЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ МЕҢГЕРТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Е.М. Елимес,
Дулат Бабатайұлы атындағы №89 мектеп-лицейі,
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі
Қазақстан, Астана.
Elemes.e.98@mail.ru

Аннотация. В статье рассматриваются эффективные методы преподавания драматических произведений. Опыт преподавания драмы «Қарақыпшақ Қобыланды» демонстрирует, что для учащихся важно воспринимать текст не только как информацию, но и в его деятельностном и эмоциональном измерениях. В этой связи предлагаются методы составления внутреннего монолога, сценической интерпретации и ценностно-ориентированного анализа. Данные методы способствуют глубокому проникновению в мир персонажа, пониманию духовно-национального содержания произведения и формированию личностного интерпретационного взгляда. Кроме того, они развивают творческое мышление и формируют умение воспринимать художественный текст в процессе действия.

Ключевые слова: драма, драматургия, методика преподавания, сценическая интерпретация, ценностно-ориентированное обучение, национальные ценности.

Abstract. The article examines effective methods for teaching dramatic works. Teaching experience with the drama «Қарақыпшақ Қобыланды» demonstrates that students must perceive the text not merely as information but as an experiential and emotional construct. Accordingly, the methods of internal monologue writing, stage interpretation, and value-oriented analysis are proposed. These approaches enable learners to engage more deeply with the character's inner world, comprehend the spiritual and national dimensions of the work, and develop an individualized interpretive perspective. Furthermore, they foster creative thinking and enhance the ability to perceive a literary text through action.

Keywords: drama, dramaturgy, teaching methodology, stage interpretation, value-oriented learning, national values.

Қазіргі кезде драмалық шығармаларға жеткілікті назар аударылмауы – әдебиетті оқыту жүйесіндегі елеулі кемшілік. Әдебиеттің үш ірі саласының бірі болып саналатын драматургияны меңгеру – көркем сөз өнерінің тұтастығын түсінудің басты алғышарты. Драма – көркем әдебиеттің ең көне әрі күрделі саласының бірі. Ол өмірдегі қайшылықтарды, адам

мен қоғам арасындағы тартысты, моральдық және психологиялық күйзелістерді көркем әрекет арқылы көрсететін жанр. Бұл жайында ғалым Р.Нұрғали: «Драматургия XX ғасырдың басында қазақ әдебиетінде қоғамдық-әлеуметтік жағдайлардың ықпалымен әрі ұлттық көркем ойдың тарихи дамуының табиғи нәтижесі ретінде қалыптасқан жаңа жанрлық бағыт болды. Оның жедел дамуына және көркемдік тұрғыдан жетілуіне ықпал еткен басты қайнар көздердің бірі – ғасырлар бойы халық жадында сақталып, көркемдік сүзгіден өткен, мол қазынаға айналған қазақ фольклоры еді», – деп пікір білдіреді [1,275]. Ғалым драмадағы ең басты элемент – тартыс екенін ерекше атап көрсетеді. Тартыс кейіпкердің ішкі жан арпалысын, оның моральдық таңдауын, құндылықтық бағдарын ашады. Ал Е.В. Сазонова драма табиғатын былайша сипаттайды: «драма – сахналық жүзеге асырылуға арналған, әрекет пен қақтығысқа негізделетін, көрерменнің эмоциялық-эстетикалық қабылдауына бағытталған көркем туынды» [2,14-15]. Бұл анықтамада драма тек мәтін емес, сценарийге, сахнаға, әрекетке бағытталған синтетикалық өнер екені көрсетіледі.

Қазіргі қазақ драматургиясы әлемдік театр өнерінің жетістіктерімен үндесіп, ұлттық сахна мәдениетінің биік деңгейін танытып отыр. Сондықтан мектепте драмалық мұраларды оқытуда оның сахналық табиғаты мен жанрлық ерекшеліктерін ескерген әдістемелік тәсілдерді қолдану қажет. Бұл тәсілдер оқушының көркем мәтінді қабылдау қабілетін арттырып, сахналық образды елестету, кейіпкер мінезін талдау, әдеби туындыны әрекет үстінде түсіну дағдыларын қалыптастырады. Ең бастысы ұрпақтан-ұрпаққа жеткен мәдени мұраны дәріптеуге, сақтауға мүмкіндік береді.

Қазақ драматургиясының дамуында Мұхтар Әуезовтің шығармашылық мұрасы айрықша орын алады. Оның пьесалары ұлттық эпикалық дәстүрді жаңаша интерпретациялап, тарихи сананы, рухани арнаны және халықтық дүниетанымды көркемдік тұрғыдан терең ашқан туындылар ретінде бағаланады. Қазақ эпосының поэтикасы, мазмұндық арқауы мен тәрбиелік әлеуеті жөніндегі ойлар Ә. Марғұлан, М. Сильченко, Е. Тұрсынов зерттеулерінде жан-жақты зерделеніп, эпикалық негіз бен драмалық құрылымның өзара байланысы нақты талданады. Ал С. Қирабаев пен З. Қабдолов еңбектерінде Әуезов драматургиясының жанрлық болмысы, көркемдік жүйесі және ұлттық идеяны бейнелеудегі суреткерлік жаңашылдығы кеңінен көрсетіледі.

М. Әуезовтің «Қарақыпшақ Қобыланды» [3] драмасын 5-сыныпта оқыту үдерісін талдау барысында ғылыми-әдістемелік әдебиеттерде ұсынылған тәсілдерге сүйенудің маңыздылығы айқын байқалды. Әдебиетті оқытудағы дәстүрлі мазмұндап беру әдісі оқушылардың көркем туындыны терең қабылдауына жеткіліксіз екендігі салалық зерттеулерде жиі көрсетіледі. Бұл ойды Қ. Бітібаева: *«Көркем шығарманы оқушы жүрегімен сезінбей тұрып, оның идеялық-көркемдік табиғатын тануы мүмкін емес»* деп тұжырымдайды [4, 54-б.]. Демек, дәстүрлі мазмұндау тәсілі жеткіліксіз болған жағдайда, оқушының ішкі сезімдік қабылдауын дамытатын әдістерге жүгіну қажеттігі туындайды.

Кейіпкердің ішкі монологын жазуға арналған тапсырма

Драмалық шығармадағы бейнелерді терең сезіну, олардың жан дүниесіне үңілу – оқушының мәтінді шынайы қабылдауына жол ашатын маңызды бағыт. Қ. Бітібаева да оқушының көркем кейіпкерді эмоциялық қабылдауының мәнін ерекше атап: «Кейіпкер әлеміне ену – оқушының шығарманы жүрекпен сезінуіне мүмкіндік береді» дейді [4, 61-б.]. Осы қағида негізінде «Қарақыпшақ Қобыланды» пьесасын оқытуда ішкі монолог құрастыру әдісі оқушының шығармашылық ойлауын, жан дүниелік рефлексиясын дамытуға сеп болады.

Тапсырма: Кейіпкердің жан дүниесіне саяхат.

Мақсаты: Оқушы таңдаған кейіпкердің психологиялық күйін, ішкі толғанысын, әрекетке апарған себептерін және рухани бағдарын түсініп, оны өз сөзімен көркем түрде жеткізу.

Орындау форматы: Жеке жұмыс.

Өткізу тәртібі: Оқушылар тізімдегі кейіпкерлердің бірін (Қобыланды, Құртқа, Аналық, Естеміс) таңдап, оның атынан 8–10 сөйлемнен тұратын ішкі монолог құрастырады. Жазбада міндетті түрде: кейіпкердің жан күйзелісі немесе эмоционалдық жағдайы; оның әрекетке

итермелеген себептері; сүйенетін рухани құндылықтары; болашаққа қатысты үміті не күдігі көрінуі тиіс.

Нәтижесі: Оқушы кейіпкердің ішкі әлемін түсініп, оны бейнелі тілмен жеткізе алады; мәтінге өз көзқарасымен талдау жасайды; кейіпкер табиғатына эмоционалдық тұрғыдан жақындайды.

Бағалау критерийлері: Кейіпкер атынан монолог құрастырып, оның сезімін нанымды жеткізе алды. Кейіпкердің іс-әрекетін түсіндіріп, негізгі құндылықтық ұстанымдарын көрсетті.

Ұсынылған тапсырма оқушылардың кейіпкерді тек сыртқы қимылдары арқылы ғана емес, оның ішкі психологиялық әлемі, мінездік қырлары, рухани бағдарлары арқылы тануына мүмкіндік береді. Бұл әдіс эстетикалық талғамды қалыптастырып, көркем мәтінге деген эмоционалдық байланысын күшейтеді.

Сахналық интерпретация әдісіне құрылған тапсырма. Драмалық шығармаларды меңгертуде сахналық интерпретация тәсілі – оқушыларды мәтіннің ішкі болмысына жақындататын ең әсерлі әдістердің бірі. Бұл тәсілде оқушы рөлге еніп, дауыс ырғағы, сөз мәнері, қимыл-қозғалыс пен мимика арқылы кейіпкер табиғатын сезініп, оның мінезін әрекет үстінде таниды. Қ. Бітібаева да драмалық мәтінді сахнада орындау арқылы үйретуді «оқушының ішкі әлемін байытатын тиімді жол» деп сипаттайды [4, 61-б.]. Зерттеу нәтижесі де бұл әдіс ұлттық мінез, батырлық, намыс, ел идеясы сияқты құндылықтарды түсіндірумен қатар, оларды оқушының өзінің әрекеттік тәжірибесі арқылы терең сезінуіне мүмкіндік беретінін көрсетеді. Сол себепті «Қарақыпшақ Қобыланды» драмасын оқытуда сахналық интерпретацияға негізделген тапсырманы қолдану орынды.

Тапсырма: Көрініс құрастыр (мини-қойылым).

Мақсаты: Оқушылардың кейіпкердің мінездік ерекшеліктерін әрекет, дауыс мәнері және ұлттық сөйлеу әдебі арқылы ашуына мүмкіндік жасау.

Орындау форматы: Топтық жұмыс (4–6 оқушы).

Орындау жолы: Оқушылар ұсынылған көріністердің бірін таңдайды: Қобыландының батасын алу сәті; Қобыланды мен Құртқаның алғашқы жолығуы; Естеміс пен Қобыландының ақылдасуы. Таңдалған эпизод негізінде ұзақтығы 3–5 минут болатын шағын сахналық қойылым дайындалады. Қойылымда интонация, ұлттық сөйлеу нормалары, қимыл-ишара және сахналық мәдениет талаптары сақталуы қажет.

Күтілетін нәтиже: Оқушылар рөлге кіріп, кейіпкер болмысын әрекет арқылы сезінеді; көркем тіл, сахналық этика және ұлттық сөйлеу мәнерін орынды қолдана біледі.

Бағалау критерийі: Рөлді сенімді орындауы және сахналық көрініске белсенді қатысуы.

М. Әуезовтің «Қарақыпшақ Қобыланды» драмасын 5-сыныпта сахналық интерпретация тәсілімен меңгерту – оқушылардың көркем мәтінді шығармашылық тұрғыдан қабылдауына, рөлдік әрекет арқылы ұлттық болмыс пен кейіпкер психологиясын терең түсінуіне жол ашады. Сонымен бірге, бұл әдіс оқушылардың сөйлеу мәдениетін, эмоциялық әсерленуін және топтық жұмыс дағдыларын қалыптастырады.

Құндылыққа бағытталған оқу әдісіне негізделген тапсырма. Құндылыққа бағытталған оқу әдісі оқушылардың көркем мәтінді тек ақпарат ретінде емес, рухани-адамгершілік мазмұнға толы құбылыс ретінде қабылдауына мүмкіндік береді. А. Мамыт мұндай тәсілдің мәнін: *«Көркем мәтін оқушыны адамгершілік пен ұлттық құндылыққа жетелеуі тиіс, сонда ғана әдебиет пәні өзінің тәрбиелік қызметін атқарады»* деп айқындайды [5, 27-б.]. Осы ұстаным негізінде «Қарақыпшақ Қобыланды» драмасындағы ұлттық және рухани құндылықтарды меңгертуде төмендегі тапсырма тиімді болып табылады.

Тапсырма. Көркем үзіндідегі рухани мәнді ашу.

Мақсаты: оқушылардың көркем мәтіннен рухани-ұлттық құндылықтарды танып, олардың астарлы мағынасын ұғынуына және қазіргі өмірмен сабақтастыра пайымдауына жағдай жасау.

Жұмыс формасы: жеке немесе жұптық

Жұмыс барысы: Мұғалім шығарма мәтінінен рухани-ұлттық мазмұнға ие қысқа үзіндіні таңдайды (мысалы: Аналықтың аналық тілегі мен батасы; Құртқаның көрегендікпен

қабылдаған шешімі; Қобыландының ел намысын қорғауға серт беруі). Үзіндімен танысқан соң, оқушылар төмендегі сұрақтарға жауап бере отырып, рухани мәнін ашады: Үзіндіде қандай рухани немесе ұлттық құндылық көрініс тапқан? Бұл құндылық қандай сөздер, іс-әрекеттер арқылы айқындалған? Бұл құндылықтың тәрбиелік мәні неде деп ойлайсың?Осы құндылық бүгінгі өмірде қандай жағдайда көрініс табуы мүмкін? Өз көзқарасыңды мысалмен негізде.

Күтілетін нәтиже: оқушы көркем мәтіндегі рухани-ұлттық құндылықты саналы түрде танып, оның мәнін түсіндіреді; құндылықты өмірлік тәжірибемен байланыстырады; жеке көзқарас білдіріп, рефлексивтік ойлау дағдысын дамытады.

Критерий: оқушының үзіндідегі рухани құндылықты пайымдауы және оның мәнін ашып көрсетуі.

Аталған тапсырма оқушылардың көркем мәтінді рухани тұрғыдан қабылдауына, ар-ождан, ізгілік, тектілік, адамгершілік, елдік сана сияқты құндылықтарды жүрекпен сезінуіне ықпал етеді. Мұндай талдау оқушылардың тек мәтінді түсіну қабілетін ғана емес, *рухани рефлексиясын*, ұлттық мәдениетке деген ішкі қатынасын қалыптастырады.

Қорытынды

Драмалық шығармаларды оқытудың тиімділігі – оқушыға мәтінді әрекет, тартыс және кейіпкердің ішкі дүниесі арқылы түсіндіре алуында. Ішкі монолог, сахналық интерпретация және құндылықтық талдау тәсілдері оқушының көркем мәтінді эмоционалдық және мәндік деңгейде қабылдауын күшейтеді. Бұл әдістер кейіпкердің мінезін, таңдауы мен рухани мотивін түсінуге мүмкіндік беріп, оқушының эстетикалық талғамын, ойлау дағдысын және ұлттық құндылықтарға деген сезімін дамытады. «Қарақыпшақ Қобыланды» драмасын меңгерту барысында ұсынылған тапсырмалар оқушыны белсенді әрекетке тартып, көркем туындының тәрбиелік және рухани әлеуетін ашуға жағдай жасайды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Рымғали Нұрғали. Драма өнері. Алматы: «Санат» баспасы, 2001.480 бет.
2. Сазонова Е. В. Теория драмы и основы сценарного мастерства: теория драмы: учеб. пособие. – Барнаул: Изд-во алт. гос. акад. культуры и искусств, 2012. – 135 с.
3. Әуезов М. Қарақыпшақ Қобыланды: драма. – Алматы: Жазушы, 1982. – 152 б.
4. Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі. – Алматы: Рауан, 1997. – 224 б.
5. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі: Оқу құралы. – Шымкент: 2016 – 186-б.

ӘДЕБИЕТ САБАҒЫНДА КӨРКЕМ ШЫҒАРМАМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ ЖӘНЕ ОНЫ ТАЛДАУ

Н.Абдувалитов,
доктор PhD, доцент. Низами атындағы Өзбекстан мемлекеттік педагогика университеті.
А. Каримова,
Низами атындағы Өзбекстан мемлекеттік педагогика университетінің студенті
Өзбекстан, Ташкент
aruzankarimova458@gmail.com

Аннотация. В данной статье всесторонне рассматриваются основные этапы и методы работы с художественным произведением на уроках литературы в школе, а также их значение в формировании личности учащегося. В процессе анализа художественного текста предлагаются пути усвоения содержания, развития творческих способностей учащихся и формирования навыков самостоятельного анализа. Структурные элементы художественного произведения – сюжет, композиция, портрет, характер, внутренний монолог, диалог, пейзаж, авторское отступление, художественная деталь – рассматриваются как основные объекты анализа. Кроме того, раскрываются особенности обучения

народным и литературным сказкам, методы их пересказа, деления на эпизоды и организации вопросов для литературного анализа

Ключевые слова: урок литературы, художественный текст, анализ, пересказ, сюжет, композиция, сказка, литературный анализ, творческие способности, методика, этапы обучения, эстетическое восприятие учащихся.

Abstract. This article provides a comprehensive analysis of the main stages and methods of working with literary texts in school literature lessons, as well as their importance in shaping students' personalities. During the analysis of a literary text, various approaches to mastering the content, developing students' creative abilities, and fostering independent critical thinking are proposed. The structural elements of a literary work – plot, composition, portrait, character, inner monologue, dialogue, landscape description, authorial digression, and artistic detail – are taken as key objects of analysis. The article also highlights the specific features of teaching folk and literary tales, including methods of retelling, dividing texts into episodes, and organizing questions for literary analysis.

Keywords: literature lesson, literary text, analysis, retelling, plot, composition, fairy tale, literary analysis, creative ability, methodology, stages of teaching, students' aesthetic perception.

Мектептердегі әдебиет сабақтарында істелетін жұмыстардың күрделісі көркем мәтінмен жұмыс істеу. Ортаңғы сынып оқушыларының білім дағдыларына қойылатын талаптардың бірі көркем мәтін құрылысын талдай білу. Осы талапқа орай, эпикалық шығармаларды ертегі, аңыз, әңгіме тарихи жыр, шешендік сөз, мысал өлең, поэма, повесть оқытуда оның құрылысындағы суреттеу, баяндау, кейіпкерлер қақтығысы, диалог, монолог, портрет, мінез, ішкі монолог, табиғат суреті, тұрмыс-салт, әдет-ғұрып, авторлық шегініс, қайталаулар сиякты компоненттердің көркемдік қызметін білгізудің әдістемелік амал-тәсілдері жазылады. Ол үшін жазушының өмірбаяны мен шығармашылығына арналған сабақтардан соң, көркем мәтінді талдауға байланысты жүргізілетін жұмыстардың жоспарын жасау керек. Көркем мәтінді талдау мен танудың жолдары жайлы әдіскер ғалым Қ.Бітібаева былай дейді: «Көркем мәтінді талдау арқылы мұғалім баланың көркем сөзді түсіне білуіне, оған деген ынтасына да әсер етеді. Бірте-бірте оқушы өмірді түсіне бастайды, өзіндік көзқарасы қалыптасады, тұжырымдап айтқанда, көркем шығарма оқушының жеке басының қалыптасуына да ерекше әсер етеді. Көркем туындыдан ләззат алу, оған бойлау оны талдай білуге де байланысты» [2, 45]. Алдымен, мектепте әдеби білім беру мен оқытудың жүйелі, бірізділік принциптерін білу шарт. Олар мынадай кезендерден тұрады:

1-кезең 1-4 сыныптар

2-кезең 5-8 сыныптар

3-кезең 9-11 сыныптар

оқуға, жаза білуге, Бірінші кезеннің негізгі мақсаты мен міндеті мазмұндауға үйретумен, көркем туындыға оқушы ынтасын қалыптастырудың алғашқы баспалдағы болуымен айқындалады. Екінші кезеңде көркем сөздің көркем туынды мен көркем шығармадағы рөлі мен маңызын танып білу жұмыстары жүргізіледі. Көркем туындыға авторлық көзқараспен карау үйретіледі. Оқу бағдарламасында оқуға, талдауға, ұсынылатын шығармалар жанрлық жағынан қамтылуы тиіс. Оқушылардың көркем шығарманың әр жанрдан тұратынын түсініп білуі осы кезеңнен басталады. Көркем туындылар туралы өз ойларын айта білуге дағдыландыру, шағын әдеби айтыска жетелеу. Әдеби талдау дағдыларын қальптастыру осы кезеннің негізгі міндеті болмақ. Үшінші кезеңде әдебиетті оқыту ауыз әдебиетінен басталады, әдебиет тарихымен жалғастырылады. Оқушыларды өз беттерімен көркем туындыны оқуға, талдай білуге баулу, әдебиет тарихы, сыны, әдебиет теориясы ғылымнан білім беру, көркемдік шындық, өмір шындығы, ақын-жазушылар тілі, стилі, әдеби тәсілдер т.б. көркем шығарманы талдауда қолданылатын әдебиет ғылымының салалары басшылыққа алынады. Сонымен, әдебиет сабағында көркем шығармамен жұмыс істеу кезендері мен жолдарына тоқталып өтсек. Жазушы көркем туындының болмысын танытуда, ондағы оқиғаларды бір-бірімен байланыстырады. Кейіпкерлер автор қиялымен тіршілік кешеді, өмірге араласады, бір-бірімен қарым-катынаска түсіп, тартыска да барады. Соңында уақыт пен кеңістікке орныгады. Осы кезде ең бірінші көзге түсетіні автор баяндайтын оқиға. Ол жекелеген эпизодтардан құралып, шығарманың ерекшелігін ашады. Автор өз

шығармасында өмірдің әлеуметтік-қоғамдық тақырыбын, идеясын, жанрлық жағдайын, бір кезендегі адамдардың өмірін суреттейді. Көркем шығармада адамның адамгершілік, моральдық жағы іс-әрекеттер арқылы бейнеленеді. Көркем мәтіннің осындай ерекшеліктері әдебиет сабақтарында игеріледі. Оқушы көркем шығарманы тек өтілген материалды баға алу үшін қажет, міндетті оқу деп түсінбеуі керек. Көркем шығарманы оқушы жан дүниесімен ұғып, одан алған әсерін, көркем танымын одан әрі өмірде қолдана алуы керек. Яғни, көркем дүние оқушы жанына эстетикалық жарасымды ықпал тудырып, таным көкжиегін кеңітуі, мінез қасиетін қалыптастыруға жәрдем етуі, ой пікір қалыптастыруы тиіс. Көп ретте көркем шығарма, оның ішінде көлемді туынды үстірт кана өтіледі. Оған себеп, біріншіден, шығарманың ауқымдылығы, мазмұнының көпқырлылығы, мәтіннің психологиялық жағынан күрделілігі; екіншіден, шығарманы оқып үйренудегі уақыттың аздығы,бір сарынды әдіс-тәсілдердің колданылуы. Көркем мәтінге барудағы мазмұнды игеруден басталады. Көркем мәтіннің мазмұнын менгертудің бірнеше жолдары бар. Олар келесідей:

1.Шығарманың таңдап алынған тұстарын, яғни, мейлінше әсерлі тұстарын мазмұндау. Бұл мәтінді үстірт оқу дегендік емес. Оқушы шығарманы толық оқығаннан соң, оның ең қызықты тұстарын есіне көбірек сақтайды. Осы дағдыны пайдаланып, мұғалім оқушыларға шығарманың маңызды сәттері бойынша сұрақтар қойып, олардың жауабын тыңдайды. Сол тұстардың мазмұнын ашуды сұрайды. Оқушы әңгімелеу барысында, өзінің мазмұндайтын бөлігін неғұрлым қызықтыра, өз сөзімен беруге талпынады. Мұның өзі оқушының мәтіннен алатын әсерін қалыптастырады. Осындай әсерлі тұстарды басқа шығармалардан алуға ұмтылады. Соның арқасында көркем мәтін оқуға деген ықыласы қальптасады.

2. Логикалық тізбекті мазмұндау. Бұған шығарманың мазмұнын қуалай отырып, жүйелі мазмұндауды жатқызамыз. Бұл оқиғаларды ретімен, ішкі байланыстарын сақтай отырыпмаз мұндауға жол салады. Екінші бір тиімді жағы көркем шығарманы сыныпта мазмұнын айтқызғанда, тек бір оқушыдан ұзақ сонар сұрай алмаймыз. Осы кезде сөйлеп тұрған оқушының жауабын тиянақтатып, әрі қарай екінші оқушының жалғастыруын сұрағанда, ол сол тоқтаған жерден, әрі іліп әкету керек. Бұл сабақ үстінде оқушының ықыласты отыруына, бір-бірін тыңдауына, ой қосуына дағдыландырады. Бір жағынан бірінің мүдірмей бастап, соны екіншісінің кідіріп қалмай, жалғастырып әкетуі жарыс секілді әсер етеді. Логикалық тізбекті мазмұндауда қазір қолданып жүрген түрлі интербелсенді оқыту әдістерін пайдалануға болады.

3. Бүкіл мазмұны немесе жекелеген эпизодты шығармашылық түрде мазмұндау. Мұнда ең маңыздысы оқушының өз көзқарасын, ойын айта білуі. Оқушы мәтін мазмұнын сақтай отырып, оны өз атынан жеткізеді. Бұл тәсіл оқушының ой-өрісін ұштайды, шығарма мазмұнын жақын қабылдауға, кейіпкерді айқын елестете алуға шақырады.

4. Автор тақырыбына өзінің қиялын қоса отырып мазмұндау. Бұл оқушының шығармашылық белсенділігін өсіреді. Мәселен, орта сынып оқушыларына белгілі бір мәтінді мазмұндатқызу барысында, оларға төмендегідей сұрақтар қойып, ой-қиялдарына қозғау салуға болады:

– Егер көп уақыттан соң, сен осындағы кейіпкердің орнында болатындай жағдайға кездессең, не істер едің?

– Осы шығармадағы ең қызықты оқиғаға не қосар едің?

– Егер сен автор болсаң, шығарма окигасын калай аяқтар едің?

Әрбір көрнекті акын немесе жазушының шығармаларын мектепте оқытқанда, біз оны ақынның өз заманымен, сол кездегі әдеби процеспен тығыз бірлікте, диалектикалық бүтіндікте оқыту принципін ескереміз. Сол кезде ғана оқушылардың алған білімі баянды, негізді болады. Жеке тұлғаны қалыптастыруда әр пәннің өзіндік орны бар болғанымен, барлық білімнің негізі, оны игеру құрамы болып саналатын әдебиет пәнінің атқаратын қызметі ерекше. Ғылымның қай саласына қатысты болса да білімді меңгеруге қажетті ой қорыту, оны дәлелді түрде дәйектілікпен айта білу, оқығанын жүйелі баяндау секілді іскерлік дағдыларды, тілдік фактілерді, оның ішкі заңдылықтарын оқушы тану арқылы игереді. Қоғамды дамытушы күш жастар болғандықтан, оның бойында ұлы істі жүзеге асыра алатындай күш, қабілет болуы керек. Ол күш білімде, тәрбиеде, іс-әрекетте. Демек, жаңа кезенде адамды өмір сүруге баулу

үшін бұрынғыдан да мол деңгейде білім беру керек деген сөз. Психологтардың зерттеуі бойынша, әрбір жастағы балада шығармашылыққа баулуға өзек болар ерекше қабілет, бейімділік бар екен. Орта буын оқушыларының шығармашылық дамуын бағыттап бағдарламаса, онда жоғары сыныпқа келгенде көбінің шығармашылық мүмкіндігі шектеліп, тоқтап қалады. Қазақ тілінде окытпайтын мектептердегі әдебиет пәні алдымен, қазақтың халық ауыз әдебиетінен бастау алады. Жалпы баланың тұлғалық қасиеттерін, шығармашылық қабілеттерін, ойлауын, қиялын дамытуда осы халық ауыз әдебиетінің ықпалы өте зор. Мәселен, ертегілердің маңызы, тәрбиелік мәнімен қоса, оны оқыту, талдау аркылы біз оқушының кез келген әдеби нұсқаларды талдай алу қабілетін дамытамыз. Оқулықтарда ертегілердің қара сөзбен жазылған түрлерімен қатар, өлеңмен жазылған түрлері де берілген. Қай жанрда жазылған ертегі болмасын, балалар оны ерекше қызығушылыкпен оқиды. Балаларды тартатыны оның қиял-ғажайып оқиғалары, бас кейіпкерлердің басынан кешетін небір қызықты істері, батырлығы, жүректілігі сияқты қасиеттері. Балаларға ертегі арқылы қандай білім беруге болады, икем-дағдысына қарай талаптар қою керек? Міне, бұл мәселелер әр мұғалімді толғантуы, ойландыруы тиіс.

- Ертегілерді окытуда ең бастысы мына мәселелерге көңіл бөлу керек: Ертегілердің жанрлық ерекшелігін таныту. Яғни, әдеби-теориялық ұғымдар беру;
- Сюжет пен композициясындағы таныту;

Тіл құрылысы ұйқаспен, тақпақпен келуі, баяндау, суреттеу, портреттеу шеберлігі, бейнелі сөздердің мол келуі, оқиғаларының қызықтылығы, жатықтығы;

Ертегінің бай тілі халқымыздың ғасырдан-ғасырға келе жатқан байырғы, тарихи тілі екендігі;

Қазақ ертегілерінде халқымыздың асыл арманы, ұшқыр қиялы, гуманизмі, адамдық биік мінез-құлқы, тыныс-тіршілігі көрініс тапқан. Қай ертегі болмасын, халық арманына, тілегіне сай, тек жақсылық пен бақытқа жетумен аяқталады. Ең алдымен оқушыларға ертегіні оқытуда мазмұнын толық меңгерту мәселесін ойластыру керек. Мазмұнын меңгерте отырып, оның негізіндегі идея, айтайын деген терең ой туралы сөз қозғау қажет. Мазмұнын меңгертуде мәнерлеп оқу, әңгімелеу, баяндау, мазмұны тұтас сақталынған толық жоспар, ең басты оқиғаларға негізделген тұжырымды жоспар, эпизодтарға бөлу, әр эпизодка ат қою, сұрақтар мен тапсырмалар жүйесін ойластыру, оқушылардың кабілеті, икем-дағдысын арттыруға байланысты жұмыс түрлерін жүргізу, соның ішінде өтілгелі отырған ертегіге сәйкес ертегілер құрастыруға баулу, пікір айта білу, өз беттерімен талдауға дағдыландыру, мәтінге жуық мазмұндату, басты оқиғаларды ғана камтып мазмұндату мәселелерін ойластыру сиякты жұмыстар атқарылуы керек. Ертегі мазмұнын толық меңгерту, мәтінді оқыту мақсатында, мұғалім көлемді ертегіні эпизодтарға бөліп, көрнекі етіп жазып іліп қоюына болады. Оқу, талдау барысында сол бөліктерге оқушыларға ат қойғызады. Эпизодка тақырып кою жұмысында балалардың өз пікіріне жол ашқан жөн. Мұғалім эпизодқа тақырып қоюдың негізгі шарттарын балаларға түсіндіреді, яғни тақырып сол бөліктің ең басты, негізгі оқиғасы айналасында қойылатынын ескертеді. Ертегі мәтінін оқу да бірнеше әдіс-тәсілмен жүргізіледі. Мұғалім өзі мәнерлеп оқып, балаларды да қатыстырып отыруы керек. Ертегіні бүкіл сынып болып кезектесе оқуға немесе жекелеген балаларға оқытуға да болады. Ертегі мазмұнын меңгерту кезінде өзге ұлт балаларына ертегіде кездесетін архаизм, неологизм сөздерге түсінік беріп, сөздік жұмысын жүргізу басты тәсілдердің бірі. Сонан кейін ертегі мәтінін мазмұндату жұмыстары басталады.

Мазмұндату да бірнеше әдіс-тәсілдермен жүргізіледі. Мысалы:

а) мәтінге жуық толық мазмұндату;

2) эпизодтарға байланысты басты оқиғаларын теріп мазмұндау;

б) өздеріне ғана ұнаған оқиғаларды мазмұндау;

в) мұғалім сұрағына жауап ретінде мазмұндау.

Мазмұнын толық меңгерткеннен кейін ертегіге әдеби талдау жүргізіледі. Оған келесідей жұмыс түрлерін өткізуге болады:

а) проблемалық баяндау;

а)сұрақ-жауап;

б) практикалық тапсырмалар;

в) әңгімелесу;

г) пікірлесу, т.б. әдіс-тәсілдер аркылы оқушылардың өзін қатыстыра отырып талдау жүргізген дұрыс.

Мәтінмен жұмыс істегенде окушыларды ертегінің негізгі мазмұнын айтуға, қорытынды мен тұжырымдар жасауға үйрету керек. Мұндай жұмыстар оқушының тілін дамытады. Егер оқушы осындай тәсілдерді қолдана білмесе, онда ол оқығандарын тек жаттап алуға дағдыланады.Оқушыларға қойылатын сұрақтар да проблемалық сипатта болуы керек, себебі ол оқушылардың ойлау белсенділіктерін арттырады, білімді өз ынталарымен алуға жағдай жасайды. Оларды оқып, талдап болған соң, қорытынды сабақ ретінде салыстыру жұмыстарын жүргізудің маңызы зор. Мұндай жұмыс оқушылардың ертегілерді жанрлық жағынан бір-бірінен ажырата білулерін, ортак, ұксас мәселелерін, үндестіктерін, өзіндік ерекшеліктерді тереңірек түсінуге көмегін тигізеді.

Халық ертегілерімен қоса, окулықта әдеби ертегілерді оқытқанда, мына мәселелерге көңіл бөлу керек:

Әдеби ертегінің халық ертегісінен басты-басты айырмашылығы (авторының бар екені, кейде халық арасында тараған аңызға құрылатыны);

Ұқсастық, үндестік жақтары;

Көтеретін негізгі мәселелері,

Көркем поэтикалык тілі;

Ертегінің маңызы, тәрбиелік мәні;

Ертегіні балалардың қалай түсінгенін сұрақтармен анықтап, толықтырып, керекті жеріне мұғалім мәтінді пайдалана отырып, түсіндіріп, кей сұрақ тапсырмаларды практикалық жұмыс арқылы, яғни оқулықпен жұмыс істей отырып орындап, әрі қарай әдеби талдау жасауға көшу керек, онда да оқушыларды үнемі қатыстырып, ең алдымен оларды тыңдап отырудың тиімділігі ерекше болмақ.

Әдеби талдау сұрақтары (оқушылардың ойлау белсенділігін арттыру. шығармашылық қабілетін дамытуға көмектеседі):

1. Қалай ойлайсыңдар, автор осы ертегі арқылы не айтпакшы болған?
2. Ертегі негізінде қандай ой жатыр?
3. Кейіпкерге мінездеме бер.
4. Кейіпкер мінезін жасауда ақын қандай бейнелі сөздер, көркем тіл пайдаланған?
5. Кейіпкерлердің ұқсастығы бар ма?
6. Қайсысы өзіңе көбірек ұнайды? Ұнау себебін түсіндір.
7. Ертегідегі келеңсіз жағдайлар не себепті берілген?
8. Қалай ойлайсыңдар, ертегінің қай оқиғасы шындыққа сәйкес, әлде аңызға жақын ба?
9. Қалай ойлайсыңдар, автор ертегі кейіпкерлерінің тағдырын дұрыс шешкен бе?
10. Өзің осы ертегіні қалай аяктар едің?

Ал ертегі құрылысы, тілі, көркемдік ерекшелігі көбіне практикалық жұмыстар, яғни оқулықпен жұмыс арқылы ашылады. Көркем туынды дегенде әдеби шығармалардың барлығына қатысты айтылады. Оның жанрлық ерекшелігі, өзіне тән көркемдік сипаты, формасы ғана болмаса, аса үлкен айырмашылығы жоқ. Оларды талдағанда басты назарда болатын нәрсе оқушылардың әдеби білімін арттыру, өз бетінше жұмыс істеу қасиетін қалыптастыру, шығармашылық қабілетін дамыту және қазақша сөйлеу дағдысын жетілдіру болып табылады.

Қорыта айтқанда, оқушыларының білуге деген ынтасы мен мүмкіндігін толық пайдалану және сабақ барысында алған білімдерін практикада қолдану дағдыларын қалыптастыру үшін көркем шығармаларды оқытуда тапсырма түрлерін пайдаланудың орны ерекше. Берілген тапсырмалардың түрлері баланың ойланғыштық, ізденімпаздық қабілеттерін арттырады, сөздік қорларын молайтуға көмектеседі. Мұнымен қатар, сабақ үстінде шығармашылық тапсырмаларды колдану оқушылардың оқып отырған сабағына деген

қызығушылығын арттырады, оған белсенді түрде қатысып, түсінбегенін түсінуге мүмкіндік туғызады.

Әдебиеттер тізімі:

1.Жұмақаева Б. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі. Алматы, «Қыздар университеті», 2015. – 242 б.

2. Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі. – Алматы, «Рауан», 1997. – 271 б. 3.Көшімбаев А Қазақ әдебиетін оқыту методикасы. Алматы, «Мектеп», 1969. – 96 б.

4. Тілеуова З. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі. – Алматы, «Отан» баспасы, 2019. – 112 б.

5. Е.Абдувалитов және тағы басқалар Әдебиет (Жалпы орта білім беретін мектептің 6-сыныбына арналған). Ташкент, «Оригинал-макет», 2022. – 217 бет.

6. Abduvalitov E. The Effective Ways of Teaching the Literature of Fraternal Nations in General Secondary Schools. http://dx.doi.org/10.47814/ijssrr.v6i6.1428

7. Nurjan B. Abduvalitov, Ergash B. Abduvalitov, Baurjan N. Sayfullaev. “Methods of comparative analysis in the study of samples of uzbek and world literature” https://spast.org/techrep/article/view/4576

МЕКТЕПТЕ ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ ӨТКЕНІ МЕН БОЛАШАҒЫ

Қ.С. Қалыбаева,
Абай атындағы ҚазҰПУ профессоры,
филолгия ғылымдарының докторы,
Қазақстан, Алматы

Аннотация. В статье рассматривается история и будущее преподавания казахского языка в школе. Автор анализирует изменения в сфере образования в начале XX века, особенно влияние революционных событий 1918-1920 годов в России на систему образования. Обсуждаются новшества в советской педагогике 1920-х годов и процесс развития школьной программы, в том числе идеи «комплексного» образования и «новой школы». В статье рассматриваются новаторские подходы Телжана Шонанулы в обучении казахскому языку, в том числе различия между методами целого слова и звуковым методом, а также важность активных методов обучения. Также затрагиваются требования и цели обновленной программы современной системы образования. В статье рассматриваются вопросы обновления содержания образования, развития функциональной грамотности учащихся и творческих способностей.

Ключевые слова: Преподавание казахского языка, история образования, советская педагогика, методика преподавания языка, метод целого слова, метод звука, школьная программа, комплексное образование;

Abstract. The article discusses the history and future of teaching the Kazakh language in schools. The author analyzes the changes in the field of education at the beginning of the 20th century, especially the impact of the revolutionary events of 1918-1920 in Russia on the education system. The article explores the innovations in Soviet pedagogy of the 1920s and the process of development of the school curriculum, including ideas of "comprehensive" education and the "new school." The article also highlights the innovative approaches of Telzhan Shonanyly in teaching the Kazakh language, including the differences between the whole word method and the sound method, as well as the importance of active teaching methods. The requirements and goals of the updated curriculum of the modern education system are also discussed. The article addresses issues related to the renewal of educational content, the development of students' functional literacy, and their creative abilities.

Keywords: Teaching of the Kazakh language, History of education, Soviet pedagogy, Language methodology, Whole word method, Phonetic method, School curriculum, Integrated education;

Мектепте қазақ тілін оқытудың жай күйін, алғашқы қазақ тілі оқулықтарының ерекшеліктерін терең түсіну үшін біз ең алдымен Қазақстанның оқу-ағарту саласының өткенімен, әсіресе сол бір XX ғасыр бас кезеңіндегі мектеп оқу бағдарламаларының жағдайымен таныс болуымыз керек. Сол жылдары Ресейде орын алған патша төңкерісі білім беру саласында да түбегейлі өзгерістер жасаумен жалғасқан болатын. Жаңа заман талабы бойынша патшалық Россия кезеңіндегі мектеп үлгілерінен бас тартып, жаңа үлгідегі мектеп, жаңа әдістер қалыптастыру қажет болды. 1918 жылы оқу-ағарту жөніндегі мемлекеттік

комиссияда А.В.Луначарскийдің және Н.К.Крупскаяның басқаруымен “Бірыңғай еңбек мектебі туралы ереже” және “Бірыңғай еңбек мектебінің негізгі принциптері” атты құжатты даярлау жұмысы жүргізіліп, 16 қазанда аталған құжаттар жарияланды. Бұл Ережеге сәйкес бұрынғы бастауыш училищелердің , гимназиялардың, реалдық училещелердің және басқа да оқу орындарының орынына 2 сатыдан тұратын бірыңғай еңбек мектебі бекітіледі; біріншісі, 8-ден 13 жасқа дейінгі балаларға арналса екіншісі,13 тен 17 жасқа дейінгі балаларды қамтыды.«Аз ұлттар мектебі туралы» 1918 жылғы 31 қазандағы қаулысымен Халық ағарту комиссарнаты «Россия Кеңестік Федеративтік Социалистік Республикасында тұратын барлық ұлттар бірынғай еңбек мектебі мен жоғары мектептің екі сатысында да өзінің ана тілінде оқытуды ұйымдастыру құқығын пайдаланады» деп жариялады [1,35,2021].

1919 жылы оқу-ағарту жұмысы жөніндегі Мемлекеттік комиссияның жанынан барлық оқу орындары мен ғылыми мекемелердің жұмысын қайта құру үшін Мемлекеттік ғылыми Совет (ГУС) құрылды. 1921 жылы осы советтің ғылыми-педагогикалық секциясы ұйымдастырылды. Бұл секция педагогика ғылымы мен халық – ағарту ісінің негізгі мәселелерін шешуге, соның ішінде мектептің оқу программаларын жасауға міндетті еді. Бағдарламаны жасаушылар оқушыларды қоғамдық-саяси өміріне белсенді түрде араластыру қажет деп санады. Секция даярлаған бағдарлама 1923-1924 оқу жылында жарияланды. Бағдарлама «комплексті» кешенді деп аталды. Бұл кешенді бағдарламаның негізінде американдық Джон Дьюдің философиясы жатыр еді. Ол философия бойынша мектеп баланы құрғақ жаттанды схоластикалық оқуға емес, өмір сүруге үйретуі қажет болатын. Алған білімін өмірде қолдана білуге қалыптастыру ең маңызды қажеттілік деп саналатын осы философия Советтік білім беру бағдарламасына сәйкес болатын. Осы бағдарлама бүгінде бізге «жаңартылған білім бағдарламасы» болып қайта келіп отыр.

Кешенді бағдарламалардың негізгі идеясы бүгінде «шиыршық әдісі» деп аталатын әдіс бойынша – пәнаралық байланысты нығайту болды. Осылайша, «Ауыл шаруашылығы» тақырыбымен қатар фонетиканы оқыту ұсынылды, адам анатомиясы мен антропологиялық географиясымен байланысты, ал неологизмдер, архаизмдер, қарыздар – дарвинизм теориясымен байланысты оқытылды. Телжан Шонанов бұл жайында: «Жаңа программа әуелі тұрмысты зерттейді. Баланы бір қорытуға әкеп тірейді. Сол қорытуы соңынан кітап оқытпайды, тұрмысты оқытады. Комплексті программа дейтініміз осы». «Бұрынғы құр кітаптан оқып, оқытушы ауыз екі айырып беріп оқытудың орнына енді жаңа әдістер кіріп отыр. Ол әдістер дегеніміз: еңбек әдіс, белсенді әдіс, серуен әдіс, зерттеу әдіс, далтон-план әдісі. Барлық мектептерде бұл әдістер жүріп кетпегенімен, қалың мектебіміз осы әдістерге қарай бет қойып келеді. Кеңес-Партия мектептерінде Далтон-план әдісі кіргелі үш жыл болып барады. Бірқатар техникумдарымыз белсенді зерттеу әдісін кіргізгелі екі жыл болды. Серуен әдісі қай мектептерімізден болса да орын алуға айналды деуге болады. Оқыту әдісі жайында бұл үлкен олжа» -дейді[2,74,2015]..

Далтон план – бұл сынып-сабақ жүйесі жоқ жеке оқытудың әдісі немесе жүйесі. Онда оқушы өз іс-әрекетін өзі таңдап, уақытын өзі басқара алады, ал мұғалім қажет болған жағдайда ғана балаларға көмектеседі деп есептейді. Оқушылардың өзара әрекеттесуі де ынталандырылады. Бұл әдіс Американың Массачусетс штатындағы Дальтон қаласында 1920 жылы Колумбия университетінің мұғалімі Хелен Паркхёрст (1886–1973) қалыптастырған әдіс еді. Дальтон жоспарының негізгі ережесі бойынша «Егер бұрын оқушы мектепке дайын ұсынатын нәрсені алу үшін келсе, енді ол мектепке өзін-өзі дамытуға қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін келеді». Яғни, мұғалім дайын білімді оқушыларға беру жұмысының барлығын өз мойнына алмай, оқушылардың білім алуына – тәжірибе алмасуына, білімді өз бетінше түсінуіне жағдай жасайды. Ол үшін мұғалім оқушылардың психологиялық және психикалық мүмкіндіктерін білуі, балаға тиісті жұмыс режимін таңдауға көмектесуі, жеке оқыту бағдарламасын құрастыруы керек. Дальтон план әдісі бригада лабораториялық әдіске ұласты. Оқу процесін ұйымдастырудың басына бригадалар – бригадир басқаратын оқушы топтары қойылды. Білім беру жұмысы тапсырмалар бойынша жүргізілді, оған сәйкес топ

жұмысы жеке емес, ұжымдық жұмысты қамтыды. Мұғалімдер жұмысты ұйымдастырушы және кеңесші рөлін атқарды[3]..

Жаңа бағдарлама бойынша Мектеп оқулықтарында грамматика азайтылды. Оның орнына тіл дамыту, білімді өмірде қолдана білу, таным, логика мәселелері алдыңғы қатарға шықты. Осы мақсатта жаңа бағдарламада барлық пәндер өзара үш тақырыптың арасында байланыстырылды. В школе должен изучаться живой язык, а не учебник грамматики и изучаться ради него самого, а не ради правописания [3]..1921 ж)

Осы талапқа сай бұл кезеңде бала алған білімін өмірде қолдана білу керек. Хабарландыру, плакат жаза білу, өтініш жаза білу. Шонановтың жаңалық оқулығының өн бойында осы өзгерістер қамтылған.

1. Баланы тұрмыска жарақты адам қылып шығару;
2. Баланың белсенiп, оз бетiмен ұйымдасып жұмыс қылуын күшейту;
3. Мектептерді қоғамға пайдалы жұмыс қылатын орын қылып шығару;
4. Баланы ұйымшыл, социалдық тұрмыстың ұстасы қылып тәрбиелеу.

Жаңа бағдарлама бойынша Оқушылардың оқу әрекетін белсендіретін әдістердің бірі ретінде зерттеушілік әдістің түрлері – белсенді еңбек, зертханалық, эвристикалық, экскурсия ұсынылды. Н.К.Крупская «Балаларды кіші топтан бастап, ересек топқа дейін оқытуда, әр сұраққа зерттеушілік әдісін қолданып, оқылатын тақырыпты бала барлық жағынан терең білуі керек» деп жазады. Мұндай пікірді П.П. Блонский, А.Г.Калашников, М.М.Пистрак та қолдады Сонымен, 20-шы жылдары кеңестік педагогикада зерттеушілік әдіс берік орын алды. Осы ұғыммен байланысты мектепте тіл сабақтарында грамматикалық талдаулар алынып тасталып, оның орнына байқау әдісі енгізілді.

20-шы жылдардағы кеңестік педагогика жаңа адам тәрбиелеу, социалистік қоғам құру, мектепті өмірмен, өндіріспен байланыстыру, оқудағы жеке қабілеттер мен икемділіктерді дамыту, өз бетінше оқу дағдыларын дамыту, өз білімін бақылау және оны есепке алу басты нысана болды. 1921 жылы Орталықтың жанынан ғылыми кеңес құрылып, онда бағдарлама даярлайтын секция ашылды. Секция даярлаған бағдарлама 1923-1924 оқу жылында жарияланды. Бағдарлама «комплексті» кешенді деп аталды. Себебі бағдарламада бірнеше пәндер топтастырылып «табиғат», «еңбек», «қоғам» деп берілді. Мысалы, бірінші тақырып бойынша физикадан, химиядан, жаратылыстанудан, астрономиядан білім берілсе, екінші тақырып бойынша өндірістің әр саласына техникадан, өндірісті ұйымдастыру, еңбек тарихынан білім берді. Үшінші тақырыпта қоғам жөнінен білім және тарихи мәлімет берілді.

1923 жылғы мектеп бағдарламасы

Қоғам	Еңбек	Табиғат пен адам
Мектеп, үй	Ауылдағы және үй маңындағы жұмыс	Жыл мезгілдері
Ауыл мен қаланың мектептеріндегі байланыс	Баланың еңбек ету ортасы	Ауа, су, топырақ, адам, жан-жануарлар
Аймақтық мектеп тұрған жерінің тарихы	Шаруашылық аймақ	Аймақ және табиғат
Адамзат білімінің тарихы	Ресейдің және басқа мемлекеттердің шаруашылығы т.б.	Мекен ету ортасы, адам мен табиғаттың байланысы

Ахмет Байтұрсынұлы мұны «Баулу мектебі» деп атаған. «Жаңа мектеп» журналының 1925 жылғы №1 санында жарияланған мақаласында ««Баулу мектеп» – нәрседен нәрсе жасап, тауар қылып шығаратын пабірік, зауыт сияқты да орын емес, өзінен-өзі өсерлік жағдай жасап, бәрін бәрін даяр күйінде беріп, балапан шығаратын жұмыртқа сықылды да орын емес, ұйым

түрінде іс қылып, іс жүзінде білім алып, еңбекті сүйетін шын еңбекші болып, ұшқанда алатын нәрсесіне ұяда баулынған қыран баласы сияқты жастар шығаратын орын» депті [5,2013]...

Қазағыстан білім кеңесінің I басқыш мектепте қолдануға рұқсат еткен Тележан Шонанұлының «Жаңалық» атты әліппе кітабы 1931 жылы «Қазағыстан» баспасында жарық көрді. Кітап 1928, 1929, 1930 жылдары бірнеше рет басылып шыққан. Әліппе осы бағдарлама бойынша кешенді әдісті сақтай отырып, – тұтас сөз әдісімен жазылған.

Хуҗалык елының нинди булачагы турында күрәзәлек итү дә булган. Мәсәлән, кабаны салкынга чыгарып куйганнар. Әгәр дә ул бәс белән капланса, җитен уңачагын хәбәр иткән һ.б. [4, 82-83]. Әгәр дә фал ачу нәтиҗәсе көтелгәнчә чыкмаса, моңа да артык борчылмаганнар, өметне алга, киләчәккә күчергәннәр.

Күренгәнчә, Нардуган мәҗүсилектән калган йола һәм ышанулардан гыйбарәт. Бу бәйрәм христиан дине тарафыннан тыелган була. “Нардуган өе”н – “шайтан өе”, “Нардуган уены”н “шайтан уены” дип атаганнар. Моңа да карамастан, Нардуган бәйрәме әле озак вакытлар яшерен рәвештә булса да уздырылып килә, тик шулай да XX гасыр дәвамында аерым йолалары кими бара һәм гасыр азагында бөтенләй диярлек яшәүдән туктый [8, 84-92], кайбер өлешләре генә хәзерге керәшеннәр тарафыннан кабат яңартылу омтылышын алды.

Әдәбият исемлеге

1. Кириллова З.Н. Керәшеннәрдә Олы көн бәйрәме // Занкиевские чтения [Электронный ресурс]: сборник тезисов докладов IX Международной научно-практической конференции (3-5 апреля 2025 г., г. Тобольск) / отв. ред. С.Р. Муратова. – Киров: Изд-во МЦИТО, 2025. – С. 8-12.
2. Кириллова З.Н. Керәшеннәрдә Нардуган бәйрәме // Просветительство и межкультурный диалог: наследие Каюма Насыри в контексте современных исследований: материалы международного научного форума, посвященного 200-летию со дня рождения Каюма Насыри / сост.: Г.Н. Зайнеева, Г.А. Хуснутдинова. – Казань: ИЯЛИ, 2025. – С. 210-215.
3. Әхмәтьянов Р.Г. Татар теленең этимологик сүзлеге, II том (М-Я). – Казан: Мәгариф – Вакыт, 2015. – 567 б.
4. Уразман Р. Татар халкының йолалары һәм бәйрәмнәре. – Казан: Татар. кит. нәшр., 1992. – 96 б.
5. Çay A.M. Türk Ergenekon Bayramı Nevruz. – Ankara: Türk Kültürü Araştırma Vakfı Yay., 5. baskı, 1993. – 267 s.
6. Без бер тамырдан: Керәшен татарларының этногенезын һәм этнографиясен өйрәнү буенча урта гомуми белем мәктәпләре өчен уку ярдәмлеге / Төз.: Н.В. Максимов. – Казан: Мәгариф, 2002. – 223 б.
7. Баязитова Ф.С. Татар халкының бәйрәм һәм көнкүреш йолалары: (Рухи мирасыбыз хәзинәсеннән). – Казан: Татар. кит. нәшр., 1995. – 158 б.
8. Ercan Alkaya, Zoya Kirillova. Kreşin Tatar Türkçesi (Dil, Tarih, Kültür). – İstanbul: Kesit Yay., 2018. – 670s.

ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ӘДЕБИЕТІ МЕН МӘДЕНИЕТІ

А.Г. Кисымова,
Облыстық дарынды балаларға арналған
Абай атындағы мамандандырылған
мектеп – гимназия – интернатының қазақ тілі мен
әдебиеті пәні мұғалімі, педагогика ғылымдарының магистрі
Қазақстан, Орал.
aktolkin_1988@mail.ru

Аннотация. В статье исследуются исторические и культурные основы становления литературы и искусства тюркских народов. Рассматриваются особенности развития фольклора, эпоса, устного и письменного наследия, а также их влияние на формирование национального самосознания. Анализ подчеркивает общность духовных ценностей и эстетических принципов, связывающих тюркские народы в единое культурное пространство. Отмечается значимость сохранения и изучения тюркского наследия как важного компонента мировой цивилизации.

Ключевые слова: тюркские народы, литература, культура, фольклор, эпос, духовные ценности, культурное наследие, традиции, мировая цивилизация.

Abstract. The article examines the processes of lexical development in Turkic languages, focusing on semantic changes and their connection with historical and cultural factors. The findings describe the patterns of new lexeme formation in Turkic languages.

Keywords: Turkic peoples, literature, culture, folklore, epic, spiritual values, cultural heritage, traditions, world civilization.

Түркі халықтарының әдебиеті мен мәдениеті – ғасырлар қойнауынан сыр шерткен, адамзат өркениетінің ажырамас бөлігі болып саналатын ерекше рухани қазына. Түркілердің бай мұрасы олардың өмір салтымен, дүниетанымымен, табиғатқа және қоғамға деген көзқарасымен тығыз байланысты. Ежелгі түркі тайпалары Еуразияның ұлан-ғайыр даласын мекендеп, өздерінің тілі, жазуы, наным-сенімі мен өнері арқылы бірегей өркениет қалыптастырды.

Түркі халықтарының тарихы терең әрі көпқырлы. VII–VIII ғасырларда өмір сүрген көне түркі қағанатының кезеңінде дүниеге келген Орхон-Енисей жазбалары – бұл мәдениеттің алғашқы жазба үлгілері. Бұл ескерткіштер тек тарихи дерек қана емес, сонымен қатар көркем әдебиеттің алғашқы нышандарын, түркілік ойлау жүйесін айқын көрсететін құжаттар. Онда ел бірлігі, ерлік, намыс, туған жерге адалдық сияқты ұлттың негізгі құндылықтары бейнеленген.

Орта ғасыр дәуірінде түркі халықтарының мәдени өркендеуі жалғасып, әдебиет пен ғылымның жаңа дәуірі басталды. Бұл кезеңде түркі ойшылдары мен ғұламалары адамгершілік, ізгілік, білім мен ғылым туралы терең философиялық еңбектер жазды. Жүсіп Баласағұнның “Құтты білік” шығармасы – мемлекет басқару мен адам мінезі жөніндегі даналықты бейнелейтін энциклопедиялық туынды. Махмұт Қашқари өз еңбегінде түркі тілдерінің байлығын, мәдени және тілдік бірлігін дәлелдеді. Ахмет Ясауидің “Диуани хикметі” арқылы сопылық поэзия түркі дүниесіне кең таралып, рухани тазалық пен адамгершілікті насихаттады [10 - 13, 3].

Мәдениет тұрғысынан алғанда, түркілердің фольклоры, қолөнері, музыкасы, киім үлгісі мен салт-дәстүрлері олардың рухани өмірінің өзегін құрайды. Түркі халықтарының аспаптық музыкасы – қобыз, домбыра, қомуз, дутар секілді аспаптар арқылы ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келеді. Халық жырлары мен дастандары – ұлттық кодты сақтаудың маңызды арнасы. Мысалы, «Алпамыс батыр», «Қобыланды батыр», «Манас», «Ер Төстік» сынды эпостар түркі дүниесінің ортақ мұрасына айналған.

Қазіргі таңда түркі халықтары арасында мәдени және әдеби ынтымақтастық жаңа серпін алып отыр. Түркі мемлекеттерінің ұйымы, ТҮРКСОЙ**,** Түркі академиясы**,** Түркі кеңесі сияқты халықаралық құрылымдар түркі мәдениетінің ортақ мұраларын зерттеу, сақтау және әлемге таныту бағытында жүйелі жұмыстар атқаруда. Бұл үрдіс – түркі халықтарының рухани бірлігін нығайтып, ортақ тарихи сананы жаңғыртудың айғағы [13, 4].

Түркі әдебиетінің түп-тамыры көне дәуірлерден бастау алады. Түркі халықтары жазу-сызуы мен мәдениетін ерте дамытқан халықтардың бірі саналады. Олардың ең алғашқы әдеби мұралары **–** Орхон–Енисей жазба ескерткіштері**.** Бұл жазулар VIII ғасырда қазіргі Моңғолия мен Сібір аумағындағы өзен аңғарларында тасқа қашалып жазылған. Олардың ішінде ең әйгілілері – Күлтегін**,** Білге қаған және Тонықөк ескерткіштері.Бұл жазба мұралар тек тарихи құжат қана емес, сонымен қатар көркем әдебиеттің алғашқы үлгісі болып саналады. Онда ел бірлігі, ерлік, әділдік, билеушінің даналығы мен халыққа деген адалдық идеялары дәріптеледі. Мысалы, Күлтегін жазуында түркі халқының тәуелсіздік жолындағы күресі мен батырлық рухы бейнеленсе, Тонықөк ескерткішінде дана ақылшының өмірлік тәжірибесі мен ел басқарудағы көрегендігі баяндалады. Бұл ескерткіштер арқылы түркі халықтарының сол дәуірдегі әлеуметтік құрылымы, саяси жүйесі, дүниетанымы мен моральдық қағидалары көрініс тапқан.

Көне түркі жазбаларының тілі – қазіргі түркі тілдерінің арғы бастауы. Сол кезеңдегі жазба дәстүрінде поэтикалық өрнек, көркем бейнелеу, ырғақ пен қайталау тәсілдері қолданылған. Бұл ерекшеліктер кейінгі ғасырлардағы түркі поэзиясының негізін қалады. Орхон мәтіндеріндегі **“**Тәңірі жарылқасын**”, “**Көк түріктер елі**”, “**Халқым үшін түн ұйықтамадым, күндіз отырмадым**”** сияқты жолдардан халыққа адал қызмет ету идеясын

көреміз. Сонымен қатар түркі халықтарының ежелгі ауыз әдебиеті де олардың рухани өмірінде айрықша орын алған. Мифологиялық әңгімелер, батырлық эпостар, тұрмыс-салт жырлары ұрпақтан ұрпаққа ауызша таралып, халықтың дүниетанымы мен моральдық ұстанымдарын сақтап жеткізді. Бұл шығармаларда табиғатқа табыну, ата-баба рухына құрмет, ерлік пен намыс, адалдық пен ізгілік сияқты мәңгілік құндылықтар жырланды [14 - 15, 5].

Түркі халықтарының мәдени мұралары – олардың көпғасырлық өркениетінің, дүниетанымы мен өмір салтының айнасы. Түркілердің материалдық және рухани мәдениеті өзара тығыз байланыста дамып, халықтың ұлттық болмысын қалыптастырды.

Материалдық мәдениет саласында сәулет өнері, қолөнер және тұрмыстық дәстүрлер ерекше орын алады. Ежелгі түркі дәуірінен бастап қалыптасқан архитектуралық ескерткіштер – кесенелер, күмбездер, мешіттер, көне қалалардың орындары – халықтың жоғары мәдени деңгейін көрсетеді. Мысалы, Қожа Ахмет Ясауи кесенесі, Айша бибі, Бабаджа хатун, Арслан баб ескерткіштері түркі өркениетінің сәулет өнеріндегі биік жетістіктерін паш етеді. Бұл ескерткіштер тек діни ғимараттар емес, сонымен қатар сол заманның көркемдік талғамын, шеберлігін танытатын тарихи жәдігерлер. Қолөнер саласында зергерлік бұйымдар, кілем тоқу, ағаш және металл өңдеу өнері кең дамыған. Әр ою-өрнек, әр бұйым халықтың дүниетанымымен, символдық түсінігімен сабақтасып жатты.

Рухани мәдениет түркі халықтарының ең бай қазынасы саналады. Фольклор, жыр, күй, би және ән дәстүрлері халық өмірінің ажырамас бөлігі болған. Эпикалық мұралар – «Алпамыс батыр», «Қобыланды батыр», «Манас», «Ер Төстік» сияқты эпостар – бүкіл түркі дүниесінің ортақ рухани байлығы. Бұл жырларда батырлық, ел бірлігі, ата дәстүрге адалдық, әділдік пен ерлік идеялары көрініс табады. Мысалы, қырғыз халқының «Манас» эпосы көлемі мен мазмұны жағынан әлемдік эпикалық шығармалар қатарында ерекше орын алады.

Музыкалық мәдениет те түркі әлемінде кең тараған. Домбыра, қобыз, сыбызғы, сазсырнай сияқты көне аспаптар халықтың ішкі жан дүниесін, қуанышы мен мұңын, табиғатпен үйлесімін бейнелейді. Түркілердің би дәстүрі де халықтың тұрмыс-салт мерекелерінде, той-думанында маңызды рөл атқарған.

Салт-дәстүр мен наным-сенім түркі мәдениетінің өзегін құрайды. Табиғатқа, ата-баба рухына, от пен суға, аспан мен жерге құрмет көрсету – олардың дүниетанымының басты қағидаларының бірі болған. Осындай нанымдар халықтың күнделікті өмір салты мен әдет-ғұрыптарынан көрініс тапқан. Наурыз мерекесі – түркі халықтарының ең көне әрі қасиетті мерекелерінің бірі. Бұл мейрам табиғаттың жаңаруы мен адам өмірінің үйлесімін бейнелейді. Наурыз тек жаңа жылдың басталуы емес, адамдардың өзара татулығын, бірлігін, өмір мен табиғат арасындағы тепе-теңдікті дәріптейтін мейрам. Түркілердің табиғатпен үйлесім философиясы осы мереке арқылы айқын көрініс табады. Осылайша, түркі халықтарының мәдени мұралары – ғасырлар бойы сақталып келе жатқан рухани және материалдық қазына. Ол бүгінгі ұрпаққа ата - баба даналығын, ұлттық бірлік пен өркениеттің сабақтастығын танытады [1-2, 1].

Қазіргі түркі әдебиеті мен мәдениетінің даму үрдістері XXI ғасырда жаңа бағыттар мен идеялармен толығып, дәстүр мен жаңашылдықтың үйлесімді бірлігін танытып отыр. Түркі халықтарының қазіргі заман әдебиеті өз ұлттық тамырынан ажырамай, заманауи тақырыптарды қозғау арқылы жаңаша сипат алуда. Қазіргі ақын-жазушылар халықтың тарихи жадын сақтай отырып, жаһандану дәуіріндегі рухани ізденістерді, тұлғалық еркіндік пен мәдени жаңғыру мәселелерін көтереді. Мәселен, қазақ әдебиетінде Оралхан Бөкей, Мұхтар Мағауин, Дулат Исабеков шығармаларындағы ұлттық рух пен адам тағдыры мәселелері түркілік дүниетаныммен сабақтасып жатады. Сол сияқты қырғыз жазушысы Шыңғыс Айтматовтың туындылары да бүкіл түркі әлеміне ортақ философиялық тереңдігімен ерекшеленеді.

Қазіргі түркі әдебиетінде поэзия мен прозадағы ізденістер, жанрлық және стильдік жаңарулар айқын байқалады. Көптеген жас қаламгерлер өз шығармашылығында дәстүрлі тақырыптарды заманауи формада жеткізуге ұмтылуда. Интернет пен цифрлық технологияның дамуы түркі тілдес елдер арасындағы әдеби байланыстарды кеңейтіп, ортақ әдеби кеңістіктің

қалыптасуына мүмкіндік берді. Түркі елдері арасындағы мәдени және әдеби ынтымақтастық соңғы жылдары жаңа деңгейге көтерілді. Бұл бағытта халықаралық ұйымдардың, әсіресе ТҮРКСОЙ**,** Халықаралық Түркі академиясы және Түркі мемлекеттері ұйымының рөлі зор. Бұл ұйымдар түркі халықтарының мәдени мұраларын зерттеу, сақтау және насихаттау бағытында көптеген жобаларды жүзеге асырып келеді. Түркі жазушыларының кездесулері, ортақ антологиялар мен аударма бағдарламалары түркі әлемінің рухани бірлігін нығайтуға үлес қосуда.

Қазіргі уақытта түркі халықтарының қатысуымен өтетін халықаралық әдеби форумдар, мәдени фестивальдер мен өнер апталықтары ерекше маңызға ие. Бұл іс-шаралар жас буын шығармашылығын қолдап қана қоймай, ортақ мәдени кеңістіктің дамуына ықпал етеді. Мысалы, Түркістан, Баку, Анкара, Бішкек қалаларында өтетін әдеби және өнер фестивальдері түркі халықтарының бауырластығын нығайтып, шығармашылық байланыстарды арттыруда. Түркі мәдениетін әлемдік деңгейде насихаттау – бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі. Түркі тілдерінде жазылған шығармаларды басқа тілдерге аудару, кино және театр өнерінде ортақ жобалар жасау, мәдени дипломатияны дамыту – осы бағыттағы маңызды қадамдар. Сонымен қатар, түркі халықтарының ортақ тарихи тұлғалары мен мұраларын халықаралық деңгейде таныту жұмыстары да кеңейіп келеді [17, 3].

Қорыта айтқанда, қазіргі түркі әдебиеті мен мәдениеті – дәстүр мен жаңашылдықтың, ұлттық және жаһандық құндылықтардың үйлесімінен құралған күрделі әрі бай рухани кеңістік. Ол түркі халықтарының ортақ тарихын, болмысын және болашаққа деген ұмтылысын бейнелей отырып, бүкіл адамзат мәдениетінің ажырамас бөлігіне айналып келеді. Қорыта айтқанда, түркі халықтарының әдебиеті мен мәдениеті – мыңжылдықтардан тамыр тартқан бай мұра, адамзат өркениетінің ажырамас бөлігі. Көне түркі жазбаларынан бастау алған рухани дәстүрлер бүгінгі күнге дейін өз мәнін жоғалтпай, жаңа заман талабына сай жаңғырып келеді. Түркі өркениетінің ерекшелігі – оның адамгершілік, ерлік, бірлік пен ізгілік идеяларын ұрпақтан ұрпаққа жеткізе білуінде.

Бүгінгі таңда түркі халықтары ортақ тарихи негізге сүйене отырып, мәдени және әдеби байланыстарды нығайтуда. ТҮРКСОЙ, Түркі академиясы және Түркі мемлекеттері ұйымы сияқты құрылымдардың бастамалары рухани ынтымақтастықтың жаңа дәуірін қалыптастыруда. Бұл ұйымдар түркі халықтарының ортақ мұраларын сақтау, зерттеу және әлемге таныту ісінде маңызды рөл атқаруда.

Жаһандану заманында түркі мәдениетін сақтау мен дамыту – тек өткенді құрметтеу ғана емес, болашақ ұрпақтың рухани қауіпсіздігі мен мәдени тұтастығын қамтамасыз ету жолы. Сондықтан әрбір түркі елі өз әдебиеті мен өнерін жаңғырта отырып, ортақ тамырдан нәр алған бауырлас халықтардың бірлігі мен достығын одан әрі нығайтуға үлес қосуы қажет.Түркі әлемінің мәдени және әдеби мұрасы – өткеннің естелігі ғана емес, болашақтың бағыт-бағдарын айқындайтын рухани шамшырақ.

Әдебиеттер тізімі

1. Оразбаева Ф.Ш. *Тілдік қатынас: Теориясы және әдістемесі.*– Алматы: Ы.Алтынсарин ат. ҚБАРБК, 2000. – 208 б.
2. Қоңыратбаев Ә. *Қазақ әдебиетінің тарихы.* – Алматы: Санат, 1994. – 384 б.
3. Негимов С. *Шешендік өнер.* – Алматы: Ана тілі, 1997. – 192 б.
4. Келімбетов Н. *Ежелгі дәуір әдебиеті.* – Алматы: Атамұра, 2005. – 352 б.
5. Сүйіншәлиев Х. *Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері.* – Алматы: Мектеп, 1989. – 240 б.
6. Түркі академиясы халықаралық ұйымы. *Түркі әлемі: тарих және мәдениет.* – Астана, 2019. – 300 б.

KEMEL TOKAYEV'S THE MYSTERİOUS TRACE AS A LİTERARY EXAMPLE OF A SPY DETECTİVE STORY

S.B. Latifli,
Scientific Researcher, ANAS Institute of Literature named after Nizami Ganjavi
Azerbaijan, Baku
seyidnise.letifli@mail.ru

Аңдатпа. Кемел Токаевтің "Көмескі із" повесі XX ғасыр детектив жанрының қағидаларын қазақ әдебиеті контексінде жаңа көркем деңгейде ұсынатын маңызды шығармалардың бірі болып табылады. Шығарманың көркем құрылымын, жанрлық ерекшеліктерін, кейіпкерлердің дамуын және сюжет желісінің күрделілігін зерттеу әдебиеттану және детектив жанрын талдау үшін маңызды болып табылады. Мақаланың мақсаты – Кемел Токаевтің "Көмескі із" повесін детектив жанры контексінде көркем тұрғыдан талдау, жанрдың спецификалық элементтері мен әлеуметтік мағыналарын ашу болып табылады.

Тірек сөздер: детектив, агент, Кемел Токаев, повесть, талдау

Abstract. Kemel Tokayev's "The Mysterious Trace" is one of the significant works that presents the principles of the 20th-century detective genre in the context of Kazakh literature at a new artistic level. Studying the artistic structure of the work, its genre features, the development of the characters, and the complexity of the plot is important both for literary studies and for the analysis of the detective genre. The aim of the article is to analyze Kemel Tokayev's "The Mysterious Trace" from an artistic perspective within the context of the detective genre, highlighting the genre's specific elements and social meanings.

Keywords: detective, agent, Kemel Tokayev, story, analysis.

The rise in criminal processes around the world created the conditions for the emergence of crime-related themes in literature. This issue concerned the writers of the period, and in order to prevent criminal incidents, they examined the underlying causes of the contradictions present in society and reflected them in their works. From the second half of the nineteenth century onward, a number of changes occurred in the global literary-historical process, leading to the emergence of new movements and genres.

The foundations of detective prose in Kazakh literature were laid by Kemel Tokayev a World War II veteran, journalist, and writer who introduced the detective genre into Kazakh literature. Kemel Tokayev, a distinguished figure of Kazakh literature, was an original author with a strong civic stance, known for his integrity and dignity. The detective genre depicts the complex paths of investigating events and criminal situations, as well as searching for perpetrators. The protagonists of his works–ordinary Soviet people–are distinguished by their particular humanism and sincerity. These are mainly investigators and individuals who assist in solving criminal cases, sparing neither their efforts nor their time, and risking their lives in the search for dangerous criminals. In his works, Kemel Tokayev created the images of the true Kazakh investigator–authentic professionals devoted to their work. Tokayev's writings are notable for their intense plots, capturing the reader's attention from the very first lines. The reader is almost always kept in suspense, seeking answers to the questions of when the criminal will finally be neutralized, the enemy disarmed, and justice prevail. Kemel Tokayev also wrote various works depicting the horrors of war, transforming the literary understanding of wartime reality.

The novella "The Mysterious Trail" opens with the murder of Captain Süleymanov, the commander of an intelligence unit, and the theft of a classified military map. The plot of the work is dynamic, and the events unfold in a logically coherent sequence. Major Rodionov, his assistant Tolstov, Colonel Ilyin, and investigator-expert Zaitseva take part in the investigation with particular determination and attentiveness. The experienced Major Rodionov analyzes all the evidence, footprints, and auxiliary objects himself during the investigation and identifies the suspects. The author describes every detail of the investigative process with precision: *"The investigator's gaze fell*

upon a cigarette butt that had not yet turned yellow; it was a Belomorkanal brand cigarette, whereas officers usually smoked Deli brand cigarettes. Then Rodionov noticed the yellow hairs clutched in the deceased's fists. From the footprints he determined that the killer had worn size-forty boots." [5].

The discovery of the traces of the crime begins with Major Rodionov and investigator-expert Zaitseva arriving at the crime scene to conduct an examination. The spy's movements at the scene are described, and although Rodionov suspects the woman, he does not immediately add her to the list of suspects. His first suspect is Lieutenant Malyar, Captain Süleymanov's brother, as he had also been on duty at the time of the incident. The first piece of evidence emerges when Rodionov observes that a Kazbek cigarette butt had been replaced with a Belomorkanal cigarette butt in order to obscure the traces. The spy attempted this substitution to mislead the investigation. Subsequent pieces of evidence include the long yellow hairs found in Captain Süleymanov's hand and the footprints corresponding to size forty boots.

After collecting all the evidence, Rodionov logically connects every detail the clues, the suspects, and the surrounding events thereby playing a decisive role in uncovering the identity of the spy. The female parachutist described at the beginning of the novella is eventually revealed to be the German spy Ley, known by the codename "Winter Swallow," who had assumed the identity of Lyudmila Belova. At the conclusion of the novella, the German spy Ley is apprehended by Rodionov, confesses to the crime, and is brought to justice.

In works written within the spy-detective genre, the act of murder itself and the identity of the murderer are not of primary importance, for the main objective is to uncover the instigators behind these intrigues. "A spy must possess high professional skills: an accurate memory, knowledge of political terminology, and the ability to transmit passwords and signals" [2, 54]. In the novella "The Mysterious Trail", the spy figure is represented by the character Winter Swallow–Ley.

One of the characteristic features of works written in the spy-detective genre is the use of spy passwords within the narrative. For example, at the end of "The Mysterious Trail", the spy confesses: "I can provide information about the spies who were part of our group and can reveal the code name of Winter Swallow" [5].

Another characteristic element of the spy-detective genre is surveillance and identity alteration. "Information is sometimes obtained by directly tracking individuals by intelligence agents, and at other times by monitoring confidential data through electronic means" [1]. Changing one's identity is one of the most frequently used methods. By appropriating documents that do not belong to them, spies can easily alter their identity and cover their tracks. Through this technique, the author enables the spy figure to enter various locations and gather information.

The novellas "The Mysterious Trail" belong to the concentric plot type. The concentric plot type is a kind of plot in which all events revolve around a single conflict and everything is subordinated to cause-and-effect relationships.

The final scene of the novella "The Mysterious Trail" concludes, in accordance with the conventions of detective prose, with the triumph of good over evil and the prosecution of the criminals. "The aim of the authors of detective works is to reveal the social origins of crime, to consider certain moral issues, and therefore to depict events of great social and political significance and relevance in a broad framework" [4].

Kemel Tokayev's novella "The Mysterious Trace" clearly demonstrates the literary characteristics of the spy-detective genre. The professional skills of the spy character, the detailed depiction of the investigation, the dynamic plot, and its logical sequence are all presented in accordance with the essential requirements of the genre. Throughout the novella, the triumph of good over evil, the exposure of criminals, and the exploration of social and moral issues enhance both the literary and social significance of the work. Tokayev's creativity successfully develops the spy-detective genre in Kazakh literature, engaging readers with a tense plot and intriguing intrigues [3].

References

1. Bahar, E. (2016). Bilgi toplumunun edebi ürünü casus romanları ve casus romanlarının istihbarat boyutu. *21. Yüzyılda Eğitim ve Toplum, 5(14).*, s.55-63.

2. Lətifli S. Kemel Tokayev: detektivinin təşəkkülü və inkişaf xüsusiyyətləri //Conferences. – 2025, s.54-57 https://doi.org/10.59849/iscapltmt.2024.54
3. Lətifli, S. Cəmşid Əmirovun “Brilyant məsələsi” və Kemel Tokayevin “Damğalı qızıl” povestlərindəpolis detektivinin əlamətləri. Müqayisəli ədəbiyyatşünaslıq, 2023, s.105-109. DOI: https://doi.org/10.59849/2663-4414.20
4. Shakiyev, M. N. I devoted my life to the party, and it turned against me (a serious challenge in Kemel Tokayev’s creative path). 124-139: Historical Sciences. Philosophy. Religious Studies, 143(2), 2025.
5. Tokayev, K. Замандастар сыры : журналистің жол дәптерінен. Алматы : Қазақстан, 1965.
6. Həsənli, M. (2023). Smaqul Elubayın “Ağ çadır” romanında kosmos-xaos əvəzlənməsi. Müqayisəli ədəbiyyatşünaslıq, 18-24. doi:https://doi.org/10.59849/2663-4414.2023.1.18

ҚАЗАҚ ӘҢГІМЕЛЕРІНДЕГІ МИФОЛОГИЯЛЫҚ ОБРАЗДАРДЫҢ КӨРКЕМДІК ҚЫЗМЕТІ

Ж.А. Романова,
«Тұран-Астана» университетінің магистранты,
Г.К. Жусупова,
Филология ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор (доцент)
Қазақстан, Астана.
zhansaya_serikova@mail.ru

Аннотация. В данной работе всесторонне рассмотрена художественная функция мифологических образов в казахских рассказах. Проанализировано значение мифологии в казахской литературе, её духовно-эстетическая роль, а также исторические этапы развития мифопоэтической традиции и процесс её обновления через авторские интерпретации. Исследованы особенности использования мифа как художественного средства в казахской прозе, его связь с фольклорно-мифологическим наследием и трансформация в современном социально-историческом контексте. Раскрыта роль мифопоэтических форм в сюжете, композиции и стиле произведения, показано взаимодействие традиций и новаторства.

В исследовании особое внимание уделено художественному значению мифологических мотивов в произведениях таких выдающихся писателей, как М. Ауэзов, А. Кекилбаев, М. Магауин, О. Бокеев, С. Санбаев, а также их роли в отражении национального сознания и духовного опыта. Кроме того, выявлены универсальный характер мифа в казахской литературе и процесс формирования авторской мифологии. Работа способствует более глубокому пониманию поэтических возможностей мифологических образов в казахской прозе.

Ключевые слова: мифология, мифопоэтика, казахские рассказы, художественный образ, авторская мифология, фольклорный мотив.

Abstract. This study comprehensively examines the artistic function of mythological images in Kazakh tales. It analyzes the significance of mythology in Kazakh literature, its spiritual and aesthetic role, as well as the historical development stages of the mythopoetic tradition and its renewal through authorial interpretations. The features of myth usage as an artistic tool in Kazakh prose, its connection with folkloric-mythological heritage, and its transformation within the contemporary socio-historical context are explored. The study reveals the role of mythopoetic forms in plot, composition, and style, highlighting the interaction.

Special attention is given to the artistic significance of mythological motifs in the works of prominent writers such as M. Auezov, Ä. Kekilbayev, M. Magauin, O. Bokeev, and S. Sanbayev, and their role in portraying national consciousness and spiritual experience. Additionally, the universal nature of myth in Kazakh literature and the process of forming authorial mythology are identified. This work contributes to a deeper understanding of the poetic potential of mythological images in Kazakh prose and their function in literary creativity.

Keywords: mythology, mythopoetics, Kazakh tales, artistic image, authorial mythology, folkloric motif.

Миф – алғашқы қауым адамдарының әлемді тануға деген қиялға негізделген аңыздық әңгімелері. Қазақ мифологиясы – адамзаттың түрлі қиялдары мен үміт-армандарынан туындаған аңыздарға бай рухани мұра. Ол – ғасырлар бойы адамның рухани ізденістерін,

тәжірибесін жинақтаған мазмұнымен және кең ауқымды болмысымен көптеген жазушыларды өзіне тартқан. Көркем прозада мифопоэтика – адамзаттың көне заманнан бүгінге дейінгі ойы мен рухани әлемін, философиялық танымын бейнелеуге жол ашатын шексіз мүмкіндік. Жазушылар осы таусылмас қайнардан шабыт алып, мифопоэтикадағы жалпыадамзаттық идеялар мен моральдық құндылықтарды қазіргі заманның өзекті мәселелерімен үйлестіре білді.

Миф құрамындағы жалпыадамзаттық мән оның бүгінгі күнге дейін маңызын жоғалтпағанын дәлелдейді. Болмыста бар нәрседен гөрі беймәлім дүниені тануға талпыну, тылсым күшке сүйену – мифтің басты ерекшеліктерінің бірі. Ол бұрын танымның алғашқы түрі болған. Қазіргі кезеңде мифопоэтика – көркем шығармашылықтың нәтижесі, эстетикалық мақсатқа қызмет ететін көркемдік құралға айналды. Биік пафос пен жинақтау тәсілі мифке философиялық сипат дарытса, шын мен қиялдың арасын нақты ажыратпау – оның көркемдік құрылымындағы қиялға байлық қосады. Мифте көзге көрінбейтін, анық емес, болуы ықтимал элементтер мен шынайы болмыс еш бөлінбей, қатарласа көрінеді, дегенмен, көбіне ықтималдық сипаты басым түсіп, шешім соған қарай ойысады [1, 220]. Ғалымдар миф арқылы әдеби үдерістің заңдылықтары мен жанрлық ерекшеліктерін анықтап қана қоймай, жеке туындылардың өзіндік сипаттарын да ашуға тырысады. Осы тұрғыда миф поэтикасын зерттеген Е. М. Мелетинский қазіргі әдебиетте мифке саналы түрде дәстүрлі емес, шартты тәсілмен, яғни оның «рухын» қолдану кеңінен таралғанын атап өтеді [2, 280]. Ертеде қалыптасқан миф қазіргі жоғары дамыған өркениет жағдайында бұрынғы қалпын сақтай алмайтыны белгілі. Көркем әдебиетте мифтің өзгеріске ұшырауы жаңа мүмкіндіктерге жол ашты. Осы негізде әдебиетте неомифологизм құбылысы өмірге келді.

Қазақ әдебиетіндегі мифологиялық образдар С. Қасқабасов, А. Жақсылықов, Б. Жетпісбаева сынды зерттеушілердің еңбектерінде кеңінен қарастырылады. Мифті тиімді пайдаланған қаламгерлер шығармаларында ортақ сипат ретінде: ұлттың өткені мен тарихына қатысты терең философиялық ой-толғауларға, дүниетанымға ұмтылыс; фольклорлық поэтикамен байланыс, ішкі ырғақтық үндестік; романтикалық бейнелеу мәнері мен пафостық-эмоциялық өрнек байқалады. Қазақ прозасында мифопоэтика көркемдік тұрғыда айрықша құбылысқа айналды, ол шығармашылық ізденістердің қарқынды да күрделі бағыт алуына жол ашты. Ұлттық әдеби үдерістің дамуы барысында діни-мифологиялық сарын әр тарихи кезеңде түрліше сипат алып отырды. XX ғасыр басында бұл құбылыс әдебиетте айқын байқалса, 1930–60 жылдары саяси себептермен үзіліске ұшырады, ал өткен ғасырдың соңынан бастап бүгінгі күнге дейін прозада бұл дәстүр қайта жалғасын тапты. А. Жақсылықов қазақ әдебиетіндегі мифопоэтикалық ойлау дәстүрі өзінің генетикалық байланысын жоғалтпағанын, оның бастау көзі А. Яссауи мен Асан Қайғы туындыларынан тарайтынын атап көрсетеді [3, 317].

Қазақ прозасында миф пен аңыздарға негізделген өзгеше сипаттағы туындылардың пайда болуы қаламгерлер шығармашылығындағы ерекше құбылысқа айналды. Рас, XX ғасырдағы қазақ әдеби үдерісінің дамуында діни-мифологиялық мотивтердің әсері айтарлықтай болғанымен, бұл ықпал бірізді сипатта өрбіген жоқ. Мифке негізделген желілер XX ғасыр басындағы әдеби туындыларда айқын байқала бастағанымен, 1930–60 жылдар аралығында әдебиетте үстемдік еткен идеологиялық ұстанымдар салдарынан бұл үдеріс үзіліске ұшырады, ал 1970 жылдардан бастап қазақ прозасында бұл бағыттың жалғасын тапқанын аңғарамыз.

Нақты айтқанда, қазақ прозасында парадигмалық, ассоциативтік мифопоэтикалық ойлаудың алғашқы белгілері мен фольклорлық мотивтерге негізделген сюжеттік құрылымдар С. Сейфуллин, С. Ерубаев, М. Әуезов, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов шығармаларынан анық байқалады. Болмысты көркемдікпен суреттеудің бір тәсілі ретінде мифтік архетиптерді қолдану – М. Әуезов поэтикасының басты ерекшеліктерінің бірі болды. Сюжетке фольклорлық элементтерді енгізу 1940–50 жылдар прозасында да кездесті, бірақ олар қосымша этнографиялық дерек ретінде ғана беріліп, шығарманың сюжеттік құрылымын тереңдете қойған жоқ.

Қазақ көркем прозасының дара шебері М. Әуезовтің алғашқы туындыларындағы эпикалық метафоралық бейнелеу 1970 жылдары Ә. Кекілбаев, Д. Исабеков, М. Мағауин, Д. Досжанов, О. Бөкеев, С. Санбаев секілді жазушылардың шығармаларында ежелгі фольклорлық-мифологиялық мәдениетпен үндесе отырып, жаңаша сипатта жаңғырып отырады. Қазақ прозасындағы мифологизм М. Әуезов, С. Мұқанов, Ғ. Мүсірепов тәрізді жазушылардың шығармаларынан нәр алып дамып, көркемдік көкжиегін кеңейтті, қазіргі әдебиеттегі мифопоэтикалық формаларды қолдану дәстүрі күрделене түсті. 1970 жылдардан бастап қазақ жазушылары фольклорлық мұралар мен сол арқылы мифопоэтикалық архетиптерге ерекше мән бере бастады, дегенмен, әлеуметтік және тарихи контексттің әртүрлілігі бұл бағыттың да сан алуан қырда дамуына ықпал етті.

1970–90 жылдардағы мифтік және аңыздық желілердің дамуына серпін берген жазушылар шығармаларында ортақ көркемдік белгілер байқалды. Қазақ қаламгерлерінің туындылары халық тарихына байланысты терең философиялық ойларға, толғаныстарға жақындығымен; халық ауыз әдебиетінің көркемдік-эстетикалық дәстүрімен үндесуімен; эмоциялық әсері жоғары, романтикалық бейнелеу тәсіліне жақындығымен ерекшеленді. Нақтырақ айтқанда, миф жасауға бейім жазушыларды дәстүрлі реализм шеңберіне толық сыйғызу қиын.

Қазақ әдебиетіндегі мифтік танымды қалыптастырған жазушылардың көш басында Ә. Кекілбаевтың («Дала балладалары», «Аңыздың ақыры»), О. Бөкеевтің («Қар қызы», «Мұзтау»), С. Санбаевтың («Аңызды аңсағанда», «Көп-ажал»), М. Ысқақбайдың («Ұят туралы аңыз») және басқа да қаламгерлердің шығармаларын атауға болады. Бұл туындылар өздеріне тән «ойындық» сипатымен, жанр шекараларының айқын болмауымен, бұрынғы эстетикалық әрі идеологиялық қалыптардан шыға алуы арқылы дараланды.

Аңыздық желілерді қазақ прозасында ерекше шеберлікпен пайдаланып, өзінің көркемдік жетістігін әлемдік деңгейде танытқан жазушылардың алдыңғы қатарынан Ә. Кекілбаевты көреміз. Оның прозасындағы мифопоэтикалық тәсілдер мен шығармашылық дамуы бірізді емес. Алғашқы повесть пен романдарында ол әлемді өмір мен өлім, ізгілік пен зұлымдық, махаббат пен жауыздық, рух еркіндігі секілді мәңгілік өлшемдер арқылы таныды. Тарих пен тұлғаны романтикалық және философиялық тұрғыда қабылдаудан («Аңыздың ақыры», «Ханшадария хикаясы»), сананың ағысына негізделген баяндауға, кейінірек «Үркер», «Елең-алаң» романдарындағы беллетристикалық, реалистік сипаттағы формаға ойысты. «Дала балладалары» мен «Аңыздың ақыры» шығармаларында өмірлік мәні терең қақтығыстарды, махаббат пен азаматтық борыш арасындағы драманы бейнелеуге ұмтылу – өмірдің мәнін ашуға талпыныс, көтеріңкі пафос пен афористік стильге бейімділік оның шығармаларын өткенмен, тарихпен сабақтастырды.

Ә. Кекілбаев «Күй», «Ханша-дария хикаясы», «Шыңырау» сынды повестері арқылы көне аңыз-сюжеттерді шебер қолданып, өткеннің өнегелі де ерлікке толы жарқын болмысын бейнелеп, қазіргі заманның маңызды мәселелерін қозғайды. «Аңыздың ақыры» романында жазушы бүгінгі күннің болмысына бейімделген ұлттық сипаттағы миф жасап, оны мәңгілік құндылықтар негізінде құрады. Ә. Кекілбаевтың туындыларында («Дала балладалары», «Аңыздың ақыры») мифологема – өткеннің кең аясында бүгінгі күннің өзекті рухани-адамгершілік сұрақтарын көтерудің көркемдік құралына айналған. Қаламгер мифке тән экспрессивті тіл бейнелілігін, көркемдік-эмоционалдық қуатын орынды пайдаланады. Романтикалық сарындағы мифологема көркем шығармаға бейнелі тіл, идеялық-эстетикалық мазмұн мен терең экспрессия дарытты.

М. Ысқақбай «Ұят туралы аңыз», «Ғажайып бала», «Жойқан төбе» сынды туындыларында мифтік негізге сүйене отырып, оқырманды шынайы өмірден гөрі қиял мен терең астарлы философия әлеміне жетелейді. Жазушы шығармаларында ассоциациялық тәсілдерді батыл қолданады. Оның повестерінде мифологиялық аллегориялар туынды мәтінінің астарлы мағынасына, ішкі мазмұндық өзегіне көшкен. Мұндай туындыларда жинақтаушылық кеңістігі де, символдық мәні де айтарлықтай тереңдей түсті.

Мифке құрылған сюжеттер мен образдарды туындыларына арқау еткен Ә. Кекілбаев («Аңыздың ақыры», «Күй», «Ханша-дария хикаясы»), С. Санбаев («Ақ аруана», «Көп-ажал», «Аңызды аңсағанда», «Мәңгілік күрес»), Т. Әбдіков («Тозақ оттары жымыңдайды»), О. Бөкеев («Айпара-ана»), М. Ысқақбай («Ұят туралы аңыз», «Ғажайып бала»), М. Мағауин («Қыпшақ аруы»), Х. Әдібаев («Отырар ойраны») секілді жазушылардың прозасы – халықтың тарихи рухани тәжірибесін философиялық тұрғыдан пайымдаумен, ауыз әдебиетінің поэтикасы мен эстетикасына үндестігімен, эмоциялық-экспрессивтік қуатымен дараланады. Өткен дәуірлерден бастау алатын рухани тәжірибені жинақтаған мазмұн байлығы, мифтің әмбебаптығы мен синкреттік табиғаты түрлі бағыттағы қазақ қаламгерлерін өзіне тартты.

Қазақ жазушылары, бір жағынан, өздерінің жаңа авторлық мифтерін жасауға машық танытса, екінші жағынан, бұрыннан белгілі көне аңыздарды міндетті түрде қайта жаңғыртып, жаңаша түрлендіріп, өзгертіп отырады. XX ғасырдың соңындағы қазақ прозасында аңыздық желілер мен мифопоэтикалық формалар тек тарихи-реалистік уақытпен ғана шектелмей, шығарманың логикасына бағынбайтын, дербес мағынаға ие болатын деңгейге дейін дамыды. Қазақ әдебиетінде «жаңа миф» қалыптастырушы қаламгерлердің алдыңғы қатарында тұрған Ә. Кекілбаев («Дала балладалары», «Аңыздың ақыры»), О. Бөкеев («Қар қызы», «Мұзтау»), С. Санбаев («Аңызды аңсағанда», «Көп-ажал») секілді жазушылардың шығармалары «ойын» сипатымен, жанр шекарасының нақтыланбауымен, бұрынғы эстетикалық және идеологиялық қалыптардан тыс шығуымен, романтикалық бояуымен дараланады.

Көркем туындыларда өткен уақыт оқиғалары бүгінгі және болашақ кеңістігімен тұтасып, миф, қиял, фантазия сынды көркемдік құралдар шынайы болмыспен шебер ұштасып кетеді. (Мысалы, Т. Ахметжанның «Нобель сыйлығында» періштенің Алматыға келіп, адамдардың иманын сынауы, «Сұлу мен суретшіде» шалдың өзі салған суреттен мерт болуы; М. Мағауиннің «Қыпшақ аруында» тас мүсіннің тірілуі мен Саржан мен Айсұлудың орта ғасырдан бүгінге өтуі; Х. Әдібаевтың «Отырар ойранында» Кербұғының Тозақ пен Жұмақ арасында жүруі және т.б. желілер). Мұндай туындыларда шын мен қиялдың арасы ажыратылмайды, олардың арасындағы шекара тым нәзік әрі көмескі – оқиғалардың рас-өтірігі, хронологиясы, не бұрын, не кейін болғаны нақты белгісіз күйінде қалады.

Х. Әдібаев «Отырар ойраны» романында Шыңғыс хан әскері тарапынан Отырардың жаулап алынуына қатысты тарихи оқиғаны жаңаша стильде суреттейді. Бұл көпқабатты роман терең философиялық мәнімен, экзистенциалдық дүниетаным желісімен, мифопоэтикалық және парадигмалық құрылымдардың өзара үйлесуімен, эмоциялық-экспрессивтік бояудың қанықтығымен ерекшеленеді. Роман тарихи оқиғаны арқау ете отырып, адам жанындағы ең терең психологиялық иірімдерге үңіледі. Бұл туындыда кеңістік пен уақыттың шекарасы мүлде жойылған: оқиғалар, дін мен мәдениет қабаттары өзара араласып кетеді. Жазушы ғасырларға созылған тарихи процестерді ықшамдап, бірнеше айлық уақыт аясында шоғырландырып суреттейді. Мифологиялық реминисценциялар қатарында періштелер мен шайтан бейнесі, Иса пайғамбар мен Иуда, Сират көпірі, Тозақ пен Жұмақ тәрізді ұғымдар молынан көрініс табады. Кербұғы, Шыңғысхан мен Иса пайғамбар әр кезеңнің тұлғалары болса да, шығармада бір мезгілде өмір сүріп жатқандай сипат алған. Тіпті крест ағашына Иса пайғамбарды шегелеп жатқанда, Шыңғысхан оның денесіне тот басқан үш шегені қағып тастайды.

Қазіргі қазақ прозасында мифопоэтиканы қолдану үрдісі бұрынғыдан да күрделене түсті. Қазақ жазушылары фольклорлық қазына мен мифопоэтикалық архетиптерге терең бойлады, алайда әлеуметтік және тарихи контекстердің сан алуандылығы бұл үрдіске әртүрлі сипат дарытты. Мифопоэтика кейде көркем туынды құрылымында сюжетті әрлеп, эпикалық кеңістік тудыру тәсілі ретінде қызмет атқарса, кейбір шығармаларда бүкіл композицияны құрайтын, идеялық тірекке айналатын концептуалдық рөлге ие болады. Қазіргі прозада мифопоэтика дәстүрлі, тұрақты пішіндерінен алыстап, жеке авторлық мифологияға бет бұрды; ұлттық реңктің бай палитрасын сақтай отырып, олармен кірігу, тоғысу үдерісі жүрді, яғни қазіргі заманның сүзгісінен өтіп, жаңа қырынан көріне бастады. Мифопоэтика енді

жазушының өзін бейнелеу құралына, авторлық тұжырымдаманы жеткізу құралына айналды [4, 138].

Қазақ қаламгерлері адамның ішкі болмысындағы қайшылықтар мен күрделілікті ашу, қазіргі заманның рухани түйткілдерін тереңірек көрсету мақсатында мифтік сюжеттерді жаңартып, заманауи авторлық мифтер тудыра алатынын дәлелдеді. Олар мифтің поэтикалық көркем тілі мен экспрессивтік сипаттарын тиімді пайдаланып, мифологизмге тың жинақтаушылық сипат беріп отыр.

Қорыта келе айтарым, қазақ прозасындағы мифологиялық үрдістер – ұлттық әдебиеттің көркемдік-эстетикалық дамуының ерекше белесі болып табылады. Миф тек өткеннің көрінісі ғана емес, қазіргі күннің рухани, философиялық мәселелерін терең пайымдауға мүмкіндік беретін көркемдік құралға айналды. Жазушылар көне мифтер мен аңыздарды жаңа авторлық интерпретацияда қайта жаңғыртып, оларды бүгінгі болмысқа бейімдеп, заманауи көркем сана сүзгісінен өткізді. Осы арқылы қазақ прозасында адам мен әлем, өмір мен өлім, тарих пен қазіргі уақыт арасындағы шекаралар жаңа қырынан қарастырылып, мифопоэтика адамның ішкі рухани болмысын, ұлттық мінезді, дүниетанымды танудың маңызды тәсіліне айналды.

Әдебиеттер тізімі

1. Берковский, Н. Я. Романтизм в Германии. – Л. : Художественная литература, 1973. – 567 с.
2. Мелетинский, Е. М. Поэтика мифа. – М. : Наука, 1976. – 407 с.
3. Жаксылыков, А. Ж. Образы, мотивы и идеи с религиозной содержательностью в произведениях казахской литературы. – Алматы, 1999. – 348 с.
4. Хализев, В. Теория литературы. – М., 2002. – 437 с.

A COMPARATIVE ANALYSIS OF MULTICULTURALISM AND MULTILINGUALISM IN EUROPE AND AZERBAIJAN

A. Soltanova
Candidate of Philological Sciences Baku Engineering University, Department of Foreign Languages
soltanovaysel1@gmail.com

Аңдатпа. Еуропа мен Әзербайжанда мультикультурализм мен көптілділік қоғамның әлеуметтік-мәдени дамуын анықтайтын маңызды құбылыстардың бірі болып табылады. Еуропада бұл үрдістер тарихи көші-қон, отарлық мұра және ЕО ішіндегі еркін жүріп-түру саясаты арқылы қалыптасты. Швейцария, Бельгия және Ұлыбритания сияқты елдер ресми тілдердің көптігімен, білім беру мен медиа салаларындағы тіл саясаты арқылы институционалданған көптілділік үлгісін көрсетеді. Еуропаның құқықтық базасы мәдени әртүрлілікті қолдағанымен, интеграция мәселелері әлі де өзекті. Әзербайжанда мультикультурализм ғасырлар бойы түрлі этностар мен діндердің бейбіт қатар өмір сүруіне негізделген. Мемлекет бұл құндылықтарды ресми бағдарламалар мен мәдени бастамалар арқылы қолдайды. Әзербайжан тілінен бөлек, орыс, ағылшын және аз санды ұлт тілдері білім беру мен коммуникацияда кең қолданылады. Еуропамен салыстырғанда, Әзербайжан үлгісі тарихқа, төзімділікке және ортақ мәдени бірегейлікке көбірек сүйенеді.

Тірек сөздер: жаһандану, мультикультурализм, көптілділік, көпэтностылық, саясат, қоғамдар.

Abstract. The article discusses previous and ongoing changes in societies against the backdrop of globalization and the outcomes resulting from globalization in terms of language policy, comparatively in European countries and Azerbaijan. The article mainly focuses on the key differences between European and post-Soviet Azerbaijan's multiculturalism and multilingualism. There is an ongoing debate among scientists over the oldest multicultural and multilingual countries, and the article will mainly focus on key aspects and differences based on qualitative and quantitative analysis, demonstrating the number of ethnic minorities, their historical background, as well as intensive policy through means such as education, job opportunities, prestige, etc.

Keywords: globalization, multiculturalism, multilingualism, multi-ethnicity, policy, societies.

Introduction. Multiculturalism appears as a result of ethnic, religious, and cultural diversity in states, depending on the historical backgrounds of the countries exposed to it. From history, it is obviously clear that European cultures experienced a long path starting from 17th century and continuing until 20th century, the result of which was the establishment of colonies. As a consequence, both substrate and superstate countries had no escape from cultural and linguistic changes. Current post-colonial states experience a growing diversity as a result of the superstate countries' dominance and cultural, religious as well as political reflection over them. Such domination of European countries over substrate ones led to the kind of *"melting pot"* concept envisaging a blend of diverse groups to form a unified whole. As author mentioned *colonization invokes a binary relationship between colonisers and colonized, globalization operates within wider, more complex network of relationships of power and capital distribution, including linguistic, language capital and power* [1, p. 22].

The most disputable question, whether the prevalence and dominance of English, Spanish, and French (main colonists) over substrate societies was directly related to their higher status or not, was widely discussed among researchers. So the common ground was associated with new centres of global economy. Consequently, the rise of the economy in these dominant countries led to globalization featuring labor mobility and migration. Even China as can be seen from example below required its pilots to speak better English as a result of economic rise in England.

A Reuters report (Beijing, 19 June 2007) headlined 'China demands its pilots speak better English' [2].

If the situation mentioned above is compared with Azerbaijan and the globalization process in Azerbaijan after the collapse of the USSR, and the policy that changed attitudes towards the Azerbaijani language extensively, it can be seen that the Soviet regime somehow achieved its goals of language dominance even after Azerbaijan gained its state independence. Both European countries and Russia have economic dominance, which has affected the countries in contact culturally and linguistically. Another similarity was related to the direct involvement of power and hegemony rather than volunteer immigration.

Table 1. The number of English schools in 7 different cities of China [3].

Shanghai	Guangzhou	Hangzhou	Dalian	Beijing	Shenzhen	Wuhan
89	29	14	3	39	20	10

Table 2. The number of Russian stream schools in Azerbaijan (4)

Bakı	Naxçıva	Balakə	Qəbəl	Qub	Qusa	Qa	Zaqatal	Gornabo	Xaçma
57	1	3	3	2	2	1	1	1	1

As can be seen from the variables above, Soviet and English policies led to bi-sectoral subsets; the sign of the policies might easily be observed in the number of bi-sectoral schools. Starting with exterior exposure, the situation took a step towards local members of society, opting for Russian streams due to the policy aimed at providing quality education by qualified teachers in Russian streams rather than in Azerbaijani streams.

Discussion. 1.The contrast between Europe and Azerbaijan reveals divergent paths: European multilingualism is shaped by colonial dynamics, global economic forces, and migration pressures; 2.Azerbaijan's model stems from ancient coexistence and voluntary egalitarian language policies without assimilationist coercion; 3.The comparative analysis demonstrates that historical context and policy intent are critical to the success of language preservation and ethnic harmony; 4. Media TV and other external factors, unlike factors of dominance, affect language reformation and hybrid word building process. **Ethnic Minorities and their status in Azerbaijan.** On the other hand, if we delve into the historical background of ethnic minorities, the Lezgi ethnic communities' establishment goes back to the ancient Caucasian Alban times [7]. This ethnic group primarily settled in the northern areas and converted to Islam in the 15th century. After the soviet occupation, the 19th century, the

tendency towards Russian culture and language rose gradually. Currently The Lezgi population consists of 12% of the overall Azerbaijan population (171.395), mainly settled in Quba, Qusar, and Xachmaz regions even in Nic village, both Udi and Lezgi actively coexist and the signs of active communication with Azerbaijanians are being clearly observed in the abovementioned regions. [6, 2]. In nearly all Quba, Qusar schools Lezgi language is taught as a second language, and people freely communicate with each other in their native languages. Only the ones whose spouses are Azeri or Russian switch languages from Lezgi to Azeri or Russian [8, p. 9]. The ones who switch to Russian have historical backgrounds of having participated in the Soviet Army and being unconditionally exposed to Russian during that period.

Talish had two main periods in its history of linguistic change - Soviet (1930), and the Independence of Azerbaijan (1990s). The former reflects itself in Russian dominance. So that after the collapse of Soviet Union Independent Azerbaijan provided Talish with the opportunity of Talish newspapers and Talsih books for talish schools which is a clear demonstration of preservation of national identity, as well as, cultura and language. Based on interview research method conducted by John Clifton and expedition group the list (table) of Talish/ Azerbaijani contact situation was prepared which obviously demonstrates that Talish is mainly used in local situations sauch as local streets, bazars, libray etc., however, in all administrative, formal (non-local) and state organizations mainly Azeri and talish/Azeri are being used [9, 14].

Similar to Lezgi and Talish there are several other ethnic minorities resided in Azerbaijan whose historical background goes back to early middle ages. Among them Budukh (North - estern parts of Caucasus), Kryz (North Caucasian), Udins etc. Udins are (mainly in Qabala) descendants of ancient Caucasian Albaninas whose religion is Christianity. The number of udins in Nij is 3962 and they preserve their languages,as well as, cultural religious heriatges respectively. The existance of two Alban churches, Udin community in Nij, as well as, provision of education of Udin language at schools and gradual growth in the number of Udin population up to 10.000 in recent years prove Azerbaijan government's respect to ethnic minorities and the preservation of communities on the verge of extinction [10]. Geographical location, political circumstances, and economic conditions play a significant role in the formation of language dialects. For example, in the early eighteenth century in southern England, the consonant **/r/** was not pronounced before consonants or at the ends of words, and this feature rapidly spread throughout England. The establishment of strong trade relations between the new English colonies and London encouraged southern families to send their children to England–particularly to the south–so that they could learn linguistic norms in accordance with the rule of dropping the **/r/** sound. Although this pattern is still preserved in cities such as Boston, Savannah, and New York, the westward migration of northern English speakers in later historical periods led to the reintroduction and subsequent nationwide spread of **/r/** pronunciation. A 2006 post in the "French Connection" blog reported: "The French experienced severe moral and psychological trauma from the fear of being punished for speaking their native language and were unable to display their linguistic knowledge in society" [13, 441]. In this news except, the word *start* originates from English, where it means "to begin." In English, *start* functions both as a noun, as in *the start of the performance* ("tamaşanın başlanğıcı"), and as a verb meaning "to begin." In Azerbaijani, its combination with the verb *verilmək* has given rise to a new hybrid expression. In addition, the words "alternativ" and "transit" are also of English origin. Although the Azerbaijani equivalent of "alternative" is *seçim* ("choice"), it does not fully convey the contextual meaning; therefore, the borrowed word has been assimilated, the final vowel of the English form has been dropped, and it has been adapted to the lexical norms of the language as "alternativ." As for the other word, "transit," since it has no direct equivalent, it has been incorporated into the language unchanged.

Conclusion. In sum, this article has explored the historical development, current realities, and policy implications of multiculturalism and multilingualism in Europe and Azerbaijan through a comparative lens. It has shown that while European multiculturalism largely emerged from colonial expansion and post-colonial migration patterns, Azerbaijan's multicultural and multilingual fabric is rooted in ancient settlements and indigenous cohabitation of various ethnic groups. In Europe, it is primarily a colonial and post-colonial phenomenon. In contrast, Azerbaijan's multiculturalism is

indigenous and ancient. Ethnic minorities such as Lezgi, Talish, Udi, Budukh, and Kryz settled voluntarily over centuries, coexisting with the majority Azerbaijani population while maintaining their own languages, religions, and customs. European nations often pursue policies of integration or assimilation, which, while aiming for social cohesion, sometimes lead to the erosion of minority languages and dialects. Azerbaijan employs a dual policy: the Azerbaijani language is promoted as the unifying state language, while minority languages are actively protected through education (e.g., Lezgi, Talish, Udi schools), cultural programs, and community media. In Europe, the global economic dominance of colonial languages (English, French, Spanish) reinforces their prestige and accelerates migration-driven language contact. Azerbaijani media demonstrates this through the assimilation of English words with native suffixes, creating new hybrid structures that enrich the active vocabulary. Case studies of minorities in Azerbaijan (Lezgi, Talish, Udi) show free, non-coercive language shift patterns influenced by intermarriage, education, and urban migration, rather than forced assimilation.

References

1. Contending with globalization in world englishes, Mukul Saxena and Tope Omeniyi, Multilingual matters, Bristol, Buffalo,Toronto, 2008.

2.www.reuters.com/article/oddlyEnoughNews/idUSKUA95049720070619

3.https://www.international-schools database.com/country/china

4.https://oxu.az/cemiyyet/azerbaycanda-fealiyyet-gosteren-rusmekteblerinin-sayi-aciqlandi

5.https://axar.az/news/toplum/315999.html

6. Azerbaijan's ethnolinguistic heritage: The Lezgi, Talish, Udi, Budukh, Kryz, and others represent indigenous minorities with ancient rootsz Dudavari, 2018; Clifton et al., 1993."Xalq newspaper", October,23,1997.

7. https://multikultural.az/az/milli-azliqlar/42/lezgiler/

8. The Sociolinguistic Situation of the Lezgi in Azerbaijan John M Clifton, Laura Lucht, Gabriela Deckinga, Janfer Mak, and Calvin Tiessen , SIL unternational 2005.

9. Sociolinguistic Situation of the Talysh in Azerbaijan John Clifton, Calvin Tiessen, Gabriela Deckinga, Laura Lucht, SIL International 2005. This article originally appeared in John Clifton, ed. 2002. Studies in Languages of Azerbaijan, vol.2, 51–91. Baku, Azerbaijan: Academy of Sciences of Azerbaijan and St. Petersburg, Russia: SIL International.

10. https://chaikhana.media/en/stories/9/udis-the-descendants-of-the albanians

11. European multiculturalism: Scholars note the colonial export of European languages and later integration issues in post-colonial societies (Jones & Martínez, 2021).

12. Language prestige and global economy: Dominance of English, French, and Spanish is tied to global economic power, Kaplan & Baldauf, 2005.

13. Whitman, W. Language in Society Walt Whitman Slang in America.–1885.–p.

14. Grijns, C.D. J.W.de Vries an L Santa Maria European Loan Words in İndonesian an Malay.

MİZAH USTASI AZİZ NESİNİN TEORİK GÖRÜŞLERİ

Maya Murad Hasanlı,
Azerbaycan Milli İlimler Akademisi
Nizami Gencevi adına Edebiyat Enstitüsü,
Türk Halkları Edebiyatı Bölümü, Araştırmacı
mayaaxundova93@gmail.com

Özet. Aziz Nesin, Türk edebiyatı tarihinde toplumsal mizahı ana üslubu olarak benimsemiş dünyaca ünlü bir yazardır. Eserleri, her üç edebi türde de çeşitli türlerde çok sayıda eser içermektedir. Aziz Nesin ayrıca hiciv kuramını ve Türk mizahının tarihini de incelemiştir. "Cumhuriyet Dönemi Türk Mizahı" antolojisinde, kitaplarının önsözlerinde ve çeşitli basın gazete ve dergilerde yayınlanan makalelerinde dile getirdiği edebi ve teorik düşünceleri yansıtılmaktadır. Makale, Aziz Nesin'in teorik faaliyetini ve edebi görüşlerini incelemektedir.

Anahtar Kelimeler: hiciv, Aziz Nesin, Türk edebiyatı, çizgi roman, halk gülmecesi, bireysel gülmece.

Büyük Fransız filozofu Henri Bergson, gülmeyi "ıslah edici bir ceza" olarak değerlendirmiştir [2, s.40]. Türk edebiyatının en çok okunan ve en çok üreten yazarlarından biri olan hiciv ustası Aziz Nesin, özellikle açığa çıkarıcı gücüyle sanatsal gülmeyi, *"yenilen halkların savaş silahı"* olarak

nitelemiştir [9, s.190]. Aziz Nesin, 1948 yılında hicivin tarihini ve teorisini araştırmaya başlamış ve Osmanlı döneminden başlayarak hiciv gazetelerini incelemiştir. Sanatsal gülmenin tarihi üzerine teorik bir çalışma olmadığını görünce bunu kendine görev bilip "Türk Hiciv Edebiyatı Tarihi" ve "Başlangıçtan Günümüze Türk Karikatürü" başlıklı kitaplar hazırlamaya karar vermiştir. Ancak çalışkan yapısı ve askerlik mesleğinden kaynaklanan ciddi sorumluluğu, bu çalışmanın bir anda eksik kalacağını düşünmesini engelleyememiş ve uygulamasını yavaşlatmıştır. 1955 yılında "Akbaba" dergisinin yazı işleri müdürü Yusif Ziya Ortaç"ın önerisiyle derleyicisinin adını vermeyen 3 ciltlik bir "Mizah Hikâyeleri Antolojisi" hazırladı. Hüseyin Rahmi Gürpınar, Ömer Seyfettin, Refik Halid Garay, Aka Gündüz, Payami Safa, Yusif Ziya Ortaç, Orhan Seyfi Orhun ve diğer 20. yüzyıl Türk yazarlarının eserlerinden seçmeler içeren Aziz Nesin, bu yazarlar hakkında kısa tanıtıcı yazılar yazdı ve yazıların altına kendi adını zikretmeden sadece "A.N." imzasını attı. Üçüncü ciltte Aziz Nesinin imzası da yer aldı ve 8 kısa hikâye yayımlandı [4]. Aziz Nesinin mizah edebiyatı araştırmalarına ilk katkısı bu girişim oldu, ancak kendisi bu faaliyeti yeterince tamamlanmış görmedi.

Aziz Nesin, işlevsel gülme-mizahı ciddi bir sanat türü olarak değerlendirmiştir. Uzun bir süre sanatsal gülme türlerini, tarihini, Türk edebiyatında hicvin ve mizahın ortaya çıkışını, oluşumunu ve gelişim tarihini araştırmaya devam etmiştir. Sonuç olarak, Türk mizahının gelişim tarihinin Türk edebiyatının tarihsel dönemleriyle örtüşmediğini vurgulayarak şu bölümü hazırlamıştır:

1) Eski Türk mizahı dönemi
2) Nasreddin hoca dönemi
3) Divan ve halk edebiyatında iki koldan devam eden hiciv dönemi
4) "Diyojen" dönemi ve mizah gazetelerinin devamı
5) İkinci Meşrutiyet mizahı dönemi
6) Cumhuriyet dönemi
7) "Marko Paşa" dönemi ve mizah gazetelerinin devamı
8) Son dönem (oluşum aşamasında) [7, s.10].

Bu tarihsel gelişim bölümüne dayanarak, hiciv nesri, hiciv şiirleri ve hiciv basını üzerine yaptığı araştırmaları yansıtan 3 kitap hazırlamayı planladı. Böylece, 1973-te ilk kitabı "Cumhuriyet Dönemi Türk Mizahı"nı yayımladı ve Türkiye Cumhuriyetinin 50. yıldönümüne ithaf etti. Aziz Nesin, bu kitabı 56 yazarın mizah nesirlerinden seçmeler yaparak derledi. Ayrıca, 2001 yılında Turgut Çevikerin "Cumhuriyet Dönemi Türk Mizahı" kitabını yeni yazarlar ve eklemelerle genişlettiğini ve antolojiye toplam 107 sanatçının dahil edildiğini belirtmek gerekir. Ne yazık ki, hevesli yazar, hiciv şiirleri ve planladığı yayınevi üzerine kitap hazırlama hayalini gerçekleştiremedi.

Aziz Nesin, modern edebiyatta şiir ve hikâye anlatıcılığının gelişiminin, klasik Türk şiirinde Yunis Emre ve Muhammed Fuzulinin yüzyıllardır sürdürdüğü gelenek sayesinde yüksek bir seviyede olduğuna inanır. Türk halklarındaki sanatsal nesir geleneğini şiir geleneği kadar zengin gören Aziz Nesin, Fuzulinin "Leyli ve Mecnun" mesnevilerini bir şiir örneği olarak değil, bir hikâye anlatıcılığı olgusu olarak değerlendirir. Ona göre mesneviler, hikâye anlatıcılığı türünün ilk aşamasıdır. *"Manzum hikâyeler olan mesnevileri şiir olarak düşünmekten daha büyük bir hata yoktur. "Leyli ve Mecnun" bir şiir değil, manzum bir hikâyedir"* [10, s.132]. Aziz Nesinin "Leyli ve Mecnun"a büyük ilgi duyduğu ve onu bir halk hikâyesi olarak nesre aktardığı da belirtilmelidir. Fuzulinin "Leyli ve Mecnun" mesnevisini Leyla ve Aslanın aşk hikâyesine uyarlamış ve zaman zaman şiirlere de yer vermiştir.

Aziz Nesinin mizahının temel kaynağı şüphesiz folklor, halk gülmecesidir. Halk oyunlarına ve gösterilerine, özellikle de Türk folklorunda önemli bir yeri olan "Garagöz" gölge oyununa olan ilgisi, yaratıcılığını önemli ölçüde etkilemiştir. Hatta "Üç Garagöz Oyunu" adlı bir tiyatro oyunu hazırlamış ve Garagözü üç seride sürdürmüştür: 1-kaptanlık, 2-berberlik, 3-koçluk.

Aziz Ness çocukluk anılarından bahsederken, "masalların annesi" dediği Rum kökenli komşusu Amina Hanım'ın anlattığı masalların dünya görüşünü, hayal gücünün genişlemesini ve masal uydurma isteğinin ortaya çıkışını etkilediğini belirtir: *"Rumelli masal annesinin masalları hayal gücümün ufuklarını genişletti. O zamanlar dalga geçmeyi öğrendim. Hâlâ dalga geçmeyi seviyorum. Bu iyi bir şey, ancak dalga geçmek sanıldığı kadar kolay değil. Belki de beni yazmaya çeken sebeplerden biri de Rumelli Emine teyzenin anlattığı masallardı..."* [5, s.191].

Aziz Nesinin mizahi kimliğini şekillendiren ve eleştirel gülmecesinin en büyük kaynağı olan folklor örneklerinin Molla Nasreddin fıkraları olduğuna şüphe yoktur. Bu etki o kadar belirgindi ki Aziz Nesin, yaşadığı toplumun "Çağdaş Nasrettin Hocası" olarak kabul edildi. Öner Yağcı, onu *"insanları düşünmeye çağıran bir halk bilgesi"* olarak nitelendirmiştir [13, s. 69].

Aziz Nesine göre, bir halk gülmecesi ve bir de bireysel gülmece vardır. Milli gülmece nesnel nedenlerle, bireysel gülmece ise öznel nedenlerle ortaya çıkar. Birincisi için tarihsel koşullar, ikincisi içinse yetenek ön koşuldur. Milli gülmeceyi yaratan etken, müreffeh bir halkın herhangi bir tarihsel dönemde karşılaştığı işgal veya sömürge koşulları ya da mevcut sosyo-politik sistemin getirdiği zulme karşı mücadele etme arzusudur. Silahlanıp zulme doğrudan karşı koyamayan halk, eleştiri, alay ve kahkaha yolunu seçer. Aziz Nesin, hicvin bu işlevini, o despot rejimi içeriden yıkma gücüne sahip bir silah olarak değerlendirir. "Marko Paşa" gazetesi, bu milli gülmeceyi harekete geçiren tarihsel koşulların bir sonucu olarak ortaya çıkmıştır. Bu dönemin hicivlerinin, özellikle de Aziz Nesinin "Marko Paşa"da yayımlanan tefsir ve hikâyelerinin sanatsal açıdan mükemmel olduğu söylenemez; ancak bunlar toplumsal hiciv nesrinin ilk örnekleridir ve taşıdıkları amaç ve topluma vermek istedikleri mesaj açısından çok ciddi bir öneme sahiptirler. *"Marko Paşa"da, eleştirel gülmecenin vurucu gücü ve etkisi, edebi değerden daha önemli görülmüştür. Okuyucular, "Marko Paşa" aracılığıyla kendilerini bu siyasi savaşın içinde hissetmişlerdir"* [8, s.15].

Bireysel gülmeceyi yaratan etken, kişinin karşılaştığı ve deneyimlediği kişisel nedenlerden kaynaklanan ironidir. Yoksul bir ailede annesiz büyümek ve ücretsiz yurtlu devlet okullarında okumak, Aziz Nesinin doğuştan gelen mizah yeteneğini daha da besleyip geliştirmiştir. Hatta Aziz Nesin kendisiyle bile dalga geçmiştir. *"Aziz Nesinin yazılarında kendiyle alaycılık sıklıkla görülür; bu üslubu günlük hayatında, okuyucularıyla ve gazetecilerle yaptığı toplantılarda kullanır. Neden bu kadar çok eser yazdığı sorulduğunda Aziz Nesin, "Ailemde 10 değil 20 kişi olsaydı, iki katı kadar yazardım"* [12, s. 109] diye cevap vermiştir. Alay konusu olmaktan ve gülünç duruma düşmekten korunmak için önce kendisiyle alay eder, sonra da bir bakıma kendini savunmak için etrafındakileri eleştirirdi. Her halükarda, kendisini insanlardan ayırmamış, yarım asır boyunca parçası olduğu toplumu iyileştirmek ve kusurlarından arındırmak için çalışmıştır. *"Kendimi yazarak başkalarının sırlarını açığa vururum, başkalarını yazarak da kendi sırlarımı açığa vururum"* [13, s. 19].

Aziz Nesin'in eserlerinde *"gülmek araçtır, düşünmek ise asıl amaçtır"*[3, c.3, s. 313]. Eğlenerek düşünen insanlar, Gülen, eksiklerini ve kusurlarını görüp düzeltmeye çalışmalı, daha iyi bir toplum ve çevrede yaşamalı ve gelişmelidir. Bu amaçla 50 yıldır yazan mizah ustası, hiciv, mizah öyküsü, roman ve komedi yazarak kapsamlı bir etki alanı oluşturmuştur. Aynı zamanda komik roman, fotoroman, radyo fabl ve masal da yazmış, hiciv kalemini edebi türlerin her türünde denemiştir. Türkiyede ilk milli çizgi roman senaryosunu yazan sanatçı Aziz Nesindir. İlk Türk çizgi roman-karikatür kahramanı, Cemal Nadir'in 1932-de hazırladığı "Amcabey" karakteridir [11, s.133]. Ancak bu karakter Ömer Seyfeddinin "Efruz Bey" romanından esinlenmiştir. Aziz Nesin ilk özgün milli çizgi romanın yazarıdır. Çeşitli takma adlar altında yazmaya zorlandığı için Türk edebiyatına getirdiği bu yenilik edebiyat çevrelerinin, araştırmaçı eleştirmenlerinin görüş alanından uzak kalmıştır. Ünlü karikatürist Turhan Selçuk (1922-2010), yıllar sonra 1957-de "Milliyyet" gazetesinde çizgi roman kahramanı Abdülcanbazın yaratılışını hatırlayarak şöyle demiştir: *"O yıllarda Aziz çelişkiliydi. Adı Babıali'de geçmiyordu. O yazdı, ben çizdim, ama Aziz'in adı gazetede yoktu"* [1]. Aziz Nesin, yaratıldığı sanat alanından veya yazıldığı türden bağımsız olarak, insanlara sadece edebi ve estetik zevk vermekle kalmayıp aynı zamanda olumlu manevi ve ahlaki nitelikler aşılayan ve onların dünya görüşlerini geliştiren faydalı mesajlar veren tüm eserlerin destekçisiydi.

Bu bağlamda, 1989 yılında oyun kitabına yazdığı önsözde, dönemin popüler edebiyat türlerinde yazılmış, ancak o dönemde ciddi sayılmayan eserlerin (örneğin; müzikal komedi, çizgi roman, fotoroman) insanlara değer katan, düşüncelerini aydınlatan sanat dallarına dönüşebileceğini umduğunu, sanatçıların buna çaba göstermeleri gerektiğini vurgulamış ve bu süreçte öncü olduğunu belirtmiştir. *"Bunu yıllarca çizgi romanlarda denedim. Bunun için Türkiye'de ilk çizgi roman senaryolarını yazdım. Yine Türkiye'de ilk fotoroman senaryolarını yazdım, yönettim ve fotoromanları yayınladım"* [6, cilt 3, s. 9]. Aziz Nesi'nin 1954-1960 yılları arasında "Akbaba" dergisinde yayımlanmış 6 adet hiciv karikatürü bulunmaktadır: "Deniz aslanı" (Emir Kulu imzasıyla), "Bilmem

ne adası” (Kapitani-derya Aliyahya imzasıyla), “Berber Nonoş” (Serberber imzasıyla), “Bayan Aynur ile Bay Buyur” (imzasız),”Bekarlık sultanlıktır” (Salih Tekcan imzasıyla), “Baba mirası” (Ali Yazmış imzasıyla). Bu karikatürlerin karikatürleri, Yalçın Çetin ve Mim Uykusuz gibi dönemin tanınmış karikatüristleri tarafından çizilmiştir.

Mizah ustası Aziz Nesin etkililiği nedeniyle hikâyeleri, kafiyeli olması nedeniyle akılda kalıcı olması ve hicivsel gülmecesi keskinliğini kaybetmemesi nedeniyle de hicvi tercih etmiştir. Tahir Alangunun da belirttiği gibi, *“1918-1935 yılları arasında Batı etkisindeki salon hicvinin yerleşik modasını yıktı ve farklı anlatım ve biçim yöntemleri deneyerek hiciv anlatı geleneğinin hem mirasçısı, hem de başarılı bir yenilikçisi oldu”* [7, s. 343]. Buradan, Aziz Nesin'in Türk hiciv edebiyatında yeni bir aşama yarattığı açıktır. “Marko Paşa” siyasi hiciv geleneğini sürdüren ve yazarın zengin sanatsal mirasının devamı olarak gelişen Türk hiciv edebiyatı, Aziz Nesin'in dünya edebiyat deneyiminde sanatsal gülmece ustası olarak imzasını teyit eder.

Kaynaklar

1. Abdülcanbazın doğuşu, gelişimi: [Elektronik kaynak] / URL: http://www.abdulcanbaz.biz/Hakkinda/Abdulcanbaz/Abdulcanbazin-Dogusu.
2. Koestler, A. Mizah yaratma eylemi / A.Koestler. – İstanbul: İris, – 1997. – 118 s.
3. Kudret, C. Türk edebiyatında hikaye ve roman. Cumhuriyet dönemi (1923-1959): [3 ciltte] / C.Kudret. – İstanbul: İnkılap kitabevi, – c.3. – 1990. – 485 s.
4. Mizah hikayeleri antolojisi. – İstanbul: Akbaba mizah yayınları, – 1955. – 128 s.
5. Nesin, A. Böyle gelmiş, böyle gitmez / A.Nesin. – İstanbul: Nesin yayınevi, – 2017. – 840 s.
6. Nesin, A. Bütün oyunları [4 ciltte] / A.Nesin. – İstanbul: Nesin yayınevi, –c. 3. – 2011. – 479 s.
7. Nesin, A. Cumhuriyet dönemi türk mizahı / A.Nesin. – İstanbul: Adam yayınları, – 2001. – 736 s.
8. Nesin, A. Geriye kalan / A. Nesin. – İstanbul: Nesin yayınevi, – 2022. – 128 s.
9. Nesin, A. İnsanlar konuşa konuşa (söyleşiler) / A.Nesin. – İstanbul: Nesin yayınevi, – 2018. – 280 s.
10. Nesin, A. Yazarlık, edebiyat ve dil üstüne / A.Nesin. – İstanbul: Nesin yayınevi, – 2016. – 368.
11. Öngören, F. Türk mizahı ve hicvi / F.Öngören. – İstanbul: Türkiye İş Bankası Kültür Yayınları, – 2000, – 287 s.
12. Tsoi, A. Aziz Nesinin mizah felsefesi // Türk edebiyatında mizah sempozyumu, – Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları, –13-15 Mayıs 2016, – 2019, – s.103-113.
13. Yağcı, Ö. Aziz Nesin aydınlığı / Ö.Yağcı. – İstanbul: Engin yayıncılık, –1997. –160 s.

РЕАЛИЗМНІҢ ТАРИХИ-МӘДЕНИ КОНТЕКСТЕ ҚАЛЫПТАСУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Н.Т. Шақантаева,
«Тұран-Астана» университетінің магистранты, Қазақстан, Астана.
nazerke.shakantaeva@icloud.com
Г. К. Жусупова,
“Тұран-Астана” университетінің қауымдастырылған профессоры (доцент), филология ғылымдарының кандидаты. Астана қаласы

Аннотация. В данной статье рассматриваются особенности формирования направления реализма в историко-культурном контексте. Анализируется влияние социальных, политических и духовных изменений XIX века на художественную литературу, искусство и философию. Научно рассматриваются отличия реализма от романтизма, его способы отображения действительности и взгляды на человеческую природу. Также сравнительно анализируются этапы развития европейского и русского реализма, а также проявления реалистических тенденций в национальных литературах. В результате исследования выявляется вклад реализма в развитие общественного сознания и культуры.

Ключевые слова: реализм, историко-культурный контекст, литература, искусство, действительность, романтизм, критический взгляд, социальные изменения.

Abstact. This article examines the peculiarities of the formation of the realism movement within its historical and cultural context. It analyzes the impact of the social, political, and spiritual transformations of the 19th century on literature, art, and philosophy. The study explores, from a scholarly perspective, the distinctions between realism and romanticism, the methods used to depict reality, and the approach to human nature. Furthermore, it provides a comparative analysis of the development stages of European and Russian realism, as well as the manifestation of realism in national literatures. The research concludes by identifying the contribution of realism to the development of public consciousness and culture.

Keywords: realism, historical and cultural context, literature, art, reality, romanticism, critical perspective, social change

Әдебиет – адамзат санасының, тарихи болмысының көркем шежіресі. Әдеби бағыттар мен көркемдік әдістер әр дәуірдің әлеуметтік, мәдени, философиялық сұраныстарына жауап ретінде туындайды. Соның ішінде реализм – өмір шындығын нақты, шынайы қалпында бейнелеуге ұмтылатын көркемдік әдіс ретінде әлем әдебиетінде маңызды орын алады. Бұл әдістің қалыптасуы кездейсоқ емес, ол белгілі бір тарихи-мәдени үдерістердің нәтижесінде өмірге келіп, әдеби дамудың жаңа белесіне жол ашты.

Реализмнің негізі орта ғасырлардағы гуманистік ойлау жүйесі мен қайта өрлеу дәуірінен бастау алып, XIX ғасырда өз мазмұны мен пішінін айқын тапты. Әлеуметтік қайшылықтардың, таптық жіктелудің, адамның ішкі жан дүниесіне үңілу қажеттілігінің артуы – реализмнің өркен жаюына жол ашты. Бұл бағыт тек Батыс Еуропа әдебиетінде ғана емес, сонымен қатар шығыс халықтары мен қазақ әдебиетінде де өзіндік сипатпен орнықты. Осы ғылыми мақалада реализмнің тарихи-мәдени контексте қалыптасу ерекшеліктері, оның әдеби процестегі орны мен ықпалы жан-жақты қарастырылады.

Аталған тұжырымдардың қай-қайсысын алып қарастырсақ та, оларды бір-бірін терістейтін қарама-қайшы пікірлер деп бағалауға негіз жоқ. Керісінше, бұл көзқарастар бірін-бірі толықтырып тұратын ғылыми концепциялар ретінде қарастырылғаны жөн. Себебі зерттеуші ғалымдар көркемдік әдістің құрылымын әртүрлі қырынан, түрлі теориялық ракурстан зерделеген. Осы орайда, Поспеловтың көркемдік әдісті «типологиялық құбылыс» ретінде қарастыруына келісуіміздің себептерін нақтылай түссек. Шын мәнінде, «сыншыл реализм», «ағартушылық реализм», «социалистік реализм», «неорелизм» сынды әдістер өмір шындығы мен адам табиғатын бейнелеудегі ортақ реалистік принципке негізделеді. Айталық, сыншыл реализм мен социалистік реализмде адам характері нақты қоғамдық және әлеуметтік жағдайлар заңдылығы аясында суреттелетіні – реалистік көркемдік талаптарға толық сай келеді. Демек, реалистік әдіс – бірнеше бағытты қамтитын кең ауқымды, ортақ тұғыр. Айналаны көркемдік тұрғыдан тану тәсілі ретіндегі реализм қағидасы жазушының дүниетанымдық ұстанымына байланысты әртүрлі көркемдік әдістер аясында түрліше көрініс табады. Реализм жалпы категория ретінде кейде өзге принциптермен астасып дамуы, кейде, керісінше, тар шеңберде, біржақты түрде қолданылып, мазмұндық жағынан жұтаңдап қалуы да ықтимал. Кеңестік дәуірдегі әдеби процесте социалистік реализмді «реализмнің ең жоғарғы және жаңа сатысы» деп тану әрекеттері осы ерекшеліктердің айқын көрінісі. Бұл жағдай көркемдік ойлау жүйесінің реалистік моделінің жаңаша идеялық-эстетикалық талаптар аясында өмір шындығын бейнелеудің қатаң әрі догмалық тәсілдерімен «толыққанын» көрсетеді. Осыдан келіп, көркемдік әдістің типологиялық сипатынан нақты-тарихи мазмұнға қарай ойысуы туындайды. Яғни, өмірді бейнелеудегі реалистік немесе оған қарсы принциптер белгілі бір әдістердің қалыптасуына негіз болатын жекелеген шығармашылық ұстанымдарға қосымша мазмұн үстейді. Осылайша, сыншыл реализм, социалистік реализм секілді әдістер тарихи нақты жағдайларда қалыптасқан реалистік бейнелеу тәсілдерінің бір түрі ретінде қарастырылады. Сондықтан да шындықты көркем түрде танып-білудің негізгі, жалпылама қағидаттары нақты әдіске айналмай тұрып-ақ таным процесінің, көркемдік ойлау тенденциясының бір формасы ретінде өмір сүреді. Тіпті, реализм әдісі әлі орнықпаған дәуірлердің өзінде де реалистік принциптер әдебиетте көрініс тауып отырған. Осы ретте, модернистік не постмодернистік бағыттағы шығармалардың өзінен де реалистік сипаттағы бейнелеу элементтерін аңғару қиын емес. Керісінше, реалистік бағыттағы көркем

туындылардан реалистік емес сипаттардың бой көрсетуі де ғажап емес. Мұндай элементтерді XX ғасыр басындағы ұлттық әдебиеттен де табуға болады. Мысалы, М. Әуезовтің «Қорғансыздың күні», «Жетім» атты әңгімелеріндегі көркемдік таным М. Хайдеггердің «адамның жапандағы жалғыздығы мен қорғансыздығы» туралы идеяларымен, сондай-ақ экзистенциализм өкілі Ж.П. Сартрдың «дүние – мағынасыз» деген тұжырымымен үндес келеді. «Әдебиет тарихына жаңаша көзқараспен қараған кезде, біз көптеген реалистік сипаттағы шығармаларымыздың модернистік танымен астасып жатқанын байқаймыз. Мұндай көркемдік үрдісті М. Әуезов, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев, тіпті С. Сейфуллин мен С. Ерубаев шығармашылығынан да байқауға болады. 1960-жылдардан басталған «жылымық» кезеңде бұл әдеби-философиялық дискурс Р. Тоқтаров, С. Мұратбеков, М. Мағауин, Ә. Кекілбаев, Т. Әбдіков, Ә. Тарази, Қ. Ысқақов, А. Нұрманов, Д. Досжанов, Р. Сейсенбаев, М. Қабанбай секілді қаламгерлердің көркемдік ізденістерінен айқын аңғарылады» [1, 8], – деген Б. Майтановтың пікірі де осы ойымызды дәлелдей түседі.

Жоғарыда айтылған тұжырымдарды саралай келе, мынадай қорытынды жасауға болады: көркемдік әдіс – әрі типологиялық, әрі нақты-тарихи құбылыс болып табылады. Себебі типологиялық белгілер әдістің іргетасы қызметін атқарып, шындықты бейнелеудің жалпы ұстанымдарына сүйене отырып, бірнеше әдісті біріктіріп, түрлі әдеби бағыттар мен ағымдарда қайталанып отыра алады. Бұл жағдай, әсіресе, реализм әдістеріне тікелей қатысты. Алайда Поспелов ұстанымын жақтайтын зерттеушілердің бұл жайтты ескере қоймағаны байқалады. Себебі, әдеби дамуда реализмге дейін пайда болған романтизм бірнеше түрге бөлінгенімен, дербес әдіс деңгейіне көтеріле алмағаны белгілі. Расында, романтизм – бағыт және ағым ретінде, сонымен қатар предромантизм (ілкі романтизм) түрінде әдебиетте көрініс берген. Еуропа әдебиетінде орныққан прогресшіл, төңкерісшіл және басқа да романтизм түрлері – романтизмнің ішкі ағымдары саналады. Ал әдіс өз мәнінде өмір шындығын көркем түрде меңгерудің жиынтық принциптері ретінде әдеби бағыттың құрылымына еніп, сол бағыттың негізін қалайды. Осы себепті «реализм» ұғымы әдебиеттануда екі мағынада – бірде әдеби бағыт, бірде көркемдік әдіс ретінде қолданылады. Бұл екі түрлі мағынаны зерттеушілер өзара әрқилы түсіндіреді. Кейбір әдебиеттанушылар реализмнің бастауын антикалық әдеби дәстүрмен байланыстырса, енді біреулері оны Қайта өрлеу дәуірінің эстетикалық жетістігінің жемісі деп таниды. Егер Еуропа әдебиеттерінде реализм XIX ғасырдың алғашқы ширегінен кейін әдеби бағыт ретінде романтизмге қарсы тұрып, жетекші көркемдік принципке айналды деген көзқарасқа келісетін болсақ, онда бұған дейінгі әдеби дамуда байқалған реалистік сипаттар – реализмнің даму кезеңдерінің көрінісі ретінде бағаланады. Реализм бағыт ретінде нақты тарихи кезеңде, яғни XIX ғасырда пайда болып, өзіндік тарихи мәнге ие болды. Оның тарихи сипатқа ие болуы – бір жағынан, жаңа эстетикалық талаптардың туындауымен, екінші жағынан, өз дәуіріндегі әлеуметтік сұраныстармен тығыз байланысты болды.

Әдебиеттегі тарихи кезеңдер мен дәуірлер аясында орын алған көркемдік құбылыстардың ортақ белгілері мен жазушылар шығармашылығындағы салыстырмалы идеялық-эстетикалық үндестік негізінде қалыптасатын әдеби бағыттар мен ағымдардың көркемдік әдістен айырмашылығы, сондай-ақ олардың субординациялық байланысы туралы пікірлер сан алуан. Бұл мәселе жөніндегі ғылыми пайымдарға назар аударар болсақ, бірқатар зерттеушілер әдеби бағытты тектік сипаттағы кең ауқымды категория ретінде қарастырады да, ағымдарды сол бағыттардың нақты түрлері ретінде сипаттайды. Ал өзге ғалымдар, керісінше, тектік сипат ағымдарға тән деп тұжырымдай отырып, олардың тарихын әдеби бағыттарға дейін қояды. Әдеби бағыттардың бір-бірінен өзгешелігі, ең алдымен, оларға тән көркемдік әдістерден көрінеді, яғни бағыттың өзегін құрайтын әдіс бірқатар жазушылардың шығармаларында ортақ типтік мазмұн мен бейнелеу жүйесін қалыптастырады. Осыған орай Ф.И. Волков «бір топ қаламгердің бір бағыт аясында бірігуі олардың адам өмірінің терең, негізгі мәнін немесе оның қасіретін қай тұрғыда, қалай пайымдайтынына тікелей байланысты» екенін атап көрсете отырып: «Бұл ретте әдеби бағыттың негізгі көрсеткіші – идеялық-эмоционалдық бағдарында, яғни көркем туындының пафосында жатыр» [2, 126], – деген тұжырым жасайды. Осы көзқарас негізінде А.Н. Соколов романтизмнің өзін тарихи

нақтылығы бар құбылыс ретінде «бағыт» терминімен белгілеуді ұсынады [3]. Бұл пікірді М. Каган да қолдайды. Ол романтизмнің ішкі құрылымында бір-біріне қарама-қайшы келетін түрлерін «ағым» термині арқылы ажыратып көрсету қажеттігін алға тартады.

Қаралып отырған категорияларға қатысты әртүрлі көзқарастарды шексіз тізіп шығуға болады. Енді сол тұжырымдардың қайсысына көбірек жақын екенімізді, қазіргі әдеби-теориялық таным тұрғысынан қайсысын дұрыс деп есептейтінімізге тоқталайық. Қалай болғанда да, бұл жерде біз Г.Н. Поспеловтың «әдеби бағыт» ұғымына берген терминологиялық анықтамасын қолдайтынымызды айта кетуіміз керек. Өйткені бұл ұғымның ерекшеліктері мен құрамдас бөліктерін зерделеген сайын пікірлердің қарама-қайшылығы артып, шатасулар күшейе түсетіні айқын байқалады. Мұндай шатасулар болмайынша, әдеби бағытты әдіспен, стильмен, ағыммен немесе поэтиканың басқа да жалпы құбылыстарымен шатастыру жалғаса береді. Соңғы жылдары алыс-жақын шетелдерде жарық көрген теориялық еңбектерде «әдеби бағыт» категориясына деген сенімсіздік байқалады. Бұл ұғымның маңыздылығы төмендеп, алдағы уақытта ғылыми айналымнан шығарылып қалуы мүмкін деген пікірлер бар. Осы пікірлерді мүлде негізсіз деп қарауға болмайтын сыңайлы. Себебі, әр елдің әдеби даму үрдісін зерттегенде XX ғасырдың ортасынан бері нақты бір бағдарлама немесе әдеби манифест негізінде саналы түрде бірігіп, бірегей ережелерге қатты бағынған, ортақ мәселелерді шешуге ұмтылған қаламгерлер тобын табу қиынға соғады. Сондықтан Поспеловтың теориясы осы ұғымнан бас тартпай, әдебиеттану ғылымының аппаратында сақтап қалу үшін қажет деп есептеледі. Біз жоғарыда атап өткеніміздей, бұл теорияға сәйкес «әдеби бағыт – үлкен шығармашылық мақсаттарға сәйкес жасалған нақты әдеби-теориялық ортақ бағдарламаға бағынатын жазушылар тобы және бұл нақты тарихи құбылыс». Мысал ретінде, ғалымның тұжырымдамасына сай, алғашқы әдеби бағыт – классицизмді қалыптастырушылар Малерб, Корнель, Расин, Буало, Шаплен және басқалары өз шығармашылығының заңдылықтарын анықтайтын ережелер табуға, нақты бағдарлама құруға ұмтылды. Соңында Ж. Шапленнің «үш бірлік» теориясы, П. Домьенің «нақты ережелерге сәйкес болу» идеялары Н. Буалоның 1674 жылы жарық көрген «Поэтикалық өнер» трактатында бірігіп, айқын бағдарламаға айналды. Бағдарламадағы талаптарға сай классицистер антикалық өнер үлгісін негізге алып, азаматтық жоғары идеяларды насихаттап, рационалистік ойлауды басты орынға қойды. Классицизм кезеңіндегі көркем шығармалардың образдары да бағдарламадағы ережелерге сай жасақталды. Сондай-ақ, бағдарлама талаптары классицизм туындыларының жанрлық жүйесіне әсер етіп, «жоғарғы жанрлар» (трагедия, эпопея, ода) және «төменгі жанрлар» (комедия, сатира, мысал) ұғымдары қалыптасты.

XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінің даму ерекшелігіне зер салсақ, онда екі негізгі бағытты айқындауға болады. Бірі – бұқарашылдық бағыт, екіншісі – тапшылдық-тәңкерісшілдік бағыт. Оларды бағыт деп атай беруіміздің басты себебі – екеуінің де бағдарламалық сипатының болуы. Бұқарашылдық бағыт негізінде қазақ зиялылары 1925 жылы жариялаған «Алқа» ұйымының жарғысы жатыр. «Бұқарашылдар» деген атаудың алғаш кімнен шыққаны нақты белгісіз. «Ұлтшыл» деп танылғандар мен «жолбикелер» өздерін бұқарашыл ақын-жазушылар деп санаған. Бұл атау 20-жылдардың орта шенінде әдебиет туралы пікірталастарда теориялық маңызы бар ұғымға айналып, сын мен әдеби-теориялық ой-пікірде тұрақты орын алды. Біздің ойымызша, бұл атаудың пайда болуы «Алқа» ұйымының құрылу идеясымен тығыз байланысты екені зерттеуші Ж. Смағұловтың да пікірінде айтылған [4, 167].

«Алқалықтардың» мақсаты – әдебиетті үгіт-насихат құралына айналдыруға жол бермеу және әдебиетке дендеп еніп келе жатқан тапшылдық синдромына қарсылық таныту. Көркем әдебиетті классикалық дәстүр шеңберінде дамытып, ұлттық сөз өнерінің өзіндік ерекшелігін сақтау. Әдебиеттің көркемдік-эстетикалық бағыты бір жақты болмай, өнердің бастапқы миссиясына сай әр түрлі ізденістерге тосқауыл қоймау. Ал тапшылдық-тәңкерісшілдік бағыттың күшеюі РКП(б) Орталық Комитетінің 1925 жылғы 18 маусымдағы «Партияның көркем әдебиет саласындағы саясаты туралы» қаулысынан кейін, кеңестік идеологияны насихаттауға бағытталған ҚазАПП (Қазақстан пролетар жазушылар ассоциациясы)

құрылуымен тікелей байланысты болды. Бұл үрдіс әдебиетті шынайы көркемдік әлемінен алыстатып, оны саясаттың үгіт-ұранына айналдыру салдары қандай ауыр екенін бүгінгі күнде анық көреміз. Яғни, таптық көзқарас әдебиеттің эстетикалық мәні мен халықтық түсінігін бұрмалап жіберді.

Бұл әдеби бағыттарға тән көркемдік әдістер де болды. Көркем шығарманы талдауда автордың идеялық құпиясын ашуға бағытталған ерекше методологиялық ұстанымдарды ескере отырып, әдебиеттану ғылымының негізінде шығарманы қазақтың ұлттық және қазіргі заманғы таным тұрғысынан терең талдауды қарастыру қажеттігі туындайды [5, 197]. Бұқарашылдық бағыттағы жазушылардың шығармаларында сыншыл реализм мен романтизмнің іздері байқалса, тапшылдық-тәңкерісшілдік бағыт табиғи бейнелеуден бірте-бірте социалистік реализмге ауысқанын көруге болады. Келтірілген мысалдар арқылы көркемдік әдіс пен әдеби бағыттың қарым-қатынастары мен ерекшеліктері айқындала түсті деп ойлаймыз. Әрине, бұл мәселеге қатысты біздің пікіріміз соңғы сөз емес.

Ал әдеби ағымдар мен әдіс арасындағы байланысты қарастырсақ, бір әдіс пен әдеби бағыт аясында біріктен қаламгерлер әртүрлі ағымдарды жасай алады. Мағжан шығармашылығы негізінде қазақ әдебиетіндегі романтизм әдісін ғылыми тұрғыда зерттеген Е. Тілешев романтизмнің бірнеше ағымдарын (дәлірек айтқанда бесеуін) анықтайды. Олар: ілгерінді романтизм, әлеуметтік-консервативті романтизм, элегиялық-философиялық романтизм, діни-өсиетшіл романтизм және индивидуалдық романтизмдер [6].

Н.А. Гуляевтің «Реализмге қарағанда романтикалық өнер кейбір өмір салаларын бейнелеуде анағұрлым көркемдік әсер бере алады. Егер бұлай болмаса, романтизм өзін ақтамай, қажетсіз болып шығатын еді» деген пікірі де осыны қолдайды [7, 230]. Реализм әдісі романтизммен тығыз араласып, бір-бірімен бірге дамыған әдіс болып табылады. Суретшілер ағымы негізінен әлеуметтік-идеологиялық ұстанымдардың ұқсастығына байланысты бірігеді.

Реализм – адам мен қоғам өмірін көркемдік шындық тұрғысынан бейнелейтін, әдебиеттің дамуына тың серпін берген көркемдік әдіс. Оның қалыптасуы мен дамуы белгілі бір тарихи-мәдени алғышарттарға, қоғамдағы әлеуметтік өзгерістерге, философиялық ой-пікірлердің эволюциясына тығыз байланысты болды. Реализм бағытының басты жетістігі – адамның ішкі әлемін, әлеуметтік ортасын терең пайымдай отырып, өмірдің өзіне тән қайшылықтарын, шындығын шынайы суреттеуі.

Ғасырлар тоғысындағы әдеби процестерде реализм өз маңызын жоғалтқан жоқ, қайта жаңа формалар мен жанрлар арқылы түрленіп, заман талабына сай бейімделіп келеді. Осы арқылы ол – тек әдеби бағыт қана емес, мәдени-әлеуметтік танымның да көрінісі екенін дәлелдеді. Демек, реализмнің тарихи-мәдени контексте қалыптасуын зерттеу – әдебиет пен қоғам арасындағы өзара байланысты тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі

1. Майтанов Б. Қазіргі қазақ прозасындағы модернистік және постмодернистік ағымдар // «Қазақ әдебиеті» газеті. – №43. – Алматы, 2004. – Б. 8-9

2. Волков Ф.И. Литература как вид художественного творчества. – М.: Просвещение, 1985. – 192 с.

3. Соколов А.Н. Теория стиля. – М.: Искусство, 1968. – 152 с.

4. Смағұлов Ж. Ұлттық әдебиеттану әлемі. – Қарағанды: Болашақ-Баспа, 2005. – 317 б.

5. Kleszcz L. Hermeneutic reason as the “Art of understanding” // Vestnik of Saint Petersburg University. Philosophy and Conflict Studies. – 2021. – Vol. 37. – Issue 3. – pp. 441-448. DOI: https:// doi.org/10.21638/spbu17.2021.306.

6. Тілешев Е. Суретке және көркемдік әдіс. – Алматы: Арқас, 2005. – 278 б.

7. Гуляев Н.А. Теория литературы. – М.: Высш.школа, 1977. – 278 с.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ӨЛЕҢДЕРІНІҢ ӨРНЕГІ

Б.Б. Юсупов,
Низами атындағы Өзбекстан
ұлттық педагогика университеті оқытушысы.
Өзбекстан, Ташкент.

Аннотация. В данной статье стихи Ахмета Байтурсынулы анализируются с тематической и идеологической точки зрения. Стихи поэта о социальных проблемах проанализировано.

Ключевые слова: литература, поэт, стих, тема, идея, проблема, просветление, образование.

Abstract. In this article, the poems of Akhmet Baitursynov were analyzed thematically and ideologically. The poets will talk about the social and social issues raised in the poems.

Keywords: literature, poet, poem, theme,idea, problem, enlightenment, education.

Ұлттық әдебиет өзін жаратқан ұлттың арман-тілегін бейнелеп, ұлт қажеттіліктерін көркем сөзбен айқындап отырады. Тарихқа зер салсақ, әр дәуірдің қоғамы әр қилы факторларға байланысты жалпыұлтқа ортақ проблемалармен күресіп отырғанын білеміз. Мысалы, қазақ халқының тарихына жүгінсек, хандық дәуірде (XV-XIX ғғ.) жан-жақтан шапқан сыртқы жаудан қорғану мәселесі актуальды проблемаға айналса, XX ғасырдың басында Ресей империясының бодандығындағы қазақ халқына ұлттық тәуелсіздік, жергілікті басқару, жер тұтастығы, тіл мәселесі, білім беру, дін ұстану еркіндігі, баспасөз еркіндігі, баспахана ашу мәселесі, сот жүйесі т.б. мәселелер жаңа ғасыр басындағы ең негізгі проблемалар болғанын білеміз. Бұл тарихи шындық.

Әдеби үдерісте әр дәуірді ерекшелеп тұратын, сол қоғамның болмысынан хабар беріп тұратын тақырыптар болады. Әдебиеттегі тақырыптың тууына сол қоғамның проблемалары арқау болады. Хандық дәуірдегі қазақ әдебиеті батырлық рухты, жауынгерлік, ерлік істерді дәріптеді, XIX ғасырдағы әдебиет қазақ халқының бірлігін нығайтуға, иманын бүтіндеуге, білімін шыңдауға бағытталды. Ал, XX ғасырдың бірінші және екінші онжылдығында туған әдебиет оқу, өнер-білім, дін, руханият, адамгершілік, мәдениет, еңбек, қазақ қоғамының қалпы, бірлік, теңдік, еркіндік тақырыптарын арқалады. XX ғасырдың басында қазақ даласында мемлекетшілдік ұраны оянды. Отаршылдық бұғаудан босанудың қам-қарекеттері басталды. Осы баянды істің басында қазақ оқығандары тұрды. Солардың бірі Ахмет Байтұрсынов еді

А.Байтұрсынұлы әдебиетке ақындық данққа бөлену үшін емес, туған ұлтының, халқының қамы үшін келді. Ақын «Жауап хаттан» атты өлеңінде:

Мен жазған кеңес,
Мақтаныш емес.
Ат шығармас ақындық,
Ер батқанда жорғалық,
Молда жоқта – молдалық, –[1, 200] дейді

Бұл сөзіне және өлең жазуды кейін кәсіп етпеуіне қарағанда, Ахмет өзін ақын санамаған. Оның ақындығы мұқтаждықтан, қажеттікті өтеу парызынан, жоқтың орнын толтыру талабынан туады. Ол өлең арқылы қазақ даласына желдей есіп, әр қазақтың санасын оятуды көздеді. Ұлттың ауыр халін жеңілдетуді мақсат етті. Сондықтан, ақын өлеңдеріндегі қазақ қоғамының көрінісін, ұлтқа ортақ проблемалардың көтерілуін айқындау қажет. А.Байтұрсынұлы өлеңдерінде сыншыл-реализм басым келеді. Ол өз заманының шындығын әшкерелейтін өткір де, сыншыл поэзияны ұстанды. Ақын әлемдік мәдениеттен кейін қалып бара жатқан, ғылымға, өнер-кәсіпке бет бұрмаған қазақ халқын қапыда қалмасын деп, қалың жұртшылықты «оятуды» мақсат етеді. Мысалы, «Сөз иесінен» деген өлеңінде ақын:

Үстінде ұйықтағанның айнала ұшып,
Қаққы жеп қанаттары бұзылғанша.
Ұйқысын аз да болса бөлмес пе екен,
Қоймастан құлағына ызыңдаса?,- [1, 182]

дейді. Ақын бұл өлең жолдарына терең ой, салмақты жүк артқан деуге болады. Өлеңдегі «маса» – астарлы бейне болып, сергектікке, қозғалысқа, серпіліс пен ізденеске шақырушы қызметін атқарады. Ол «ұйықтағанның» үстінде айнала ұшып, қоғмның енжар, жалқау, ұйқыдағы күйден оянуына қызмет етеді.

Ақын «Туысыма» атты өлеңінде:

Болармын неғып ырза туысыма,

Туыппын таршылықтың уысында. [1, 182] - дейді. Мұнда «туыс» сөзі доминанттық мағынасында емес, туылу, өмірге келу, жаратылу мағынасында қолданылып, ақын туғанынан-ақ таршылық көргенін, ондай өмірге жан-жақты қарсы екенін баса айтады. Сондай-ақ,

Айта алмай шын сөзіңді қорғалайсың,

Туғаның бүйтіп қор боп құрысын да! - [1, 183] деп, шындықтың белі бүгілген, ақиқат жеңбейтін заманды «қорлық» деп біледі. Бұл ақынның шын мәнінде өр рухты, өжет мінезді, турашыл тұлғасын бейнелейді. Ахмет Байтұрсынұлы өз заманындағы ауыр экономикалық жағдайды әшкерелейді. Тапқаны күн көрістен артпайтын дәрежеде өмір сүріп жатқан халқына жан күйзелісін білдіреді.

Бар пайдаң өз басыңнан артылмаса,

Мал ғұрлы мағына жоқ тұрысыңда. [1, 183]

Ақын әрбір адам баласының өмір сүруінің мәні «пайдалы іс» істеу деп түйеді. Өмірдің мағынасы өзгеге істеген жақсылығың деген тұжырым жасайды. Ешкімге пайдасы тимейтін адамның өмірін санасыз хайуанның өміріне ұқсатады.

Ахмет Байтұрсынұлының ақындығы туралы академик С.Қирабаев: «Ахмет ойшыл суреткер есебінде дәуірлік құбылыстарға ой көзімен қарай алды. Бұл оның «Қазақ салты», «Қазақ қалпы», «Жиған-терген» сияқты өлеңдерінде айрықша танылады. Бұларда Ахмет, ең алдымен, өз заманының тың сөзін айтқан, замандастарының жаңа бейнесін ашқан жаңашыл ақын боп көрінеді.»- [4] дейді.

«Қазақ салты» өлеңі 7 шумақтан тұрады. Өлеңде XX ғасыр басындағы қазақ өмірі суреттеледі. Ақын: Өлеңнің бірінші шумағында

Қаз едік қатар ұшып қаңқылдаған,

Сахара-көлге қонып салқындаған.

Бір өртке қаудан шыққан дұшар болып,

Не қалды тәнімізде шарпылмаған? [1, 183]– деп, қазақ халқының өткен замандағы тәуелсіз, еркін өмірін еске түсіреді де, бодандықтағы халық өмірін отқа күйіп, өртеніп, күл болып құрдымға кетіп бара жатқан қалпын көрсетеді. Ақын екінші шумақта қоғамның рухани келбетіне:

Дегендер: мен жақсымын, толып жатыр,

Жақсылық өз басынан артылмаған.- [1, 183] деп баға береді. Ақын қоғамға сын көзбен қарап, ешкімге жақсылығы тимейтін адамдар тобы қаптап жатыр деген ойды айтады. Өлең жолдарындағы әр түрлі мағынада қолданылып, бір мақсатқа қызмет етіп тұрған түбірлес сөздер де (*жақсымын, жақсылық*) айтылмақ ойға өз үлестерін қосып тұр. Үшінші шумақта ел арасында құр сөзбен іс бітіріп, тілмен есіп-желгіштерді сынға алады. Ақын қатып піспеген, ештеңеге ебі жоқ, болбыр жастарды «бос белбеу» деген тұрақты тіркеспен сипаттайды.

Бос белбеу, босаң туған бозбала көп,

Киіздей шала басып, қарпылмаған. [1, 183]

Өлеңде құлқынның қамы үшін өмір сүретін, қарнының тойғанына қуанып күн көретін, ондай тірлектен арланбайтын адамдар тобына назаланады. Ақын өз замандастарын жек көрмейді, олардың іс-әрекеттерін сынға алады. Әл-ауқатты байлардың мінезі сараң, қайырсыз болып бара жатқаны, кедей-кепшікке қол ұшын созуға дәрменсіз қалпын бейнелейді.

Қайырсыз неше сараң байлар да бар,

Қайықтай толқындағы қалтылдаған. [1, 183]

Ақынның мақсаты бай топ өкілдеріне шағымдану емес, заманның тұрақсыздығы байларды да сырт айналып өтпегенін, баймын деген адамның да ертеңгі күніне кепілдік жоқ заман екенін әшкерелеу. «Қайықтай толқындағы қалтылдаған» деген өлең жолы сол тұстағы

экономикалық жағдайды айқындайды. Мұндағы «қалтылдаған» деген сөз ауыспалы мағынада қолданылып, әрең-пәрең күн көру мағынасын үстеп тұр. Яғни байлардың да байлығы шамалы екенін түсінуге болады.

Ахмет Байтұрсынұлы қамсыз, қимылсыз өмір сүріп жатқан халықтың оянбауын, өнер-білім жолын қуып талпынбауын зарлана жырлайды. «Қазақ салты» өлеңіндегі «көп» деген кісілер «жақсылық өз басынан артылмайтындар», «құр пысықсып сөйлейтіндер», «бос белбеу бозбалалар», «ет аңдыған шалдар», «алаң-бұлаң адамдар», «қайырсыз байлар», «талап ойламай, ұйықтап жатқандар». Ақын ел ішінде мұндай адамдардың аз болуын, тіпті жоқ болуын көргісі келеді. Ахмет Байтұрсынұлы білімді, оқыған, өнерлі адамдар халыққа қызмет ету керек деп біледі.

Не пайда өнерің мен біліміңнен,
Тиісті жерлеріне сарп ұрмаған?! [1, 183]

Ақынды ел ертеңіне алаңдайтын, ұлт тағдырына толғанатын адамдардың аздығы қасірет тарттырады. «Жұрттың қамын ойлайтын адам аз»- деп, көзі ашық, көкірегі ояу адамдарды ұлт үшін үлес қосуға шақырады.

Ахмет Байтұрсынұлы өлеңдері қазақ халқын даму мен өркениетке жетеледі. Оянған, білімді жас таланттарды қалыптастырды. Прогресшіл идеялары қазақ мәдениетін жаңа заманмен үйлесіп, жаңғыруына түрткі болды. Ахмет Байтұрсынұлы өлеңдерінің маңыздылығын, мазмұндылығын жоғатпауы – жалпы ұлттық деңгейдегі проблемаларды көтергенінде деп білеміз. Оның өлеңдері XX ғасыр басындағы қазақ өмірін шынайылықпен, сыншылдықпен суреттеп тарихи маңызы бар поэзияға айналған.

Әдебиеттер тізімі

1. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. Алматы, «Атамұра» - 2003. 182-205 бб.
2. Байтұрсынов А. Шығармалары: Өлеңдер, аудармалар, зерттеулер. - Алматы: Жазушы, 1989. - 320 бет.
3. А.Байтұрсынұлының шығармалары. – 1-том. – Алматы: Ел-шежіре, 2013. – 384 б
4. Жүз тұңғыш, 2-кітап. Алматы, «Жалын» - 2005. 35-42 бб.
5. Қирабаев С. Ахмет Байтұрсынұлы – Тәуелсіздік жыршысы // Қазақ. 2021. №4.

РАХМЕТОЛЛА РАЙЫМҚҰЛОВТЫҢ «ЖАР БАСЫНДА» ПОВЕСІНІҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ-ИДЕЯЛЫҚ МӘНІ

Б.Б. Юсупов,
Оқытушы, Низами атындағы Өзбекстан ұлттық педагогика университеті
Өзбекстан, Ташкент.
З.А. Ерназарова,
Низами атындағы Өзбекстан ұлттық педагогика университетінің студенті.
Өзбекстан, Ташкент.

Аңдатпа. Мақалада Рахметолла Райымқұловтың «Жар басында» повесі азамат соғысының қазақ халқына әкелген зардаптарын Зергүл мен Жәнібек тағдыры арқылы бейнелеуі тұрғысынан талданады. Шығарманың тақырыбы, идеясы, сюжеті, композициясы, кейіпкерлер жүйесі мен тілдік-көркемдік ерекшеліктері қарастырылып, автордың реалистік әдіспен соғыс қасіретін көрсетуі айқындалады.

Тірек сөздер: көркем шығарма, тақырып, идея, сюжет, композиция, кейіпкер бейнесі, көркемдік әдіс, реализм, әдеби талдау.

Abstract. The article analyzes Rakhmetolla Raiymqulov's novella *"Zhar Basinda"* in terms of how it depicts the consequences of the Civil War for the Kazakh people through the fates of the characters Zergul and Zhanibek. It examines the work's theme, idea, plot, composition, system of

characters, and linguistic–artistic features, highlighting the author's realistic method in portraying the tragedy of war.

